

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 2(70)/2013
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

Сәуір—мамыр—маусым
1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Апрель—май—июнь
Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

*Зам. главного редактора
Ответственный секретарь*

**Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук**

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,	редактор д-р филол. наук;
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук;
З.Т.Жумагали,	д-р филол. наук;
Ж.А.Жакупов,	д-р филол. наук;
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук;
Т.Т.Савченко,	д-р филол. наук;
Ж.Н.Жунусова,	д-р филол. наук;
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук;
А.С.Адилова,	д-р филол. наук;
Б.Шалабай,	д-р филол. наук;
М.К.Исаев,	д-р филол. наук;
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук;
С.А.Матяш,	д-р филол. наук (Россия);
М.Д.Джусупов,	д-р филол. наук (Узбекистан);
У.М.Бахтикиреева,	д-р филол. наук (Россия);
Т.В.Белошапкова,	д-р филол. наук (Россия);
К.Жанбозулы,	д-р филол. наук (КНР);
Ж.Д.Рапишева,	отв. секретарь
	канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: <http://www.ksu.kz>

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *А.М.Будник*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 26.06.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 13,37 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 941.

Подписано в печать 26.06.2013 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 13,37 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 941.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Фурсанова Т.В.</i> Жарнама дискурсындағы презентациялық стратегиялардың жүзеге асуы.....	4
---	---

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Жақыпов Ж.А.</i> Көркем сөз мәдениетінің үлгісі (О.Бөкейдің «Атау кере» повесі мысалында) ..	10
<i>Әділова А.С., Қабанов М.Ш.</i> Қазақ толғауларындағы «редиф» құбылысы.....	15
<i>Жалмаханов Ш.Ш., Жалмаханова Ж.Ш.</i> Лингвистикалық сараптаманың негізгі нысаны — сөйлеудегі даулы мәтіндер	21
<i>Қазанбаева А.З., Қапанова А.Е.</i> Қазақ тіліндегі этномәдени лексиканы зерттеудің ғылыми негіздері.....	27
<i>Түйте Е.Е.</i> Психикалық жай-күйлердің танымдық сипаты.....	33
<i>Мұратова А.Н.</i> Қазақ тіліндегі құпия түсініс тәсілдерінің бейвербалды амалдар, таңба, жаргон арқылы берілуі.....	39

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Каренов Р.С.</i> Алаштың алдаспан ақыны Мағжанның поэзиясы — өлмес-өшпес мәңгіліктің жыры.....	45
<i>Золтан А.</i> XVII ғасырдағы орыс аударма әдебиетіндегі әулие Урсула туралы аңыз	58
<i>Матейко Л.</i> В.Ягич және славян гимнографиясының зерттеле басталуы	61
<i>Дәулеткелдіұлы Н.</i> Әсет ақынның термелері... ..	64
<i>Жарылғанов Ж.Ж.</i> Т.Кәкішев зерттеулеріндегі әдебиеттің теориялық мәселелері	69
<i>Каренов Р.С.</i> Қазақтың ұлы ақыны Мағжанның әрқилы тақырыпта жазған поэмалары	73
<i>Такиров С.У., Акеева А.Р.</i> Шет елдегі қазақ әдебиетінің қазіргі зерттелу үдерісі.....	86

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Әбішева В.Т.</i> Конвергенция жағдайындағы медиамәтін	92
--	----

АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Аязбаева Б.К.</i> Көркем аударма мәтіндегі сен-тенциялар туралы	98
--	----

СОДЕРЖАНИЕ

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Фурсанова Т.В.</i> Реализация презентационных стратегий в рекламном дискурсе	4
---	---

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Жакупов Ж.А.</i> Культура художественной речи (на примере повести О.Бокее «Атау кере»)	10
<i>Адилова А.С., Кабанов М.Ш.</i> Явление «редиф» в жанре казахских толғау	15
<i>Жалмаханов Ш.Ш., Жалмаханова Ж.Ш.</i> Спорные тексты речи — основной объект лингвистической экспертизы	21
<i>Казанбаева А.З., Капанова А.Е.</i> Научные основы исследования этнокультурной лексики казахского языка.....	27
<i>Түйте Е.Е.</i> Когнитивная характеристика лексики психических состояний.....	33
<i>Муратова А.Н.</i> Передача скрытого значения при помощи знаков, невербальных средств и жаргонов.....	39

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Каренов Р.С.</i> Слово великого казахского поэта Мағжана как вечный источник духовности	45
<i>Золтан А.</i> Легенда о святой Урсуле в русской переводной литературе XVII века	58
<i>Матейко Л.</i> В.Ягич и начала исследования славянской гимнографии	61
<i>Даулеткелдыұлы Н.</i> Речитативы поэта Асета... ..	64
<i>Жарылғанов Ж.Ж.</i> Проблемы теории литературы в исследованиях Т.Какишева	69
<i>Каренов Р.С.</i> Поэмы великого казахского поэта Мағжана Жумабаева	73
<i>Такиров С.У., Акеева А.Р.</i> Современный процесс исследования казахской литературы за рубежом.....	86

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Абишева В.Т.</i> Медиатекст в условиях конвергенции	92
--	----

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

<i>Ayazbayeva B.K.</i> Sententia in the literary translated text	98
--	----

**ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

<i>Әбдірахманова Г.Х.</i> Кредиттік жүйемен оқы- тудағы студенттермен өздік жұмысын жүргізу мәселелері	101
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	107

**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

<i>Абдрахманова Г.Х.</i> Проблемы проведения самостоятельной работы студентов по кре- дитной системе обучения	101
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	107

УДК 81'

Т.В.Фурсанова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова (E-mail: tvfursanova@mail.ru)

Реализация презентационных стратегий в рекламном дискурсе

Объектом описания в статье выступает рекламный дискурс как особая разновидность массовой коммуникации. Актуальность проблемы заключается в том, что рекламный дискурс характеризуется со стороны его презентационной сущности, связанной с особым способом воздействия, — посредством создания привлекательного для потребителя образа рекламируемого объекта. На примере описания реализации позиционирующих стратегий в тексте телерекламы автором обоснована мысль о том, что формирование презентабельного образа продукта или услуги осуществляется в процессе реализации презентационных стратегий как комбинации коммуникативных ходов, последовательно продвигающих рекламный образ от агента дискурса к его клиенту и тем самым развивающих взаимодействие и ведущих общение к достижению коммуникативных целей. Как неизбежный спутник презентации, описаны приемы и средства речевой манипуляции.

Ключевые слова: реклама, презентационный дискурс, коммуникативная стратегия, позиционирующая стратегия, манипуляция, рекламный образ.

Активное развитие новых коммуникационных технологий обрушивает на человека и общество непрерывный и мощный поток информации, интенсивность которой связана с особым состоянием самой современной коммуникации — ее массовостью. Массовая коммуникация — сложное многоплановое явление, общезначимость которого обусловлена его социальной природой: в центре внимания находится человеческое общество, выступающее как ограниченное социальное пространство со специфическими внутренними процессами и культурными характеристиками. Общество функционирует и развивается лишь при условии социального взаимодействия между его членами, осуществляемого с помощью языка, а социальное взаимодействие — это, прежде всего, обмен информацией.

Большинство исследователей разделяют мнение о том, что одной из разновидностей массовой коммуникации сегодня является реклама: «Рекламная деятельность отвечает основным характеристикам массовой коммуникации, потому что реклама — это процесс распространения информации (а, следовательно, и разновидность общения). Этот процесс совершается при помощи технических средств (печати, радио, телевидения). Кроме того, для рекламы характерен особый вид аудитории: массовая и рассредоточенная, т.е. очень большая по численности, но раздробленная на небольшие группы, по размеру не превышающие обычно семью. Следовательно, рекламную деятельность следует считать разновидностью массовой коммуникации» [1].

Охватывая самые разные стороны жизни современного социума, реклама оказывается связанной с разнообразными видами человеческой деятельности, что обуславливает сложность самого феномена рекламы, ее полифункциональность. Этим объясняется разноаспектность исследовательского интереса к рекламе и, как следствие, наличие множества толкований понятия «реклама».

Так, российские исследователи В.В.Ученова и Н.В.Старых определяют этот феномен как средство общения между людьми (рекламодателем и аудиторией потребителей); в Словаре русского языка С.И.Ожегова подчеркивается назначение рекламы; профессор маркетинга Северо-Западного университета США Ф.Котлер подчеркивает экономическую составляющую рекламы; как компонент современного производства определяет рекламу В.Л.Полукарпов, Т.Б.Ерохина отмечает как главное свой-

ство рекламы ее воздействие на психику человека, а исследователь А.Н.Лебедев-Любимов считает рекламу элементом национальной культуры [2].

Обобщив существующие определения, Е.Медведева охарактеризовала рекламу как «разновидность массовой коммуникации, в которой создаются и распространяются информативно-образные, экспрессивно-суггестивные тексты однонаправленного и неличного характера, оплаченные идентифицированным рекламодателем и адресованные им аудитории с целью побудить ее к нужным рекламодателю выбору и поступку» [3].

Согласно такой трактовке, реклама — это специфическая форма коммуникации, предполагающая, с одной стороны, занятие рекламой как сферой бизнеса, направленного на создание рекламной продукции. С другой стороны, реклама — «готовый продукт», представляющий собой многоуровневый текст как некоторое лингвоаудиовизуальное целое, воплощенное (в условиях постиндустриального общества) в средствах массовой информации или иным способом. Текст инициируется рекламодателем и представляет собой «селективные, оптимизированные» сведения о предмете рекламирования.

Как особая разновидность коммуникации, реклама нацелена на решение экономической задачи — продвижение рекламируемого объекта на рынке. Иными словами, реклама пытается перевести качество товаров и услуг на язык нужд и потребностей покупателей, пошагово оказывая коммуникативное воздействие на целевую аудиторию: «она актуализирует и удерживает объект в сознании адресатов, расширяет знания о нем, улучшает мнение адресатов о рекламируемом объекте, убеждает в его преимуществах, формирует и поддерживает заинтересованность в нем, сообщая о реальных или символических выгодах для адресатов и тем самым создавая предрасположенность к выбору данного объекта». Осуществляется такое воздействие в «ситуации погруженности» рекламных текстов в общение, т.е. «при поддержке соответствующего дискурса» [4; 320].

Рекламный дискурс представляет собой вид институционального общения, которое характеризуется тем, что говорящий выступает как представитель определенного социального института в рамках установленных статусно-ролевых и ситуационно-коммуникативных норм. Коммуниканты в институциональном дискурсе предстают не столько как личности, индивиды, сколько как носители определенного социального статуса, то есть ядром институционального дискурса является общение базовой пары участников коммуникации — учителя и ученика, ученого и коллеги, журналиста и читателя, рекламиста и потребителя рекламы и т.д. [5].

Воздействие в рекламе нацелено на формирование и усиление мотивации потребителя, от которой зависит в конечном итоге успешность/неуспешность дискурса в целом. Непрямой и однонаправленный характер рекламного дискурса, осуществляемого коммуникантами не лично, а посредством канала связи — через СМИ — в условиях, когда получатель рекламного сообщения не может ответить отправителю тем же видом текста, существенно сужает спектр возможных механизмов воздействия на аудиторию.

Поэтому успешность рекламной информации ставится в прямую зависимость от того, насколько агент дискурса (копирайтер, воздействующий) осведомлен о хронотопе существования клиента (потребителя рекламы), его образе жизни, вкусах, потребностях и пр. В не меньшей степени эффективность рекламы зависит от правильного выбора стратегий коммуникативного воздействия, осуществляемого в конкретных прагматических условиях.

Заметим, что под коммуникативным воздействием обычно понимается воздействие на знания, отношения и намерения адресата в нужном для адресанта направлении (в соответствии с этим принято различать когнитивные, аффективные и поведенческие эффекты). При этом «термин *коммуникативное воздействие* оставляет без уточнения конкретный характер и способ воздействия: воздействие на сознание путем выстраивания рациональной аргументации (убеждение), или воздействие на сознание через эмоциональную сферу, или воздействие на подсознание (суггестия), воздействие с помощью вербальных (речевое воздействие) или невербальных средств» [6]. По мнению автора презентационной теории дискурса А.Олянича, решить задачу конкретизации содержательного объема понятия «рекламное коммуникативное воздействие» можно, «если принять во внимание его драматургическую (театрализованную, презентационную) составляющую и, соответственно, проанализировать презентационные стратегические характеристики рекламного дискурса».

Стратегия презентации рассматривается им как одна из разновидностей коммуникативной стратегии, понимаемой как «мировоззренческое намерение и его действенное осуществление касательно производства содержания коммуникационного процесса, то есть выбор того или иного коммуника-

тивного пространства, той или иной среды коммуникации, того или иного типа взаимодействия, того или иного места порождения смысла, и, тем самым, одного или нескольких дискурсивных измерений, относительно которых мы строим дискурс коммуникации» [4; 268, 321].

Наряду с презентацией некоторые исследователи выделяют такие типы коммуникативных стратегий, как манипуляция и конвенция, «поскольку именно они являются концептуально описывающими основные социальные процессы, порождающие коммуникационные действия... По уровню открытости, симметрии и способу производимой коммуникации они тоже отличаются: презентационный тип является пассивной коммуникацией; манипуляционный тип является активной коммуникацией, конвенциональный тип является интерактивной коммуникацией. Точно также основными средствами являются для презентации — послание, для манипуляции — сообщение, для конвенции — диалог» [7].

Мы же разделяем точку зрения А.Олянича, согласно которой «правильнее полагать, что манипуляция и конвенция естественным образом входят в понятие презентации, так как средства этих двух выделяемых исследователями типов, так или иначе, не могут обойтись без интрадуктивного начала... в конце концов, и диалог, и сообщение могут быть расценены как послание (сообщение) и как обмен посланиями (диалог)» [4; 269].

Сложилось устойчивое представление о том, что реклама — это преимущественно речевое воздействие, понимаемое как речевое общение, взятое в аспекте его целенаправленности, целевой обусловленности; это речевое общение, описанное с позиций одного из коммуникантов, когда он рассматривает себя как субъект воздействия, полагая своего собеседника объектом [8].

Цели рекламного дискурса ориентируют субъекта воздействия на решение задач, связанных 1) с организацией общения (привлечение и удержание внимания, создания благоприятной атмосферы, эмоционального настроя и т.д.); 2) с оказанием собственно воздействия (побуждение объекта воздействия к некоторой деятельности, осуществление которой приведет к удовлетворению имеющейся потребности).

По способу осуществления прагматических задач дискурса, рекламный дискурс может быть охарактеризован как презентационный, так как «в рекламном дискурсе важным элементом оказывается воздействие, производимое его агентами на клиентов не только напрямую..., но и опосредованно, через театрализованное коммуникативное пространство, которое представляется клиенту рекламного дискурса как действо, срежиссированное и сформированное в виде некоей лингвосомиотической пьесы, имеющей целью воздействовать на клиентов рекламы. Эффективное воздействие рекламы на мотивационную рамку клиентов рекламного дискурса возможно в случае, когда коммуникативные стратегии передачи необходимой информации для привлечения внимания клиентов к определенному продукту приобретают статус презентационных, т.е. эффективность рекламного воздействия зависит от степени максимальной презентабельности продукта или услуги...» [4; 329].

Согласно классификации А.Олянича, в рекламном дискурсе следует различать два класса презентационных стратегий:

1) позиционирующие стратегии — стратегии, формирующие определенное восприятие рекламируемого объекта (рекламный образ);

2) оптимизирующие стратегии, то есть стратегии, направленные на оптимизацию воздействия рекламного сообщения, на преодоление неблагоприятных условий коммуникации.

В рамках каждого класса автор выделяет более частные стратегии. Так, в состав рассматриваемых нами позиционирующих стратегий входят:

а) стратегии дифференциации, позволяющие выделить рекламируемый объект в ряду конкурирующих;

б) ценностно-ориентированные, связывающие рекламируемый объект с ценностными понятиями, важными для целевой аудитории;

в) стратегии присвоения оценочных значений, помогающие усилить восприятие положительных свойств рекламируемого объекта.

На пути решения стратегических задач в распоряжении клиента дискурса оказываются три типа речевого воздействия: первый характеризуется изменением отношения субъекта к объекту; второй заключается в формировании общего эмоционального настроя, мироощущения реципиента воздействия; третий связан с перестройкой категориальной структуры индивидуального сознания.

В рекламном дискурсе представлены все типы воздействия, однако преобладающим является первый. Воздействие всех типов осуществляется в последовательности предпринимаемых коммуникациями ходов, формирующихся, в свою очередь, соответствующей презентационной стратегией.

Первоочередная задача рекламиста — определение целевой аудитории, ее мотивов и потребностей. Затем разрабатывается образ рекламируемого объекта, изучаются возможности эффективного продвижения товара на рекламном рынке. Для того, чтобы достичь конечной цели любой рекламной кампании — заставить потребителя приобрести продукцию или воспользоваться услугой, — рекламодатель должен учитывать ценности и стереотипы, существующие в том или ином социокультурном пространстве. Знание этих моральных, исторических и культурных реалий служит базой для создания рекламного образа, определяемого как «художественный образ, адекватно отражающий сущность рекламного послания потребителю в рамках рекламной концепции рекламодателя» (А.Ю.Зоткин).

Структуру образа, по определению Р.Полборна, составляют так называемые «видимости» — элементы образа, которые есть «проявления свойств, особенностей носителя образа, которые специально подобраны, откорректированы и объединены в некую систему, чтобы соблазнять аудиторию» [9; 8].

Являясь выражением внутреннего состояния единства человеческого сознания и бессознательного, образ не может не быть вербализован. Как пишет А.Олянич: «...так уж устроен человек, что за пониманием (когнитивным освоением реальности) всегда следует языковая/речевая экспликация когнитивно освоенного участка действительности в процессе коммуникации с себе подобными; стало быть образ нуждается в толковании, а значит — в вербализации» [4; 98].

Вербализация образа осуществляется в дискурсе: «Одной из теней образа является слово, в которое обращается образ. Он готов бесконечно рассказывать о себе, представляя все свои видимости. С помощью слова человек постоянно выражает и действительность, и мнимость, что при малых затратах дает большой эффект, позволяя манипулировать смыслами, оправдывать, обвинять и т.п.» [9; 8].

Опираясь на изложенные теоретические положения, мы попытаемся показать пример анализа реализации *позиционирующих стратегий* в их частных проявлениях в вербальном тексте телерекламы.

Я профессиональная теннисистка. Во время занятий спортом важную роль играет защита от пота, и она должна быть не только эффективной, но и нежной по отношению к коже. Ни один дезодорант не давал нужного эффекта, и я попробовала новый Lady Speed Stick с Aloe. Он сохраняет мою кожу сухой, а благодаря экстракту алоэ защищает ее от раздражения даже после бритья. Теперь я чувствую, что надежно защищена от пота, и могу сосредоточиться на игре.

Новый Lady Speed Stick с Aloe — эффективная защита плюс нежный уход.

(09.09.03. КТК)

Сразу оговоримся, что 1) мы анализируем только вербальную составляющую дискурса; 2) в данном тексте, как и в любом рекламном тексте, вообще используется целый комплекс презентационных стратегий. Действия их тесно связаны, поэтому, анализируя одни, так или иначе приходится иметь в виду и другие, но главный объект нашего внимания — позиционирующие стратегии.

Начинается текст с реализации *аргументирующей* стратегии, апеллирующей к авторитету источника информации — человека, который имеет опыт использования объекта рекламы и делится им с аудиторией. Обращение к этой стратегии в начале текста должно обеспечить достоверность рекламы, тем самым оптимизировать восприятие рекламируемого объекта в том образе, который родится в результате действия позиционирующих стратегий.

В качестве основной *позиционирующей* стратегии в тексте используется *ценностно-ориентированная* стратегия, актуализирующая такие ценностные концепты, как «комфорт», «личная гигиена (уход)», «защита», «эффективность», «удовольствие», «забота». Эти концепты моделируют сферу потребностей целевой (женской) аудитории, удовлетворить которые призван рекламируемый объект. Источник информации — женщина. Женщина же в силу своей психофизики особенно ценит комфорт, чувственное удовольствие от ощущения чистоты и здоровья собственного тела. А потому вербализация этих концептов в ее устах носит эмоциональный, безапелляционно констатирующий характер, часто оценочные номинации сопровождаются модальностью долженствования, необходимости: *важную роль играет защита от пота, она должна быть не только эффективной, но и нежной по отношению к коже.*

Так у потребителя формируется соответствующее ожидание, ценностный контрапункт восприятия «главного героя» — рекламируемого объекта, который выводится на сцену рекламного спектак-

ля посредством реализации стратегии *дифференциации*: *Lady Speed Stick с Aloe* выделен из ряда других дезодорантов, ни один из которых «не давал нужного эффекта», как их антипод, обладающий заявленными ранее ценностными свойствами: *Новый Lady Speed Stick с Aloe — эффективная защита плюс нежный уход*.

Усиливает восприятие положительных свойств рекламируемого объекта стратегия *присвоения оценочных значений*. В тексте она реализуется за счет констатации конкретных реалий, расшифровывающих положительные свойства рекламируемого объекта: абстрактная *эффективность* превращается в конкретный результат: *он сохраняет мою кожу сухой*. Акцент на наличие в составе дезодоранта экстракта алоэ, растения, известного всем лечебными противовоспалительными свойствами, усиливает потребительскую привлекательность товара, который не только препятствует усиленному потоотделению, но и *защищает ее (кожу) от раздражения даже после бритья*.

Здесь рекламист прибегает к приему речевого воздействия манипулятивного характера — компликации (по классификации Ю.И.Левина). Для того чтобы усилить ценностные свойства объекта и стимулировать потребности потенциальных покупателей, в ситуацию привносятся дополнительные знания о рекламируемом объекте, дорисовывающие его положительный образ.

Надо сказать, что презентация в данном тексте изначально опирается на манипулирование целевой рекламной аудиторией. Пример того — использование такого приема манипуляции, как апелляции к авторитету источника, существование которого адресат вынужден признать априори. Для придания источнику черт реальности и компетентности ему приписываются статусные характеристики (*Я профессиональная теннисистка*). Расчет на «магию» слова *профессиональная* — (импликатура — «вызывающая доверие как специалист»). «За кадром» остается то, что профессиональная теннисистка в данном случае может свидетельствовать только об обильном потоотделении как результате интенсивных физических усилий и неудобствах, вызванных этим, но профессионально судить о объективных свойствах товара не может и не делает этого, декларируя как истину субъективные ощущения.

Декларативность высказывания здесь сопрягается с более изысканным манипулятивным приемом, в основе которого лежит своеобразная игра с компонентами смысла: ассертивный компонент высказывания «маскируется» под семантическую пресуппозицию, т.е. такой компонент смысла, без которого все высказывание не может считаться истинным. Пресуппозиция не подлежит отрицанию. Именно это ее свойство и используется в целях манипуляции. Например, пресуппозиции высказывания *Ни один дезодорант не давал нужного эффекта*, в истинность которых должен поверить адресат, сводятся к следующему: 1) говорящий использовал несколько дезодорантов; 2) дезодоранты имели эффект; 3) дезодоранты исследовались на предмет нужного эффекта. Никто не знает, какие это были дезодоранты, сколько их было, как долго они применялись, чтобы можно было достоверно судить об их свойствах или отсутствии «нужного эффекта», были ли они вообще. Внушаемая мысль, идея выводится за пределы пропозиции и в замаскированном виде внедряется в сознание адресата.

В расчете на внушение используются и такие оценочные слова, как *важный, эффективный, нежный, нужный, надежно и новый*. Сами по себе они малоинформативны. Но рекламист использует именно их для реализации стратегии *присвоения оценочных значений*. В данном случае они употребляются как определения в словосочетаниях с главным словом *защита* (или *защищать*): *эффективная, нежная защита от пота* (*защита от пота* перефраз термина *дезодорант*); *надежно защищает* и т.д. и адресованы женской аудитории, что психологически мотивировано: женщину привлекает все, что обещает ей защиту.

Слово *новый* особенно часто встречается в рекламе, но тем не менее не утрачивает своей иллюзивной силы, поскольку новое, неизведанное (а здесь возможна импликатура — усовершенствованное средство от пота, изготовленное с применением новых технологий) неизбежно влечет человека, особенно женщину (в нашей ситуации как потребителя, всегда интересующегося новинками в сфере гигиены и ухода за собой).

Таким образом, подтверждается, на наш взгляд, мысль о том, что рекламный дискурс не может не быть манипулятивным. Манипулятивные и презентационные стратегии являются базовыми в формировании презентабельного образа продукта или услуги как главного условия и средства эффективности рекламы. В процессе реализации презентационных стратегий формируется «сценарий» рекламного дискурса — комбинация коммуникативных ходов, последовательно продвигающих образ объекта рекламы от агента дискурса к его клиенту и тем самым развивающих взаимодействие и ведущих общение к достижению коммуникативных целей.

Список литературы

- 1 *Лившиц Т.Н.* Реклама в прагматингвистическом аспекте: Дис. ...канд. филол. наук. — Таганрог, 1999. — С. 19, 20.
- 2 *Ученкова В.В., Старых Н.В.* История рекламы: детство и отрочество. — М., 1999. — С. 12; *Ожегов С.И.* Словарь русского языка. Изд. 14-е, стереотип. — М., 1983. — С. 601; *Котлер Ф.* Основы маркетинга. — М., 1996; *Полукарпов В.Л.* Реклама, общество, право. — М., 1999. — С. 9; *Ерохина Т.Б.* Реклама: философско-аксиологический анализ. Дис. ... канд. филол. наук. — Ростов н/Д., 2001. — С. 37; *Лебедев-Любимов А.Н.* Психология рекламы. — СПб., 2002. — С. 37.
- 3 *Медведева Е.* Основы рекламоведения. — М.: РИП-холдинг, 2003.
- 4 *Олянич А.* Презентационная теория дискурса. — М.: Гнозис, 2007.
- 5 *Карасик В.И.* О типах дискурса. [ЭР]. Режим доступа: <http://www.rusland.com>
- 6 *Пирогова Ю.* Стратегии коммуникативного воздействия в рекламе: опыт типологизации. [ЭР]. Режим доступа: <http://www.createbrand.ru>
- 7 *Дацюк С.* Коммуникативные стратегии. [ЭР]. Режим доступа: http://www.xyz.ua/datsjuk/communicative_strategies/
- 8 *Безменова Н.А., Герасимов В.И.* Некоторые проблемы теории речевых актов // *Языковая деятельность в аспекте лингвистической прагматики.* — М., 1985. — С. 5.
- 9 *Полборн Р.* Образ и предвкушение. — М.: Флинта, 2003. — С. 8.

Т.В.Фурсанова

Жарнама дискурсындағы презентациялық стратегиялардың жүзеге асуы

Мақалада жарнама дискурсы бұқаралық қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде қарастырылды. Жарнама дискурсы презентациялық мазмұны тұрғысынан, яғни жарнама жасалатын нысанның жағымды бейнесін жасау арқылы, сипатталды. Автор тележарнама мәтініндегі позициялық стратегиялардың жүзеге асуын тілдік мысалдармен көрсетіп, өнім немесе қызмет түрінің презентабельдік образы жарнама дискурсындағы презентациялық стратегиялардың жүзеге асуы барысында қалыптасатынын дәлелдеді. Қарым-қатынас мақсатын іске асыратын және арақатынасты дамытатын комбинациялар ретінде жарнама образын дискурс агентінен клиентке жеткізу жолдары көрсетілді. Тілдік манипуляциялардың тәсілдері мен жолдары презентациялаудың ажырамас бөлігі (қажетті серігі) ретінде талданды.

T.V.Fursanova

Implementation of presentation strategies in advertising discourse

The description in the article is advertising discourse as a special kind of mass communication. The urgency of the problem is that the advertising discourse is characterized by its presentation entity involving the special way exposure-by creating an attractive image to consumers of the advertised object. For example, the description of the implementation strategies in the commercials by positioning the author proves that the formation of the representative image of a product or service is in the process of implementing communication strategies of presentation as combinations of moves, consistently promote a publicity image from the agent to the discourse of his client and thereby developing the interaction and communication leading to achieve communicative goals. As an inevitable companion presentation describes the techniques and tools of voice manipulation.

Ж.А.Жақыпов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана (E-mail: zhan-zhak58@mail.ru)

Көркем сөз мәдениетінің үлгісі

О.Бөкейдің «Атау кере» повесі мысалында

Мақалада көркем шығарма мысалында сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасы қарастырылды. Көркем мәтін авторы мен оқырманның арасындағы қатысым көркем сөз мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Сөздің коммуникативтік сапасы көркем мәтінде берілетін ақпараттың тілдік, когнитивтік, эстетикалық көріністері, интермәтіндік құбылыстар арқылы дәлелденді. Жазушы О.Бөкей шығармаларының мысалында мәдени-тілдік ақпараттың коммуникативтік-эстетикалық қызметке қалай жұмсалатыны көрсетілді.

Кілтті сөздер: сөз мәдениеті, когнитивтік, эстетикалық жұмбалар, коммуникативтік нәтиже, лексика-семантикалық бірліктер, грамматикалық бірліктер, стильдік эффект, инсан.

«Образ болмай ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз. Жұрт айтпаған ойды айту — анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол — ырыс... Ойдың көпшілігі жұрт айтқан ой болуы мүмкін, бірақ соны басқаша түрде айта білудің өзі — бақыт», — деген ғұлама М.Әуезов [1].

Заманымыздың классик жазушысы О.Бөкей — осындай ырыстың, осындай бақыттың иесі.

Жазушының көркем сөзін сөз мәдениеті, соның ішінде коммуникативтік сапасы, тұрғысынан қарап көрейік.

Мәтіннің коммуникативтік сапасына баға беру сөз мәдениетінің іргелі теориялық проблемаларының бірі болып саналады. Мұның ішінде, әрине, көркем сөз де бар. Көркем мәтін дйттеген коммуникативтік нәтижеге жету үшін автор оқырманмен диалогке түсуі қажет, яғни, автор оқырманға арнап көркем шығармада үш түрлі код (*мұнан былай «жұмба» деп қазақша қолданамыз. — Ж.Ж.*) ұсынады. Олар — тілдік, когнитивтік, эстетикалық жұмбалар. Бұл жұмбаларды шешу үшін оқырманның тілдік білімі болуға тиіс. Тілдік білім деген сөзді, тіркесті оның мағыналарын, грамматикалық құрылымдар мен олардың мәністерін білуге келіп саяды. Ал ондай білім оқырманның бәрінде бірдей бола бермейді. Міне, осы жерде тілтану ғылымы көмекке келеді. Демек, тілтанудың көркем әдебиет насихаттаудағы қызметі ерекше.

Суреткер де, оқырман да бір тілдің субъектісі (*мұнан былай «инсан» деп жазамыз. — Ж.Ж.*), екеуіне тілдің дыбыстық, лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерінің мән-мағыналары мен қызметі, нормасы ортақ. Бірақ автор мұндай бірліктерді дйттеген мақсатына қарай іріктейді.

Бұл айтылғандар тілдік жұмбаға тиесілі болса, когнитивтік жұмбаға тіл инсанының санасындағы ақиқат болмыстың, дүниенің бейнесі, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі жатады. Мәтіндегі тілдік таңбалар осы білімдер жүйесіне қозғау салады. Осыдан бастап автор мен оқырман арасында қатысым басталады. Бұл екі жұмба ашылғанда инсандар мәдениетінің үнқатысымы жүзеге асады. Демек, көркем шығарма авторы оқырманға мәдени-тілдік (лингвомәдени) ақпаратты жұмба күйінде береді. Осы жұмбаны оқырман неғұрлым терең, жан-жақты ашатын болса, адамдардың мәдениеттері арасындағы диалог соғұрлым белсенді әрі маңызды бола түседі. Осы тұста оқырманмен автордың терең байланысқа түскенінің бір оқиғасын келтіре кету артық емес. *О.Бөкеевтің «Лениншіл жас» газетінде қызмет етіп жүрген кезінде Алтайдағы марал*

өсіруге байланысты «Ақ марал сұлу, еркем-ай» атты көркем очеркі шыққан болатын. Проблемалы десеңіз проблемалы, көркем десеңіз көркем очерк еді. Жазушы О.Бөкеймен кездесу кешінде бір жігіт, үш қызы бар екенін, аталмыш очерктің өзіне қатты әсер еткенін, содан олардың есімдерін Ақмарал, Сұлу, Еркемай деп қойғанын айтты. Әлгі адамнан:

– Осы аттас әннің бар екенін білуші ме едіңіз? — деп сұрадым.

– Әрине, — деді ол, — бірақ оның мұндай әсері болған жоқ. Маған ат қойғызған осы очерк болды.

Мәтінде жұмбаланған ақпараттың келесі түрі — эстетикалық ақпарат. Бұлар жұмбаланған көркем мәтінде оқырманның ойына, сезіміне әсер ету үшін ұсынылады. Оқырман санасындағы ақиқат дүние суреттеріне қозғау салады, сол әлемге енгізеді. Мұндай әсерді зерттеушілер «оқырман — мәтін — автор» бағытынан іздейді. Сондықтан автор оқырманмен байланысты күшейту үшін сөздің әр алуандығына ден қояды. Мәтін мазмұны мен құрамы бір сарынды болып кетсе, оқырманмен байланыс әлсірейді. «Суреткер сөзді бәрі айта беретіндей қолданса, яғни қалыптан, нормадан ауытқымаса, оқырманмен мәтін арқылы байланыс ойдағыдай болмас еді. Сондықтан суреткер қалыпты нормадан ауытқып отырады» [2]. Мәселен, О.Бөкейдің «Атау кере» повесінде нормаға сай келе қоймайтын бірқатар мысалдарды алға тартуға болады (нормадан ауытқуларды қоюлатып көрсеттік. — Автор): Бір шетін әлдекім кесіп алған секілді **кетіңкі** (39-б.); **жанныаты жер; аспансығандар; Айнаға деген саздау тартқан салқындықтың себебі, тіпті де Бекзат емес, емес, осына елес сынды салт атты қыз еді** (88-б.). Тағынның қуанғаны осы тым-тым ақылгөй сөзді жүйелі түрде есіне түсіргені **емес, емес, сол сөзді сарабына салу қабілетін жоғалтпағаны еді** (166-б.). Қатынның **құлаққашты** қылар шуы қаншалықты айғайласаң да анық естіртпей, тек шың-шыңдаған үзік-үзік үн ғана жетер еді (89-б.). Ол әсте де қара басының мұң-мұқтажын емес, қаймана халық, қайран елінің ертеңін ойлап **амалсызданатын** (104-б.). Бұл үйге қарай әлдекім қарға адым жақындаса, **березеп** болып, алдынан өздері шығып шаруасын бітіріп қайтарады... (141-б.); Ондай **ойсоқтыларды** біздің жақта **лауқи** дейді. Жыланның жусағанын білетін білімің... (195-б.); **Суықсыраған** денесі... **салқын сазарады** (199-б.);... **жанның күдерсіздігі...** (198-б.); Бұл дүниенің... **мәңгіліксіздігін, бейопалығын** мойындағаны еді (202-б.).

Мысалдардағы қоюлана көрсетілген бірліктерді Оралханның өзіндік сөз бедерлеуі десек артық болмайды. Мұнда соңғы мысалдағы ауытқулардың уәжсіздігі болмаса, қалған жайттар ерекше көзге түседі. Оқырман зейін қоя алады. Зейін қою деп біз бұл жерде оқырманның ерекше жұмбаны жай жұмбаға ауыстыруын айтып отырмыз. Яғни, оның мәніне ой жібіреді, әсерге бөленеді. Эстетикалық жұмбаны жай жұмбаға ауыстыру санаға белгілі біл шамада салмақ түсіреді, соның себебінен мәтін қабылдаудағы автоматизм бәсеңдейді. Автордың көздегені де осы. Болмыстағы қандай да бір зат пен құбылыстың жаңағы әрекет ықпалымен санада сәулеленіп, эстетикалық мәнділікке айналады.

Болмыстың үзігі туралы ақпарат жинақтала келіп, есте сақтала келіп, санада белгілі бір құрылым түзіледі. Тілдің ықпалымен санада пайда болған мұндай құрылымды концепт деп атайды. Әрине, оқырман санасында тәжірибемен алған білім де болады, ол сөздің сөздіктегі мағынасынан алыс кетпейді, ал көркем шығарма тілінен алатын білімнің жөні басқа. О.Бөкейдің шығармаларында сөз мағынасының концептілік деңгейге көтерілгенін байқай аламыз және бұл — жазушының өзіндік үлесі, халықтың санасына көшкен көркем де танымдық білім. Мәселен, «**Кербұғы**» шығарманың тақырып атауы ғана емес, еркіндік, табиғи азаттық аңсаудың рәмізіне, «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» **қасқа құлын** да аңсарға айналған бейне, «Сайтан көпірдегі» «**айқай**» жай дауыс емес, дүниенің тылсымы, феноменологиялық құбылыс. «**Атау кере**» сөзі өмірдегі соңғы ас ішу ретіндегі мағынасы сөздіктерде тіркелсе де, тым сирек қолданылатын сөз тіркесі. О.Бөкейдің осы аттас повесінен соң оның үлкен концептілік мәнге ие болғаны, оқырман көпшілікке философиялық ұғым сіңіргенін айтуымыз керек. «**Будан**» сөзі, негізінен, өсімдік, жануарлар дүниесіне байланысты белгілі. Оқырманның «Атау кереден» алған білімінен соң халық санасында бұл сөз басқа мәнге ие болатынына күмән келтіре алмайсыз. Осы повесте «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» деп келетін тағатталған сөйлемдік құрылым (силепсис) бар («Тағатталған сөйлем» туралы Ж.М.Баймұрыновтың диссертациясынан білуге болады [3]). Үш есімдіктен тұрады. Есімдіктің грамматикадағы мән-мағынасы орын басу, сілтеу сияқты болып келетіні белгілі. О.Бөкей повесінде бұлар ұлттық, тіпті адамзаттық, жаһандық проблемаға айналдырылған. Ауызекі сөйлеу стиліне тән құбылысты біздің тірлігіміздің көкейтесті мәселелеріне түрткі, қозғау салудың, алға тартудың формуласы деңгейіне көтерген. Осыған байланысты еске түседі. Атауының өзі концептілік мәнге ие «Өз отыңды өшірме»

романының «*Бұл өңірде пойыздар шығыстан батысқа, батыстан шығысқа ағылып жатады*» деген бастапқы сөйлемі еске түседі. Бұл — «Адамзаттың Айтматовынан» бұрын ұсынылған концепт.

Көркем мәтіндегі «эстетикалық жұмба» деген ұғым стилистикада стильдік эффект (эсер), нормадан ауытқу, таңдандыру сияқты атулармен белгілі. Ал мұның басты мақсаты эстетикалық ықпал етуге барып саяды. Осындай ықпал ету мүддесінен шыға алса, көркем шығарманың коммуникативтік сапасы, яғни мәдениеті, жоғары деп танылады. Прага лингвистикалық мектебінің зерттеулерінде осы ықпал айрықша қаралды. Бірақ стиль зерттеушілердің түбегейлемей жүрген мәселесі — стильдік контраст құбылысы. Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге арналған арнаулы зерттеуді білмейміз. Стильдік контраст деп белгілі бір функционалдық стильге сүйенетін мәтіннің ішінде басқа функционалдық стиль сипаттарының келтірілуін ұғамыз. Тіл мәдениетіне, стилистикаға байланысты еңбектерде бұл құбылыс, негізінен, кейіпкер бейнесін берудің тәсілі екендігі, көркем диалогте қолданылатыны, юморлық тәсіл екендігі, сөз орындылығына қатысты екені жол-жөнекей сөз етіліп отырады. Оралханның емледен ауытқу арқылы ауызекі сөйлеу стилін жазба мәтінге енгізуін де осы стильдік контрастқа жатқызуға болады. Мысалдар келтірейік. Оқып көріңіз. *Көз алдында көлбеңдеген арақ-сайқал ғана ежелден қалмай келе жатқан көңілдесіндей қылмыңдап, көзін қысып жылмыңдап жетелейді-ай, дедектетті-ай* (25-б.). *Сұлулық бізден қалғалы қа-ша-а-ан. Қай-да-а-аан білейін...* (35-б.). *Еріктің бір өзі ғана болса ба-я-ғы-да-а-ақ сау желіп, соза тартып ұзап кетер еді* (46-б.). *Алтайдың созолаңдап таусылып бітпейтін ұз-а-ақ қысы....* (109-б.). *Халқымыздың жол-жоралғы, дәстүр-салтын ұмыттырғалы қа-а-а-ша-ан...* (168-б.).... *со-о-н-ау ұшар басы тазданған шоқының тас кепеші* (173-б.). Байқап отырғанымыздай, мұнда жазушы бөгде стильдің элементін коммуникативтік-эстетикалық қызметке пайдаланған. Артық я жаңылыспен қолданған тәсіл емес. Стиль тезіне түскен тәсіл (стилизация). Кейіпкердің жай-күйін, жандағы қозғалысынан хабар берудің тәсілі. Мына бір шұбыртпа сөйлемді тіл білімінде «период» дейді, біздің термин — А.Байтұрсынұлынікі. Мұндай синтаксистік айшық туралы жазған едік. (Қараңыз: *Периода туралы түсінік* // Тілтаным. — 2012. — № 3. — Автор). Соңғы сөйлемінде жоғарыдағыдай ауытқу бар, бірақ мұның айрықшалығы сонда, эпифора айшығы арқылы соңғы қосарлай қайталау өзінен өзі сұранып тұрғанын, тіпті, өзіңіз де қосарлана жөнелердей эсер бар (сол эсерді көрсету үшін шумақтап беруді жөн көрдік):

... *Енді қайтып мынау туған жердің тамылжыған табиғатын, асқар тау, асау өзенін көре алмасын; емін-еркін сайрандап аң-құсын қуып, орман-тоғайын аралай алмасын; көк шалғынына көлбей жатып, сонау тұп-тұнық аспанға қарап, тұнығы шайқалмаған көңілмен армандай алмасын; құлын жоны көрінбес тау шалғынын кертіп ойып, қол тартпамен алақанға түкіріп пішен ора алмасын; Алтайдың аппақ қарында ат шанамен ағыза алмасын;*

мұртына қатқан сүңгі, кірпіктегі қырауды сұртіп, тоңып-жаурап келгенде, Нюра құйып берген құла шайды самайынан тер ағып, сораптап іше алмасын; көктем шыға — көктен іздегені жерден табылғандай масайрай, жағасын кеміріп долдана таситын Бұқтырманың аққұла толқынын қарап, тамырынан қопарылған сансыз салындыны санап, аяй алмасын; енді қайтып адамға жалғыз-ақ рет берілер тіршіліктің шәрбаты суалып, кермек татырын, кетеуі кетерін, сөйтіп, мынау жарық дүниенің торқалы тойын көріп, топырақты өлімінде ауыл ақсақалдарының ақылын тыңдай алмасын-алмасын-алмасын сезді, білді, түңілді, тайғақ тағдырының үкіміне жүгінді (124-б.).

Осындай стильдік контрастқа дидактикалық сыңайларды, философиялық-психологиялық толғаныстардың кіріктірілуін жатқызуға да болатын сияқты. О.Бөкей шығармаларында психолирикалық, философиялық-дидактикалық толғаныс ретінде танылатын мұндай үзінділер аз кездеспейді. Біз ойшыл жазушының өзіне тән, басқа айтпай өзі ғана айтқан сонылығын көрсететін кейбір үзінділерді ғана келтіреміз. *Ақша мен ақылдың артығы бар ма, коллега.* (59-б.). *Еркек адам есіктен еңселі кірер болар...* (75-б.). *Махаббат жас талғамайды, бақ бас талғамайды деген...* (18-б.). *Тәңірім-ау, айғай да адамның серігі, бұл жалғанның жарығын жариялар, өзіңнің қара жерді басып, тірі жүргенінді есіңе салар жаршысы екен-ау...* (99-б.). *Адамның көз жасы — жанының нөсері, сірікіреп-сірікіреп алса, арты айығады, көңілі көгереді. Ел азарда, ер-азаматы — атақ қуғыш тақ құмар, қыз-келіншегі дүние қуғыш бақ құмар келеді* (103-б.). *«Біреуді құдай қаңғыртады, енді біреулер құдай бұйрығына көнбей өзі қаңғырады»* (106-б.). *Ел шыдағанға бел шыдамай қиралаңдап қалса, оған кім кінәлі!?* (106-б.).... *қара тізімге ілінген адамның көрге кіргенше көгергені, көңілі ашылып сергігені бар ма...* (108-б.). *Түлкі түрінен, адам тілінен тартады* (123-б.).... *ол шақта адамдар шындық үшін емес, шындық адам айла-шарғысына қызмет етті, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында қолжаулық боп сорлап, жер бауырлап тұралап қалды* (158-б.). *Табиғатта*

АДАМНАН артық нәсте жоқ... (166-б.). Бәлкім, қорқыныш екі аяқты жұмыр басты пенденің асыл қасиеттерінің бірі шығар (167-б.). Шамы жоқ адам — намысы жоқ адам (169-б.). Үміт — ол да бір сағым немесе көлеңке іспеттес, күн шыққанда ғана пайда болады, ал басыңды қасіреттің бұлты шалса, іздеп таба алмайды екенсің, жоғалады (ҮМІТСІЗ — ШАЙТАН деген мақалды еске түсіріңіз). Жалғыздық — күшілік! бәлкім, өмір дегеніміздің өзі — көп пен ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ мәңгі бітіспес майданы шығар... (191-б.).

Мұндай стильдік контрастыны еш жазушы айналып өте алмайды. Мәселе эклектизмге ұрынбауда. Ал Оралхан шығармасында эклектизм түгілі, бөгде стиль көркем стильге ерекше өң беріп, әсерді әсемдеуге қызмет етеді.

Барлық деңгейдегі тілдік бірліктердің құрылымдық-жүйелік болмысында пайдаланыла алмайтын мүмкіндіктері, жеке тұрғанда я болмаса бейкөркем мәтіндерде байқала бермейтін әлеуеті суреткер қазанына түсіп шыққанда басқа мәнге ие болады. Осылайша жазушы «жаңа сөз» тудырмайды, жаңа сөз жасайды. Осыдан көркем әдебиеттегі потенциализм, окказионализм сияқты өзіндік қолтанбасы келіп шығады. Суреткер бұрыннан бар нәрсені дамытады, басқа мән үстейді. Бұған мына мысалдар дәлел бола алады: *қара үзіп, қарада бой, қарда ізін қалдырмай ауып кеткен; азынаған иесіздіктің, бақсының моласындай өгейліктің жүдеу күйі; жүрегін қызғаныштың асыранды ала мысығы тырнап алды; ауыл жазған масатының үстіне төге салған асықтай моп-момақан үйіріліп жатыр; өздері сыйыспай жүрсе де өзгелерге сый көрсетуге, жер бөліп, жеңін кесіп беруге келгенде алдына жан салмайтын ел; жаныңның жасаң жайлауын жаңбырдың бұлты басқандай құсалану; сойына сойыл жұмсаған саудайы неме; Сыйларға тілің жоқ болса да, сипарға қолың жоқ па; байсын жер байсалдылығынан айрылып; күздің шабарман бұлттары; сана сарабына салып отырса, орта жасқа жақындаған жасында жанын садақалар мұрат-мақсатсыз лағып, ерегеспен есерсоқ жұмыр кешіпті; Дүниенің бәрі лат (лат қыпшақ кезеңіндегі сөз, қазіргі ылғал сөзімен түбірлес, «сұйықтық» деген мағынада қолданылған) болып ластанып жатқанда; Мейманасы тасығандардың мысын басу, басына бақ қонғандарды басындырмау; Шабытым шабандаған шақта жолығып; жаның жай табатын інжілдігі; інжіл сыңар; Өзі құлагалы тұрған тауға қой жайғандай. Ондай ойсоқтыларды біздің жақта лауқи дейді;... бөрінің бозы, бөкеннің сирағындай тозу; ұшар басы тазданған шоқының тас кепеші.*

Оралхан Бөкейдің сөзбен сурет салуынан (Р.Сыздық) бірер мысал келтірумен шектелеміз (бұл — бөлек сөз етуге лайық): *Тамыздың алғашқы аптасы өтіп, жаңа туған ай екінші жұманың аяғында ортасынан қақ тілген қауындай жартыкештене семіріп келе жатқан; қазір сонау қарабарқын таудың үстінде дәл алдында, арыстанша аузын ашқан, қарабауыр бұлттың өңешіне жым-жырт жылжыған еді. ... Ендігі сәтте жартыкеш ай әлгі арыстан — бұлттың арандай аузына кірген (18-б.); Өне, ауыл жазған масатының үстіне төге салған асықтай моп-момақан үйіріліп жатыр (15-б.).*

О.Бөкей оқырманды тылсымға ендіру үшін параллелизм құбылысын, кейіптеуді жиі пайдаланады. Жалпы Оралхан прозасында адам табиғатпен астастырыла қаралады, одан тысқары қаралған күннің өзінде оны адам мен табиғаттағы жатсыну құбылысы ретінде көрініс береді. Мына мысалда кейіпкердің көңіл-күйі туралы арнайы сөз жұмсалмаған, бірақ табиғат құбылысының суретінен-ақ оны өзіңіз терең түйсінесіз: *Бұл шақта таудың ұшар басындағы ұша бұлт етекке қарай жөңкіле көшіп, аяқ астынан жел тұрды. Жапырақ жайған ағаш басы арпалыса суылдап, сабалақ жүнді бірді-екілі ешкі қора-қораның ығына қарай тырағайлап барады. Желіккен желмен бірге жарыса түскен жаңбырдың хабаршы тамшылары жетіп, әлгінде ғана будақтай көтерілген қара жолдың шаңын жерге шегелей бастаған. Қара бурадай құтырына жөңкілген бұлт бір-бірінен жерігендей үрке орналасқан бытыраңқы үйлердің жиналмай қалған кірін желпілдетіп албастыдай апай-топайын шығарды. Тамшының арты бұжыр-бұжыр бұршаққа айналып, тақтай шатыр, қаңылтыр пештерді таңқылдатып, төбеңді оярдай пәрменмен сабалаған. Барабандап бастаған бұршақ қара қошқыл бұлттың құсығындай, далада жүрген тіршілік иесін бұрыш-бұрышқа, ықтасын-қуысқа қуалап тықты. Жер беті аппақ маржанға бөгіп, Алтайдың алты айрығынан саулап бұлақ ақты. Бұлақтың іші толған — ақ моншақ — әрі суық, әрі сұлу көрініске есік-терезеден сығалай мәз балалардың кейбір шыдамсыздары жалаң аяқ, жалаң бас далаға шапқылап шығып, шекесін ісіріп қайта оралады. Ең ғажабы, дәл сол күні — бір жағы ақ, бір жағы қызыл бұршақ жауды (126–127-б.).*

Оралхан Бөкей прозасындағы ырғақ, ұйқас туралы да арнайы сөз етуге болады.

Көркем суреткердің сөз мәдениетіне қатысты бір көрнекілік интертекстуал құбылыстармен қатысты. А.С.Әділова қазақ тіл білімінде осы құбылысқа алғашқы болып зерттеу жасады [9].

О.Бөкейдің «Атау кере» повесінен біз осындай мәтінаралық байланыстардың, басқаның сөзін жасампаздықпен пайдаланудың мынадай үлгілерін көрдік. Біріншісі — бұрын бар сөзді, тіркесті басқа контексте, мағынасын кеңейте, өзгерте пайдалану. Екіншісі — реминесценция, бұрынғы мәтіндердің жаңғырығы, немесе аллюзия, бұрынғы мәтінді еске түсіру. Мысалы (алдыңғы мәтінді я оның авторын жақша ішінде көрсетеміз): *азынаған иесіздіктің, бақсының моласындай* (Абайдан) *өгейліктің жүдеу күйі*; **Мең-зең, дел-сал бейуақтың** *күнә, пәле-жала, айқай-шудан таза мұнтаздай мұңы* (Абай); *Өмір нұрын сепкен айналайын күннің «ата-анадай» елжіреуі* (Абай); *ертеңгі күніне саусақ жая талына* (Абай) *дірілдеп*; *Махаббат жас талғамайды, бақ бас талғамайды* (Халық мақалы); *Үміт — ол да бір сағым немесе көлеңке іспеттес, күн шыққанда ғана пайда болады, ал басыңды қасіреттің бұлты шалса, іздеп таба алмайды екенсің, жоғалады («Үмітсіз — шайтан» деген мақал, Абайдың жаман дос туралы айтқан нақылы);... ауырмай есінен жаңылып, шатасып шаң жұтып жүрген өзі секілділер* (С.Торайғырұлы). *«Аюдың жанында шошқа жылмақтай»* (Халық мәтелі). **Ақылдан азап шегіп** *отырғанын шегелей ұғындырады* (М.Әуезов).

А.Әділованың жоғарыда сілтеме жасалған зерттеуі вербалды мәтіндер арасындағы байланысқа арналған. Ж.К.Нұрманованың зерттеуі көркем әдебиет пен киноның арасындағы қатынастарды қарастырады [10], бірақ бұлардың арасындағы интертекстуалдық құбылыстар талдауға алынбайды, нысан ыңғайы басқа болғандықтан, жол-жөнекей ескертулермен шектеледі. Мұны бізге айтқызып отырған — таңсық жайт.

Норвегиялық экспрессионист-суретші Эдвард Мунк «Айқай» атты модернистік картинасын 1895 жылы салып бітірген. Картинада адам әлденеден шошып, аузын аша екі қолымен басын ұстаған қалыпта бейнеленген. Адам көпірде, қанды қызыл батыс фонында, ал артында белгісіз жаққа кетіп бара жатқан екі адамның сұлбасы көзге түседі. Сурет жиегінде автордың: «Менің достарым әрмен қарай кетті, мен аландаудан денем дірілдеп қалып қойдым. Табиғаттың Үнін сезіндім» деген қосымша сюжеттік толықтырулары бар. Сыншылардың айтуынша, бұл — заманның өзгеруінен, жаңалықты қабылдаудан туған қорқыныш. Сонымен қатар эстеттер мұнда «бояу дыбыс, үн бар», «суреттен айқай естисің» деп бағалайды.

Ал О.Бөкейдің «Сайтан көпірінде» де АЙҒАЙ бар, көпір де бар. Бұл байланыс тегін емес, рух деңгейлестігі дейміз бе, көркем түйсіктің түйісі дейміз бе, қалай десек те бұл — интертекстуалдық құбылыстарға жатады. Көркем мәтіннің креолдығынан хабар береді. «Сайтан көпірдегі» айқайға баға беретін болсақ, «Жазудан үн естіледі, оқырманның ішкі дүниесі айғайлайды» дер едік. (Мұндай тәжірибе қазақ әдебиетінде бар. Оның жаңа бір дәлелі — жазушы Д.Исабековтің «Гауһартас» повесін осы аттас әннің ықпалымен жазғанын «Жұлдыздар отбасы» журналында өткізілген пікірлесуде айтқаны). О.Бөкейдің «Сайтан көпірінен» модернизм іздесек, мұны ескеруге тиіспіз.

О.Бөкей шығармалары көркем сөз мәдениетінің биік үлгісіне жатады. Оның тілінің тылсымы әлі барлана береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Жыл келгендей жаңалық сезінімін // Әуезов М.: 55 томдық шығармалар жинағы. — Алматы, 1980.
- 2 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. — Алматы: Мектеп, 1984. — 190-б.
- 3 Баймұрынов Ж.М. Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстары (психолінгвистикалық аспект): Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Астана, 2009. — 24 б.
- 4 Балли Ш. Французская стилистика. — М., 1961. — 349 с.
- 5 Белянин В.Г. Психолінгвистические аспекты художественного текста. — М.: Наука, 1989. — 365 с.
- 6 Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. — Алматы: Ғылым, 2002. — 212 б.
- 7 Нұрмұқанов Х.М. Сөз және шеберлік // Нұрмұқанов Х.М. — Шығармалар: 3-т. — 2-т. — Қарағанды: Арко, 2010. — 352 б.
- 8 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. — М., 1979. — 473 с.
- 9 Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: Филол. ғыл. д-ры... дис. автореф. — Алматы, 2002. — 52 б.
- 10 Нурманова Ж.К. Казахская литература и кинематограф в аспекте компаративистики: Монография. — Алматы, 2013. — 324 с.

Ж.А.Жакупов

Культура художественной речи (на примере повести О.Бокея «Атау кере»)

Статья посвящена вопросам коммуникативного качества культуры художественной речи. Отмечено, что диалог между автором и читателем художественного текста является фактором, способствующим высокому уровню культуры художественной речи. Коммуникативное качество речи отражено в художественном тексте в виде языковой, когнитивной и эстетической информации, интертекстуальных явлений. В работе на примере произведений писателя О.Бокея показаны факты применения в коммуникативно-эстетической функции культурно-языковой информации.

Zh.A.Zhakupov

Culture of art speech (on the example of O.Bokey's story to «Atau kere»)

The article is devoted to the quality of the communicative culture of artistic speech. The dialogue between the author and the reader of a literary text is a contributing factor to the high level of artistic culture of speech. Communicative quality of speech is reflected in a literary text as linguistic, cognitive and aesthetic information of intertextual phenomena. The article shows on the example of works of the writer, O.Bokey, the evidence of the use of cultural and linguistic information in communicative and aesthetic function.

ӘОЖ 81'

А.С.Әділова, М.Ш.Қабанов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: adilova2010@mail.ru)

Қазақ толғауларындағы «редиф» құбылысы

Мақалада поэзиялық шығармаларда кездесетін редиф құбылысының өзіндік табиғаты қарастырылды. Редиф ұйқастан кейін келетін ерекшелік әрі толғау мәтіндерінде жиі кездесетін заңды құбылыс тұрғысынан талданды. Толғауларда күрделі етістіктің қосымша сыңары, есім сөздер және шылау түрінде келген редиф қатары әр түрлі сипатқа негізделетіні сараланды. Ең алдымен ұйқасты күшейтудегі ырғақ пен өлшемге қызмет ететіндігі ескерілді. Сонымен қатар жыраулар поэзиясы толғау өлеңдерінің мазмұны, идеясы да редифтің қатыстырылуына негіз жасайтыны анықталды. Атап айтсақ, олар — дидактикалық мазмұн, портрет, арнау өлеңдер.

Кілтті сөздер: көркемдік тәсіл, ұйқастың буындық құрылысы, өлең эвфониясы, күрделі баяндауыштың көмекші сыңары, септеулік шылаулар, редифтік позиция, ұйқас жасаушы сөз, әуендік ырғақ, мағыналық және құрылымдық тұтастық.

Өлең жолдарындағы ұйқас туралы айтқанда редиф жөнінде айтпай кету мүмкін емес, өйткені бұл құбылыс — ұйқаспен тікелей байланысты мәселе. Редиф — көркемдік тәсіл және поэзиялық шығармаларда кездесетін ерекшелік. Бұл тұрасында профессор С.Негимов: «Ұйқастың буындық құрылысына тоқталғанда өлең эвфониясын арттыратын редифті ұйқас та мол ұшырасады. Редиф дегеніміз — ұйқастан соң бір не бірнеше сөздің тұрақты қайталануы. Ұйқастың редифпен келуі буын мен дыбыс үндестігіне сәйкестелуі өлеңнің музыкалығына кең өріс ашады» [1] дей келіп, бұл қосымшаның әдеби айшықтығын баса көрсеткен. Ал біздің тарапымыздан бұл қосымшалардың тілдік тұлға түріндегі байланыстырғыш рөлі көрсетілмекші.

Ерте заман поэзиясындағы редиф құбылысының мәнін А.Ахметбек былайша көрсеткен: «Ахмет Йассауи хикметтері зікір негізінде туындағандықтан, зікірдің атрибуты қайталамалар (редиф) өте көп кездеседі. Оның «мәнә», «әрміш» сияқты жай редифтермен қатар күрделі бір тармақтық редифтерді

қолдануы хикметтердің әуендік ырғақта айтылуына мүмкіндік берген. Бұл редифтер көркемдеу қызметімен қоса әр тармақ не шумаққа мағыналық толықтық пен мәнерлілікті беріп отырған» [2].

Ал орыс ғалымы И.В.Стеблева өзінің «Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии» деген еңбегінде редифті: «Согласно определению средневековых поэтик, редиф — это одно или несколько слов, следующих за словами с буквой равви (т.е за рифмующимися словами). Редиф должен быть неизменным на всем протяжении стихотворения. Это значит, что слова, образующие редиф, должны употребляться в одинаковой грамматической форме, иметь один и тот же смысл и занимать в бейтах ритмическую тождественную позицию» [3; 89], — деп сөз еткен.

Негізінен, редиф түзеуге ең көп қатыстырылатын элемент — күрделі етістіктің көмекші сыңары. Демек, бұл құбылыс, ең алдымен, баяндауыш мүшелердің құрамында молянан жүзеге асады. Бұл турасындағы пікірімізді нақтылау үшін И.В.Стеблеваның мына тұжырымын ұсынамыз: «Очень часто в редиф ставится вспомогательный глагол, образующий глагольную часть сказуемого, и уж поэтому редиф невозможно было исключить из бейта (или его полустуший), не нарушив смысл, заключенный в их предложениях» [3; 90].

Жыраулар туындыларында күрделі баяндауыштың көмекші сыңары әр сөйлем сайын қайталанып редиф жасайды. Өздері қатыстырылған жолдардың өзгеше өрнегін айшықтайды. Бұл олардың өлең жолдары ішіндегі әуез талабын еселеуші құрал қатарына енуі. Мұнда келер шақ есімшенің жалғауымен келген е-етістігі жиі қолданылады.

Шалкиіз жырау:

*Құсты жисаң бүркіт жый,
Қыс тоныңды түлкі **етер**.
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлкі **етер**.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жеміле ғаламға күлкі **етер** [4; 86].*

Етер етістігі өткен шақ есімшенің қосымшасымен келіп, күрделі баяндауыштың көмекші сыңары тұлғасында да редиф жасап тұрады.

Үмбетей жырау:

*Қосағың қоса ағармас қосақ екен,
Құдайым осылайда қосады екен.
Тоты құс жарақатқа кенде бопты,
Бұқарым, айтар міне осы-ақ екен [4; 129].*

Бұқар жырау:

*Тоқсан бес деген тор екен,
Дәйім жаның қор екен,
Қарғыың десең екі жағың ор екен
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен [5; 37].*

Жиембет жыраудан келтірген жолдарда есімшенің болымсыз формасымен де келген:

*Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие ісің жол емес.
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес... [4; 52].*

Бұқар жырау мәтінінен берілген екі сөйлем көлемінде болымсыз формалы де етістігінен болған:

*Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас деменіз.
Құлық туған құлаша
Құрсақтанбас деменіз... [5; 59].*

Осы жыраудың мына жолдарынды редифті бұйрық райлы етістік жасап тұр:

*Айтар болсаң алланы айт,
Таңертең азан шақырған
Дауысы сұлу молланы айт... [5; 102].*

Үмбетей жыраудың толғауы мәтінінен жедел өткен шақ формасындағы *болды* етістігінен жасалған редифті көре аламыз:

*Батыры ханға сай болды,
Елің жайпақ бай болды,
Қыс қыстауы тау болды,
Жаз жайлауы көл болды,
Салқын сары бел болды...* [4; 78].

Демек, жыраулар туындыларында көбіне күрделі баяндауыштардың көмекші сыңарлары — редиф жасаудағы өте өнімді тәсіл. Оған бұлардың тармақ немесе сөйлем соңындағы тұрақты орындары негізгі себеп.

И.В.Стеблева баяндауыш мүшелердің редифіне қатысты былай деген: «Следует специально отметить, что редиф, как повторение одного и того же слова на концах полустий, в тюркоязычной поэзии широко использовался потому, что многие глагольные формы являлись составными, их именную часть образовывали арабские и персидские слова, в качестве вспомогательных глаголов употреблялись слова *қылмақ*, *етпек* (делает), согласно же нормативному порядку слов тюркского предложения сказуемое (особенно его глагольная часть) всегда должно находиться в конце предложения. Поэтому использование глагола-сказуемого в качестве редифа для тюркской поэтической речи было вполне естественным, ибо сохранялась правильная синтаксическая конструкция тюркского предложения» [3; 93].

Сонымен қатар бұл ғалым күрделі баяндауыштың көмекші сыңарынан басқа өзге де сөздер редиф бола алатынын айтады [3; 94].

Арнау өлендердің көбінде адресаттың аты ұйқас құраушы сөзден кейін келіп, редиф жасайды. Әдеттегі орындары сөйлем соңында келмейтін есім сөздердің ырғақты жолдардың ерекшелігіне сай тармақ не сөйлем соңына түсуінің бір қыры осы жерден табылады. Жыраулардың өздері өмір сүрген кезеңде мемлекет басқару ісіне араласуынан да олардың туындыларынан ел басқарған хандар есімдерінің қатысуымен редиф жасалып тұрады.

Бұқар жырау:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай...* [5; 37]

Мына толғаудағы жолдың ең соңында келіп отыратын демеулік шылаудың осы шығарманың құрылымдық тұлғасын өрнектейтінін байқауға болады. Мұндай жағдайда автордың ішкі тебіренісі, толғанысы айрықша мәнде келген.

Енді бір толғаулар жолдарында ел қорғаны батырлардың аттары редиф жасап тұрады. Бұлар да әр сөйлем соңында ұйқас құраушы сөзден кейін қайталанып келіп, сол бойында мәтіннің ден бөлігін камтиды. Олардың әсерінен туындының ішкі мәні мен сыртқы түрінде белгілі бір үйлесім туындайды.

Үмбетей жырау:

*Уа, Алатаудай ақшадан,
Асып тудың, Бөгенбай,
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгенбай!
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгенбай!
Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгенбай!
Қолтығы ала бұғының
Тәйкесіндей Бөгенбай!* [4; 131].

Ал мына толғау болса туған жер, өскен ортаға айтылған арнау түрінде келген. Бұл өз кезегінде шығарманың тілдік өрнегін айшықтайды. Солай болғандықтан, **жұрт** сөзі бұл толғау жолдарындағы ұйқастан соң үнемі қайталанып отырады. Демек, бұл сөз мағыналық маңызбен бірге құрылымдық қатарды тізбектеп тұрады. Соның нәтижесінде олар редиф жасап тұр.

Бұқар жырау:

*Ақ сары атан еспелі,
Ел жайлауға шыққан жұрт.*

*Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Мамырласып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт...* [5; 41].

Мұндай редифтер түзілгенде сол сөз арқылы автор белгілі бір мазмұнға ерекше назар аудартады. Мұнда автор **жұрт** сөзін нақтылап тұрады. Сол сөз арқылы өлеңнің мазмұнын тереңдетеді, идеялық ойды айшықтайды әрі өлеңге көркемдік мән үстейді. Демек, олардың шығармада атқаратын көркемдік орамы осындай болып келген.

Келесі толғауларда редиф түзеуші сөздер арқылы шығармадағы іс-әрекеттің мезгілдік дүркінділігі өрнектеледі. Автор бұларды үнемі қайталау арқылы сол сөзге ерекше назар аудартады.

Бұқар жырау:

*Қызды ауылды көргенде,
Бұлаңдатқан жиырма бес.
Төстен қаиқан түлкідей,
Сылаңдатқан жиырма бес.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес.
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес...* [5; 34].

*Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.
Байлар ұғылы шоралар,
Көл жағалар жаз күні* [5; 24].

И.В.Стеблева бұл аталған ерекшелікті редифтер жайында: «В тех случаях, когда редиф является дополнительным средством художественного изображения. Такой редиф приобретает характер припева и используется как ещё одно украшение поэтической формы, призванное осуществить многоступенчатые смысловые связи единой семантической системы произведения» [3; 130], — дейді.

Толғаулардағы редиф жасаушы элементтердің келесі түрі — септеулік шылаулар. Септеулік шылаулар — қатар тұрған сөйлемдердің арасындағы құрылымдық байланыс желісін еселей түсетін амалдың бірі. Бұл шылаулар мезгіл, мақсат мағыналы сөйлемдердің сипатын арттыруда қосымша реңк үстейді. Әрі өлеңге көркемдік әсер беріп, қатар келген сөйлемдердің ырғақ желісін, өлшем қатарын сақтап тұрады. Соның нәтижесінде мәтін ішіндегі ерекше әуен үндестігі пайда болған.

Ақтамберді жырау:

*Көк көгершін, көгершін,
Көкқұтан ұшар жем үшін.
Тем, тем үшін, тем үшін,
Теңкиген қара саба жоғы үшін.
Көк шекпенін бөктеріп,
Ерлер жортар мал үшін.
Тұтам емшек бие үшін,
Қатын-бала қамы үшін* [4; 107].

Бұқар жырау:

*Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң.
Құбылып тұрған бәйшешек,
Құрай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон,
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай,
Мортық болар бүлген соң.
Төрде отырған қарт бабаң,
Төресін жаңылар малдан соң...* [5; 2].

Демеулік шылау да әр сөйлем жолындағы ойдың қорытынды бөлігінде қайталана отырып, реди́ф жасайтын жерлері толғаулардан біршама кездеседі. Келесі толғау жолдарындағы сөйлемдердің ішіндегі реди́ф амалын сұраулық шылаулардың үздіксіз қайталамы жасап тұр.

Доспанбет жырау:

*Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жолдан жүргей ме,
Қатарланып, қорланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!* [4; 68].

Ақтамберді жырау:

*Арудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті сары бал —
Қымыздан асқан дәм бар ма!* [4; 108].

Осы жыраудың мына толғау жолдарында реди́ф жасаушы сұраулық шылау сөйлемнің бірінші тармақ соңында келген:

*Сары аязда қата ма
Қайнардың аққан тұнығы,
Қап түбінде жата ма
Болаттың асыл сынығы,
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы* [5; 66].

Бұқар жыраудың мына толғауында қарсылықты (-*да*), екінші толғауында күшейткіш демеулік (-*ай*) шылаулар реди́ф сипатында тұрғанын байқауға болады:

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!* [5; 175].

*Әй, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақ-тана жиылып,
Фани болған заман-ай...* [5; 31].

Ал Шалкиіз жыраудың мына толғауы жолдарындағы ұйқас жасаушы сөзден кейін келген -*дүр* қосымшасын да реди́фке жатқызуды жөн санадық:

*Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кезігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр...* [4; 76].

Мұндағы *дүр* элементі *болар* сөзін де айырбастайтын сияқты. Дегенмен, мәтін көлеміндегі көркемдік қырына байланысты олар әр тармақ соңындағы реди́ф болып табылады.

Реди́ф — тек поэзияда кездесетін ерекшелік. Өлеңді туындының мәтінінде ғана келетін құбылыс. Ол — ұйқас жасаушы сөзден кейін келіп, өлең ырғағын, әуезділігін арттыруда қолданылатын тәсіл. Реди́ф жасаушы тұлғалар қатар келген сөйлемдердің мағыналық және құрылымдық тұтастығын арттырады. Әр түрлі дәрежедегі реди́ф жасаушы тілдік тұлғалар қатар

келген дербес сөйлемдердің әрқайсында келіп, сол сөйлемдердің бір-бірімен байланысын үстейді. Реди́ф позиция арқылы шумақты шегендейді. Ол көбіне күрделі баяндауыштың қосалқы сыңарын құраушы көмекші етістіктердің қатысуымен жүзеге асады. Әсіресе есімше тұлғалы сыңарлар көп қолданылған. Реди́ф жасауда осы етістіктің көмекші сыңарлары көп қатыстырылуы баяндауыш сөйлем мүшесінің сөйлем соңында келіп, ұйқас құрауынан деп білеміз. Сөз жоқ, болжам мәнді есімше қосымшаларының бұл тұрғыда көп байқалуы жыраулар шығармаларының ақыл-кеңес, болжам мазмұнды болып келуімен тікелей байланысты.

Толғаулардағы реди́ф жасаушы элементтердің келесі түрі — есім сөздер. Жоғарыда келтірген хан, батыр аттары бұл сөзімізге дәлел бола алады. Ал мұны болса сол толғаулардың арнау түрінде келетіндігімен түсіндіреміз. Ондағы реди́фтер сөйлемдер байланысын жүзеге асыруымен қатар жыраулардың сол тұлғаларға деген сүйіспеншілік, құрмет, ізет, ризалық ниетін көрсетеді.

Ал реди́ф жасаушы шылау түрлері өздері қатыстырылған жолдарға қосымша мән үстеп тұрады. Мұнда олардың септеулік, демеулік сияқты түрлерін көре аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис, стилистика. Поэтика. — Алматы: Ғылым, 2001. — 263-б.
- 2 Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи: Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1988. — 101-б.
- 3 Стеблева И.В. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. — М.: Наука, 1993.
- 4 Алдаспан. (XV–XVII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы). — Алматы: Жазушы, 1971.
- 5 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. — Алматы: Мұраттас, 1992.

А.С.Адилова, М.Ш.Кабанов

Явление «реди́ф» в жанре казахских толгау

В статье рассмотрено явление «реди́ф», встречающееся в поэтических произведениях. Реди́ф является особенностью, которая употребляется после рифмы. Их частое употребление в текстах толгау — закономерность. Реди́фный ряд в виде вспомогательной части сложного глагола, именных слов и союзных частиц основывается на различные формы. Они усиливают рифму, а также служат для образования ритма и стихотворного размера. Содержание, идея толгау в поэзии жырау служат основой для частого употребления реди́фов.

A.S.Adilova, M.Sh.Kabanov

The phenomenon of «redif» in the genre Kazakh tolgaу

The article discusses the phenomenon of «redif» occurs in the poetry. Redif is a feature that is used after rhyme. Their frequent use in texts tolgaу is regularity. Redifny series as part of a complex auxiliary verb, it is the word and the union of the particles based on different forms. They enhance the rhyme and rhythm and are used of meter. The content of the idea of the poetry tolgaу zhyrau is the basis for frequent use redif: this didactic content, portrait, arnau.

Ш.Ш.Жалмаханов¹, Ж.Ш.Жалмаханова²¹Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы;²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: sh.zhalmahanov@mail.ru)**Лингвистикалық сараптаманың негізгі нысаны — сөйлеудегі даулы мәтіндер**

Мақалада юрислингвистиканы (заңнамалық лингвистиканы) лингвистикалық зерттеу барысында мәтіндерді редакциялау, аудару, сараптама жасау және кеңестер беру деген аспектілер іске асырылды, яғни құқықтық кеңістікте лингвистикалық баға берілетіні анықталған. Соттық-лингвистикалық сараптаманың құқықтық базасы көрсетілген. Лингвистикалық сараптаманың анықтамасы, мақсат-міндеттері және құрылымы, сонымен қатар азаматқа жала жабу, балағаттау, ар-намысы, қадір-қасиеті, абыройын қорлау, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділіктерді қоздыру, мемлекеттің конституциялық құрылысын және аумақтық тұтастығын бұзуға шақыру сияқты мазмұндағы мәтіндерге қорытынды беретін сарапшы-лингвистің құзыреті айқындалған. Сарапшы өз қорытындысында жауап беруге міндетті типтік сұрақтардың үлгілері берілген. Авторлар сот процесінде сөйлеудің даулы мәтіндеріне тек лингвистикалық сараптама ғана объективті баға бере алады деген қорытынды жасады.

Кілтті сөздер: лингвистикалық сараптама, заңнамалық лингвистика, соттық-лингвистикалық сараптама, сарапшы-лингвист, даулы мәтін.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан бастап заңнамалық лингвистика (юрислингвистика) деген ғылым саласы пайда болды. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысқан тұсынан пайда болғандықтан, ол пәнаралық сипаттарға ие. Тіл мен құқықтың байланысы мәселелерімен лингвистер де, заңгерлер де шұғылданып келеді. Заңнамалық лингвистика тілдік мәтіндердің (ауызша, жазбаша) коммуникативтік және функционалдық-әрекеттік сипаттарына құқық кеңістігінде лингвистикалық баға беру үшін: 1) заң құжаттарына лингвистикалық сараптама; 2) заңдық және нормативті-құқықтық актілерге ұсыныстар; 3) заңдық мәтіндерді аударма; 4) құқықтық баға берілуге тиіс мәтіндерге сараптама жасайды. Тілдік мәтіннің коммуникативтік сипаты дегеніміз — қарым-қатынас құралдары арқылы қоғамдық өмірде оқу-ағарту, білім-ғылым, адамдар арасында жағымды, жағымсыз немесе бейтарап мазмұнды ақпарат беру, тарату; ал функционалдық-әрекеттік сипаты дегеніміз — мәтін мазмұны арқылы іс-әрекетке шақыру, іске асыру. Құқықтық кеңістіктегі тіл мен сөйлеу мәтіндерін саралау, жүйелеу үшін тіл мамандары, кеңесшілері, аудармашылары, сарапшылары қажет. Тілдік мәтіндердің мазмұны қарама-қайшылықты, даулы болған жағдайды құқықтық кеңістікте реттеу үшін, лингвистикалық баға беру үшін соттық-лингвистикалық сараптама жасау қажеттілігі туындайды. Даулы мәтіндер дегеніміз — қоғам мен адам өміріндегі ауызша және жазбаша сөйлеу қарым-қатынасында туындайтын азаматтардың адамгершілік-моральдік құқықтарының сақталмауынан, соның салдарынан азаматтардың моральдік, материалдық зардап, зиян шегуіне әкеліп соғатын тілдік қатынас.

Қазақстан Республикасының заңнамасында сөйлеу әрекетімен жасалатын жиырмадан астам құқық бұзушылық бар. Мәселен, 2011 жылдың 11 қыркүйегінде қол қойылған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде [1] жала жабу (129-б.), қорлау (130-б.), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (164-б.), Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру (170-б.), Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (318-б.), депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (319-б.), Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қызметіне кедергі жасау (319-1-б.), өкімет өкілін қорлау (320-б.), жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-б.) сияқты қылмыстарға жазалар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде [2] ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау (143-б.), бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану (145-б.), ұсақ бұзақылық (330-б.), бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық араздықты тұтандыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру (343-б.), бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының

аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (344-б.), бұқаралық ақпарат құралдарына көрінеу жалған мәліметтер және материалдар беру (347-б.), куәнің, жәбірленушінің көрінеу, жалған айғақтары, сарапшының көрінеу, жалған қорытындысы немесе қате аударма жасау (516-б.) сияқты әкімшілік тәртіп, құқық бұзушылықтарға жазалар қарастырылған. Тілдік мәтіннің ақпараттық құрал ретіндегі құқықтық нормалары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары», «Ономастика туралы» Заңдарында реттелген.

Азаматтардың адамгершілік-моральдік, іскерлік беделін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықтарын құқықтық кеңістіктің сот үдерісінде қорғауда негізінен соттық сараптама қолданылады. Соттық сараптаманың отыз шақты түрі бар. Соның бірі — соттық-лингвистикалық сараптама. Соттық сараптама дегеніміз — сот үдерісінде жаңа дәлел алудың және бар дәлелдерді нақтылаудың, тексерудің іс жүргізудегі жеке формасы. Соттық-лингвистикалық сараптама дегеніміз — табиғи немесе жасанды тілдің қолданылу және пайдаланылу заңдылықтарын зерттеу негізінде нақты анықталған мәліметтер мен мағлұматтарды сөз бен сөйлеу мазмұнының шын/жалған, мүмкін/мүмкін емес екендігін сипатталушы объектіге қатысты анықтау.

Сараптама, оның ішінде лингвистикалық сараптама да прокурордың немесе тергеушінің бастамасымен алдын ала тергеу немесе сот барысында да тағайындалып жүргізілуі мүмкін. Сарапшыға, сараптамаға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-б.), Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде [3] сарапшы (83-б.), маман (84-б.), сараптаманы тағайындау (240-б.), сараптаманы міндетті түрде тағайындау (241-б.), сараптаманы тағайындау тәртібі (242-б.), сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар (243-б.), сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары (244-б.), өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі (244–1-б.), сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі, сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері (245-б.), сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы (246–1-б.), сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру (247-б.), сараптама объектілері (248-б.), жеке және комиссиялық сараптама (249-б.), кешенді сараптама (250-б.), сарапшы қорытындысының мазмұны (251-б.), қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама (252-б.), сарапшыдан жауап алу (253-б.), сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету (254-б.), қосымша және қайталама сараптама (255-б.), Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексінде сараптама тағайындау (91-б.), үлгілерді алу (91–1-б.), дәрігердің немесе басқа маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы (91–2-б.), үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау (91–3-б.), сарапшының құқықтары мен міндеттері (92-б.), маманның консультациясы (түсіндірмесі) (207-б.), дәлелдеменің жалғандығын мәлімдеу (208-б.), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде куәнің, жәбірленушінің көрінеу, жалған айғақтары, сарапшының көрінеу, жалған қорытындысы немесе қате аударма жасауы (516-б.), әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді бұрмалау (516–1-б.), маман (596-б.), сарапшы (597-б.), аудармашы (598-б.) секілді мазмұндағы баптарда, сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» [4] деген арнайы Заң да бар.

Тіл білімі мен ғылымы бойынша кәсіби қызметкер әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша кеңесші маман, аудармашы және сарапшы ретінде қажет. Жоғарыдағы Қазақстан Республикасының заңдары мен кодекстерінде лингвистің сарапшы ретіндегі, яғни даулы мәтіндерге қорытынды жасайтын маман ретіндегі, қызметіне талдау жасаған жөн.

Сарапшының, атап айтқанда, лингвист-сарапшының анықтамасы, мақсат-міндеттері, құқықтары, жауапкершілігі, құзыреті, лингвистикалық сараптамасының түрлері, нысаны, құрылымы, талаптары, басқа сараптама түрлерінен ерекшелігі заңдарда нақты айқындалғандықтан, ол анықтамаларды қайталамастан, лингвистикалық сараптамаға нысан болатын даулы мәтіндердің Қазақстан Республикасының заңдарымен қайшылықтарын айқындаймыз.

Лингвистикалық сараптама — заңдық маңызы бар мәліметтерді нақтылау мақсатында өкілетті тұлға немесе орган тағайындайтын лингвистикалық зерттеудің, процессуалдық-заңдық аспектіде құқықтың тиесілі процессуалдық салаларымен реттелетін қызметтің түрі. Лингвистикалық сараптама — дәлелдік ақпарат алудың тәсілі немесе құралы, сараптама дәлелдік ақпаратты басқа жолдармен (тәсілдермен) алу мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Лингвистикалық сараптаманың нысаны даулы мәтін болғандықтан, ол міндетті емес сараптамалық зерттеудің түріне жатады.

Лингвистикалық сараптама қорытындысының заңдық күшіне, әлеуетіне тергеуші, сот органдары процессуалдық істің басқа дәлелдерімен салыстыра отырып, баға береді. Лингвистикалық сараптама — лингвистикалық аспектіде айтылған сөздің объектіге (объектілерге) қатысты алғанда шын/жалған немесе мүмкін/мүмкін емес екендігін сипаттайтын объектілерді зерттеудің түрі, сондықтан лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алады.

Адам өзі туралы қандай да бір жағымсыз ақпарат таратылса, әдетте оны өзінің ар-намысы, абыройы, қадір-қасиеті, іскерлік беделі тапталды, қорланды, төмендетілді деп қабылдайды. Ол жағымсыз ақпараттар жала жабу, балағаттау, әлеуметтік, ұлттық, діни өшпенділікті қоздыру мазмұнында болуы мүмкін. Жала жабудың өзі Қылмыстық кодексте (129-б.) үш түрлі жіктелім бойынша жазаланады: 1) басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу, жалған мәліметтер тарату арқылы жала жабу; 2) көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында жала жабу; 3) адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу; ал қорлау басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту (130–1-б.), көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау (130–2-б.) деген екі жіктеліммен жазаланады. 164-баптағы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру да үш жіктеліммен сотқа тартылады. Сарапшы-лингвистің басты құзыреті — бұл қылмыс түрлеріне заңдық тұрғыда баға беру емес, жала жабудың, қорлаудың бар-жоғын анықтап қорытынды жасау. Зерттелетін іс объектісі бейне және жазба ақпарат тасымалдағышта жазылған немесе бейнеленген болуы керек.

Егер адам сотқа өзінің құқықтарын қорғау туралы арыз түсірсе, сот талап арызшы келіспейтін ақпараттың мәтініне соттық лингвистикалық сараптама тағайындайды. Лингвистикалық сараптамаға ұсынылған мәтіндегі ақпарат бірнеше тәсілмен берілуі мүмкін:

- ашық сөз формасында, демек, мәліметтер жеке сөйлем немесе өзара байланысты сөйлемдер тізбегі ретінде, тіпті жаңа ақпарат предикат, логикалық баяндауыш ретінде беріледі. Мысалы, *Ұры ұрыдан сойыл ұрлады*;

- жасырын сөз формасында, демек мәліметтер сөзде ашық емес, жабық түрде, мысалы, бастауыш құрамында. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалда сойылдың ұрлануы туралы ғана емес, оны істеген ұры екені туралы да ақпарат бар;

- мәтіннен тыс формада, яғни ақпарат мәтін ішінде емес, автор мен оқырманның (тыңдарманның) жалпы фондық біліміне, негізделеді;

- мәтін ішілік формада, яғни ақпарат мәтін ішінде емес, айтылған контекстен оқырман немесе тыңдарман оңай түсіне қалатындай болады.

Лингвистикалық сараптама барысында талап арызшы дауласып отырған кез келген формада берілген мәтіндегі жағымсыз ақпарат талдануы керек.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 143-бабының 3-тармағының 2-тармақшасының мазмұнында шындыққа жатпайтын нұқсан келтіретін мәліметтерді таратудың азаматтық-құқықтық жауаптылығы болуы үшін төмендегідей даулы мәтін үзіндісінің болжалды лингвистикалық белгілерінің жиынтығы болуы керек:

- талап арызшы туралы жағымсыз ақпараттың болуы;
- мәтінде мәліметтер түрінде айтылған сөздердің, яғни фактілер мен оқиғаларды баяндайтын пікірлердің болуы;

- баяндалған фактілерде талап арызшының құқыққа қарсы (кең мағынасында) және әдепсіз қылықтары мен әрекеттері туралы айтылуы керек, сонда ғана олардың шындыққа сәйкес пе, сәйкес емес пе екендігі тексеріледі.

Сондықтан соттық-лингвистикалық сараптаманың міндеті талап арызшыға қатысты айтылған фактілердің немесе оқиғалардың шындыққа қатысын айқындау болады. Ал фактісіз баяндалған сөздердің (субъективті бағалау сипатындағы ақпараттардың) шындыққа қатыстылығы тексерілмейді, ол жазушының (айтушының) жеке пікірі болып қалады. Лингвист-сарапшы өз зерттеу барысында дәлелге негіз болатын белгілі бір тілдік материалдарды ғана талдауға тиіс. Талдауда жағымсыз мәні бар сөздер мен сөйлемдердің құқық субъектісінің ар-намысына, қадір-қасиетіне, абыройына, іскерлік беделіне, моральдік және адамгершілік күйзеліске қатысына баса назар аударуы қажет.

Прокурордың немесе тергеушінің бастамасымен лингвистикалық сараптама тағайындау туралы қаулының (анықтаудың) негізінде лингвист-сарапшыға жауап беруі тиіс сұрақтар қойылады. Лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін талап арыздың мазмұнына қарай төмендегідей типтік сұрақтар қойылады [5].

Ар-намысты, абыройды және іскерлік беделді қорғау туралы азаматтық істерде (ҚР АҚ-інің 143-б.) лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

1. Мәтінде... (Т.А.Ә., заңды тұлға атауы) туралы, оның қызметі және оның жеке іскерлік, моральдік сапалары туралы жағымсыз мәліметтер бар ма? Бұл мәліметтер нақты қай сөзде, қай сөйлемде айтылған, оның мағыналық бағыты қандай?

2. Егер жоғарыда айтылған сөздер мен сөйлемдерде... (Т.А.Ә., заңды тұлға атауы) туралы мәліметтер болса, онда олар қандай формада айтылған (жазылған, көрсетілген): не дәлел, не болжам, не сұрақ ретінде ме?

3. Мәтінді лингвистикалық талдауда... -ның (Т.А.Ә.) қолданыстағы заңнамаларды, моральдік нормалар мен қағидаларды бұзғаны туралы мәліметтерде дәлелді сөздер ме, сөйлемдер бар ма?

4. Жарияланған мәтіндегі сөздер (сөз тіркестері, сөйлемдер, абзацтар) қандай мағынада қолданылған?

5. Мақала (мақалалар) мәтінінің композициялық құрылымы қандай? Автор қандай стилистикалық тәсілдер қолданған? Ол жарияланым кейіпкерлеріне қандай мінездеме (сипаттама) береді?

6. Мәтінде баяндалған мәліметтер фактілік дәлел ретінде айтылған ба? Егер олай болса, онда ол қандай, мақала авторының бағалау пайымдары не пікірлері ме?

Осы сұрақтарға жауап бермес бұрын заңгер мен сарапшы-лингвистің құзыреттерін шектеп алған дұрыс. Сарапшы-лингвист құзыретіне сұрақтарға жауап беру барысында әрекеттерді заң тұрғысында жіктеу (квалификация) жатпайтыны жалпыға белгілі. Егер сарапшы қорытындысында құқықтық баға беретін болса, онда ол сарапшы қорытындысын сот ісі бойынша дәлел ететін құжат ретінде мойындамайды, себебі кінәлі адам жауапкершіліктен құтылып кетуі мүмкін.

Өзі туралы жағымсыз ақпарат таратылған адам өзін жала жабылды деп санайды. Жала жабуға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 129-бабында қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Онда жалаға «басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделіне түсіретін көрінеу, жалған мәліметтер тарату» деген анықтама берілген. Жаланың анықтамасында «ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру, беделіне түсіру» деген ұғымдар бар. «Көрінеу жалған мәліметтер» — шындыққа сай емес, ойдан шығарылған мәліметтер. Бұл ойдан шығарылған мәліметтер адамның жағымсыз қасиеттері, әдепсіз қылықтары, қылмыстық, бейәдептік және т.б. әрекеттері туралы болады. Жала — алдын ала ойластырылған қылмыс, сондықтан кінәлі адам таратылған мәліметтердің ойдан шығарылған және төмендету екенін саналы түрде береді. Бұл мәліметтерді кінәлі адам өзі ойдан шығарады немесе біреуден естуі мүмкін, бірақ ол мәліметтердің шындыққа сай емес, жалған екенін біледі, яғни жала — жала жабу мақсатындағы қасақана әрекет. Пиғылдың қасақаналығын сот анықтайды. Жала бойынша қылмыстық іс қағаздың лингвистикалық белгісі — нақты тілдік форманың болуы, атап айтқанда, факті немесе оқиға туралы сенімді формада айтылған сөз (сөйлем).

Жала бойынша айыпталатын қылмыстық істерге (ҚР ҚК-інің 129-б.) байланысты лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

1. Мәтінде... -ның (Т.А.Ә.) қолданыстағы заңнамаларды немесе моральдік қағидаларды (қылмыстық немесе әкімшілік тұрғыда жазаланатын әрекет, құқық бұзушылық, қылмыс, еңбек ұжымында, тұрмыста теріс қылық жасағаны туралы) бұзғаны туралы қандай да бір нақты фактіні сенімді формада айтқан сөйлемдер бар ма?

2. Мәтінде талап арызшыға таңылған заңсыз немесе әдепсіз әрекеттерді сенімді формада айтқан сөйлемдер бар ма?

3. Азамат...-ның (Т.А.Ә.) құқыққа қарсы, әдепсіз әрекеттерді жасағаны туралы зерттеліп отырған мәтінде сенімді формада айтылған сөйлемдер бар ма?

Адамның ар-намысы мен абыройын төмендетуге байланысты құқық бұзушылыққа балағаттау (заңда қорлау) жатады. Балағаттау «басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту» (ҚР ҚК-інің 130-б.), әдетте, әдепсіз тілдік формада айтылуымен көрінеді. Әбес форма — лингвистикалық тұрғыда қоғамда қабылданған мінез-қылық ережелеріне қарама-қайшы әдепсіз,

ұятсыз, былапыт сөздер мен сөйлемдердің қолданылуы. Былапыт сөздердің тақырыптық топтарына жануарлардың атаулары, жиіркенішті заттардың аттары, қарғау, некесіз туды деп қаралау, жыныстық қатынас атаулары және гениталия (жыныс мүшелері) аттары жатады. Нақты тұлғаға қатысты әбес формалы сөздер мен сөйлемдердің айтылуы сол тұлғаның ар-намысы мен абыройына қол сұғушылық болып бағаланады. Бұдан басқа белгілі бір жағдайларда әдеби тіл нормаларына толық сай келетін сөздер мен сөйлемдердің айтылуы да балағаттау сипатты болады. Ресейдің құжаттама мен ақпараттық даулар бойынша сарапшы-лингвистердің гильдиясы (ұйымы) белгілі бір тұлғаға бағытталып айтылған, белгілі бір контексте қолданылған балағаттау сипатындағы орыс тіліндегі негізгі лексикалық бірліктердің категорияларын анықтаған. Біз қазақ тіліндегі мысалдармен баяндаймыз. Оған төмендегідей лексикалық топтар кіреді:

1. Көбіне қылмыскердің, қылмысты іс-әрекеттің атаулары: *бандит, қарақшы, алаяқ, жезөкше, бүлдіргі, бүлікшіл, жеңгетай, тыңшы*. Бұл сөздердің балағаттау болып есептелуінің себебі — бұл сөздердің мағынасында құқыққа қарсы, әдепсіз, қоғамда жағымсыз бағаланатын әрекеттерді, қимылдарды, қылықтарды жасаушы адамдарды нұсқау бар. Заң терминологиясында бұл сөздерге құқық бұзушы немесе қылмыскер деген нақты заңдық жіктеме жасалады. Сондықтан да негізсіз қолданылған бұл сөздерді қоғам немесе адресат балағаттау және жала ретінде қабылдайды. Бұл тақырыптық топтағы кейбір сөздер ауыспалы мағынасында да қолданылады. Метафоралық қолданыстағы сөздің жағымсыз сипаты қайта күшейе түседі. Мысалы, большевизмнің негізін салушы Троцкийді «саяси жезөкше» деген классикалық балағаттауды басқа бір адамға «Троцкий» деу.

2. Негізгі мағынасының жағымсыз мәнді сөздің өзі әлеуметтік ымырасыз бағаға ие болып, сипаттаушының позициясын білдіреді: *екі жүзді, жағымпаз, сатқын, нәсілшіл, арандатушы*. 1-топтағы сөздерден бұл сөздердің басты айырмашылығы — бұл сөздердің ауыспалы мағынасы жоқ. Сондықтан та белгілі бір адамға қатысты негізсіз, дәлелсіз қолданылса, олар жала болып табылады.

3. Ауыспалы мағынада қолданылатын кейбір кәсіп атаулары: *жендет, қасап, қойшы*.

4. Сөйлеуде адресатқа жағымсыз баға беретін қолдамау, жек көру, елемейу мәніндегі дөрекі сөздер: *есек, шибөрі, маймыл, шошқа, сиыр*.

5. Тікелей жағымсыз баға беретін немесе кінәлау мағынасындағы етістіктер: *ұрлау, асау, иемдену, қорлау*.

6. Кең мағынасы былапыт сөздер мәнін беретін сын есімдер: *төмен* (оңбаған, антұрған, сілімтік, хайуан, тастанды), *ақымақ* (топас, мисыз, нақұрыс, жынды, қояншық, екесті). Бұл сөздерде адамның нақты іс-әрекеті немесе ұстанымы тікелей көрсетілмесе де жалпы жағымсыз бағалау бар.

7. Эвфемизмдер болғанмен, жағымсыз бағалау сипаты бар сөздер: *жеңіл жүрісті әйел, түнгі көбелек, «көгілдір»*.

8. Сөз ойнатудан (каламбурдан) туындайтын жағымсыз бағалау сипатты құрылымдар.

9. Адамға сипаттама беретін былапыт сөздер.

Санамаланған сөздердің тақырыптық топтары белгілі бір адамға негізсіз және дәлелсіз айтылса, балағаттау немесе/және жала ретінде қабылданады және бағаланады.

Демек, сөздің «әбес формасы» лингвистикалық сараптамаға қатысты алғанда адресат (талап арызшы) үшін балағат сөздер мен сөйлемдер балағаттау формасы болып табылады. Лингвистикалық сараптама барысында зерттеліп отырған сөйлемдердің балағаттау сипаты дәлелденеді немесе жоққа шығарылады, яғни жағымсыз ақпаратта жағымсыз тілдік форманың бар-жоқтығы дәлелденеді немесе жоққа шығарылады.

Балағаттау бойынша айыпталатын қылмыстық істерге (ҚР ҚК-нің 130-б.) байланысты лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

1. Қазіргі қазақ тілінде қандай типтегі лексика балағаттау лексикасына жатады?

2. «Түнгі клубтағы төбелес — Сәбитовтің құйтырқылық әрекетінің кесірі» деген сөйлемдегі сөз, сөз тіркесі немесе фразаларда балағаттау лексикасының бір немесе бірнеше типіне жататындары бар ма?

3. «Түнгі клубтағы төбелес — Сәбитовтің құйтырқылық әрекетінің кесірі» деген сөйлемде Т.А.Сәбитов деген азаматқа тікелей дөрекі, ішмерездік формада айтылған жағымсыз бағалау бар ма?

4. Жағымсыз баға қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелеріне қайшы келетін ішмерез, әбес формада айтылған ба?

5. Тұлғаға әбес формада берілген жағымсыз баға мазмұны дәл Т.А.Сәбитов туралы айтылған ба?

Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықтарды қоздыру мен тұтандыруға байланысты құқыққа қарсы әрекеттерді дұрыс бағалау үшін тек қана тергеушілер мен анықтаушылардың пікіріне сүйенуге

болмайды, оған тіл және сөйлеу ғылымына байланысты кәсіби арнайы білімдерді де пайдалану қажет. Мұндай жанжал шақырған көпшілік коммуникацияның материалдары сот сараптамасының тексеруінен өтуі керек. Сөз жанжалының алдын алу, болдырмау үшін, негізінде дәлелдеу базалары бар фактілерді айқындау үшін лингвистикалық сараптама көмек береді. Мұндай жағдайда сараптамалық зерттеудің объектісі сөйлеу мәтіні болады. Ал мәтінді талдау хабар авторы мен оның аудиториясының қызметінен тыс қарастырылмайды.

Әлеуметтік, ұлттық, діни өшпенділік қоздыру бойынша айыпталатын қылмыстық істерге (ҚР ҚК-нің 164-б.) байланысты лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

1. Ұсынылып отырған мәтінде қандай да бір ұлттық, этникалық, конфессиялық немесе әлеуметтік топқа қатысты өшпенділік, агрессивті не қорлау сипатындағы сөйлем бар ма?
2. Ұсынылып отырған мәтінде қандай да бір ұлттық, этникалық, конфессиялық немесе әлеуметтік топқа қатысты өшпенділік, агрессивті не қорлау сипаттағы сөйлем бар ма?
3. Ұсынылып отырған мәтінде этникалық топтың жеке өкілі жасаған әрекеттің жауапкершілігін түгел бір этникалық топқа жапқан мазмұндағы сөйлем бар ма?
4. Ұсынылып отырған мәтінде белгілі бір ұлттық, нәсілдік немесе әлеуметтік топтың өкіліне қарсы күштеу әрекетін қоздыру сипатындағы сөйлем бар ма?
5. Ұсынылып отырған мәтінде қандай да бір ұлтқа, нәсілге немесе әлеуметтік топқа әуелден өшпенділігін білдіретін сөйлем бар ма?
6. Ұсынылып отырған мәтінде белгілі бір ұлттық, діни, этникалық немесе басқа әлеуметтік топқа басқалардың антагонизмі, мүдделерінің сыйыспайтын қағидалары туралы сөйлемдер бар ма?
7. Ұсынылып отырған мәтінде белгілі бір әлеуметтік, этникалық, конфессиялық топтардың өткендегі, бүгінгі, келешектегі зұлматтары мен нәубеттерінің себебін басқа ұлттың, халықтың, этностың және әлеуметтік топтың мақсатты іс-әрекеттерінің нәтижесі деп түсіндіру туралы сөйлем бар ма?
8. Ұсынылып отырған мәтінде басқа бір ұлтқа, конфессияға, этникалық немесе әлеуметтік топқа қатысты геноцидті, депортацияны, репрессияны мадақтау, жағымды бағалау туралы сөйлем бар ма?
9. Ұсынылып отырған мәтінде тұлғаны белгілі бір ұлттың, этностың, нәсілдің немесе әлеуметтік топтың өкілі ретінде жағымсыз бағалау туралы сөйлемдер бар ма?

Демек, адамдардың табиғи және жасанды қарым-қатынас құралдарының ауызша және жазбаша формаларын көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарында қолдануда қоғамның адамгершілік-моральдік қағидалары мен мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңдарының талаптарына сай болуы керек. Осы қағидалар мен заңдардың талаптарының орындалмауы азаматтарға моральдік зардап, материалдық зиян шектіруі мүмкін. Қоғамдық өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастық ережелер мен қағидалардың, әдептер мен әдеттердің барлығын мемлекеттік құрылым заңдарында бүге-шігесіне, қалтарыс-бұлтарыстарына дейін жазып шығу мүмкін емес. Сондықтан да тілдік қатынас барысында пайда болған даулы мәтіндерді лингвист-сарапшының арнайы кәсіби білімі негізінде шешу қажет болады. Қоғам өміріндегі заңдылықтар мен адамгершілік-моральдік қағидалар әділетті, объективті түрде қызмет ету үшін, соттың әділ шешімі болуы үшін соттық-лингвистикалық сараптаманың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. — 2011. — 1 ақпан. — Алматы: Норма - К, 2011. — 176 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. — 2012. — 20 ақпан. — Алматы: Норма - К, 2012. — 356 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. — 2011. — 28 қаңтар. — Алматы: Юрист, 2011. — 136 б.
- 4 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы соттық-сараптамалық қызмет туралы» Заңы. — 2010. — 20 қаңтар. // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — 2010. — № 1, 2. — 24–50-б.
- 5 Лингвистическая экспертиза спорного текста. — Алматы: Әділ сөз, 2009. — 140 с.
- 6 Азаматтық іс жүргізу кодексі. — 2011. — 28 қаңтар. — Алматы: Юрист, 2012. — 240 б.
- 7 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс. — 2001. — 31 қаңтар. — Алматы: Юрист, 2011. — 336 б.

Ш.Ш.Жалмаханов, Ж.Ш.Жалмаханова

Спорные тексты речи — основной объект лингвистической экспертизы

В статье рассмотрены те аспекты юрислингвистики, которые являются основополагающими при проведении лингвистической экспертизы, редактировании текста, переводе и консультировании. Определена значимость лингвистической оценки в правовом пространстве. Отмечена солидная законодательная база судебно-лингвистической экспертизы, уточнены некоторые терминологические определения, обозначены цели, задачи, структура лингвистической экспертизы, а также ключевая роль компетентности лингвиста-эксперта, который делает заключение по текстам, содержащим клевету, обиды, затрагивающие честь и достоинство человека, способствующие возникновению розни социального, родового, расового и религиозного характера, призывающие к нарушению конституционного строя и территориальной целостности государства. Приведены примеры типичных вопросов лингвистической экспертизы, на которые обязан дать ответ эксперт в своем заключении. В итоге авторами отмечено, что только лингвистическая экспертиза в судебном процессе может дать объективную оценку спорным текстам речи.

Sh.Sh.Zhalmakhanov, Zh.Sh.Zhalmakhanova

Controversial speech texts — the main object of linguistic expertise

The article deals with those aspects as jurislinguistics which are fundamental in conducting linguistic expertise, editing, translation and consulting, determined the significance of the linguistic assessment in the legal space. The authors will present a solid legal basis of forensic linguistic examination, clarify some of the terminology definitions, set up the aims, objectives, structure of linguistic expertise, and represent key competencies of linguist-expert, who make a determination on the text contained slander, turnover, affecting the honor and dignity of man, to the emergence of social strife, tribal, racial or religious nature, calling for the violation of the constitutional order and territorial integrity of the state. The article gives examples of typical questions of linguistic expertise that are required to answer the expert in his opinion. As a result, the authors come to the conclusion that only linguistic expertise in the legal process can provide an objective assessment of a controversial text to speech.

ӘОЖ 81'

А.З.Қазанбаева, А.Е.Қапанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: k_ainagul@mail.ru)***Қазақ тіліндегі этномәдени лексиканы зерттеудің ғылыми негіздері**

Мақалада қазақ тіліндегі этнолексиканың қалыптасу, даму тарихы қарастырылып, ғалымдардың пікірлеріне шолу жасалған. Этносты, этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білудегі тілдің көрінісін нақты мысалдар негізінде айқындап берген. Этномәдени лексика тілдің лексика-семантикалық қорын байытатын тіліміздегі этнолингвистикалық арналардың негізі болып табылатындығы айтылған. Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Нұрпейісов шығармаларынан алынған этноаулаулар ұлттық бояу жасаудың құралы болатындығы нақты мысалдар арқылы көрсетілген.

Кілтті сөздер: этнолингвистика, этнос, тіл әлемі, мәдениет, этномәдени лексика, этномәдениет, ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, этнолексика, этномәдени ақпарат, мәдени-рухани байлық.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымымен алғаш айналысқан ғалымдардың бірі — академик Ә.Қайдар этносты, этнос болмысын тек оның тілі арқылы толық түсінуге болатынын, этнос өміріндегі «мол деректер мен мағлұматтарды тіл ғана бойына сыйғызып», ұрпақтан ұрпаққа жеткізетінін, тіл этностың өзін танып-білудің қайнар бұлағы екенін айтады. Сол себепті ғалым тіл феноменін «тіл әлемі» деп қолдануды ұсынады. Осыған орай Ә.Қайдар этнолингвистикаға мынадай анықтама берді: «Этнолингвистика этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімі) жаңа да дербес саласы». Этностың шынайы бейнесі, болмысы

туралы тілдік деректер, мағлұматтар оның тіл әлемінде сақталып, сол арқылы болашақ ұрпаққа жеткізіліп отырады. Этнолингвистика этнос мәдениетімен тікелей байланысты. Этнос мәдениеті дегеніміз — белгілі бір этнос (ұлт, халық, тайпа) мәдениетінің дамуын және оның қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады. Ә.Қайдардың пікірінше, «Этнос мәдениеті әрбір этносқа тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.б. осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып білудің ең басты құралы — тіл екендігін мәдениеттанушы-ғалымдардың бәрі мойындайды» [1; 36].

Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі — мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым, — дейді академик Ә.Қайдар. Ғалым: «Ал этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілермен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады», — деген пікір айтады [1; 18–22].

Ғалым Қ.Есенов: «Әдеби тіліміздің сапасын арттырған сайын, тіл мәдениеті жақсара бермек», — дейді. Тілді тарихи мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ол — адам. Адамның өмірі этномәдени тұрмысымен байланысты. Біздің ғасыр — өзінің артықшылығымен тарихи ғасыр. Барлық ойлар мен біздің жауаптарымыз, шығармашылығымыз тарихи негізден басталып, тарих табалдырығында пісіп-жетіледі.

Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазуы арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың атаулары, сипаты тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы бізге жетуі мүмкін. Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан тұтас дүние екендігін біз осыдан байқаймыз.

Тілдің сан-салалы қызметі туралы қажымай, талмай зерттеп жүрген ф.ғ.д, профессор Р.Сыздықова «...тілдің көркемдігін зерттеп, мақсаты мен талдау әдісі жағынан айырмашылығы бар: лингвистикалық стилистика; екіншісі — сөз мәдениеті» деп жазды [2]. Қазақ тілінің құпиясын байқаған Ө.Жәнібеков тіл мен адам психологиясын ұштастыра келіп: «Байқап қарасақ, адамның қайсы бір ұлтқа жататындығының өзі оның бет пішінінен ғана емес, халықтық дәстүрлермен байланыстылығынан да көрінеді екен [3]», — дейді.

Тілдің өз бойында этномәдени мұраларды сақтаушылық қызметі туралы пікір жалғастығын ғалым Н.Уәлиевтің мына тұжырымынан табамыз: «Тіл — өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұрамыздың тілінен де кездестіреміз», — дейді.

Тіл — өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақталған таңбалық жүйе емес, ол — мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екендігі байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) — этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы болып табылады.

Ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді [4]», — дейді.

Этномәдениет — этносты танып-білуге тұс-тұсынан ат салысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі — мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен

басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым, — дейді академик Ә.Қайдар [1; 36].

Р.Р.Гельгардт: «Географический аспект комплексного изучения различных явлений материальной и духовной культуры позволял устанавливать «культурные провинции», «культурные ландшафты», то есть такие же «культурные круги» (kulturkreise), идея и основы методики исследований которых были выдвинуты и разработаны еще Гребнером», — деп сәл басқашалау пікірін білдіреді [5]. Р.Ахметьянов: «Лексика любого языка делится на слова, обозначающие общечеловеческие понятия, и слова с национальными этнокультурными значениями», — дейді [6].

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық зерттеулер нәтижесінде біршама көне сөздердің ұмытылған мағыналары жаңғыртылып, ұмыт болған төл тілдеріміз қайтадан сөздік қорымыздың қатарына еніп жатыр. Этнолингвистиканың негізгі мақсаты да — төл сөзіміздің қатарын молайту, оларды жаңғырту, қолданымдық аясын кеңейту. Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Зерттеуші Ж.Манкееваның пікірінше, «этностың көне дәуіріндегі тарихынан, мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер, тілімізде мағынасы ұмыт болған әр түрлі этноатаулар олардың сырын ашуды, танытуды қажет етеді. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу — ұлт болмысын, ұлт мәдениетін танытудың бір жолы. Осыған орай, қазақ лексикасындағы лингвокультуремалар ретіндегі этнографизмдер, ескіліктер т.б. этнодеректер мәдени-рухани байлықтың бір көзін құрайды. Қазақ тілі этнолингвистикасының денін тіліміздегі мағынасы күңгірттенген, тіл иесі сөйлеу процесі кезінде ол сөзді қолданғанымен де мағынасына терең бойлап, жете түсіне бермейтін, я қолданыстан шығып, архаизмге айналған сөздер құрайды» [7].

Тіл мен мәдениет байланысын бейнелейтін шығармалардың бірі — Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы». Этномәдени лексиканың танымдық негіздері мына бір үзінділерден көрінеді. Апасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл-жасыл жіппен кестелейді, тана моншақты қамзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақай *шапбау* да істейді, Құлтуманың тыққыштап әкелген пұшпақ жабағысына бакалшыдан айна, тарақ, жұпар сабын, шаш мойын әперді [8; 237].

1. Күнікей қызылшаң *белбеуімен*, қыпшасын қылдай қып буынып, *қызыл тақиясының* үкісін дөңгелете сілкіп, желпілдетіп, *кебісін* тазалап киіп, атын жетелеп байдың жұртына барды [8; 244].

2. Күнікей атын көп атқа матастырып, жұртта таранып, сыланып жатқан Шәмши, Шәлкендердің жанына келді. Шәмшиден жылы сөз естігенге ме, кім білсін жердегі *белбеуін*, *сәлісін* әперіп, *шолпысын* сыртын шығарып жылпылдаған болды [8; 245].

3. Күнікей түйені тіркеп, *тақиясын* түзеп киіп, оң жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық *шаңырағына* да үлкен, күлімдеген, үлкен қызыл жақұт күн көктің бір өңірін сары алтынға малып, екі түйенің арасынан абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен [8; 249].

Осы бір мысалдарда автор Күнікейдің образын беруде ұлттық этномәдени лексиканы ұтымды қолданады. Ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы — киім-кешекке байланысты атаулары. Киім — адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі. Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті. Қазақтың ұлттық киімінде халықтың ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады. Киім атаулары халықтың тарихи, қоғамдық, әлеуметтік болмысынан бағалы деректер беретін мол қазына, мәдениеттің жарқын көрінісі болып табылады. Ал соны бейнелеуіш тілдік атаулар ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бұл ерекшеліктер киіммен бірге тағатын зергерлік бұйымдардан да айқын сезіледі. Қазақ тіліндегі зергерлік өнер саласындағы лексиканың зерттелуіне қатысты оны халықтың тарихымен, рухани мәдениетімен сабақтастыра қарап, ұлттық мәдениет тұрғысынан бағалап, орасан мол тілдік материал жинап, жан-жақты талдап түсіндірген Р.Шойбековтің еңбегінің орны ерекше. Зергерлік, әсемдік бұйымдар, тұрмысқа қажет түрлі дүниелер

адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектері мен сан қырлы, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды рухани қажетімізге айналдыра білу — ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазына.

5. Мұсатай, Әйткен сияқты бозбалалар да керіліп, ырғалаңдап, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі *көшті* ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты *ұйқыашарға, аударысқа, көкпарға* айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмеді [8; 251]. Ұлттық спорт, ойын-сауық атауларынан халықтың салт-санасы мен дүниетанымындағы түсінігін, өзіндік ерекшелігін көруге болады. Қазақтың спорт, ойын-сауық ойындарының атаулары қазақ халқының этностық мәдениетіне кіретін көп саланың бірі болып табылады. Осы саладағы қазақ этносына тән материалдық, рухани құндылықтарды ондағы атауларды, яғни тілдік құралдарды зерттегенде ғана танып-білуге болады. Ұлттық спорт және ойын атауларының қай түрін алсақ та, халықтың тілдік дәстүріне, дүниетаным-түсінігіне сай қалыптасқандығын көреміз.

6. «Апа деймін, *бауырсақ, ірімшік...*» деп, *кебежеден* басын шығарған қара қожалақ жас балалардың ызындаған қыңқылы — бәрі де бүгін Күнікейдің жанына шайдай жағып, дүние өзіне бола жаралғандай, алтын күн өзіне бола туғандай көрініп келеді [8; 249]. Қазақ тіліндегі тамаққа байланысты терминдерді арнайы зерттеген этнолингвист-ғалым А.Жылқыбаева: «Ұлттық ерекшеліктің басқа салалармен салыстырғанда ұзағырақ сақталған материалдық мәдениеттің бір саласы тамақ атаулары», — деп қарайды. Бауырсақ тағамының түбірі бауыр екені ол тағамды пісірудің технологиясына қатысты, ал-сақ тұлғасы номинативтік қызметте кеңінен тараған сөзтудырушы модель. Сонымен бірге *бауыр* сөзі көне түркі тілінде *ішек, қарын* т.б., тіпті ауыспалы мағынада *жүрек* деген де мағына берген. Бұл қазіргі көптеген тілдерде де, нақтырақ айтқанда, оғыз тобындағы тілдерде сақталған деген дерек бар.

Сол сияқты, М.Әуезовтың шығармаларын негізге ала отырып, этнос болмысын оның тілі арқылы жан-жақты танып-білуді мақсат еттік. Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй-ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізуімізге болады.

«Қараш-қараш оқиғасынан»: Егер Тектігүл осы дерттен қаза болса, *қалжа* берген айыпты кісі құнына да жығынды «құныкер» болар еді [9; 193]. *Қалжа* — жас босанған әйелге арналып сойылған малдың жас еті.

Екеуі бірдей сотқар мінезді Қозыбақ аулы, кейде бір елмен барымталасса, қолдарына қара *шоқпар*, астарына жүйрік ат беріп, жортуыл бейнетке — соғысқа да салатын [9; 194]. *Шоқпар* — басы домалақтанып келген, берік таяқ қару. Оның қолшоқпар түрі бар.

Берген киімің жалғыз ескі *шекпен* болса, оның қолтығы, жоны жыртық [9; 195]. *Шекпен* — иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырткіім. *Боз шекпен, шидем шекпен* түрлері де бар.

Шоқпар — *сойылға* өте жырынды [9; 200]. *Сойыл* — қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш.

Әйтпесе оқыста ытқып тартқан ірі асау Бактығұлдан *бұғалықты* жұлып әкетуі қиын емес еді [9; 201]. *Бұғалық* — асау ұстауға ыңғайланып, ұш жағын ілмектеп, тұзақтап байлаған мықты қыл арқан.

Өмір бойы жаны шошып қорқатын, «содан сақта» деп тілейтін жалғыз қорқынышты дұспаны еді: *Желмая* мініп, Құламергенді қуған ертегінің жалмауыз кемпіріндей қадалып, түйіліп, мұның соңына түсті [9; 252]. *Желмая* — шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе.

Бұл болса, әрі жалғыз бас, оның үстіне *сүмбемен* оқтайтын жалғыз ауыз қара *шитіден* басқа сенімді қаруы да жоқ [9; 253]. *Сүмбі* — мылтықтың ұңғысын тазалайтын ұзын, жұмыр темір. *Шиті* — оқпаны ұзын, екі аяқты білтелі мылтық.

Су *үзеңгіліктен* асты [9; 259]. *Үзеңгі* — ер-тұрман әзбелінің аяқ салатын бөлігі.

«Қилы заман» шығармасынан: *Астаудай* көк жазыққа иректөп шимай салып, үлкен Қарқараның мөлдір сулы, мол өзені ағады [9; 273]. *Астау*: 1) ас салатын ағаштан ойып жасалған үлкен кең ыдыс; 2) малға жем салып, су беретін науа.

Сол ретпен тартқан бір қора қой Қартбай, Құсайынның ауылының үстіне келіп жатып алып, *биебауын* жеп, малына араласып, қара *құрықты* көбейткен соң, іргенді аулағырақ сал деп еді... [9; 277]. *Биебау*: 1) құлын байлайтын, желі қазыққа керілген арқан; 2) бие байлауға ыңғайлы көк майса, шөбі шүйгін жер. *Құрық* — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Түсіндірме сөздікте *құрық* — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық деген мағынаны білдіреді деп жазылған. Құрық сөзінің алғашқы мағынасы өзгеше болғандығы жөніндегі мәлімет ертедегі түркі жазба ескерткіштері арқылы белгілі. Қазіргі «құрық» аталатын құралдың басты бөлігі — ілмекпен жасаған арқан. Ерте кезде-ақ «уқрук» аталатын зат, сонымен жабдықталған құрал атауына көшіп, қазіргі қолданылып жүрген «құрық» қалыптасқан. Кейде арқаннан жасалған ілгекке де «уқрук» сөзінің атау болып көшкенін маньчжур тіліндегі «хурқа» (ілгек), монғол тіліндегі «һурақа» тұлғаларынан білеміз. Тағы бір еске сала кететін жайт — ертедегі түркі тілдерінде «арқан» мағынасын беретін «уқрук» — қырғыз тілінде қазіргі кездегі құрық мағынасына да қолданылып, сақталғандығын көреміз, «курук», «уқрук» қалпында жарыса айтыла береді деген пікірді Ә.Нұрмағамбетов береді [10].

Сол сияқты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады.

Күпісі мен *тымағына* қарап, сен де мұңы-мұқтажы бітпейтін емінсек ел қазағы боларсың деп ойлады [11; 11]. Іздене қарағанда «*күпі*» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын анықтайтын тіл деректеріне кез боламыз.

Ә.Нұрмағамбетовтың пікірінше, хакас тілінде «күп», якут тілінде «көп» тұлғалас сөздер «жұмсақ», «үлпілдеген» немесе «түкті, жүндес» мағыналарында қолданылады (Хак.-рус. сл., 1953, 97; Як.-рус. сл., 1972, 180). Осыларды еске алсақ, алғаш түкті, жүндес мағынасында қолданылған «күп» не «көп» сөзі, кейін сондай заттардан жасалған киімге атау есебінде ауысқан. Айырмашылық — тек *-і* жұрнағының қосылып, қазақ тілінде «күпі» тұлғасына дейін жетуі ғана. Түсіндірме сөздікте *күпі -ішіне* жабағы салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық жылы сырткиім деп берілген.

Кейде көз ұшына тырнадай тізіліп *көш* өтеді [11; 258]. Түсіндірме сөздікте *көш* — қоныс, орын аударған үйлер, ауыл тобының тізбегі, кіресі деген мағынаға ие. Әрине, сырт көзге, мағынасына бой ұрсақ, қашықтық, алыстық өлшемі деу жөн сияқты. Кейде бұл тіркестің «жер» сөзінсіз де қолданылатыны бар. Мысалы, «ол бізден бір көш алда келе жатты» дегенде, мұнда «бір қонатын жер» деген мағынаға жуық келмейді. Осыған орай көне түркі тілдерінің жазба деректеріне үңіле түссек, «көш» сөзінің басқа да мағынасы болғандығы анықтала түседі. М.Қашқари сөздігінде *көч* — мезгілдің, уақыттың азғана бөлігі деген де түсінік бар. Және «бір көч күйгіл» сияқты мысал да келтірілген, оны қазіргі тілімізге аударсақ — «аз уақыт күт» дегенді ұғындырады. Осы деректі тілге тиек етсек, «бір көш жер» дегеніміз — «аз уақытта жетерлік жер» болмақ.

Онан жауынгерлердің бойына қарай сапқа тізіліп жатқанын көріп, *саптама етік* киген аяғы күпінің шалғайына оралып сүріне-қабына кеп өзіндей өңкиген ұзын бойлы біреудің қатарына тұра қалды [11; 14]. *Саптама* — ішінен киіз байпақ киетін, қонышы жуан қара санға жететін қазақы былғары етік.

Комиссарлардың басы мен аяғына қара *сүрік* киіп сықырлап жүргеніне дейін Мюлгаузеннің жынына тиетін [11; 16]. *Сүрік* — жоғары сортты жұмсақ былғары.

Терлік — тоқымның астына салатын, қойдың жабағы жүнінен тер сіңіру үшін жасалатын киіздің бір түрі, терлік.

Шорт үзілген жіптей, ізіңнің де ақырғы таусылар шетіне жетіп, сұр *кебініңді* иініне жамылып тұрмасаң нетсін [11; 17]. *Кебін* — 1) өлген адамның денесін орайтын ақ мата, ақырет; 2) мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бәйге атының жабуы.

Дүние дүние болып жаралғалы бұл патшағар жас деп *бесіктегі* сәбиге жаны ашымапты [11; 18]. *Бесік* — жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш. Жолында тұрған *құман*, легендерді салдыратып, қаға-қаға кіріп келді [11; 20]. *Құман* — қолға су құюға арналып, мыстан не шойыннан істелген шүмегі мен тұтқасы бар шәугім.

Ескі шинель, жапырайған ескі *құлақшын* киген қағылез арық кісі бағана Шалқардан шығарда орнынан ақырын жылжып бара жатқан поездың соңындағы вагонға жүгіріп мінгенде, бір жан оған назар аударар қоймаған-ды. *Құлақшын* — құлағы бар жылы баскиім, малақай.

Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыратын рухани байлығымыз болып табылады. Тіл мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш ретінде анықталады. Ұлттық мәдениеттің

тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл — ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі.

Жоғарыда келтірілген көркем шығармадан алынған үзінділерден ұлтымыздың табиғатынан толық түсінік беретін этномәдени лексиканың қолданысын байқадық. Этностың өткені мен бүгінін көрсететін мәдени құндылықтарымыз тілде көрініс беріп, ұлттық танымымызды кеңейте түсетіні мәлім. Қаламгерлеріміздің тілінен ұлтқа тән сөз қолданыстарды орынды жұмсап, мәтінге айрықша стильдік рең беріп тұрғанын байқаймыз. Этномәдени лексика тіл арқылы, сөз өнері, сөз мәдениеті арқылы жүзеге асып отырады. Тіліміздегі этномәдени лексика ұлттық мәдениетімізді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар тілдік құралдар негізінде сақталған кумулятивтік қызметі негізге алынатын рухани-мәдени және танымдық аясы кең этнолексикалық қолданыстар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қайдар Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә.Қайдар. — Алматы: Ана тілі, 1998.
- 2 *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді. — Алматы: Ғылым, 1980.
- 3 *Жәнібеков Ә.* Ата-баба мұрасы: уақыт пен өмір талаптары тұрғысынан // Егеменді Қазақстан. — 1992. — 3 қаз. — 10-б.
- 4 *Жанпейісов Е.* Этнолингвистика // Ана тілі. — 1994. — № 3. — 21-б.
- 5 *Гельгардт Р.* Очерк из истории языковедения / Р.Гельгардт. Избранные статьи. — Калинин, 1967. — С. 340.
- 6 *Ахметьянов Р.* Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья / Р.Г.Ахметьянов. — М.: Наука, 1981.
- 7 *Манкеева Ж.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. — Алматы, 2008. — 19-б.
- 8 *Аймауытов Ж.* Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1989. — 560 б.
- 9 *Әуезов М.* Қорғансыздың күні. Өңгімелер мен повестер. — Алматы: Атамұра, 2002. — 432 б.
- 10 *Нұрмағамбетов Ә.* Бес жүз бес сөз. — Алматы: Рауан, 1994. — 52-б.
- 11 *Нұрпейісов Ә.* Төрт томдық шығармалар жинағы. — 2-т. Қан мен тер: Трилогия. — Алматы: Жазушы, 1981. — 352 б.

А.З.Қазанбаева, А.Е.Қапанова

Научные основы исследования этнокультурной лексики казахского языка

В статье рассмотрена история становления и развития этнолексики казахского языка, дан обзор научной литературы по этнолексике. Этнос, бытие этноса и его языковые особенности характеризуются на основе конкретных примеров. Авторами статьи отмечено, что этнокультурная лексика является основой этнолингвистических направлений, которая обогащает лексико-семантический фонд языка. На основе языкового материала показано, что этнонаименования, употребляемые в произведениях Ж.Аймауытова, М.Ауезова, А.Нурпеисова, являются средством выражения национального колорита.

A.Z.Kazanbaeva, A.Ye.Kapanova

Scientific bases of research of ethnocultural lexicon of the Kazakh language

In article the history of formation and development of ethnolexicon of the Kazakh language is considered, the review of nauchey literature on ethnolexicon becomes. The ethnos, life of ethnos and its language ososbennost are characterized on the basis of concrete examples. Avtoora articles note that the ethnocultural lexicon is a basis of the ethnolinguistic directions which enriches lexico-semantic fund of language. On the basis of language матераила show that the etnoimenovaniye used in works J.Aymaulytov, M.Auyezova, A.Nurpeysov, are means of expression of national color.

Е.Е.Түйте

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: eldos_t_e@mail.ru)

Психикалық жай-күйлердің танымдық сипаты

Мақалада психикалық жай-күйлер лексикасының танымдық ерекшеліктері, олардың ұлттық сипаты сөз болады. Психикалық жай-күй мәселесінің адамтану ғылымында маңызы зор, себебі психикалық жай-күй адам іс-әрекетінің сипатын айқындайды, атап айтқанда, оның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, қай халық өкілі екендігін, ұлттық болмысын т.б. қасиетін анықтайды. Осындай психологиялық негізде көрініс беретін белгілер тілдік тұрғыдан талданды. Мақалада сөз болған мәселелер адамның психологиялық ерекшелігінен туындайтын психикалық жай-күйлердің тілдік көрінісі мен табиғатын айқындауға бағытталған және қазіргі таңда қоғам қажеттігін өтейтіні даусыз.

Кілтті сөздер: психикалық жай-күйлер, метафора, таным, концепт, түр-түс, фразеологизм, мінез-құлық, болмыс, адам, мәдениет, салт-дәстүр, эмоция, аффективті көңіл-күй, ұлт.

Қазақ топырағында қазіргі өмір сүріп отырған кезеңде антропоцентристік парадигманың, яғни аталмыш бағыттың, нәтижесінде тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен адам, тіл мен ұлт т.б. көптеген осындай байланыстардың нәтижесінде жаңа ілімдер дүниеге келе бастады, олар: этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, этно-психолінгвистика, когнитивтік лингвистика.

Адам өзінің физикалық кейпін, өзінің ішкі жай-күйін, эмоциясын, дүниеге, табиғатқа деген заттық немесе заттық емес қарым-қатынасын тіл арқылы көрсете алуы мүмкін. Осы себептен тіл антропоцентрикалық болып табылады.

Адам өзін қоршаған ортаны таным үдерісі арқылы қабылдап, оны сыртқа тіл арқылы шығарады. Тіл — ойдың жемісі. Ой — сана. Сана — психологиялық құбылыс. Кез келген адам ішкі жан дүниесі арқылы қабылдаған сыртқы дүниелерге өз бағасын, көзқарасын немесе қарсылығын білдіруі мүмкін. Мысалы, ұнамаған затына ашулануы немесе ұялуы мүмкін. Керісінше, қуанышты жағдайда жүзі жадырап, небір дүниелерді тудыру не тындыруы мүмкін. Осындай жағдайдан кейін біз адамдардың психикалық құбылыстарының да (ойлау, қабылдау, сөйлеу) бірдей емес екендігін аңғарамыз. Таным үдерісінде адамдар қабылдаған ұғымдар ауыспалы мағыналарға ие болып жатады, яғни семантикалық өрісті қайта құрушы үдеріс ретінде тіл адамдарды жаңа ақпарат ағынын қабылдауға қажетті ауыстырулармен қамтамасыз етеді. Ғылымда мұны метафора (грек сөзі — *ауыстыру*) дейді.

«Метафора — жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің жасалуына ықпал ететін фактор, тұжырымдау мен танымның үлгісі» [1]. Сонымен қоса метафора адамның эмоционалды реакциясын білдірудің маңызды құралдарының бірі болып есептеледі. Мәселен: *Жүрегім менің жүйіткіп жүзген, долы мұхит кемесі* (М.Мақатаев).

«Метафора — сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отыратын тілдік құбылыс» [2; 88].

Тілімізде адамның психикалық жай-күйлерін білдіретін метафоралар саны жеткілікті. Оларды қолдану белгілі бір жағдайларға, оқиғаларға байланысты болуы мүмкін. Көп жағдайда біз мұндай қолданыстарды ақын-жазушылар шығармаларынан көптеп кездестіреміз. Бұл туралы ғалым А.Сыбанбаева былай дейді: «Әлемдегі салыстырылатын заттар мен құбылыстар, іс-әрекеттер, қалып-жағдайлар арасында ұқсастық табу мүмкіндігі қандай шексіз болса, метафоралардың, әсіресе индивидуалды-авторлық метафоралардың тілде жасалу мүмкіндігі де сондай шексіз» [2; 11]. Кейбір болып жатқан ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы, ішкі сезімі арқылы танылатыны белгілі. Мысалы, *қайғы, уайым* ұғымы жағымсыз мағынада танылатыны, оның *сары уайымға салыну, күйзелу, көңіл-күйі болмау* т.б. деп объективтенетіні белгілі. Бірақ оны нақты денотатпен көрсете алмаймыз. Мұндай күйді тілдік тұрғыда беру үшін ақын-жазушылар т.б. күнгірт, бұлдыр, түсініксіз, ауыр пәс күйге ену т.б. белгілер арқылы танытады. Мысалы: *Бір қайғының үстіне бір қайғы жамалып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айырылғандай, ойын қара тұман басты. «Кешегі баладан неге өліп кетпедім екен» деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай көрді* (Ж.Аймауытов).

Дүниенің көктемі Құтжанның былтыр ғана осындай кезде, күліп жайнап жүрген аман шағын еске түсіреді. Еске түсіреді де, тағы да толқып келген құсамен басады. Жүрек басынан запыран, зәр төгілгендей болады (М.Әуезов).

Қарқара жазығына қарай жіңішкелеп созылып кеткен кішкене өзен де күнбатысқа таман барғанда көкішіл мұңды сұр далада теңге-теңгедей болып тағы да қотырланып жарқырайды. Сай — қайғы, мұң сайы (М.Әуезов).

Кейде мұндай көріністерді параллельді түрде суреттеу арқылы да ауыс мағынада көрсетуге болады:

– Жоқ, бір жазым болған шығар, — деген сәуегейлер озып келген аттардың соңынан ұшып, желдетіп жүрген жүйріктерге анталады.

Ақан ештеме естіген жоқ. Екі құлағы тарс бітіп, басы зеңіп, құбылаға қарай атының басын қоя берді. Көзден жас бұршақтап ұшыртып келеді.

Ереймен тауының ығынан қара құрымдай қалың бұлт шығып, тым-тырақай, быт-шыт боп сеңдей соғылып, мағынасыз жүгіріскен құмырсқаның илеуіндей жұртты ат-матымен бір-ақ бүріп әкететін алып бүркітше төніп, қанатын жайып келеді. Дала қапырық тартып, алыстан дымқыл жауын иісі білінді. Қас қарайып, көз байлана бере бес жүз аттың тұяғы қазып кеткен борпылдақ жерге ақынның көз жасындай жылы тамшылар көктен секіріп, топ-топ түсе бастады (С.Жүнісов).

Мысалы, ақын Мұқағали «Бұлт» деген өлеңінде табиғат құбылыстары арқылы адамның ішкі жан дүниесін, ішкі психикалық жай-күйлерін тілдік тұрғыдан тамаша, әсерлі етіп суреттейді:

Бұлтты кенет буды ашу,
Долдана дауыл сыпырды.
Көк беті болды уда-шу,
Найзағай оғы атылды.
Тәкаппар, долы тынды жел,
Бұлт өксіді еңіреп.
Қарық болды қара жер,
Қайғылы жасын төгіп ед.
Кенет дауыл сап етті,
Қайтадан мініп қалпына.
Бұлтты айдап әкетті
Бұрылттырмай артына!

«Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі — дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт ментальдылығы ретінде көрсетуі, қала берді, табиғат аясындағы көшпелі өмір салты — бәрі «ішімдегінің бәрі — тілімде, тілімдегінің бәрі — түрімде» дегеніндей қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады» [3].

Психикалық жай-күйлердің танымдық сипаты халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, қоршаған орта әлемі сияқты түсініктерімен танылып, ұлттың тұтас болмысын айқындауға мүмкіндік береді. Мәселен, халқымыз ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, яки құдайға сиынғанда, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп, жолына мал, зат, ақша атап отырған. Оның саны жетеу болуы шарт болған екен. Міне, бұл жағдай ұлтымыздың бір нәрседен қатты қорыққандағы типтік көрінісін жалпы байқатады. Мұндай жағдайда көбінесе адамның қатты қорыққан кездегі айтатын сөздері (көп жағдайда іштей сөйлеуде, ал сырттай бет-әлпетінің өзгеруі) тіліміздегі «құдай, аруақ» сөздерімен тығыз байланысты болып отырған. Мысалы: *Ол жүрегі белгісіз қауіптен қорыққандай болып: «А, құдай, ақсарбас!... Кеселдердің отына күйгізе көрме, қарағымды! Жалғыздың жары құдай!» деп тілеу тілеп жүрді...* (М.Әуезов). Немесе: *Қас-қағымда найзағай сөнді, бірақ жаңағы жалғыз қабірге жабысқан елес Сапардың көзінен өшер емес. Найзағай оты өшісімен басын көтеріп, қараңғыны қармай еңбектеп келе жатқанға ұқсайды.*

– Лә хаулә, ла хаула, — деді Сапар бір сөздің өзін екі түрлі күбірлеп. Мұнша неден қорыққанын айтуға дәрмені жоқ, әрі намысы да жібермей тұр.

– Осы бо-са-ға да же-тер, — деп қабырғаны сүйкей отыра бере Иманның етегінен тартып немесе (Ә.Әбішев): *Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: «Құдай тағы төбемнен ұрайын деген екенсің ғой! Қарағым адасты ғой! Ұшып өлді ғой. Аруақтарым, қолдай ғар! Ақсарбас!» — деп, баласын шақырып айғайлай бастады. Келіні де сүйенгені тілеуі, зары болып, қорқып тұрды* (М.Әуезов).

«Қорқыныш» психикалық жай-күйінің мағынасы танымымызда «қорқақ» сапалық қасиетпен тығыз байланысты, яғни қорқыныштың көрінісі болып табылатын қалтырау, дірілдеу жалпы бейнеде «суық»-ты береді. Мысалы, дененің мұздауы, маңайдан суық тер шығуы: *тұла бойы қалтырап кетті, көңілі мұздады, іші мұздады, арқасы мұздап қоя берді: Қып-қызыл боп шатынаған жанарлардан шексіз өшпенділік уытын көріп, қорқыныштан оның өне бойы мұздағандай денесі қалтырап кетті* (Ж.Жағыпарұлы). Керісінше, «ұят» психикалық жай-күйіне келер болсақ, танымдық тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі *ұя*, *ұяң*, *ұят* сөздері о баста «жылы» деген сөз мағынасымен төркіндес болғанға ұқсайды. *Ұят*, *ұялу* бұл адам іс-әрекетіне байланысты психикалық күйі болса, ал *ұяң* сөзі — адамның тікелей бойындағы мінезі, «ұят» психикалық жай-күйінің көрінісі. Мысалы:

Қандым, Гүлия, сүтсіз қара шай кісінің ішін кептіреді екен, сиыр сатып алмасақ болмас. Сүт ішетін адамның басы көбейейін деп тұр ғой. Гүлия ұяла жымылып төмен қарады. Ұяңдығы әлі қалмаған (О.Бөкеев) немесе: — *Рас-ау, мен күн райын көп сұраппын-ау! Оны сұрағанша, сенің жүзіңе қарасам етті. Тыс қанша көріксіз болса да, қоңыр үйдің өз күні балқып тұр екен ғой!.. — деді. Әйгерімнің өңі бұрынғысынан да қысыла қызарды. Сыпайы, ұяң үнді күлкісі естілді* (М.Әуезов), немесе: *Ұяты бар, инабатты. Қыз көзіне алдеқалай көзі түссе де ұяң жігіт ұялып, жұқалаң өңіне лып етіп қан жүгіреді де, төмен қарап кетеді* (Ә.Нұрпейісов).

Жоғарыдағы мысалдан біз «қой аузынан шөп алмас» халқымыздың дәстүрлі мінез-құлқын айқын да анық аңғара аламыз. Қыз балалардың, келіндердің, көбіне, мұндай ұялып, төмен қарауын ұлттық дәстүрге байланысты сыпайы мәдениеттілігі деп түсінгеніміз жөн. «Европалық әйелдерге қарағанда қазақ әйелдеріне тән қасиет — сыпайылық, ибалық, имену, ұялшақтық, ұяндық. Олар үлкен кісілер мен ер адамдарды қадірлеп, сыйлап, өзінен жоғары сатыға қояды» [4]. Бұл пікірге дәлел ретінде мынаны айта кетейік. Қазақ, орыс тіліндеріндегі *ұят* сөзінің мағыналары әр басқа. Орыс тіліндегі «стыд» сөзі туралы М.И.Лазариди былай дейді: *«В основе «стыд» лежит метафорический образ холода; более того, само слово стыдъ (студъ) на определенном этапе означало и холод (физиологическое ощущение) [студа -холод, архан.; ц.- слав. Студъ — холод; чеш. — стыд; польск. Ostuda — простуда; студить греч. Мн. — ледяной холод; — ужас, отвращение (ср. Источник в Аркадии; адская река) ЭСРЯ, Фасмер, 1986, III: 786], и стыд (как психическое состояние). Позже значения слова разошлись, а слово стыд в результате переосмысления данного понятия стало только обозначением эмоции; таким образом, обозначения состояния стыд — результат вторичной номинации»* [5].

Яғни орыс тілінде «ұят» сөзінің астарында суық сөзі жатыр. «Ұят» сөзі о баста бір мезгілде орыс тілінде суықты (физиологиялық тұрғыдан) білдірсе, екіншіден, ол ұятты (психикалық күй) білдірген. Уақыт өте келе екеуінің де мағыналары ажыраған. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ және орыс тілдеріндегі «ұят» сөзі қарама-қайшылықты білдіреді, яғни бұлар екі ұлттың өзгеше дүниетанымынан туындаған қарама-қарсы құбылыстар болып табылады. Бұлай болуы екі халықтың орналасу жағдайынан да сияқты. Орыс халқының (славяндардың) мекен ететін территориясы бізге қарағанда суықтау болып келеді. Себебі географиялық орналасу жағдайдың да тілдегі сөздер мен оралымдардың жасалуына біршама әсер ететіні рас. Мәселен, біз, қоңыржай континенталды климат жағдайында өмір сүретіндіктен, тіліміздегі «қоңыр» сөзінің жанымызға жақындығы тағы бар: *қоңыр күз, қоңыр күй, қоңыр ой* т.б.

Осыған орай Н.Н.Аитова тіліміздегі концепт құруда түр-түстердің ерекше мазмұнға ие екендігін айта келіп, олардың алдымен **от** тарихи болмысының түрлі қасиеттері негізінде пайда болған концепт жасауға қатысатындығын айтады. «От жылу береді, қыздырады, соңғы шегінде күлге айналып суиды. Осымен байланысты **жылу** (қызу) — **суық** (салқындау) концепті өріс құрады. 1. «От-су» концептілік өрісіндегі **«жылы»** мағынасы: *қып-қызыл болу, беті қызару, құлағының ұшына дейін қызару* т.б., яғни *ұялу*, болса; 2. «От-су» концептісінің **«суық»** мағынасы: *қара суық, қақаған қара суық, қара дауыл, қара боран* т.б., яғни *ашу-ыза*, болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды «от» пен «су» бірін-бірі қолдамайды. От суды кептірсе, су отты өшіреді» [6]. Мысалы: *Ақтотының екі беті алаулап, тағы да күліп жіберді. Қызғалдақтай үлбіреген ерні дір-дір етіп:*

— *Ақан аға, бұл қай қызға шығарған өлеңіңіз? Жамалға ма, Зағипаға ма, Ақшабаққа ма, Мақпалға ма, әлде Шамшиқамарға ма?* — деді.

Ақанның да екі беті оттай күйіп, Ақтотының қаздың қауырсынындай ұзын саусағына тесіле қарап: — Қалай дедің, қайталап айтшы, — деп көзін алмай отырып қалды (С.Жүнісов).

Танымдық тұрғыдан «ұят» сөзін тіліміздегі *қызыл, қара* сөздері (түстері) арқылы да беруге болады. Мәселен, *екі беті ишедей қызарды, қарабет болды, жүзі қара* т.б. Әбіш үнсіз ғана

жымияды. Өз ойынан өзі ұялып, ұрланғандай. Жауапсыз, байлаусыз қобалжуда... Жүзі де бір ағара түсіп, біресе дуылдап қызарып кетеді (М.Әуезов).

Тағы бір айта кететін мәселе, психикалық жай-күйлер лексикасы адамды толығымен тануға мүмкіндік береді және белгілі бір ұлтқа ғана тән мінез-құлықты да ашуға көмектеседі. Мысалы, адам қатты ашу үстінде сыпайылық танытатын, қатты сыйлайтын адамына «сен» деуі немесе орынсыз қылық, әрекеттер көрсетуі де мүмкін. Мұндай қарым-қатынастарда адамдар (әсіресе қазақтар арасында көп байқалады) мақалдап, мәтелдеп, жұмбақтап, астарлап сөйлеуге құштар келеді. Мәселен:

Жалғыз кетіп бара жатқан Абайдың артынан Оспан жселе жортып жеткенде, Абай інісіне суық жүзбен қатуланып, зеки сөйледі.

— *Сенің ішіңе қандай от түскен? Балалар көзінше талағыңды соншалық тарс айырғаның не? Әлі де қу күндестік жыны буып жүр ме? Айт, шапшаң!* — деді.

Бүгін таңертеңнен бергі жүрісте, әр сөзде Абайдан үстемірек болмаса, өзін кіші танытпай, дардайсып келген Оспан қазір бір сәтте өзгерді. Абайдың ажарына көз қиығын тастап, әлгідей ұрыс үнін естумен ілес, енді сескене түсіп, бой бақты. Үнін ақырын ғана шығарып:

— *Ашуым орынсыз болса, болар Абай. Балаға білдіргенім орынсыз. Бірақ соным тегін емес. Таңертеңнен сені оңаша алып шыққанымның мәні де осында. Кешелі-бүгіндер мен біреудің қолында өлгендей боп, қаныма қарайып жүрмін. Құнанбай баласы біз бүгін бір қорлықта тұрмыз!* — деді.

— *Не қорлық? Не айтасың?* — деп, Абай атын оқыс бұрып алды.

— *Айт!* — деп, Оспанның көзіне көзін қадады. Дірілдей түсіп, жаманат хабарды тосты.

Оспан Абайға енді сызды қабақпен, тура қарады. Күнге қарсы, өткір көздеріне қызғылт ашу отын жиып тұр.

— *Қорлықты Нұрғанымнан көріп тұрмын. Үш күннен бері әкеңнің үйінде сол тоқалдың қылмас қонағы боп Базаралы жатыр. Әкеңнің әулиедей ақ төсегің арамдап жатыр! Бар дертім осы. Көптен білсем де, бүгін сенен ірке алмадым. Білдірдім міні! Сенен басқа сөз саларым, сыр шашарым жоқ. Дәл сол үйдің шаңырағына әкем анау қаралы үйде отырғанда, мынау қос қара бетті осы түнде асып өлтірсем деп тұрмын!* — деді.

Абай кеудесіне оқ тигендей, демі үзілердей сілейіп бір тұрып қалғанда, ат үстіндегі денесі дір-дір етіп, үзеңгілері табанына тұрмай, ойнақшып кеткендей болды. Бірақ қатты ашу үстінде, булыққан тамағына тас тығылғандай. Оның да көздері оқыс қанталап, Оспанға ақырып қалды:

— *Қысқарт! Оттама! Намыс емес, арсыздық! Тоңмойын, топас, надандық. Не бетіңмен сөйлейсің?.. Осыдан қимыл етіп бүлік салсаң, сол шаңыраққа өзіңді мен астырамын. Тіліңе тыйым, қолыңа тұсау салдым! Төрінен көрі жуық әкеңді қабырына тонап кіргізбекпісің? Масқарасын әлемге шашып, итжемі қып өлтірмек өшің бар ғой, сірә?! — деді. Қалған сөзді бір-ақ тыйып, атын борбайға бір салып, қатты жорғалатып, Ақшиоқыға қарай жалғыз тартты. Бұл кезде күн ұясына жаңа кіре бастап еді (М.Әуезов).*

Адамның көңілі жай таппаған мазасыз сәттерде көбіне ол өзін қоярға жер таппай, ой үстінде болып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудан гөрі өзімен-өзі іштей (монолог басым болады) әңгімелесіп, мазалаған ойына жауап іздейді. Мұндай арпалыс-толғаныс күйдегі адам ұзақ уақыт істеген іс-әрекеттеріне ойланып толғанады, күйінеді, ұялып не болмаса ашулануы да мүмкін, бұл адамдардың мазасыздық жай-күйін байқатады. Мысалы, мазасыздануды тілімізде «ат үстінде ұйықтады», «жын бұған бақсыдай бүлінді» сияқты тұрақты сөз тіркестерімен береміз. *Ат үстінде ұйықтау*, біз үшін, жаугершілік замандардан туындаған болса, *жын бұған бақсыдай бүліну* шамандық кезеңдерден қалыптасқан тіркес екенін аңғару қиын емес. Бұл фразеологизмдердің тілімізде қалыптасуы халқымыздың басынан кешкен тарихи жағдайларына байланысты.

Ұлттық танымдық тұрғыдан қуаныш жай-күйін қазақ тілінде *төбесі көкке жетті, төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді* т.б. деген тұрақты тіркестермен беріп жатамыз. Мұндағы *көк* түсінің бірінші *аспан* атауынан *көк тәңірі* деген екінші мағыналы сөз туындайды. Басқаша айтар болсақ, «тәңірі қолдап, ісімізді оңынан тудырды» дегендерден «қуаныш» жай-күйі келіп шығады.

Бұлардан басқа ұлттық танымдық (әдет-ғұрып, салт-дәстүр бойынша) тұрғыдан қуанышты жеткізудегі тілдік амалдардың бірі — сүйінші сұрау. *Сүйінші* — бұл жағымды, қуанышты хабарды жеткізудің бір тәсілі. Адамдар жақсылық болған жағдайда, қуаныштары қойнына сыймай басқа да адамдарды қуанту мақсатында ырымдап сүйінші сұрайды. Сүйінші сұраған адамға міндетті түрде сый-кәде беріледі, бұл — қуаныш, қуанышты күй әрі қарай тоқталмасын дегеннің белгісі. Мысалы:

Жұман дыңғырлаған дауысын көтере түсіп:

— *Енді мені тыңда! Тыңдаңдар, міне, қаладан хабар естіп отырмын. Жаңа біздің ауылдың шетіне соғып, таудағы Жігітекке қарай бір шапқыншы кетті. Сүйінші сұрап, қуанышы қойнына сыймай барады. Әулекіленіп барады. Әлгі Түсіптің Мадияр дейтін, ана бір қоңқақ мұрын қу немесі «сүйінші» дейді. «Ақ түйенің қарны жарылды. Жігітектің жылаған жасын құдай иді. Көз жасымды тыятын арысым қайтты. Базаралым айдаудан қашып кетті!» деп иен өлкені шулатып, жосытып барады! — деді (М.Әуезов) немесе: Қамария қой сауып отырған қатындарға әмір қылып, есік алдында тұр еді. Қасына қозышы бала шауып келіп:*

— *Шүйінші-шүйінші, ана! Жұмағұл ағам келіп қалды, — деді.*

Бұл сөздер естілген жерде, ауылдағы барлық жан ұйқы-тұйқы болып, әбігерленіп қалды. Жұмағұлдың келуін асығып күткендері барлық қарбаласынан білініп тұр.

Өрлі-берлі жүгірісіп сенделген қатындар, шулап секіріп, күліп ойнаған балалар; құдық басынан жаңа хабарды естіп, ауылға қарай жылдамдатып келе жатқан үлкендер — барлығы да Жұмағұлдың келуін үлкен қуаныш қылған сияқты (М.Әуезов).

Жоғарыдағы мысалды байқағанымыздай, мұндай жағдайдағы айтушы (қозышы бала) сөзін естіп, қабылдағаннан кейінгі тыңдаушының (ауыл адамдары) қуанған сәттегі қимыл-әрекеттері жай кездегідей емес, айрықша. Бұл — қатты қуанғанның белгісі.

Кез келген халықта қуаныш жай-күйінен туындаған сөздер мен сөз тіркестері бар. Бірақ олардың тіл арқылы берілуі әр басқа. Олай болуы, сол халықты қоршаған ортасындағы заттары мен құбылыстардан туындаған тілдік оралымдармен, мәдениетімен, бастан кешкен тарихи жағдайларымен байланыстылығында жатыр. Мәселен, қазақтарда балалы болса, «әйелі ұл тапқандай қуанды», көптен бері көрмеген біреуді көрсе, «балаша мәз болды», көптен күтіп, тосқанда, «әкесі базардан келгендей қуанды», жоғалтқанын тауып алғанда «жерден жеті қоян тапқандай қуанды» т.б. сияқты тұрақты тіркестермен (жағдаятқа байланысты) береміз. Мысалы:

— *Оу, шешелерің ұл тапқандай қуанып, түн ішінде еліріп жүрген кімсіңдер? — деп Ақан бейтаныс аттылының бетіне еңкейе түсіп үңілді. Басына екі құлағын артына қайырып балаған түлкі тымақ, үстіне ақ сеңсең қойдың терісінен әдіп жүргізген шолақ тон киген он бес, он алтылар шамасындағы бала күлгендей болды. Мұрнына дейін түбіт бөкебаймен тартқан баланың екі көзі гана жылтырайды.*

— *Тауып айттыңыз, ағасы. Шешеміз ұл таппағанымен жеңгеміз ұл тауып, соның қуанышымен жүрміз, — деді бала сыпайы гана (С.Жүнісов).*

Ұлттық танымымызда «қайғы» жай-күйінің берілуінің бір жолы, әсіресе адам қайтыс болған жағдайда, арнайы сөздердің жұмсалуды. Мәселен, адам қазасын естірткенде, оны жақындарына тура сөзбен жеткізе салмай, астарлап айтады немесе «ой-бауырым» — дап естірту салады, жоқтайды. Мысалы:

Боз айғыр жау қолында кете барып, Қалбағай жоқ болған соң ұрысып жүрген жылқышының бәрі «Ой, бауырым!» салып, Қалбағайдың басына жиылып қалды... Жау кете барды. Кейінгі қуғыншы да Қалбағайдың басында шулап жылап, үйіліп қала берді (М.Әуезов) немесе: Абылайға Бөгембайдың өлімін жеткізу. Немесе жоқтағанда, Есмағамбеттің әйелінің жоқтауы: Асылым түсті қолымнан, Қанатым сынды оңымнан. Құдай қосқан жайсаңым, Адастырды жолымнан. Отыз төртке келгенде, Ұядан ұшты алғаным, Дүниенің білдім жалғанын (А.Байтұрсынов). Жоқтау көптеген халықтарға тән, алайда қазақ халқы үшін оның философиялық мәні ерекше. Өлімді бағаламай, өмірдің мәнін түсіну мүмкін емес біз үшін.

Танымдық тұрғыдан бұл жай-күйді төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:

1. **Қайғы** — мұң.
2. **Қайғы** — азап.
3. **Қайғы** — қиыншылық.
4. **Қайғы** — апат.
5. **Қайғы** — қаза.
6. **Қайғы** — суық (метафоралық бейне).

Тілімізде «қайғы» психикалық жай-күйіне байланысты жұбату, тілек сөздері де бар. Олар біреудің жақыны қайтыс болған жағдайда оны жұбату мақсатында арнайы айтылады: *Қаза қайырлы болсын! Алдынан жарылқасын! Топырағы торқа болсын! Жатқан жері жайлы болсын! Арты қайырлы болсын! Болғанға (болмасқа) болат бол!* т.б. Мәселен:

Шырағым келін! Болғанға болат бол! Боздамаған жұбай жоқ, Оны көрген құдай жоқ! Шыдамасаң шырт кетесің, Бүктетілсең күрт кетесің! Бес балаға шешесің, Толтырмасын жасқа де, Осылардың бет кесесін! Бірі — балаң, бірі — бай, Әлі-ақ жетіліп кетесің (А.Ә.) немесе:

— Жаңыл-ау, саған не болған?! Басқан қадамың кейін кетіп жүр ғой. Мана көзіңнен жас шықпағанға тас бауыр боп кеткен екен десем... Алда, сорлы бала-ай, өзің әбден біткен екенсің ғой. Бар күйігің ішіңе түсіп іш-құса бопсың ғой... «Өлгеннің артынан өлмек жоқ», — деген. Есіңді жи, шырағым (Т.Ахтанов) немесе: Әлиза оқтын-оқтын тұрғысы келгендей, қолымен ауа қармап, «а-аһ!...» — деп қайта құлайды.

Жұбатпақ болған бірде-бір адамның сөзіне құлақ аспай, дүниеден түңілгендей боп жатқанда қасына Есбол қария кеп отырды. Тіл қатысқысы кеп отала түсті де, тамағына жас тіреліп тоқтап қалды. Сосын біраз отырып барып:

— Уәй, Мөңке, — деп өктем тіл қатты, — уа, жарқыным, басыңды көтер! Құдай өзінің бергенін өзі алды. Алланың әміріне қай пенде араша боп еді? Сен неге төңірегіңе қарап, тәубаға келмейсің! Уа, мен сенен кем бе едім? Сен өлген балаңа жылап жатырсың, менің, тым құрыса, молада да тілекшім жоқ екенін неге ойламайсың, — деп өмірбақи тірі жанға тісінен шығармай, өзегін өртеп жатқан ащы сырды — өзінің баласыз, жалғыз, қу бастығын айтты да, тоқтады (Ө.Нұрпейісов).

Тілімізде «қайғы» психикалық жай-күйін қоңыр, қара, сары сияқты түстермен де беруге болады. Мысалы: қоңыр ой, қоңыр әуен, қоңыр күй, қаралы болу, қара тігу, қара жамылу, сары уайымға салыну т.б.

Қорыта келгенде, психикалық жай-күйлер лексикасы кез келген халықтың болмысын танытудың басты көрсеткіштерінің бірі бола алады. Психикалық жай-күйлер, біріншіден, адамды толығымен танып-білуге мүмкіндік береді. Мәселен, адамды бір көргеннен, я болмаса сол сәтте оны сөйлеген сөзінен танып білу мүмкін емес. Оның мінез-құлқын, іс-әрекетін т.б. жекелеген қасиеттерін белгілі бір күйге түскен жағдайда оңай көруге болады. Екіншіден, ол ұлттық мінез-құлықты (байсалды, шыдамды, көңілді, қызу қанды т.б.) көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Файзулла Г.Ф.* Когнитивтік лингвистика ұғымдарының ерекшеліктері // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері: Халықарал. ғыл.-теор. конф. материалдары. — І-т. — Алматы, 2008. — 428-б.
2. *Сыбанбаева А.* Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 161 б.
3. *Смағұлова Г.* Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. — Алматы: Ғылым, 1998. — 57-б.
4. *Мамаева Г.Б.* Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктер (гендерлік зерттеу): Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2003. — 23-б.
5. *Лазариди М.И.* Психические состояния в полевом описании. — Бишкек: Киргизско-Славянский ун-т, 2003. — С. 65.
6. *Аитова Н.Н.* Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2005. — 14-б.

Е.Е.Түйте

Когнитивная характеристика лексики психических состояний

В статье рассмотрены когнитивные и национальные особенности лексики, выражающей психические состояния человека. Проблема психических состояний является ключевой в антропоцентрической парадигме, поскольку данная лексика выражает характер, суть человека, а также его национальную принадлежность и природу. Автором приведен лингвистический анализ лексики, которая имеет психологическую основу. Психологические исследования такого рода в настоящее время имеют научную и общественную значимость и помогают определить языковую природу лексики, отражающей состояния человека.

Ye.Ye.Tuite

Cognitive characteristic of lexicon of mental conditions

In article cognitive and national features of the lexicon expressing mental conditions of the person are considered. The problem of mental conditions is key in an anthropocentric paradigm as this lexicon expresses character, an essence of the person, and also his national identity and the national nature. The author of article carries out the linguistic analysis of lexicon which has a psychological basis. Psychological researches such have now the scientific and public importance and help to define the language nature of the lexicon sending conditions of the person. The problem of mental conditions is key in an anthropocentric paradigm as this lexicon expresses character, an essence of the person, and also his national identity and the national nature. The author of article carries out the linguistic analysis of lexicon which has a psychological basis. Psychological researches such have now the scientific and public importance and help to define the language nature of the lexicon sending conditions of the person.

ӨОЖ 81'1:81'276.6:355

А.Н.Мұратова

*Қарағанды мемлекеттік медицина университеті (E-mail: altynmuratova@mail.ru)***Қазақ тіліндегі құпия түсініс тәсілдерінің бейвербалды амалдар, таңба, жаргон арқылы берілуі**

Мақалада қоғам мүшелерінің кейбірі арасында болып жататын құпия түсініс үдерісі (процесі) көбіне тек жеке адамдарға ғана қатысты жай құбылыс болуымен бірге кей тұстарда мемлекеттік те сипаты бар проблема екенін ескере келе, бұл амалдар шағын топ арасында жалпыхалықтық қолданыстағы мағынасынан басқа мағынада жұмсалып, өзгеден өзінікін құпиялау, жасыру үшін қолданылатыны нақты тілдік деректер негізінде дәлелденді. Автор тілдегі бейвербалды амалдар, еже тіл, таңба мәселелерін арнайы қарастырған тілтанушы-ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, өз тұжырымын берген.

Кілтті сөздер: құпия түсініс, бейвербалды амалдар, таңба, еже тіл, жаргон, топ мүшелері, сөйлеу әрекеті, ақпарат.

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың да күнделікті өмір-тұрмысында жекелеген адамдардың не өзіндік әр түрлі ерекшелігі бар шағын топ мүшелерінің арасында жалпыдан құпиялап, тек өзара ғана пікір алысуында ертеден-ақ пайдаланған шартты сан алуан амал-тәсілдері болып отырғаны — тарихи шындық. Бұлай болуы заңды да, себебі құпиялық құрылысы табиғаттың да адам өмірінің де өзіндік бір маңызды тілі екені сөзсіз. Сондықтан да біз табиғат тылсымдарының, адамның жан дүниесі сырының жұмбақтарын философияның осы құпиялық категориясында қарастырылатындай көреміз. Демек, қоғам мүшелерінің кейбірі арасында болып жататын құпия түсініс үдерісі (процесі) көбіне тек жеке адамдарға ғана қатысты жай құбылыс болуымен бірге кей тұстарда мемлекеттік те сипаты бар проблема болып есептеледі.

Қазақ тіліндегі құпия түсініс сан түрлі амалдармен беріледі. Себебі адамдар өз араларындағы құпия, жасырын әрекеттерін дыбыстық тіл арқылы ғана жеткізіп қоймайды, кей жағдайларда түрлі таңбалар мен ишараттар арқылы да түсініседі. Яғни, сөйлеу актісіне мимика мен түрлі таңбалар қатысады. Мысалы: 1. – *Анаспақар, сенін менінін кепешінір. Менін сенінін жапықсыны көпере тұпұрсапам да сенінін шепешепеңнін апайтқапан сөпөздеперіні жұпұрепегінімдіні мінілінін өпеткепендепей бополдыны.* Бұл туралы «Қазақ тілі энциклопедиясында» еже тіл «қазақ жұртының өзара құпияласып сөйлейтін сөзі, жастар жаргонының бір түрі» деген анықтама беріліп, «*Секін мақығақын кекіл (Сен маған кел)*» деген мысал келтірілген. Яғни, бұл сөйлемдегі әрбір сөзді буынға бөліп, сол бөлінген буынның алдына сынама *-қі, -қы, -кы, -кі* буындарын қосып, жалпыға түсініксіздік туғызып тұр [1]. Бұл тәсілді қолданушылар арасында қатынас құралы қызметін атқарып, жай ғана қызық үшін қолданылмағанын күнделікті тұрмыстан да байқауға болады, яғни, өзгеден

жасырмақ болған хабарын жеткізу мақсатында қолданады. Зерттеу барысында мұндай амалдар басқа да тілдерде кездесетіндігін байқадық. Мәселен, орыстың тілші-ғалымдары құпия түсіністің осы түріне байланысты: «От остальных условных языков отличается наличием только общеиспользуемых слов. Особенно часто использовался способ, когда слова расчленялись на слога, к которым добавлялся одинаковый маскировочный элемент, например: *-фер (вофердафер — вода)* [2]. Демек, қай тілде болсын сөз құрамындағы буындар арасына өздерінің қалауына сай, яғни, жоғарыда келтіргендерден басқа да буындарды қосып сөйлеу арқылы құпия хабарларын жеткізіп отырады. Осы тұста этнограф Е.Р.Романовтың: «Большинство понятий выражались общеупотребляемыми белорусскими словами, затемненными специфическими вставками, приставками: *ку-*» [3], — деген пікірі еже тілдің құпиялылығын нақтылай түседі. Осыған ұқсас пікірді басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кездестірдік: «Самый общеупотребительный и самый относительно старинный язык этого рода есть так называемый разговор по херам, когда слог *хер* или какой другой, что все равно, вставляется между каждым слогом произносимого слова, причем к началу, а иногда и к окончанию слова также приставляется избранный слог» [4; 234], — деп ертеректе дыбыс арасына буын қосып пікірлесу болғанын пайымдайды.

Демек, еже тіл — ерте кездегі қазақ жұртының өзара құпия түсініс үшін пайдаланған сөз қолданысы, жастар жаргонының бір түрі. Бұл тәсіл бойынша екі жақтың сөзін бөгде адам түсінбеуі үшін сөз ішіндегі буын аралығына қосымша дыбыстар сыналанып айтылады. Олар тілдесуші жастарға белгілі код болуға тиіс. Код кілтін таба алмаған адресат үшін бұл қатынас құралы бола алмайды.

Ерте кездегі жастардың осындай сөз қолданысын қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің өткен ғасырдағы қазақ даласындағы әлеуметтік тартыстарды суреттейтін «Оянған өлке» романындағы Назыкеш пен Сейіт сияқты жастардың құпияласып тілдесуінен айқын байқауға болады.

– *Нафа-зыфы-кефеш, мифен сефеніфің тіфі-ліфің-діфі-дефе афа-лафа-сафаң кефе-лефе-жафат-қафанқұфыл-қыфын сафа-сыфы-рыфы-ныфы-қыфы мыфыз-біфіт-тіфі дефеп қафай-тафар-шыфы, — дейді Сейіт.*

– *Өфе-тіфі-ріфік афайт дефей-сіфіз бефе! — дейді Назыкеш.*

– *Өфе-тіфі-ріфік ефе-мефес афал-дафай сафал.*

– *Афал-дафау мифен өфе-тіфі-ріфік ефе-гіфіз-дефе-мефей-тіфін-бефе ефе-діфі.*

– *Офо-сыфы-ныфың сафа-гафан қофа-жафайыфынсыфы-гафа-ныфы-нафа жыфы-ныфым кефе-лефе-діфі!*

– *Қыфы-мыфыз нефе-гефе жыфы-лыфып кефет-кефен. Сафа-ныфыр-сафаң-шыфы дефе-гефен дафа сыфын ефес-тіфі-гефін-дефе-гефен-дефе қафай-да қафа-шафа-рыфым-дыфы біфі-лефе афал мафай кефе тefем.*

Сейіт пен Назыкештің әрбір әріп пен буын арасына *-фа, -фе* сияқты бір буын қосып жат-жаладан нені жасырғанына көңіл аударайық:

Назыкеш, мен сенің тіліңді ала жүрсін десең, мына келе жатқан құлқын сарыны қымыз бітті деп қайтаршы... — деген ғана сөзі еді.

Өтірік айт дейсіз бе?

Өтірік емес. Алдай сал, — дейді Сейіт қалжыңдап.

Алдау мен өтірік егіз дейтін бе еді? — деді Назыкеш.

Оның саған қожайынсығанына жыным келеді.

Қымыз неге жылып кеткен?

Қорқып кетесіз бе?

Жоқ, естігім келмейді.

Осы үзіндіде Назыкеш пен Сейіт еже тілді не үшін қолданған? Сөз жоқ, мұндағы мақсат — екеуінің құлқын сары түсінбесін деген ниеттерінен туған. Осы секілді сөз арасына буын қосып сөйлеу жастар арасында өте жиі қолданылған тәсіл болғаны байқалады. Еже тілден басқа да құпия хабарды жеткізуші амалдың бар екенін төмендегі мысалдан байқаймыз: *Кіші жүздің биі мен Бекболат шешеннің арасындағы ишара: Кіші жүздің биі екі қолын айқастырыпты. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Алақанын жұмып-ашыпты. — Бекболат «құп болады» депті. Би: Қолын сермеп-сермеп қояды. — Бекболат «құп болады» депті. Би қолын түйістіріпті. — Бекболат «құп болады» деп он саусағын көрсетіпті. — Би «құп болады» депті.* Осындағы бір ғана *құп болады* деген сөз тіркесінен басқа ешқандай артық сөз жоқ. Бірақ екі адам арасындағы түсініс дыбыстық тілсіз-ақ тек *қол, алақан,*

саусақ сияқты дене мүшелерін түрлі қимылға келтіру арқылы толық орындалған. Мұндағы амалдар контекстік жағдаятқа негізделген, себебі қолды айқастыру контекске байланысты түрлі мағынада жұмсалуды мүмкін. Айталық, *жұмысымды аяқтадым, боспын* дегенді білдіруі мүмкін. Сол сияқты, адамның *тоңғаны* да осы ишарат арқылы беріледі. Бірақ дәл осы контекстік жағдаятқа байланысты *алысуға жараймын* дегенді білдіреді. Ал осы бейвербалды амалдар тек қарым-қатынасқа түсуші адресант пен адресат арасында ғана толық түсінісу қызметін атқарады. Әрине, тілімізде таза бейвербалды амалдар арқылы айтайын деген ойын тұтастай, толық жеткізуге болатын тұстар да кездеседі. Мұны Т.Аяпова «прототіл» терминімен түсіндіреді [4].

Дыбыстық тіл адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы болғанымен, олар тек сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар дененің түрлі қимыл-қозғалысы арқылы да түсінісе алады. Тіліміздегі осындай бейвербалды амалдар сөйлеу барысында адамның кобалжу, қуану, толқу иірімдерін білдіріп қана қоймай, құпия, жасырын ақпаратты жеткізу мақсатында да қолданылады.

Адам баласының қарым-қатынас жасау қажеттігінен пайда болған дене тілі туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, тілші-ғалым Қ.Жұбанов: «Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [5]. Бұл пікірден сөйлеу әрекеті кезінде айтылмай қалған немесе түсіп қалған сөйлемді тыңдаушыға бейвербалды құрылымдар арқылы толықтыруға болатындығын аңғарамыз. Бұл пікірді басқа да ғалымдар құптайды: «Ым-ишара — санамен ұғынылатын көнеден келе жатқан әмбебап сигнал. Ол ақпараттың дұрыс қабылдануына көмектеседі», [6] — деген тұжырымды қазіргі зерттеушілер еңбегінен кездестіреміз. Бірақ бұл амалдардың өзі көп мағыналыққа ие болғандықтан, кей тұстарда ақпарат алмасушылардың арасында түсініспеушілік туғызады. Сонымен қатар құпия хабарды жеткізуде олардың жалпы халыққа таныс мағынасынан ауытқушылық байқалады. Б.Момынова мен С.Бейсенбаевалар «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде «бас шайқау» ишаратының үш түрлі мағынасын көрсетеді: «ренжуді, көңілі толмағандықты аңғарту», «таң қалу, таң-тамаша болу, таңырқау», «біреудің ойымен, пікірімен үзілді-кесілді келіспеуді» [7]. Зерттеушілердің еңбегінде айтылмағанмен, шағын топ мүшелерінің арасында келісімге келу ишаратын білдіру мақсатында қолданылады. Мысалы: *Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, өзі ойланып, бас шайқады* (М.Әуезов). *Жұмекен: «Әй, балам, балам! — деп басын шайқап аз тұрды да. — Ал, жолың болсын, ендеше! — деп қолын ұсынды* (С.Ерубаев). *Айдын теріс бұрылғанда, Алма Асанға басын шайқады* (С.Ерубаев). Мұнысы келістік дегені еді. Келтірілген мысалдың алғашқысында «бас шайқау» ишараты арқылы отырғандармен келіспегендікті білдірсе, екіншісінде «реніш пен көңілі толмағандық», үшінші сөйлемде екі адамның келісімге келу ишараты байқалады. Бейвербалды амалдардың астарындағы мағына мен мәнді шеше алмаса, ол өзгелер үшін құпия, жасырын болып келеді. Бейвербалды амалдардың астарындағы хабарды толық түсіну үшін адресат пен адресанттың қолданылған құрылымдар жөніндегі білім дәрежесі тең болуы қажет. Мысалы: *«Не айтасыз, қашан команда бересіз» дегендей, Александр Васильевичке қарап қоямыз* (Жау тылында, 139-б.).

Ақ сары жігіт, «Тұра тұр» дегендей, аяғынан тартып қалды. (Жау тылында, 102-б.). Екі сөйлемде де ешқандай артық сөз жоқ тек қана астыртын ымның көмегімен айтар ойларын жеткізіп тұр.

Демек, ым мен ишаратты орайын тауып қолданса, ешбір дыбыстық тілсіз қарым-қатынас жасауға болатынын дәлелдей түседі. Адамдар өз араларындағы жасырын әрекеттерін, құпия хабарларын ым, ишара, емеурін арқылы жеткізу жиі кездесіп отыратын тәсіл. Осындай, ым-ишараның тоғысып келіп, кейіпкерлердің бейнесін ашуда үлкен рөл атқаратынын байқататын төмендегі әңгіме желісіне көңіл аударсақ:

Ерте заманда үш ағайынды жігіт ұзақ жолдан келе жатып, таң алдында көшіп кеткен үйдің жұртына келіп тоқтайды. Осы кезде үйге қыз кіріп келіп, үш жолаушының ортасына бір үлкен кесені төңкеріп шығып кетеді.

Қыз кеткен соң үшеуі: осы кесенің астында қандай зат бар? — деп таласады. Біреуі тұрып мұның астында қызыл зат дейді. Алғашқы білгір жігіт олай болса қызыл анар болды ғой деп, кесені төңкеріп көрсе, шынында да бұзылмаған анар екен. Қонақтарға шай жасауға келген қыз кесе мен анарды алып кетеді де, қайтып келіп, дастархан жайып, шай құйып беріп отырады.

Қызға қарама-қарсы бөстек үстінде отырған алғашқы жігіт қызға қарап, сақалын сипап тарамдай береді.

Мұны байқап отырған бойжеткен жігітке қарап, шашын сипайды. Жолаушы жігіт енді өзі отырған астындағы бөстектің жүнін сыпыра сипайды. Осы кезде қыз жігітке қарап, көзін жұмып тілінің ұшын жылт еткізеді. Ұйқыға кеткен жолаушылар мен үй иелері таңертең төсектен тұрса, сақалды жігіт пен қыздың қол ұстасып бірге кеткенін біледі.

Шаш, сақал, бөстекті сипап, көзін жұмып, тілін көрсету — мәтіндегі пікір алысу, тілдесу қызметінде жұмсалған бейвербалды амалдар. Бұларды қолдануда бірде-бір дыбыстық тіл қатыспаған, бірақ екеуінің арасындағы қатынас үшінші жақтағыларға мәлімделмей толық жүзеге асқан. Осындағы жігіттің қызға қарап сақалын сипағаны — «Әкеңе сақалының түгіндей көп мал берсем бере ме екен?» дегені, қыздың шашын сипағаны — «Шашындай мал берсең, береді» дегені. Бөстектің жүнін сыпыра сипағаны — «Сен үшін малды мына бөстектің жүніндей беремін» деген ой жеткізсе, қыздың көзін жұмып, тілін шығарғаны — «Ел ұйықтаған соң тілдес» дегені.

Бұл әңгімеден ымның тамаша құпия тілдесу амалы екенін айқын аңғаруға болады. Жалпы халықтық түсіністе ер адамдардың сақалын сипауы — бір нәрсе жайлы қатты ойға берілген қалпын белгілейді. Ал, бұл тұста жалпы халықтық түсіністен ауытқып, екі адамның өзара жасырын хабар алысу қызметін атқарып тұр. Дегенмен, күнделікті тұрмыста айтатынымызды сөзбен жеткізу мүмкін бола бермейтін жағдайлар кездеседі. Сондайда тілдегі бейвербалды амалдарды қолдану тиімді. Мәселен, соғыс жылдарына арналған Қасым Қайсенов шығармаларынан алынған: *Иван Кузьмич, «Бері жүр» дегендей, маған қолын бұлғап, өзі су жағасымен төмен қарай тартты* (113). *Иван, «Мынаның өнерін көрдің бе?» дегендей, маған көзін қысып қалды* (132). *Александр Васильевич, «Әзірге тұра тұрайық» дегендей, үлкен саусағын шошайтып, көзін қысып қалды* (160) деген мысалдардан байқайтынымыз, қаншама іс-қимыл, үлкенді-кішілі, жағымды-жағымсыз әрекет, оқиға, қауіп-қатер туралы хабарлар, команда — бәрі де саңқылдаған, сампылдаған сөзбен емес, көбіне *ым, көз қысу, қолын бұлғау, саусағын шошайту* арқылы жеткізіліп, өзара түсініс, сөзсіз байланыс осылар тәрізді әр алуан амалдармен жүзеге асырылған.

Адам баласының ақпаратты жеткізу үшін қолданатын материалдық объектісі — таңба. Қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалатын таңбалардың тілдегі қандай да бір семантикамен алмастырылып, белгілі бір мағынамен қабылданатыны белгілі. Мысалы, жол бойындағы бағдаршамның *қызыл* түсінен *жүріңіз, жасылы* арқылы *тоқтаңыз, сарысынан дайындалыңыз* дегенді түсінеміз. Бұл жердегі әрбір таңбаның тілде қабылданған мағынасы болғандықтан, біз осындай әрекеттерге барамыз. Таңба мағыналық мазмұнға ие категория. Егер адресант пен адресат арасындағы код дұрыс декодталмаса, ол коммуникативтік қызметті атқара алмайды. Мысалы, детективті шығармаларда *келісімнің бұзылғанын* «терезенің алдына гүл қою» арқылы жеткізсе, қарапайым тұрмыста көбірек *күн сәулесі түсіп, гүліміз жақсы өссін* деген тілекпен терезенің алдына қоямыз. Демек, таңба құпия хабарды жеткізуде де маңызды қызметке ие. Кез келген жасанды таңба алдын ала белгілеп қойылған бір ғана ақпаратты жеткізеді, коммуникативтік қызметте пайдалану үшін адресат пен адресанттың арасында оның мағынасы жайында келісім болуы шарт.

Осы сияқты түрлі шартты белгілер соғыс уақытында жиі кездесіп отыратындығын соғыс жайлы жазылған шығармалардан аңғаруға болады. Мысалы: *Парашютты тез жиып үш рет сигнал береді. Біз де сол сигналды беріп орнымыздан тұрып, үлкен жерден келгендерді қарсы алдық* (Қ.Қайсенов). Осы сөйлемдегі «фонардың қызыл түсті жарығы» — солдаттардың табысу белгісі. Бұл жерде де солдаттар өздерінің межелі жерге келгендіктерін жолдастарына хабарлап тұр.

Мысалы: *Бір ағашты керосинге малып тұтатып алды да, терезенің форточкасынан үш рет жарқ еткізді* (Б.Майлин).

Сөйлемдегі «үш рет жарық жағу» белгілік сипатқа ие. Бұл жерде де солдаттар өздерінің тұрған жерін басқаларға «үш рет жағылған жарық» арқылы жеткізіп отыр.

Тағы бір мысал: *Бір кезде Ленаның аяғы жіңішке сымға тиіп кеткенін сезіп, сымды ұстап көрді де, қатты өкінгендіктен басын шайқап, Нинаға соңымнан ер дегендей қолын бұлғап белгі берді де, жүгіре жөнелді* (Қ.Қайсенов).

Бұл сөйлемдегі «сым» белгілік қызметке ие, себебі сымның қозғалуы арқылы жақын маңда жау солдаттарының бар екенін анықтаған.

Осы сияқты, бір күні өрістен қайтқан малды жайғап болып, кешкі асты алдымызға енді ала бергенде электр шамы жалп-жалп етіп, сөніп жана бастады.

– Кино! — деп, үйдегілер қуана шу ете қалды.

— *Қайдағы кино? — деп шамға таңдана қарап ем, бәрі ду күледі. Үзіндідегі электр шамының жалп-жалп етіп, сөніп-жануды киномеханиктің: «Ауылға кино әкелдім, соны көруге келіңдер!» — деп шақырған белгісі екендігін шығарма контексінен аңғаруға болады.*

Аталған мысалдар белгінің қарым-қатынас құралы екендігін дәлелдей түседі.

Ғалымдар таңбаларды бірнеше түрлерге бөлген, соның бірі — дыбыстық таңбалар. Ысқырықтың таңбалық қасиеті туралы Г.Қамашева былай дейді: «Барабан арқылы тілдесу Батыс, Шығыс және Орталық Африка халықтары кеңінен қолданады. Алайда «барабан тілі», «ысқырық тілі» деген ерекше дербес термин жоқ, осындай айрықша тәсіл арқылы белгілі бір халық немесе тайпа өкілдері өз ойын ерекше өздері ғана білетін белгімен жеткізеді. Қазақ халқы барабан мен ысқырықты арнайы қолданбаса да, мал қайырғанда бос кәуектерді даңғырлату, әлдекімді шақырғанда, әлденеге таңғалғанда ысқырып жіберу, халық назарын аудару үшін керней (немесе басқа үрмелі-соқпалы музыкалық аспаптарды) қолдану, қауіпті жағдайды ескерту үшін (мәселен, жаудың келе жатқаны жайлы) немесе жорыққа аттануды, сонымен бірге ұрыстың аяқталғаны жөнінде ескерту мақсатында дабыл қағу да кездеседі» [8; 89].

Мысалы: *Тамақ жеп ел аяғы басылғанда, Жүсіп мұның үйінің алдындағы қос теректің түбіне келіп жылқышы құс сияқты ысқыратын* (Е.Қ.). Осындағы «ысқырық» Салтанат пен Жүсіптің табысу белгісі болса, ал халықтың түсінігінде «жылқышы ысқырса, су тасиды» деп деген мағынаға ие. *Аз уақыт өткен соң, біздің барлаушыларымыз көкек болып белгі бере бастады* (Ө.Шәріпов). Осындағы «көкек болып белгі беру» келісілген жерге жеттік дегенді хабарлап отыр. Ысқырықтың құпия тілдесу мақсатында қолданылғанын дәлелдейтін тағы бір дерек: *Алексей кешке таман есік алдына шығып, өздерінің келген атына шөп салып жүрген болатын. Кенет біреудің ысқырғаны естілді. Аты үркіп бір бүйірге жалт беріп еді, Алеша шылбырынан тартып жібермеді. Айнала мүлгіп тұр. Тып-тыныш атына шөп салып болып, үйіне қарай жүре бергенде ысқырық тағы естілді. Алеша тоқтап, жан-жағын байқап, біраз тұрды. Сонан соң: «Біздің адамдар болса, ысқырып белгі бермесе керек еді ғой» — деп ілгері қарай жүре беріп еді. Дуалдан топ етіп жерге түскен біреудің сыбдыры естілді. Біреу орысшалап тоқта дегендей болды. Жалт қараса еңгезердей біреу дәл қасында тұр.*

— *Сен не қылған адамсың? Кім керек,* — деді Алеша.

— *Сендер жатқан үйге неміс солдаттары түсіпті дейді. Сен екеуіңе жанымыз ашып, басқа бір үйге орналастырсақ деген оймен келіп едім,* — дейді әлгі жігіт.

— *Олай болса, «мен келе жатырмын» дегендей неге ысқырасың, кімге ысқырдың?*

— *Көшенің екінші бетіне бір жолдасымды тастап, өзім дуалға шығып, біреу қораға шығатын болар деп күтіп отырғанмын. Ысқырғаным «шықты» деп жолдасым белгі бергенім ғой.*

— *Екінші рет неге ысқырдың?*

— *Екінші рет жолдасым «кете бер»,* — деп хабарладым.

Біріншіден, бұл контекстен байқайтынымыз, екі адам «ысқырық» арқылы қарым-қатынасқа түсіп, яғни, біреудің сыртқа шыққаны туралы ақпаратты жеткізсе, екіншіден, «ысқырықты» адамдар басқа мақсатта да қолданатынын аңғардық. Себебі Алеша мен оның тобындағылар арасында бұл «мен келе жатырмын» деген ақпараттың белгісі.

Мысалы: *Біреудің орман ішінде жүрген тысыры естілді. Шура көзін алмай, маңайын бақылап отыр. Арқасында жүгі бар, біреу дәп алдындағы дәу қарағайдың түбіне келіп отырғандай болды. Шура тоқылдатуын қайта бастады. Әлгі кісі орнынан тұрып, тура Шураға қарай жүрді. Ол радист Петька екен* (Ө.Шәріпов).

Бұл сөйлемдегі «тоқылдатып дыбыс беру» солдаттардың табысу белгісі сияқты.

Тағы бір мысал: *Қарабас фарфор кесені ағаш қасықпен қаққылап белгі берді* (Жұлдыз. — 2003. — № 12, Ордалы жылан. — 15-б.). Қарабас «фарфор кесені ағаш қасықпен қаққылап» өзінің келгендігін білдіріп тұр.

Құпия тілдесімнің тамаша үлгісі болып табылатын «ысқырық» туралы американдық лингвист Дж. Коуэн мынадай оқиғаны айтады: *Бірде ол Эйсебио деген индеецтің үйіне келіп, амандасып, хал сұрасып болып жатқанда, Эйсебио таудың етегімен қап арқалап келе жатқан адамды ысқырып шақырады. Екі индеец ысқырып біраз уақыт «әңгімелеседі». Кенеттен қап арқалаған адам Эйсебионың үйіне қарай бағыт алады. Келіп, қабын ашып Эйсебиоға көрсетеді, Эйсебио үндеместен үйінен ақша алып шығып береді де, қапты үйіне енгізіп алады.*

Дж. Коуэн Эйсебиодан ысқырықтың мәні жайлы сұрастырып, оны жазып алыпты. «Не әкеле жатырсың?» — деп ысқырып сұрапты үй иесі. «Мен бір қап жүгеріні алып Тенангоға бара жатырмын», — депті қап көтеріп келе жатқан адам. — «Сен Тенангоға жүгеріңді сатқалы бара

жатырсың ба?» — «Иә, мен оны базарға апарып сатамын». — «Қаншаға сатпақшысың? Маған сатып кетші». — «Бір қап жүгеріге 2 доллар 50 цент сұраймын». — «Мен саған 2 доллар 25 цент берейін. Маған қалдырып кет». — «Бара жатқан жерімде мен оны бұдан да қымбаттырық сата аламын». — «Алыс жолда шаршайсың ғой». — «Жақсы, сатып ал. Қазір мен саған көтерілемін». — «Ақшанды қолма-қол аласың» [8]. Ендеше, бұл келтірілген тілдік деректер бізге «ысқырықтың» құпия хабар алысудың құралы екенін байқатады. Адамдар «ысқырық» арқылы алдын ала келісіп, түрлі ақпаратты жеткізуі мүмкін. Тек оның астарында не жасырылғанын шешкенде ғана оның мағыналық кілтін таба алады.

Осы сияқты сабақтың басталғаны немесе аяқталғаны немесе жұмыс уақытының аяқталғаны жөнінен хабар беруде де дыбыс белгілері қолданылады. Адамдар арасында бұл сияқты дыбыс тілінен өзге хабар, пікір алысу құралы жеке адам не, ел басына күн туған тұстарда орын алған.

Мақаламызда сол ата-бабаларымыздың, күнделікті қатынаста қолданған жасырын түсінісу амалына талдау жасадық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілі энциклопедиясы. — Алматы, 1992. — 36-б.
- 2 Головин Б.Н. Вопросы социальной дифференциации языка // Вопросы социальной лингвистики. — Л.: Наука, 1969. — С. 22.
- 3 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М.: Сов. энцикл., — 1966. — С. 12.
- 4 Аяпова Т. Сөйлеу онтогенезі. — Алматы: Раритет, 2003. — 280 б.
- 5 Жирмунский В.М. Марксизм и социальная лингвистика // Вопросы социальной лингвистики. — Л.: Наука, 1969. — С. 148.
- 6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. — Алматы: Ғылым, 1999. — 26-б.
- 7 Момынова Б., Бейсенбаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2003. — 4-б.
- 8 Қамашева Г.К. Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары. — Астана, 2007. — 19–28-б.

А.Н.Муратова

Передача скрытого значения при помощи знаков, невербальных средств и жаргонов

В статье рассмотрен процесс создания тайного языка как явления индивидуального, характерного только для некоторых членов общества. Тем не менее некоторые моменты данной проблемы имеют и государственное значение. Слова, имеющие общеупотребительное значение, в малой группе используются в другом значении. Для сокрытия, для того, чтобы сделать смысл высказывания непонятным другим лицам, используются определенные языковые единицы. Автор, опираясь на труды ученых, изучив невербальные средства, жаргоны, знаки и символы, используемые для создания тайного языка, сделал собственные выводы.

A.N.Muratova

Transfer of the hidden value by means of signs, nonverbal means and a slang

In this article author considers the process of creating secret language as an individual phenomena, which is typical only for some members of society. However, some aspects of this problem have even state, governmental meaning. Some words with general meaning have different certain concepts in small group. For hiding the true meaning of the phrase there are used certain language units. According to scientific words researcher makes his own conclusions by investigation un verbal facilities; uses outdated words, signs and symbols for creating his own secret language.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

Алаштың алдаспан ақыны Мағжанның поэзиясы — өлмес-өшпес мәңгіліктің жыры

Өткен ғасырдағы қазақтың ұлы ақыны және көрнекті саяси қайраткері Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасы зерттелген. Оның туған елінің тарихын терең білетіндігін, адамдар арасында сирек кездесетін оқымыстылығын және өзіндік ой толғау қабілетін білдіретін шығармалары талданған. Ақынның поэзиядағы орыс символизмінің ықпалының әсерімен жазылған өлеңдері талданған. Шығармашылық үдерісі кезінде дүниеге келген философиялық ойларды жалпылаудың маңызы ашылған. Ақынның әйгілі «Түркістан» атты шығармасына ерекше көңіл бөлінген. Мақала авторы Мағжанның жас кезіндегі таңдауын — ұлы өнерді — әрқашан берік ұстанғаны жөнінде қорытынды жасаған. Оның өз халқынан өзіндегі барын — ақылын, жүрегін, арманын, айрықша талантын — аямағаны көрсетілген.

Кілтті сөздер: Мағжан Жұмабаев, Алаш, ұлы ақын, поэзия, әдеби мұра, символизм, өлең, ой толғау, шығарма, философиялық, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, шығармашылық.

Kipicne

Қазақ халқы қазіргі азаттығына жету жолында небір нәубеттерді, есепсіз қиянат, мехнат-азаптарды басынан өткерді. Азаттық жолы ауыр болды. Қазақ елі талай ұлыларынан айырылды. Солардың бірі — поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен қолтаңбасы бар, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесімен азаттықты кейінгіге аманат етіп қалдырған кемеңгер ақын, жалынды қоғам қайраткері Мағжан Бекенұлы Жұмабаев.

Данышпан Абайдан кейінгі дәуірдің дарынды ақындарының бірі — Мағжан Жұмабаевтың жиырмасыншы ғасырда алар орны алабөтен екені елге аян. Мағжан поэзиясындағы рухшыл әуен қазақ халқының ой-санасында ғана шектеліп қоймай, бүкіл Түркі дүниесіне жол тартқаны көңілімізге әдемі мақтаныш сезімін құяды. Өйткені Түркі поэзиясында рухтық космосты, ғалам отын біріктірген ақын жалғыз Мағжан болғаны ақиқат. Бұны біз, әсіресе, оның «Пайғамбар» деген тамаша өлеңінен [1; 51,52] айқын аңғарамыз:

*...Ерте күнде отты Күннен Гүн туған,
Отты Гүннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.*

*Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.*

Әлем әдебиетінде айшықты орын алғандар: А.Пушкин, Л.Толстой, Н.Рерих, Е.Бловацкая, У.Шекспир, Гете, Гейне, Данте, А.Бизинт, А.Хооф, Ш.Биндо және т.б. Бойларына рухтың отын зілдеген бұлардың қатарында Мағжан Жұмабаевтың да орны бар. Қасиетті Түркіге, өзі сүйген Қазақ халқына ақиық ақын рухшыл поэзияны көркем түрде жеткізе білді. Ол өзінің отты, патриоттық жырларымен сол кездегі елін, оның бүгінгі ұрпағын үгіт-насихат өлеңдерімен өткен ғасырда-ақ бүгінгі бостандыққа дайындап кетті.

Қазақтың түрікшіл ұлы ақыны Мағжанның поэзиясындағы түрік тақырыбы

Ақын түрік тақырыбын бірінші рет «Шолпан» жинағына 1912 жыл шамасында енгізілген «Орал тауы» деген өлеңінде қарастырған. Бұдан кейінгі уақытта бұл тақырып сан жағынан да, сапа жағынан да дами түскен. Олар — «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал» өлеңдері.

Мағжан Бекенұлы өзінің жырларында қазақ халқының өткен тарихи жолына көп көңіл бөлген. Өз халқының ежелден келе жатқан батырлық, намысқойлық, елін, жерін шексіз сүйетін, қорғай білетін қасиеттерін «Жер жүзіне...» деген толғауында ерекше айтып өткен.

М.Жұмабаев өз халқының көне тарихын жетік білуі қазақ елінің алыптары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаевтардан кем түспейді. Тіпті, бұл жөнінен оны солардың ізбасары деуге кәміл болады. Ақынның жүрегі сергек, ақылы сара, қиялы өткір. Оны біз «Қызыл жалау» жырынан [1; 188–189] байқаймыз:

– Жалынды жалау кімдікі?	<i>Арбаңдаған Азия –</i>
– «Тұрағы тарғыл тас қия	<i>Жалындай жалау соныкі –</i>
<i>Ендеше, қазақ, сенікі!»</i>	<i>«Басқа тәңірім жоқ», — десе,</i>
– Қызыл шоқ жалау кімдікі?	<i>Қызыл шоқ жалау соныкі.</i>
– Кім де кім: «Тәңірім — от», — десе,	<i>Ендеше, қазақ, сенікі!</i>

«Қызыл жалау» неге қазақтікі болды? Мағжан осы сөздің астарын қазады. Оның дәлелдеуінше, «Жалынды жалау» — Азиянікі. Өйткені қазақ өзі от жаққан отауы, мемлекеті болуын аңсады. Сол үшін жаулармен жағаласып, «шикі қан жұтысты», «ақ табан шұбырынды» болды. «Қанды жас жалау» да қазақтікі. Өйткені жерін қорғау үшін қасық қаны қалғанша арыстан туған ұлдары жанын берді, артында жетім балалары мен тұл болып күніреніп әйелдері қалды. Ұлан-байтақ қазақ сахарасы жесірлердің көз жасымен, ерлердің қанымен жуылған. Сондықтан жалаулары «қанды жас жалау», «өртенген жалау», «азаттық жалау» да — қазақтікі.

Қазақ соғысты қаламаған. Бірақ, өкінішке орай, қаласын қиратып, бағын өртеп, даласын жаулары шаңға бөктірген. Қаһарлы Шыңғыстың, Қокан, Хиуа хандықтары, қалмақ қонтайшысы, қытай айдаһарлары, орыс отаршыларының да көкейін тескені — асты кен, үсті — жәннат Қазақ даласы. Бай өлкенің кедейшілікке қонысы қонып, құнарлы даланың гүлі семіп, орманын от аймалауы сондықтан. Демек, жау қандай тегеуірінді, азулы болса, оған қарсы айкасып, кемдігін сездірмей, теңдігін тартып алуға ашына айқасқан халықтың «азаттық жалауы» айбындырақ, жігері берік, сенімі нық [2].

Мағжан қазақ халқының шығу тарихын «Түркістан» деген публицистикалық-философиялық дастанында [1; 173–176] тереңнен тартады. Ертедегі түріктің даңқты тарихы мен ұлы қайраткерлерін асқақтата жырлаған бұл шығарма тек қазақ емес, күллі түрік халықтары әдебиетінде де ерекше құрметті [3]. «Түркістан» — түрік дүниесін ынтымаққа шақыратын еңбек. Бұл толғауда қаншама түрік тарихы қозғалып, нешеме астарлы ой айтылған:

1. Алғашқы шумақтың өзінен-ақ Түркістан аталған ұлы елдің де, қаланың да мәні бірігіп, тұтастыққа ие болғаны байқалады.

2. Ақын «Түркістан» деген термин-сөздің түсінік шеңберін келесідей анықтайды.

3. Дастанда «Тұранның» тарихы, көлемі мен көркі былай сипатталады.

4. «Тұранның» ұлы перзенттерін бүгінгі қауымға өнеге етіп көрсету Мағжанның ел еңсесін көтерсем деген өр мақсатына, асыл мұратына орайлас.

5. Адамзаттың ақыл-ой алыптарының қатарында тұратын ғалымдар туралы да ақын мынадай айшықты сөздер төгеді.

6. Қазақ хандығының құрылуы және халқымыздың өз егемендігі үшін күрескені, оны бастаған ел басшылары туралы деректерді дастанның мына шумақтары дәлелдейді.

7. Шығармасының ақырында М.Жұмабаев «Тұранның» бел ортасындағы Сарыарқа, қазақтың қаһарлы хандары, Алаштың астанасы жөнінде арнайы тоқталады.

Бұл шумақтарға көп мағына сыйған. Алты Алашқа «кебе болған» Түркістан қасиеті бір жол өлеңде тамаша тапқыр ашылған. Ақын қазақтың бірталай хандарын (Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке) атай келіп, Абылай мен Кенені бөліп көрсеткен. Бұл екеуінің алғашқысы қазақ мемлекеттігін нығайтушы болса, екіншісі сол мемлекеттің іргесін қайта көтеру үшін арпалысып жүріп мерт болғаны тарихтан мәлім. Ақын Кенесары мен Абылайдың ұстанған жолы қазақтың ізгі мұраты екенін арнайы бөліп айтқан [3; 9].

Белгілі жазушы, ғалым Қ.Ергөбек Түркістанды жырлаған қазақтың ұлы ақыны туралы өз ойын былай тұжырымдайды: «...Түркістан мұхтариятын» (мемлекетін) құрушының бірі — Мағжан Жұмабайұлы! Қолында қаламы жоқтары әлгіндей «доносымен» қалды тарихта, ал қолында қаламы, жүрегінде оты, жанында түріктік рухы бар Мағжан Жұмабайұлы асыл-ақық жырларымен қалды тарихта. Ол жырдың тамаша үлгісі — М.Жұмабайұлының «Түркістан» өлеңі... Әдебиет пен өнер — қашанда ұлттың, ұлт мұрындық болатын мемлекеттің жақсы істерінің көрсеткіші, тіпті насихатшысы, жаршысы. Сырт жұрт, шет ел — біздің экономикаға қараса қарайды, қарамаса, қандай өнері бар соған қарайды. Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» аталатын өлеңі — өлең өнерінің бір биік шыңы...» [4]. Күллі түрік дүниесінің тағдыр жолдарын шолған осы керемет шығармасымен М.Жұмабаев өзіне өшпес мұнара соғып кетті. Жер бетінде түрік баласы аман тұрғанда (қазақ — түріктің бел баласы) Мағжандай ұлы ақынның атойлаған туындысы өлмейді, мәңгілік жасай береді.

Мағжанның махаббат лирикасы

М.Жұмабаевтың махаббат лирикасын дамытудағы еңбегі ерекше. Оның осы тақырыпқа арнаған өлеңдері өзінше бір төбе. «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «М-ға», «Ф-ға», т.б. өлеңдерінде ақын аса шабытпен үзілте жырлаған. Мысалы, «Сүй, жан сәулем» деген өлеңінде [1; 94]:

*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.*

*Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына, —*

дейді Мағжан ағынан жарыла.

Жас ақын «Сен сұлу» атты толғауында [1; 96] лапылдап тұрған сезімін, жандырып жіберердей лебін, ынтыға үзіліп тұрған махаббатын әлі келгенше асыра жеткізеді:

*Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда нажағай сұлу.*

*Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.*

Ақынның «Шолпы» өлеңінің жолдарын оқығанда [1; 95] әрбір адамның (кәрі болсын, жас болсын) құштарлық сезімі қылып етпей қалуы мүмкін емес, десек, кім таласа алады. Мағжан сөздері адам ой-сезімін өзіне баурап, сыңғырлаған сұлу дыбыс шығарады.

Мағжанның махаббат лирикасының шоқтығы Гүлсім сұлуға арналған өлеңдер. Бұл циклден екі жастың небір ғашықтық дастанға бергісіз махаббат тарихын зор тебіреніспен оқисың. Гүлсім мен Мағжанның махаббаты қазақ поэзиясына не әкелгеніне назар аударғанда, ең алғашқы өлең — «Гүлсім ханымға» деп аталғанын көреміз [1; 109]:

*Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!*

*Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед —
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!*

Бұл өлеңнің тарихы мынандай [5]: «1920 жылы Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер курсына Мағжан әрі директор, әрі мұғалім болып қызмет істейді. Сол кезде Башқұртстаннан Мичурин деген ауқатты кісі жақында ғана үйленген Гүлсім деген жас әйелімен көшіп келеді. Гүлсім Мағжан басқаратын курсқа математикадан сабақ беретін мұғалім болып орналасады.

Гүлсім курсқа келгеннен бастап өзінің асқан сұлулығымен, оның үстіне ерекше тәкаппар мінезімен жұрттың көңілін өзіне аударады. Ол ешкімге сәлем де бермей, берген сәлемін де алмай, тіп-тік шығып кетеді екен. Бір күні Мағжан оқушылар бөлмесіне кіріп келсе, Гүлсім бір столдың жанында жалғыз отыр екен. Кіріп келген Мағжанға селт етіп қарамайды да. Мағжан Гүлсімге қарама-қарсы отыра қалады. Бірдеңе айтқысы келіп оңтайлана бергенде үй сыпырушы татар әйел кіріп келіп: «Гүлсім ханым, сізді телефонға шақырады», — дейді. Гүлсім шығып кетеді. Мағжан столдың үстінде қалып қойған Гүлсімнің қалың дәптерін көреді. Дәптерді алады да оның бір бетіне табан астында шығарып осы 8 жол өлеңді жазады». Өкінішке орай, ақынның Гүлсімге арналған өлеңдері — Мағжанның бітеу жарасы, орындалмаған арманы.

Мағжанның түсінігінше, махаббатты жырламаған ақын — жабайы адам, ал «сүйе білмеген жүрек — қуыс кеуде». Сондықтан да ол өзі қалай сүйсе, өзгеден де соны қалайды. Сезімнің бір жақты болмауын тілейді. Осыны біз ақынның махаббат туралы күшті өлеңдерінің бірі «Жұлдызды — жүзік, айды алқа ғып берейінді» [1; 161] оқығанда түсінеміз:

*Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.*

*Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды-жүзік, Айды алқа ғып берейін.*

Мағжанның бұл шығармасында махаббатқа Абайша, қазақша қарайтындығы да байқалады.

Сонымен, махаббаттың ұлы сезіміне бойлауда әйгілі ақын өлеңдерінің берері мол. Мағжан шын махаббатқа сенеді. Оның жүрегі сезеді. Ол махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Махаббат не?» деген өлеңінде [1; 143–144] жалпы махаббат туралы ойын былай тұжырымдайды:

<i>Махаббат — бір тікенек</i>	<i>Дүниедегі у мен шу</i>	<i>Ішер жүрек, төгер жас!»</i>
<i>Жүрекке барып қадалар.</i>	<i>Сүймесе жүрек, дариға,</i>	<i>Махаббат — бір тәтті у,</i>
<i>Бақытсыз ғой бұл жүрек,</i>	<i>Өлер жүрек, қансырар.</i>	<i>Бал тілімен сүйсе жар.</i>
<i>Тамшылап одан қан ағар.</i>	<i>Махаббат — бір тәтті у,</i>	<i>Ішер жүрек, болар мас.</i>
<i>Тез жазылмақ бұл жара,</i>	<i>Мас жүректі оятпас.</i>	

Мағжанның пайымдауынша, көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздықта зарыққанда ем болатын — жалғыз ғана махаббат. Адам шын сүйсе, махаббат — жүректі жаралайтын тікенек. Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі. Махаббат — ол бір тәтті у. Міне, дарабоз ақынның махаббатқа деген көзқарасы осындай.

М.Жұмабаевтың махаббат тақырыбында жазған өлеңдерін оқып қаныққан адам нағыз нәзік лиризмнің сиқырын сезінері анық.

Қазақ әдебиетінде табиғат лирикасын ақынның ерекше жырлауы

Мағжан Бекенұлы өмірде бәрі өзгереді, өзгермейтін — табиғат деп білген. Оған еш нәрсені теңгермейді. Теңгерсе тек аса қадірлі жоғарыда айтылған махаббаттай асыл қасиетті теңгереді. Ол табиғатты жырласа, пәк нәрестеге, болмаса сүйген жарға теңеп жазады. Ақын табиғатқа жан бітіреді. «Жазғы таң» деген өлеңінде [1; 20, 21]:

<i>Жып-жылы түн маужырап,</i>	<i>Қосылысып есен-сау</i>	<i>Шырылдап торғай аспанда,</i>
<i>Көтерілген жерден бу.</i>	<i>Бал алысқан құмармен.</i>	<i>Бытпылдығы ән қосып</i>
<i>Саф күмістей жарқырап,</i>	<i>Ақырын ескен жылы жел</i>	<i>Шала-жансар жатқанда</i>
<i>Тыныш жатыр тұнық су.</i>	<i>Маужыратып, тербетіп, —</i>	<i>Табиғатқа жан қосып...</i>
<i>Көкке тиген биік тау</i>	<i>Таң атсын деп жайнап гүл</i>	
<i>Құшақтасқан тұманмен, —</i>	<i>Өсіп балам ер жетіп.</i>	

деп, тау мен тұманды ғашық жарларша құшақтастырып қояды. Біздің қазақ әдебиетінде Мағжан табиғатты өзінше жырлаған.

Ақынның жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге астасып жатады. Сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттер көз алдына келеді. Сөз шеберінің құдіретті шабытымен кестеленген түпкі мағына сурет болып санаға еніп, сезімді қалай билеп алғанын білмей де қаласың.

Мысал ретінде данышпан ақынның «Жазғы жолда» деген өлеңіне [1; 138, 139] көңіл аударарлық:

<i>Дала. Дала. Сар дала!</i>	<i>Дүниені тылсым билеген.</i>
<i>Жапан тұзде бір қара.</i>	<i>Ыңыранғандай әлдекім,</i>
<i>Келем жалғыз, жаяуым.</i>	<i>Жылай ма екен әлде жын?</i>
<i>Жаныма ерген жолдас жоқ,</i>	<i>Перілер ме күйлеген?</i>
<i>Төрт жағым дала — жер де көк.</i>	<i>Созылып ұйықтап бел жатыр,</i>
<i>Жылауға да таяуым.</i>	<i>Төсін керіп көл жатыр,</i>
<i>Шілде. Оттай ыстық күн,</i>	<i>Тыныш тәтті түс көріп.</i>
<i>Дала — өлік. Жоқ бір үн.</i>	<i>Суға — айнаға қаранып,</i>
<i>Жер де жатыр тұншығып.</i>	<i>Салқынша леппен таранып,</i>
<i>Жол жыландай иірілген,</i>	<i>Қамыс та тұр тербеліп.</i>
<i>Шаң ерініп, үйірілген.</i>	<i>Толқынға толды төрт жағым,</i>
<i>Ешбір леп жоқ, тып-тымық.</i>	<i>Әлде жүзген бұл сағым</i>
<i>Көкте жалғыз бұлт жоқ,</i>	<i>Көл ме? Көшкен шаһар ма?</i>
<i>Көктің түсі қызғылт көк.</i>	

Бұл туындысында жол, дала, аспан, бұлт — бәріне де жан біткен. Олар адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. Адам мен табиғат арасы осы өлеңде ажырамас бірлікте тоғысқан.

Поэзия шеберінің «Қысқы жолда» деген өлеңі [1; 137, 138] де осы сипаттас:

<i>...Ызғарлы жел долданып,</i>	<i>Кейде қатты ысқырып,</i>	<i>Біресе сақ-сақ күледі.</i>
<i>Екі иінінен дем алып,</i>	<i>Аңдай ұлып бір мезгіл,</i>	<i>Кейде кенет баяулап,</i>
<i>Ішін тартып осқырып,</i>	<i>Екі санын шапақтап,</i>	<i>Жер бауырлап жаяулап,</i>

*Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыбырлап,*

*Жерді жапқан кебінді,
Сүйіп ақырын құшақтап.*

«Әпсүн» оқып үреді.

Мұндағы екі иінінен дем алып, «ішін тартып», «жер бауырлап», «жаяулап», «аузы-басы жыбырлап», «жерді жапқан кебінді сүйіп» деген тіркестер өлеңге қаншама нәр, сыр беріп тұрғаны түсінікті.

Ал, «Сүйемін» деген керемет толғауында [1; 78, 79] Алаш деген елін, табиғаты қуаң Сарыарқа деген жерін, өзі де «неге екенін білмей», сүйетінін ақын былай жырлайды:

*...Үйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,*

*Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол елімді сүйемін!
Сағымы сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс — ақ кебін, жаз — сары.*

*Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы.
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін —
Сол Арқамды сүйемін!*

Мағжан Жұмабайдың суреткерлік құдіретін көрсететін сиқырлы өлеңдерінің бірі — 1915 жылы жазылған «Толқын» деген туындысы [1; 135, 136]:

*Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.
Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,*

*Жыландай жүзге бұралып.
Жарға жетер ентелеп.
Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.
Күміс кәусар суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.
Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жартасын,*

*Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны — күлгені,
Күлгені оның — өлгені,
Жылай, күле өледі.
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады.*

Осы шығармасында Мағжан толқын суретін бергенде, тек дыбыс қызықтап, дыбыс қуалап, әйтеуір бір көріністерді жай тізе бермеген. Толқынның бір қалыпты қимылын, өзгерісін беру үшін ақынның өлеңі толқын қозғалысы тәрізді бір қалыпты ырғаққа бөленіп тұр. Бұл ырғақты «толқын» сөзінің қайталануы да одан әрі ойната, ширата түседі [6; 144].

Ақынның толқынды жандандыру, оның әрі жылауын, әрі күлуін беру, «жарына бал береді» деп алғаннан кейін, іле оның өлетінін әйгілеу — бәрі де өлең әсерін күшейтеді. Осылайша дыбыс, қимыл әсемдігі, табиғатқа адам қимылын дарытып, жандандырудан туған ой әсемдіктің әсем ғана емес, өткінші екендігіне де ден қойғызады. Сөйтіп, әсемдік әрі әсем, әрі өткінші деген идеяны Мағжан өзіндік бір әуезділікпен, ырғақпен, нәзіктікпен бере білген.

Тұтасымен алғанда, табиғаттың төрт мезгілін жырлаған өлеңдерінде ақын өзінің сыршылдығымен, нәзік толғағымен, биік парасатымен, сүйсіне біткен сұңғыла, қиялшыл қасиетімен көзге түседі. Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кем де кем. Ақынның қай өлеңінде болса да лирикалық қаһарман табиғатпен астасып кетеді. Барша тамылжыған табиғат оның көңіл-күй сандығының пернелерін басқандай сайрайды.

Мағжанның философиялық лирикасы

Ақиық ақынның поэзиялық бағынан философиялық лириканың үздік үлгісін де кезіктіреміз. Әсіресе, оның 1920 жылы жазған «Жан сөзі» деген керемет өлеңінде [1; 151–154] өз аяулы тағдырының қандай трагедиямен аяқталатынын күні бұрын болжап білгендей сияқты:

*...Енді бір ай — жиырма жеті жас толады,
Отыз, қырық... Сарғаяды, жүз солады.
Жыл соңынан жүгіріп жыл озады,
Кеудеге күн-күн сайын шер толады.
Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,
Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.
Жастық — у зой, айнымай у ішіппін,
Бұл күндерде кеудені ой кернеді.
Ақылға кеш айналдым, қараң күнім,
Бір күні құшағына алар өлім.
Қара жерді құшақтап мен жатармын,*

*Сол кезде не деп мені сынар елім?
«Жел еді, желді жыр ғып өтті!» — дер ме?
«Есалаң сүйіп еді шоқты!» — дер ме?
«Ойы жоқ, ессіз отты тәңірі көрген,
Тұншығып жат, есерім!» — деп күлер ме?!
Болмаса: «Қызыл гүл ед, солды!» — дер ме,
«Сермен ед алтын Айға қолды!» — дер ме?
«Қажымай Айға шапқан арыстан ед,
Сабаз-ай, сол жолда мерт болды!» — дер ме?
«Күн еді — өмір бойы күлді!» — дер ме?
«Күн еді — сүймеуші еді түнді!» — дер ме?*

«Күн еді, күндей айқын күле білді,
Сол күлумен ақыры өлді!» — дер ме?!
«Сұлулықтың асығы — жырышы!» — дер ме?
«Жүректің сырын шешер сыршы!» — дер ме?
Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
Басыма келіп: «Ақыным, тұршы!» — дер ме?
Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Мағжанның бұл туындысы бүгін де оны оқыған жанның сай-сүйегін сырқыратады.
Мағжан Бекенұлының ерекше бір өлеңі — «Қазақ тілі» деген туындысы [1; 59, 60]:
Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр — бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.
Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Мейлінше сезгіш ақын ана тілінің басына түскен апатты сол 1913 жылдың өзінде-ақ сезіп, нақ бүгінгі күні біз шырылдап жүрген жайларды жырлап отырғандай. Мұның пайғамбарлықтан несі кем.

Мағжанның тұрмысқа көңілі толмаған. Ол өмірден көп қиындық көрген. Мұң-зарға көп салынған. Сондықтан да тіршілікте қызық бар деп сенбеген. «Алдамшы өмір» деген өлеңінде былай толғанған [1; 147]:

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
Өмір, шіркін, шамдай ақырын сөнеді.
Қара қайғы қалыңдады тым бүгін,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.
Өмір, шіркін, шамдай ақырын сөнеді,
Алтын үміт тотығады, өледі.
Кешегі күн — қойнымдағы сұм қиял,
Бүгін алыс менен, сылқ-сылқ күледі.

Мағжанның осындай философиялық лирикасында күйректілік сарын басым. Мысалы, «Толқындап ойнап» атты шығармасында [1; 131, 132] ақын өмірді асау толқын етіп суреттейді:

Толқындап ойнап, құтырып,	Жас балапан жүрегім,	Көгіңде бір — қара көк,
Көбігін шашып, өкіріп,	Десе де табам керегін,	Тұңғиық теңіз, түбі жоқ,
Шапшып көкке лепіріп,	Көріп теңіз тереңін,	Ойнап тұрған көзі көп,
Қара көк өмір дариясы,	Қайғыға батты тұнжырап.	Не деп жауап береді?
Сақылдап күліп, «Кел!» — деді,	Алтын үміт үзілді,	Көк — бір дария қара көк,
Келіп ем, кешу бермеді.	Тәтті қиял бұзылды,	Жұлдыздан әлі жауап жоқ,
«Не керек, — деп тергеді, —	Көкке тіктім көзімді,	Иште — жалын, жүрек — шоқ,
Сарыарқаның сарбазы?» —	Жұлдыздардан жол сұрап.	Дарига, жаным өледі.

Мұнда да өмірінің соңы — өкініш. Дүлей толқын ішінен шығар жол жоқ.

Мағжан Бекенұлының дүние, болмыс жайлы өлеңдерінің қайғылы мұңды болып келу себебін түсіну қиын емес. Ақын өмірі тұнып тұрған трагедия. Жастайынан туған әкесінен «теріс бата» алған ол өмірден не қызық көреді, «қайда барса Қорқыттың көрінің» кебін киген ақынның өмірге риза болуы мүмкін бе еді? [7; 183].

Бірақ біз «Мен кім?» атты өлеңіндегі [1; 79–80]:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарысың, маған қарсы кім тұрар?
Көкте — бұлт, жерде — желмін гүлеген,
Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?
Көкте — Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,

Молама көз қырын да салмас па екен?
Дарига, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сынышы болсаң, әділ сынышы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!
Мені атама, бұл жүрек — жынды дерсің,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп — күліп, күйіп — көз жасын төгіп,
Жынды жүрек өлді де тынды!» — дерсің.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

Өмір, шіркін, бықсып ақырын сөнеді,
Үміт, шіркін, тотығады, өледі.
Өлді үміт, мен де ұзамай өлемін,
Соққы жеген сорлы жүрек біледі.
Өмір, шіркін, көз алдымда сөнеді,
Қиял — алыс, келемеж ғып күледі.
Өмір сөнсе, үміт сөнсе, не қалды?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Ерігемін — толқып, шалқып, тасамын.
Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.
Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би,
деген романтикалық шумақтарынан ақынның өз күшіне, өз дарынына — керек десеңіз, өзінің өмір тағдырына кәміл сенгенін байқаймыз. «Өмір» деп аталатын толғауында (екінші өлең) [1; 131]:

...Өмір осы — бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
дейді ақын. Мағжанның осы өлеңінің философиялық лирикадағы басқа өлеңдерінен өзгешелігі, мұнда ақын — оптимист. Ол өмірде бақытты күндерінің боларына сенеді.

Ақынның символистік мәнерде жазылған өлеңдері

Ұлт азаттығы күрескеріне қажет өрлік, батылдық, өжеттік қасиеттерге Мағжанның символистік мәнерде жазылған өлеңдері тіптен мәрт. Мысалы, ақынның «Күншығыс» атты өлеңін [1; 53] оқып көрелік:

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күңгірентіп жерді ыңыранишы.
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?
Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,

Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп көз салу —
Қолынан енді келері.
Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанға боялсын.
Оның өлген үнімен,
Қанды батқан күнімен,
Күншығысым оянсын!
Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік,
Желкілдеген туменен,

Жер күңгіренткен шуменен
Қаласына кірелік.
Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.
Мұңдарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік
Күншығыстың нұрына...

Мағжанның бұл еңбегі — қазақ поэзиясының тарихындағы жаңа сөз, соны белес.

Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік білетін Мағжан ақын туған әдебиетімізді әлемдік әдеби процеске қосқан Абай жолын онан әрі дамытып, кеңейте түсті. Мысал ретінде оның «От» атты шығармасын [1; 49–50] келтіруге болады:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім — күнмін, өзім — от,
Сөзім, қысық көзімде — от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі — от.
Оттан басқа тәңірі жоқ.
Жалынмен жұмсақ сүйеді,
Сүйген нәрсе күйеді.
Жымыып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шоқ қылар,
Шоқ қылар да, жоқ қылар.
Мұның аты От болар.
Мен де отпын — мен жанам.
От — сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның.
Жалын жұтам — тез тоям.
Әулием, ием, құтыма,
Теңсіз тәңірім отыма
Әлсін-әлсін май құям.
Май құямын — өрлейді.
Құлашын көкке сермейді.
Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын.
Сескенбес, сірә, кім сенен;
Шынында, менің өзім де — от,
Қысылған қара көзім де — от.
Мен — оттанмын, от — менен,
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын,
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жусанмын.
Жүрегім де, жаным да — от,
Иманым да, арым да — от.
Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем бұғаннан,
Қараңғылық — дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап ұшқанмын,
Әлпіге барғам Алтайдан.
Балқанға барғам Қытайдан...

М.Жұмабаев 1923 жылдан 1927 жылға дейін Мәскеудегі көркемөнер институтының В.Брюсов шеберханасында оқиды. Ол мұнда әлем әдебиеттерімен танысып, Гейне, Гёте, Шиллердің өлеңдерін аударды. Мережковскийдің, Бальмонттың, Блоктың, Есениннің поэзияларына еліктеп өлеңдер жазады. Мәскеуде жүргенде ол «Алқа» әдебиет бірлестігін құру бағдарламасын жазып, онда әдебиет дамуының мәселелерін қалай шешуді және насихаттаудың жолдарын түсіндіреді [8].

Аударма жасау тұсында, еліктеу сәттерінде Мағжан орыс символистерінен өзіне жаңа өрнек, үлгі іздегені аңғарылады. Жаңашылдыққа құмар ақын қазақ құлағына тосын естілетін жаңа тақырыптарды, сөз тіркестерін, ішкі мағынаны іздеп табады. Ол «Біраз Фетше», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңдерін символизммен әуестеніп жүрген кезінде жазады.

Нәзік жанды сыршыл ақын орыс лириктерінің озықтарының бірі Фетті сүйіп оқыған. Ал, «Александр Блок» деген өлеңіне [1; 144, 145] қарағанда, Мағжан орыстың осы ғажайып саналатын ақынын түгел сүзіп оқып шыққан сияқты:

*Александр Блок –
Мәңгі жас жүрек
Үмітін бір үзбеген.
Батып алтын ойға,
Талмай қарап Айға,
«Әдемі әйел» іздеген.
Көрінер деп күнде,
Табылар деп түнде,
Шарқ ұрудан талмаған.
Александр Блок –
Мәңгі жас жүрек,
Қай жерге ол бармаған?
«Әдемі әйел» — идеал,
«Әдемі әйел» — бір қиял,*

*Блоктың басын байлаған.
«Әдемі әйел» — бір гүл,
Блок — бір бұлбұл,
Блок — бұлбұл сайраған.
Сайраған Блок,
Ойнаған жүрек –
Кейде үміт, кейде зар.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр,
«Әйелден» бірақ жоқ ошар.
Күндерде бір күн,
Түндерде бір түн
Улы балды бітті жыр.
Төсекте Блок*

*Көз ашып көред, –
Алдында бір кемпір тұр.
«Әдемі әйел» — идеал,
«Әдемі әйел» — бір қиял,
Идеал, қиял — бір сағым.
Жанады жүрек,
Жылады Блок,
Көріп сөнген шырағын.
«Әйел» — идеал,
Кемпір — ажал
Тұр Блокқа үңіліп.
Сөнді енді өмір,
Бітті енді жыр,
«Әйел» қалды жыр болып.*

Мағжанның түсінігінше, Блок символизм деген ағымның сипатына сыймай, сыртқы кеңістікке кетіп қалған ақын.

М.Жұмабаев өлеңдерінің ішінен ерекше оқшау көрініп тұратындарының бірі — «Мені де, өлім, әлдиле» [1; 154–156]. Бұл туындысында ақын Бальмонттан бастапқы бес-алты жолды олжалайды да аржағын өзінше алып кетеді:

*...Жел; күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі — тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Қара орманның шетінде,
Нағыз желдің өтінде
Өскен жалғыз жас қайың
Былқ-сылқ етіп билеген,
Сылдыр-сылдыр күйлеген,
Болсын онда не уайым?
Сол жас қайың құлапты,
Жаныңда жел жылапты.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Қолына ала ту алып,
Қылышын қанға суарып,
Тау суындай тасыған.
Қарақат көзін қан жауып,
Қабағынан қар жауып,
Ойын салған жас ұлан.
Майданда ұлан қайтыпты,
Жел иманын айтыпты..
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!
Әлдеқайда бетпақ шөл,
Бетпақ шөлде жалғыз жол,
Сол жолменен жалғыз жан
Түн бойы талмай жүріпті,
Табанын тастар тіліпті,
Келгенде атып алтын таң*

*Сорлы шөлде өліпті,
Жел құмменен көміпті.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Бетінен алма қан тамған,
Тілінен тәтті бал тамған,
Бұйра толқын шашы бар,
Күлкісі меруерт шашылған,
Өзі — гүл жаңа ашылған,
Дәл он бесте жасы бар
Сұлу көп жас төгіпті,
Тұншығып жасқа өліпті..
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Талпынған жаңа нәресте,
Ақ қанатты періште,
Былдырлаған бұлақтай.
Көрінген жанды күлдірген,
Жаңа піскен бүлдірген,
Балауса нәзік құрақтай,
Қайтыпты қозы көз туіп,
Бетінен кейде жел сүйіп..
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Алыста айдын шалқыған,
Көбігі меруерт балқыған.
Сол айдыңның астында
Бар екен алпыс ақ отау,
Алтын уық, жібек бау,
Бәрі он алты жасында,*

*Отау сайын толқын шаш,
Толқын шаптар жалаңаш..
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Жаңа біткен балдырған,
Сүйсе мейір қандырған,
Айдынга барып түсіпті.
Отауларды аралап,
Жас жүрегін жаралап,
Сұлуларды құшыпты.
Құшыпты да өліпті,
Жел толқыннан біліпті..
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Балдырғанмен бастасып,
Сұлумен қол ұстасып,
Жас ұланмен жолдас боп,
Жас қайыңды қолға алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
Жолаушымен мұңдас боп,
Мен де тезірек өлейін,
Әлі жаспын демейін,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле..
Әлдиле, өлім, әлдиле!..
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алыс әлдилеп,
Келші, өлім, тезірек.
Жан ұшудан тоқтады,
Жынданып енді соқпады
Кешегі асау жас жүрек.*

*Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыға алшы әлдилеп...*

*Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле...*

Әлдиле, өлім, әлдиле!

Ақынның осы толғауын талдай келе, филология ғылымдарының докторы Ө.Күмісбаев өз ойын былай тұжырымдайды: «Мағжандағы жас қайың, жас ұлан, жалғыз жан, жас сұлу, жаңа нәресте, ақ отау, жалғыз жолаушы Бальмонтта жоқ, бұл детальдер қазақ ақынының өлім тақырыбына әкеп қосқан өзіндік олжасы... Мұндай эмоционалды шиыршық атқан жолдарды сана-сезімге орналастыру үшін дайындық қажет. Мағжан символистер мен Максим Горькийдің арасында жүріп, біраз жайды бағдарлап, шартарапты шарлаған ақын» [9].

Сонымен, М.Жұмабаев шығармашылығын қалай әңгімелесек те, жаһан ақындарының, символистердің әсерін алып тастауға болмайды. Онда толық сөз тумайды.

Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрес — ақын шығармаларының басты тақырыбы

Мағжанның басты сарыны — халықтың мүддесі, оның бүгінгісі мен болашағы. Ақын жас кезінен-ақ халық қамы үшін күресуді өзіне борыш санайды. Алғашқы қадамдарының бірі — «Ләззат қайда?» деген өлеңі [1; 19, 20] — соның айғағы:

*...Ләззатты іздеп, көңілім
Шарқ ұрып, аласұрады,
Қиялым, көлбең қияда,
Сауық пен сайран құрады.
Ләззатты көктем іздемен,
Ләззат алда тұр аңдап:*

*Жүйрік мініп, ит ертіп,
Кетемін қолға қыранды ап!
Шынында, қорек болмас бұл
Аласұрған көңілге.
Оқу оқы, өнер құ,
Басқалардан түңіл де!*

*Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла.*

Иә, ойын, сауық-сайран, ит жүгіртіп, құс салу — бәрі де жанның рақаты. Бірақ жас ақын соның бәрінен бас тартпақшы. Осы кезден бастап-ақ Мағжанның бағдары ерекше.

XX ғасырдың басында машиналы өндіріс кеңінен қолданыла бастап, ғылыми-техникалық төңкеріс озық елдердің еншісіне тиіп жатқанда қазақ жұртының соның бәрінен алыс қалғаны ақынның жүрегін өртейді. Сол кезде жазылған біраз өлеңдерінде ол басқа жұрттың аспан-көкке асып, күнбе-күн алға қарай бара жатқанын айтып, өз елін өнер-білімге, бірлікке, еңбекке шақырады. «Сорлы қазақ» атты туындысында [1; 22, 23]:

*Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,
Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,
Қанды жаспен екі көзін жылатпай.
Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.*

*Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу
Ертелі-кеш басыңа мініп езгенді!
Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!
Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?
Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?
Күні туып, оңынан — Күн, солдан — Ай,
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма? —*

дегені есте ұстайтын ғажап үндеу һәм ақыл сөз.

Мағжан өзінің жырымен халқын оятуға тырысады. Ол от болып жанады. «Тілегім» деген өлеңінде [1; 69, 70]:

*...Көрген сайын көп қысым,
Зарлы, ащы дауысым
Шарқырар Сарыарқада.
Өзегіне өтпей ме,*

*Зарлы жырым жетпей ме
Қарағыма-қалқама!
Көрмейін рақат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,*

*Күйейін, азап шегейін.
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам,
Несіне жас төгейін?! —*

деп толғанады.

Сол ояту мақсатында ақын халқының бұрынғы сәнді де, дәулетті де, жарасымды қоғамдық өмірін еске салады. «Өткен күн» деген шығармасында [1; 65–67] қазақ халқының егемендігі үшін күрескен, елін қорғаған ерлерін былай жырлайды:

*...Қасымның қасқа билігі,
Есімнің ескі билігі,
Алдында сайрап жатқан соң,
Көпті көрген көне би
Қара жолмен желеді.
Бір тиын пара алу жоқ,*

*Қисыққа құлақ салу жоқ.
Туралық, шындық — екеуін
Қаз қатар ғып жегеді.
Сол екеуі алдында
Бір бұлттармай жүреді.
Хақ Назар сынды әділ хан,*

*Абылай сынды ер сұлтан,
Қаракерей Кабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен
Дұшпанға қысым көрсеткен.*

Қаз дауысты Қазыбек,
Қара палуан Жәнібек
Жалғанда тұмас ер еді.
Кеше: Шөже, Орынбай,
Жанақ, Біржан, Наурызбай,
Бір сөзі мың ділдалық,
Алты алашқа атақты –
Бәрі ақын, сері еді.
Шілдеде самал ескенде,
Жайлауға ауыл көшкенде,
Ат-айғырға мінісіп,
Қыз-бозбала жарасып,
Тереңнен әзілдескенде,
Тісі меруерт тізілген,
Белі қытша үзілген,
Хор сықылды сол сұлу:

«Ха-ха-ха!» – деп күлгенде.
Бұйық жатқан кең дала
Бейне бір жаны енеді.
Сылдырап аққан өзенге
Үй тігіп дереу қонысып,
Бұрала басып былқылдап,
Әзілдесіп, сыңқылдап,
Жас келіншек, жас қыздар
Кереге жайып, уық байлар
Үйден үйге жүрісіп.
Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді...
Күшің кеткен баяулап,

Жүрсің атсыз жаяулап.
Ит надандық желкеңде
Шабайын деп аңдып тұр,
Қылышын ұстап таяулап.
Арыстаным, сұңқарым,
Қажымас, талмас тұлпарым,
Басың көтер, тұр енді!
Батқан екен ол күнің,
Жеткен екен бұл түнің;
Өткенді ойлап қайғырма.
Әр кәмалға бір зауал
Ежелден болмақ емес пе?
Ескіше тұрып егеспе,
Заман — түлкі, тазы бол,
Базарша дүкен құр енді.

М.Жұмабаев жиырмамыншы жылдары оңтүстік елдерін, қырғыз ауылдарын, сәл кейінірек, Еділ-Жайық өңірін көп аралады. Ақынның дәл осы кезде жазған өлеңдерін Мағжан поэзиясының асқар шыңы деп атауға болады. «Еділдің сағасында» деген өлеңнен [1; 194, 195] мысал келтірейік:

Араладым біраз күн
Еділдің саға өлкесін.
Қазақты көрдім құраған
Жүк тасып, тескен желкесін.
Балық аулап бозарып,
Жайлау қылған көл төсін.

Селеңдейтін селенге
Мұжықтың аңдып бөлкесін.
Сөз сөйлесе, сабайтын
Орыстың: «Совсем...», «Толькесін».
Ойланбаса мынау күй
Келтірер кімнің күлкісін?!

Бұл толғауында ақын қазақ елінің орыс патшалығына бағынып, халқының қанаушылық зардабын көрген жағдайын баяндайды. 1917 жылы большевиктер билік басына келіп, орыс отаршылдығының кеңестік дәуірі орныққан заманда қазақ ақындарының шығармашылығында утопияның екі түрі байқалды. Бірі — Еуропадан орыс ойшылдарының еңбектері арқылы «экспортталып» келген коммунистік утопия. Екіншісі — аталар рухын аңсаған ұлттық-романтикалық утопия. Осы уақытта өткендегі ірілікті өлшем ете отырып, болашақ биік мұраттарға бағдар болған бұл әлеуметтік әуезді жыр желісіне айналдырған ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлы:

...Ерте күнде Еділдің
Ертегі деген тоғайын.
Дүлей тоғай ішінде
Орманбеттің ноғайын,
Арқада жатқан алты Алаш
Ол күнде болған ағайын.
Жорығы, жолы — бәрі ортақ,
Бірге де жеген уайым.
Өткен айқын, ұғымды,
Мынаны не деп ұғайын:
Дүлей тоғай тұлданған,
Танып болмайд ноғайын.

Ойнап тұрған оқадай,
Еділдің беті ақ ала!
«Ақ аласы не?» — десем:
Ылғи шаңқан шағала.
Суды сүйген сары алтын
Сәуле гой сүйген бағана!
Кемеміз көлбеу келеді
Жібектей жасыл жағаға.
Шөккен бұйра бұлттай
Астрахань жатыр сағада;
Көрген соң оны ой көшті,
Ертедегі Асан ағаға.

Асан Қайғы салдырған
Астраханьға жетейін.
Қайғысыз хандар күмбезін
Әдейі аттап кетейін.
Асанның тауып моласын
Соған тауап етейін,
Моласына түнейін,
Ақ батасын күтейін.
«Жолым қу!» — десе болғаны,
Басқа жолды не етейін?
Әз Жәнібек сендер бол,
Мен Асан болып өтейін! —

деп жазды «Еділде» атты өлеңінде [1; 192, 193].

Бірақ ақын Алаштың өткеніне ой жүгірткенімен, ол заман енді қайтып келмейді, өз заманыңды ойла, елдің қамын же деген байсалды тұжырымға тіреледі. Бұдан былайғы жерде ол өлеңдерінде көбіне-көп өз заманының сан-қилы кескін-келбетін суреттеуге ден қояды. Мағжан поэзиясында қаһармандық тақырыбы, күрес әуендері кең құлаш жаяды [7; 178].

«Есімде... тек таң атсын!» өлеңінде [1; 39–41] ақын бүкіл ел көлемінде атып келе жатқан танды сезгендей:

...Күн алтын жан-жағына сәуле шапты,
Жарық пен қараңғылық араласты.
Сәулесі қызыл алтын — сәлемі еді,

«Көргеніше қош, Алаш!» — деп амандасты.
Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,

Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта
Кетіпсіз біраз ғана біз де қалғып.
Сужүрек мана қашиқан жасырынып,
Жақындап келген бопты аңдып тұрып –
Қорқақ құл ұрлықты да ерлік санап,

дейді. Осы бір сөздер Мағжанның нағыз әлеумет ақыны екендігін танытып тұр. Патша үкіметін сұр жыланға теңей отырып, сол жылан қазақты қаттырақ шаға түссе, қазақ та қарсы қимылдар еді, бостандыққа ұмтылар еді деп тоқтайды.

Терең саяси мағынасы бар «Тәңірі» деген өлеңінде [1; 68, 69] кемеңгер акын болашақ тағдырын Тәңірінің (Алланың) рақымшылығымен өмірге келіп, халқына көсемдік ететін адаммен байланыстырады:

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,
Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.
Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.
Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,
Алласыз ешбір іске бастамаймыз.
«Әділ хан, бұйрығыңа бойұсындық», — деп,
Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз.
Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Сонишама кең рақметтен құр тастайтын,
Баласы алты Алаштың — біз не қылдық?
Басқаға орын бердің жақсы жайдан –
Зеңгір тау, түпсіз дария, терең сайдан.
Үмітсіз, тілегі жоқ, тұрағы жоқ,
Қуылған дәрғаһіңнан біз бе шайтан?

Доцент М.Хасенұлы ақынның бұл толғауының үлкен саяси мәні бар екенін айта келе, өз ойын былай түйіндейді: «Ол жасаған Аллаға «не елші, не жол сілтер кітабың жоқ, Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?...» — деп, әрі өкпе, әрі үміт білдіреді. Иә, акын бұл арада көсемдік мәселесін көтеріп отыр. «Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар, әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар» деген жолдары үлкен әлемдік тарихтан алған мағыналы сөздер. «Бір елші жібермедің, санға алмадың, жалаңаш түйе баққан араб құрлы...» — деп, акын Алланың арабтар арқылы бүкіл мұсылман еліне жіберген елшісі Мұхаммед Ғалиссалам пайғамбарды атап отырғаны түсінікті» [10].

М.Жұмабаевтың мұңы мен шері — қазақ халқының келешегі. Ол туралы абақтыда жатқанда жазған «Сағындым» деген өлең жолдарында [1; 127–129] Мағжан былай ой толғайды:

...Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.
Айрыларда күншығыстан ағарып,
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым».
Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!
Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.
Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды — сайран жерді сағындым.

Қандай көріпкел сөздер! Ал, Мағжанның «Бостандық» атты өлеңін [1; 87, 88] оқысақ, ол тәуелсіздікке ие болған халқымызға әдейі арналып жазылған сияқты:

...Келді ұшып бостандық.
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар жібек сөзі бар,

Әдемі, алмас ақ қанат.
Жануарлар жердегі
Ынтасы — жақын көрмегі,

Таңырқады анталап.
Аппақ нұрға оранып,
Ақырын ғана дем алып,

Қуанып Алласына басын ұрып.
Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын! —

Бізге отсыз шөл даланы орын қылдың,
Бақ-дәулет, өнер-білім қырын қылдың.
Кесір деп кек алатын өгей балаң
Біз бе едік, көп төбетке жсырым қылдың!
Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ,
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?
Бақытсыз қаңғып жүрген қазақ сорлы,
Әркімге күні кетіп мазақ сорды.
Бір елші жібермедің, санға алмадың,
Жалаңаш түйе баққан араб құрлы.
Кеш, тәңірім, сорлы құлға қаһар етпе,
Рақым қыл, біз сорлыны шетке теппе.
Сөз шықты жан ашумен, әділ тәңірім,
Тиген соң ащы таяқ тұңғы етке!

Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым!
Қуанышта: «Әй сені ме!» — дегендер,
Күйініште мен үшін уайым жегендер.
Құтылу қиын, басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.
Тәңірі ие, өзің ашы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған,
Кім жеткізер сәлемімді анама?
Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» — деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

*Құрметпенен тұрысты;
Сәуле көрмей, шеккен зар
Аш-жалаңаш сорлылар
Қуанысты, күлісті.
Тез жалыңдап суынған,
Жұмақтан да қуылған,
Адамзат бір әуреде.
Есін жиып күйленіп,
Әбден бойы үйреніп
Алғаннан соң сәулеге;
Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады.*

*Бостандықта жоқ жұмыс –
Зар еңіреді талай жан.
Сел боп ақты қызыл қан.
Өтірік, талау, өлтіріс.
Шірік жүрек сасықтар,
Арамдыққа асықтар
Жетілді, жетті мұратқа.
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар
Көктен келген қонаққа
Тілін, қолын тигізді,
«Сасық сайтан» дегізді.*

*Жауыздық тағы өрледі.
Ізгі елшісі жұмақтың,
Қасиетті қонақтың
Ақ қанаты кірледі.
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды — қуан, күл.
Бостандық — ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышқа
Ақ қанатын қомдап тұр.*

Ақын бұл шығармасында бостандықты бейне бір құс ретінде көрсетеді. «Жүргізіп ібіліс әмірін, жауыздық жайып тамырын, өршіп өтірік, дұшпандық» жатқанда, «...көк есігі ашылды, жұмақ нұры шашылды, келді ұшып бостандық», — деп суреттейді. «Бостандық — ізгі періште, кетпекке ұшып ғарышқа ақ қанатын қомдап тұр», — деп ескертеді ол.

Өкінішке орай, қазақ халқының озық ойшыл, шексіз ұлтжанды, нәзік жүректі ақыны Мағжан өмір сүрген тарихи кезең еліміздің басына түскен зардабы 75 жылға созылған зұлмат дәуір болды. Сондықтан ол «таза поэзиямен» ғана шұғылданбай, заманның сұраныстарына қарай тамаша толғаулар жазды. Оларға саяси мағына, тарихи-қоғамдық кескін берді. Ол заманның толқынын түсініп, оқырманын тәрбиелеуге тырысты. Бірақ оның жаны зұлымдық құрбаны болды. Ғұлама ақын тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, оны жалынды жырымен жеңе алмады.

Кезінде М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» атты толғауында [1; 63, 64]:

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар — балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.*

*Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,*

*Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін! –*

деп, қазақ халқының жарқын болашағына тек жастардың күш-қуаты, бірлік-қайраты арқылы ғана жетуге болатындығын жария етті.

Содан бері қаншама су ақты. Уақыт өтті. Қазақ халқы патша үкіметінің де, одан кейінгі «қызыл империяның» да темір бұғауын үстінен сілкіп тастап, ғасырлар бойы аңсаған армандарына жетті. Сол кездегі, ақиық ақын Мағжан мен Алаш зиялылары армандағандай, қазақ жастары халыққа басшы болып, ел билеу дәрежесіне жетті.

Түйін

Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен, жаңашылдығымен айқындалатын қазақ поэзиясының перзенті, ардақты ұлы Мағжан Жұмабаев поэзиясы — қазақта Абайды, орыста — Б.Пастернак, А.Блок, А.Ахматоваларды еріксіз еске алдырады. Өйткені ол қайбір тақырыпты да жалпы — адамзаттық биіктен жырлады. Оның үстіне нені өлең етсе де, шеберліктің шегіне жете игерді. Өзінше көруі — өзгеше көруге ұласып, ұдайы жаңалық танытты. Бір ғажабы — қай өлеңін алмайық, көз көріп, көңіл жететін басы ашық шындық — ешкім де Мағжанға дейін бұлай жырламаған.

Мысалы, өзі бір кездері толғана жазған үні өшкен бұлбұл кейіпі («Тұранның бір бауында» атты толғауы [1; 167,169]) ақынның тағдырына ұқсайды:

*...Дарига, аяқталмай үзілді жыр,
Сұм жүрек жалын болып қалды ғой құр.
Бұлбұлдың әнін үзген не болды екен?
Мынау не көлдің беті жыбыр-жыбыр?
Көл беті жыбыр-жыбыр, бақа: «Бақ-бақ»,*

*Сайрасын енді қалай бұлбұл бейбақ?
Өмірдің өзгермейтін құрсын заңы –
Бір жақтан бұлбұл шықса, бақа шықпақ.
Жыршы құс бақырайған бақа көрсе,
Бақылдап тырбық бақа әнін бөлсе.*

Ойласаң таңқаларлық дәнеңе жоқ,

Құсадан ақын бұлбұл үнсіз өлсе...

Уақыт сынына төтеп берген тіл құнарлығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігін Мағжанның басты ерекшелігі деп айтамыз. Өйткені ақынның нағыз өзіндік бет-бағдары мен айырым қырлары осы маңайдан табылмақ. Тәңірдей талантының, дарын табиғатының көрінісі осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан табылатыны анық.

Айта берсек, Мағжан Бекенұлы лирикасының қыр-сыры өте көп. Біздің бүгінгі сөзіміз де — ұлы ақынның теңіз-лирикасының айдынын аңғарту үшін ғана жасалған бір шағын талпыныс. Кемеңгер ақынның теңіз-лирикасының дәмін тату үшін жасалған тағы да бір қадам деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 448 б.
- 2 Әлиева Б. Армысың, азаттығым, қыран қанат // Алтын тамыр. — 2010. — № 1. — 191-б.
- 3 Бердібай Р. Жыр арқауы — Түркістан // Қазақ. — 2008. — № 39, 40 (396, 397). — 26 қырк. — 3 қаз.
- 4 Ерғөбек Қ. Түркістанда Мағжанға ескерткіш керек // Түркістан. — 2011. — 24 наур. — 9-б.
- 5 Әбдірахманова С. Азатшыл ақын арыны // Орталық Қазақстан. — 2008. — 31 желт. — 4-б.
- 6 Мәшіһүр-Жүсіпов Қ. Мағжанның шеберлігі // Жұлдыз. — 1991. — № 11. — 142-145-б.
- 7 Қаһарманұлы F. Мағжан поэзиясы жайлы // Жұлдыз. — 1993. — № 6. — 177-185-б.
- 8 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 164-б.
- 9 Күмісбаев Ө. Мағжан және әлем әдебиеті // Қазақ әдебиеті. — 1993. — № 33. — 13 тамыз. — 4-5-б.
- 10 Хасенұлы М. Ұлттық рухани өркендеу — ақын поэзиясының алтын қазығы // Орталық Қазақстан. — 2003. — 14 маус. — 7-б.

Р.С.Каренов

Слово великого казахского поэта Магжана как вечный источник духовности

В статье исследовано поэтическое наследие великого казахского поэта и видного политического деятеля прошлого столетия Магжана Жумабаева. Проанализированы его произведения, которые свидетельствуют о глубоком знании истории родного народа, о редкой начитанности и самостоятельности суждений. Рассмотрены стихотворения поэта, написанные под влиянием русского символизма в поэзии. Раскрыта значимость его философских обобщений, сделанных в процессе творчества. Уделено особое внимание его знаменитому произведению «Туркестан». Автором сделан вывод о том, что Магжан остался рыцарски верным навсегда сделанному в юношеские годы выбору — великому искусству. Отмечается, что он отдал своему народу все, что у него было — ум, сердце, мечты, изумительный талант.

R.S.Karenov

Word of great Kazakh poet Magzhan as eternal source of spirituality

The poetic heritage of the great Kazakh poet and the prominent politician of last century Magzhan Zhumabayev is investigated. Its works which testify to profound knowledge of history of the native people, about a rare nachitannost and independence of judgments are analyzed. The poems of the poet written under the influence of Russian symbolism in poetry are considered. The importance of its philosophical generalizations made in the course of creativity reveals. It is given particular attention to its well-known work «Turkestan». The conclusion that Magzhan remained knightly true forever to the choice made in youthful years — to great art is given. It is noted that it gave to the people everything that at it was — mind, heart, dreams, amazing talent.

А.Золтан

Будапештский университет, Венгрия

Легенда о святой Урсуле в русской переводной литературе XVII века

В статье рассмотрен перевод одного из памятников западноевропейской средневековой культуры — легенды о святой Урсуле. Опираясь на исторические источники и труды исследователей прошлых веков и современности, автор статьи прослеживает пути миграции житийного текста в польской, литовской, венгерской, старобелорусской и древнерусской культурах.

Ключевые слова: легенда, текст, оригинал, перевод, рукопись, русская литература, латынь, польский язык, венгерская история, этноним.

«Легенда о святой Урсуле и одиннадцати тысяч девиц» читается в обоих полных рукописных переводах на русский (русско-церковнославянский) язык второй половины XVII века «Хроники польской, литовской, жемайтской и всей Руси» польского историка М.Стрыйковского (Кенигсберг, 1582).¹ В ней рассказывается о том, что Урсула, дочь британского короля, вместе с 11 тысячами девиц совершает паломничество в Рим. Девы едут кораблями по Рейну до Базеля, оттуда отправляются пешком в Рим, где молятся на могилах святых апостолов и обходят все святые места. После этого они отправляются тем же путем назад. На обратном пути они приближаются к Кельну, который к этому времени занят венграми. Девы, не предвидя опасности, сходят с кораблей, и венгры убивают их всех стрелами из лука.

М.Стрыйковский вставил эту легенду в свою «Хронику...» в связи с мифом о происхождении литовцев от римлян. По одной из версий этого этногенетического мифа бегство легендарного предка литовцев Палемона с пятьюстами знатными римскими семействами из Рима в устье Немана объяснялось кровавыми походами Аттилы и «венгров» (т. е. гуннов) на Западную Европу. Эта версия вдохновила М.Стрыйковского пересказать стихами всю гуннскую («венгерскую») историю. В стихотворный текст в одном месте он ввел в скобках обстоятельную вставку в прозе, чтобы при случае рассказать легенду о святой Урсуле. Текст данной прозаической вставки он позаимствовал из краковского издания 1574 г. под заглавием «*Historia spraw Atyle, Krolá Węgierskiego*» («История дел венгерского короля Аттилы»). В польском издании нет указания на автора, только на переводчика, согласно которому она была переведена на польский язык с латыни известным деятелем польской культуры XVI века Ц.Базыликом («*Z Łacińskiego języka na Polski przełożoną przez Cyprianá Bazyliká*»). Как это было доказано А.Брюкнером еще в конце XIX века, польский текст Ц.Базылика является переводом латиноязычного произведения *Athila* венгерского гуманиста Миклоша Олаха (Nicolaus Olahus, 1493–1568). Оно было написано в 1537 г. в Нидерландах во время пребывания автора в Брюсселе в качестве секретаря королевы-вдовы Марии Габсбург и впервые было опубликовано в 1568 г. в Базеле в качестве вставки в большой труд Антонио Бонфини по венгерской истории *Rerum Ungaricarum Decades*. Сочинение М.Олаха стало самым популярным в Восточной Европе произведением венгерской литературы XVI века. Скоро после выхода упомянутого польского печатного издания на его основе ок. 1580 г. был подготовлен анонимный старобелорусский рукописный перевод. На основе сравнения этих трех версий можно установить, что полное отождествление гуннов с венграми — это дело польского переводчика. Поскольку единственный сохранившийся экземпляр польского издания является дефектным, установить, что Аттилу из короля гуннов в «угорского короля» превратил как раз польский переводчик можно на основе латинского и старобелорусского текстов. В начале повествования М.Олах говорит определенно о гуннах («*Hunni*»). Ц.Базылик — судя по старобелорусскому тексту — в своем польском переводе уже с самого начала отождествлял гуннов с венграми; при первых случаях употребления этнонима *гунны* он добавляет объяснения типа «гунны, которых теперь обычно зовут венграми», «в Паннонии, то есть в той стране, которую мы теперь называем Венгрией», а дальше в ходе повествования он говорит только о венграх, приписывая

¹ О восточнославянских преводах «Хроники...» М. Стрыйковского см.: А.И. Соболевский. Переводная литература Московской Руси XIV–XVII веков, Библиографические материалы. С.-Петербург, 1903, 79–80; А.И. Рогов. Русско-польские культурные связи в эпоху Возрождения (Стрыйковский и его «Хроника...»). Москва, 1966, 259–306.

тем самым все подвиги (а также все преступления) гуннов венграм. Таким образом, вскоре после выхода в свет латинского оригинала сочинения Олаха, легенда о святой Урсуле в версии венгерского гуманиста была уже доступна на польском и старобелорусском языках, с тем, однако, отклонением от оригинала, что в этих версиях говорилось не о гуннах, а о венграх. Однако ни в польском издании, ни, тем более, в старобелорусской рукописи не было указано имя автора, поэтому в Польше и Литве это сочинение распространилось анонимно.²

Благодаря упомянутому небольшому плагиату легенда о святой Урсуле — как фрагмент текста М. Олаха в переводе Ц. Базылика —, хотя и анонимно, но вошла в состав очень популярного в свое время сочинения М. Стрыйковского.³ В XVII веке «Хроника...» М. Стрыйковского была переведена дважды на русский (русско-церковнославянский) язык. Вместе с переводом всей «Хроники...» была переведена и легенда о святой Урсуле в версии М. Олаха, заимствованная М. Стрыйковским из польского перевода Ц. Базылика 1574 г. Таким образом, этот небольшой фрагмент сочинения венгерского гуманиста — хотя и анонимно — вошел не только в польскую и белорусскую, но и в русскую литературу, где он представляет собой, по имеющимся в настоящее время сведениям, самый ранний перевод на русский язык из венгерской литературы.

Ниже приводится фрагмент текста авторства М. Олаха по одному из списков обоих русских переводов «Хроники...» М. Стрыйковского, хранящихся в Государственном историческом музее в Москве.⁴

1

Русский перевод 1673–1679 гг.

(л. 76:) [...] Воеводѣ же своего по^л Ко^лно по^сла, / иже на че^тверо обозы постави. днемъ и ночью добиваѣмъ грады, волости же / ѣ веси в' конецъ разораѣмъ. [в' то время Етере^н // (л. 76 об.): сынъ короля аглинскаго нача тщатися / в' супру^жство Урсѣли дщери короля британи^скаго единицы, по^славъ по^словъ своихъ / с великою охотою к отцѣ еѣ, егоже невѣдѣ^лща ки^и о^вѣтъ дати, Урсѣли печал^ного / увещаваше да о^тставивъ печал^н обрѣчилъ / ю, Етерию повѣдаѣмъ яко има^т то во о^ткро^вение о^т бѣга да не о^трече^тца супру^жства того / симъ образомъ: да да^тся еѣ свобода на три / лѣта, вниже путь сво^и скончае^тся. егоже / обеща се естъ да идетъ в' Римъ имѣѣ / при себѣ ѣ дѣвѣ сего ради того тре^боваше, да о^тцѣ еѣ и Етере^н женихъ по^лшатся вопчѣ о^брѣсти ѣ девицъ со^бстве^нными чи^тоты ѣ постоянства, каа^ждажъ / и^х нихъ да имать ѣ дѣвѣ она ж имать тако^жде ѣ дѣвѣ токмо вси да бѣдѣтъ / чисты. По^слы принявъ о^т оца Урсѣлина / то^и о^твѣтъ с радостію о^тидоша.

Сице же Етере^н ѣ британи^ский коро^л отцѣ Урсѣли^и / собравъ по словеси толико дѣвѣ даша / ихъ в' по^лрѣжие Урсѣли, иже приня^в то бѣго^дродное клев^ре^ство, сотвори^л же ѣ кара/бле^и ѣ прочія вещи на пу^т го^лныѣ иде моремъ // (л. 77:) в' Британию даже до мѣста идѣже Рень река / в' море в'падаетъ, идѣже нѣѣ ча^стъ Го^лли/ндіи, о^ткудѣ противъ воды рекою приѣде / в' Ко^лно Агрипину с великою радостію жителе^и, / с Колна ж в' Базилию. Тамъ оставивъ кара^бли / ѣ ину утварь, иде пѣша в' Римъ иже о^бшедъ мѣста всѣ в' Риме по обещанию / возвратися в Базилию. Папа ж Кириа^к веде ю / с великою честію даже до мѣста.

Всѣ^л ж^е у Базилиѣ в' кора^бли рекою Рене^и / в' ризь^е иде в Ко^лно, идѣже ize на бре^г / не вѣдаѣмъ о неприятеле, но чаѣмъ яко и пре^жде бе^зопа^сно быти. Внегда ж градѣ прибли/жашеся, абие ю о^твсюдѣ венгры обско/чиша и з дѣвами всѣми смерти преда/ша. Сице бѣгороднаѣ дѣца со Етерие^и / женихомъ своимъ иже свѣдаѣмъ Урсѣлю / возвращающѣся с мѣрию ѣ сестрою Оло/рентиною, ѣ с нѣкими еп^скопы даже / до Колна в' срѣтение еѣ изыде ѣ с Кириако^и / папоу, ѣ со в'сѣми дѣцы мира сего и^збы^ть, / чистоту ж свою Хр^сту и^стинно^и дѣвства женихѣ //

² См. Brückner A., Ein weissrussischer Codex miscellaneus der Gräfllich-Raczyński'schen Bibliothek in Posen // Archiv für slavische Philologie 9 (1886), P. 379–381; ср. Zoltán A., Палемон и Аттила. (Из истории языковых и культурных контактов венгров с народами Великого княжества Литовского) // Studia Russica XVII (Budapest 1999), P. 147–148; А. Золтан. Венгерский вклад в книжную культуру Великого княжества Литовского эпохи Ренессанса (Athila М. Олаха в польском и старобелорусском переводе) // Мартинас Мажвидас и духовная культура Великого княжества Литовского XVI века. / Ред. коллегия: Ю.Будрайтис, С.Жукас, Д.Куолис, Ю.Лабынцев, В.Топоров, Л.Щавинская. — Вильнюс–Москва, 1999, P. 72–92.

³ См. Zoltán András, Maciej Strykowski esete a Szent Orsolya-legendával // Polono-Hungarica 8, Nyelvészet — Irodalom — Történelem — Kultúrtörténet. Az 1998. November, 9-én és 10-én tartott nemzetközi tudományos konferencia anyaga. Szerk. Bańczerowski Janusz. — Budapest, 2000. P. 169–179.

⁴ Латинский оригинал и промежуточный польский перевод Ц. Базылика, а также соответствующий отрывок из польского оригинала «Хроники...» М. Стрыйковского вместе с более подробным исследованием миграции данного текста см. А. Золтан. Легенда о святой Урсуле в старой польской и восточнославянской письменности (XVI–XVII вв.) // Studia Slavica Hung. 48 (2003). P. 323–334. Его же. Миграция одного текста: Легенда о святой Урсуле в составе русских переводов Хроники... М. Стрыйковского // Труды Отдела древнерусской литературы 57. — Санкт-Петербург, 2006. С. 197–208.

⁵ Буква з написана по какой-то другой букве, скорее всего, по м, т.е. здесь было написано первоначально в' римъ ('в Рим'), что было исправлено только частично. По смыслу должно быть в' низъ 'вниз', ср. у Стрыйковского (1582, 57): «Renem rzeka ná dol iáchálá do Kolná» в русском переводе 1688 г. (ГИМ, Ув. собр. № 4, л. 113об): «Рено^и рекою / на ни^и шествова до Околна».

(л. 77 об.:) принесе. Тѣхъ девицъ телеса лежа^т / в Ко^лнѣ. Пото^м ко^{сти} и^х в велиї погребѣ / положены суть. Сею повѣстию тогѡ / дѣлѣ рѣчь пере^рвалъ, ꙗко і в литовски^х / старыхъ⁶ лѣтописяхъ о разореніи Атили і ѡбиеніи ꙗ^аи дѣвъ і о вине / прихода^т Палеомонова с ѣталианъ в Ли^тву бутто чре^з сонѣ воспоминаю^т, / сего ради в ме^ждометіи положихъ].

А^тилиа^ж в Венгры возвратився, Бѣду / брата ѡби ꙗко Сикамвриу от своего име/ни нарече, однако жъ его Бу-
дою / зовуть имже о венгры, тѣрокъ вла^дѣеть [...]

(ГИМ, Музейное собрание, № 1391, л. 76–77об)

2

Русский перевод 1688 г.

(л. 112:) [...] Гиѣлѣ воєво^да // (л. 112 об.:) по^л Ко^лно посла, киі обозы / своа на д части ѡстави і тако / грады дабѣ
дне^м і ношью при/стѣпаа веси и волости крѣгомъ / множественно разорѣа; /

В то убо время Этерену^с сы^н коро/ля а^тлинского нача^т помышляти / в бракѣ брытенского короля о еди-
но/родно^м дшери, Послаше с велиею / охотою послы ко о^тцѣ еа, оного^ж / не вѣдаѣ како^б отвѣтъ хотѣше / со-
твори^ти, Орѣла печа^ного і унылого / увещеваше, а^ко достави^т всяку / печа^н о^брѣчи ю за Этересѣса, повѣдаѣ /
что имать сие ꙗвление о^т бѣа, ꙗко / не во^збранаетсѣ супрѣжества оного / симъ подобие^м да дадѣт е^н три лѣта /
свободны, в си^х же да исправи^т пѣть / сво^н // (л. 113 [после перечеркнутого текста]:), имѣа / с собою ꙗ^и дѣ^в и о
се^м моли, дабы и о^тцѣ / и младенецъ Этереу^с о не^н промышляше кѣ^пно. / и да о^брѣщѣт е^н десяти дѣ^в особыа
чистоты / и постоа^нства коа^ждо и^з ни^х да имать при себѣ / ꙗ^и дѣ^в то^жде и она да има^т с собою ꙗ^и. токмо / дабы
всякаѣ была особыа лепоты и чисто/ты, Послы вѣаша о^т Е^ршѣлина о^тца сицевыи / о^твѣтъ с радостию отойдо-
ста; // (л. 113 об.:) И тако Етереу^с, и брытански^н коро^л о^тцѣ О^рсулинѣ / собра^в по приречению толико число дѣ^в
дадо^та / О^рсули в дрѣгихи, онагѡ приа^в оное дрѣжество / и содѣа^в ꙗ^и карабле^н великихъ і потре^бныа / вещи
в тако^б дале^н пѣть, иде море^м и^з Брыта/ниі даже до оногѡ мѣста идѣже река Рень / в море впадаѣ^т, гдѣ нѣе естъ
часть Голандіи / о^ттѣдѣ^ж ꙗ^ки противѣ воды рекою приплы / до Ко^лна Аграпины, и с великою радостию / гра^ж-
да^н, а исполна в Базилию остави^в тамо^с вся / мѣста в Римѣ, ꙗко обеща^{сѣ} возвратисѣ / в Базилию. Папа жъ Ки-
риа^к прово^ждаше ю с велики^м / почтение^м даже до мѣ^ста;

Вседоста же у Базилиі в кара^бли Рено^м рекою / на ни^з шествова до Околна, и тамо изыде на брегъ / не опасал^с
неприятеле^н ни мало, но ѡповаѣ ꙗко всегда / в тишинѣ тако ѡбѣдѣ^т а^ко і пе^рвее, егда^ж бы / бли^з града абие ю о^т
вѣ^х стра^н обыдоша / ве^нгры, и со всѣми оными дѣ^вами злѣ побѣиша, // (л. 114:) онаа^ж прекраснаѣ дѣ^ва съ Эте-
реуше^м о^брѣченны^м / своимъ, се^н увѣда ꙗко Е^рсула назадъ / во^звращаетсѣ, с материю и сestroю Оло/ре^нтиною и
с нѣкоими про^тчими епископы / аже до Колна во стрѣтение еа пришествова, / и со оны^м папою Кириа^ком и со
всѣми оными / дѣ^вами отыде с сего свѣта, чистоту^ж / свою Хр^стѣ сѣщемъ дѣ^вства во^злю^бле/нникѣ врѣчи, оны^х
дѣ^в телеса погребены / в Ко^лне, по сем же кости и^х положены / сѣтъ в великии погребѣ, Сію историю / того ради
прекратихъ, зане в лито^вски^х / лѣтопи^сцахъ і о погромлени Атила и о убиеніи / ꙗ^аи девицъ вину же пришествѣа
їталиа^н / с Палеомоно^м в Литвѣ, ꙗкобы во снѣ несове^ршенно воспоминаѣ^т, и сего ради во вместите^лно^м поло-
жихъ,

Возвративше же са в Ве^нгрию, замучи брата, // (114 об.:) Зане Сика^мбриу о^т себе назначи, Буда киі то^жде нѣе
Бѣдино^м прозываю^т, семѣ^ж [а^х венгры] // тѣрокъ нѣе главою [...].

(ГИМ. Уваровское собрание. № 4. Л. 112–114 об.)

А.Золтан

XVII ғасыр орыс аударма әдебиетіндегі әулие Урсула туралы аңыз

Мақалада батысеуропалық орта ғасыр мәдениеті ескерткіші болып табылатын әулие Урсула туралы аңыздың аудармасы қарастырылды. Мақала авторы өткен ғасырлардағы тарихи дереккөздер мен қазіргі зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, аңыз мәтінінің поляк, литва, венгр, ежелгі белорус және ежелгі орыс мәдениетіне аударылу (көшу) жолдарын талдады.

⁶ Исправлено из *старыхъ*.

⁷ а исправлено из `.

⁸ Далее переводчиком или писцом пропущена одна строка, ср. у Стрыйковского: «Tám zořtáwiwřzy okřęty y inřze řpręty, řřlá pieřřo do Rřzyma, ktora / potym obchodziwřřzy mieyřcá wřřytki w Rřzymie» (Strykowski 1582, 52) или в русском переводе 1673–1679 гг.: «Тамъ оставивъ кара^бли / і ину утварь, иде пеша в` Римъ иже о<sup>б</sup>шедѣ места все в` Риме» (ГИМ. Музейное собрание. № 1391. Л. 77)

A.Zoltan

Legend about sacred Ursula in the Russian translated literature of the XVII century

In article transfer of monuments of the West European medieval culture — a legend about sacred Ursula is considered. Leaning on historical sources and works of researchers of the last centuries and the present, the author of article traces ways of migration of the zhitiyny text in the Polish, Lithuanian, Hungarian, Old Belarussian and Old Russian cultures.

УДК 82.0

Л.Матейко

Университет им. Я.А.Коменского (Братислава, Словакия) (E-mail: matejko@fphil.uniba.sk)

В.Ягич и начала исследования славянской гимнографии

В статье исследована ранняя история гимнографических исследований в славистике. Славянская гимнография в течение долгого периода была забыта в славянской филологии, несмотря на огромные издания русских манускриптов, опубликованных В.Ягичем уже в 1886 году. Автором статьи проанализированы мнения и заключения В.Ягича относительно ценности славянской гимнографии как литературного источника.

Ключевые слова: славянская гимнография, В.Ягич, Й.Питра, палеославистика, история славистики.

В Предметном указателе специальной Библиографии по древнерусской литературе за 1917–1957 гг. читатель не найдет ни единого указания на публикацию, которую можно было бы связать с гимнографией, не считая, правда, «Службу кабаку», пародию 17-го в.¹ Красноречивым примером того, что гимнография была в советском литературоведении практически неизвестной темой, является соответствующий том многотомной академической Истории русской литературы 1941-го г. издания, в котором отведено гимнографии из 400 страниц 6, причем собственно гимнография Древней Руси оказывается на заднем плане. В трехтомной академической Истории русской литературы 1958-го г. посвящается гимнографии Киевской Руси ровно один абзац и дана ссылка ровно на один рукописный памятник (точнее, на комплект из 3 рукописей) — Новгородские минеи, изданные Ягичем.² Не лучше обстоит дело с академической Историей русской поэзии 1968-го г., «первым опытом» системного изложения развития русской поэзии, где в главе, посвященной книжной поэзии Древней Руси, кое-что о гимнографии встречается, но, по неизвестным причинам, больше места все-таки занимает фольклорная, т.е. не книжная, поэзия.³ Целым поколениям советских историков русской литературы, видимо, приходилось обходиться без гимнографии, если судить по «Хрестоматии...» Н.К.Гудзия, которая издавалась десятилетиями в огромных тиражах и в которой нет ни одного произведения гимнографии.⁴ Естественно, похожую картину показывают учебники древнерусской литературы, исключением не является и учебник, изданный под редакцией Д.С.Лихачева в 1985-ом г.⁵

Следует отметить, что не иначе выглядела ситуация в языкознании, но в то же время надо добавить, что еще в 1981-ом г. была в «Вопросах языкознания» напечатана статья М.Ф.Мурьянова, в которой критически отмечалась несостоятельность такой ситуации с точки зрения исторической лингвистики.⁶ Этот факт показывает, что причиной неисследования гимнографии славистами и русистами не были только политико-идеологические ограничения советского времени. Свою роль здесь, видимо, сыграло просто забвение. Славистика была с самого начала своего существования

¹ Ср. Библиография, 1961.

² Ср. История, I, 1958, С. 31 и 658, прим. 8.

³ История, I, 1968, С. 26-33.

⁴ Ср., например, Гудзий, 1955.

⁵ История, 1985.

⁶ Мурьянов, 1981.

занята другими вопросами и хотя уже ее «отцам» были гимнографические рукописи известны, они не стали предметом особого внимания. И позже, например, в связи с тысячелетием миссии Кирилла и Мефодия, некоторые авторы в своих работах коснулись гимнов в честь св. Кирилла и Мефодия, но интерес к этим произведениям не переходил границы содержания текстов: они понимались только как дополнение к житиям солунских братьев.¹ Известно было, конечно, и большое число других славянских гимнов, но славистика в то время еще не находила в них ничего, что возбудило бы более сосредоточенный интерес и что позволило бы выделить древние рукописные сборники гимнов из огромного корпуса рукописных памятников письменности славянского средневековья.

В этом контексте никак не удивляет, что и такой громадный — объемом почти в тысячу страниц — труд, посвященный славянской гимнографии, каким было издание славянских литургических миней в 1886-ом году В.Ягичем, появился как-то в результате случайности.

«В начале 1882-го года представлена была мною в Отделение русского языка и словесности Императорской Академии Наук записка, в которой я предлагал Отделению взять на себя полное издание древнейших памятников русской письменности...» — так Ягич описывает начала работы, вышедшей через 4 года под названием «Служебные минеи за сентябрь, октябрь и ноябрь в церковно-славянском переводе по русским рукописям 1095–1097 гг.» [8]. Итак, идеей В.Ягича было издать древнейшие памятники, т.е. памятники XI века, а не гимны. Но рукописей XI века не так уж мало и Ягич мог, конечно, среди них выбирать. Почему же он решился в пользу литургических миней, богослужебных книг, содержащих гигантскую коллекцию литургических гимнов? Это не был какой-то особый интерес к гимнографии, а только то обстоятельство, что в этих рукописях находилась точная дата их написания. Значит, если бы в таких списках сохранилась, скажем, Новгородская летопись, то наверное, его выбор выглядел бы совершенно иначе и по-другому выглядели бы и начала исследования славянской гимнографии.

«В течение более трех лет я был занят этим изданием... Насколько мой труд удался, об этом судить не мое дело; я и сам сознаю, что он далек от идеального совершенства, но я с любовью посвятил ему не мало дней и ночей...». Конечно, в труде Ягича есть ошибки, в том числе и ошибки принципиальные, но в целом он представляет сокровищницу филологического материала. Более того, кроме собственно текстов славянских рукописей, книга содержит и фундаментальное исследование, которое и сегодня является необходимым пособием для любого исследователя славянской гимнографии. При таких обстоятельствах совершенно естественно было бы ожидать, что его издание являлось толчком для дальнейшего бурного развития исследований. Ничего подобного не случилось. Наоборот, оно вызвало контрпродуктивные последствия, потому что Ягич, изучив огромный гимнографический материал, пришел к заключению, что большинство гимнов славянских миней являются переводами произведений византийских авторов и, оценивая уровень этих переводов, он отметил, что здесь нет никаких следов тонкой выработанности, поэтики и остроумия греческой литургической поэзии, другими словами, что, мягко говоря, славянские переводы не такие уж блестящие: *«Славянские переводчики... старались перевести минеи, как богослужебные книги, с буквальною передачею греческих слов славянскими, не заботясь при этом нисколько о смысле подлинного текста и не задаваясь восстановлением его в переводе. Не обращая внимания на данный текст, как на произведение греческой поэзии, они, конечно, в своем переводе не соблюдали ни размера стихов, ни таких поэтических украшений, как акростихи. Поэтичность перевода отражалась разве только отчасти в полете мысли подлинника, насколько они сквозили из-за набора славянских слов...»*. К своей нелестной оценке славянских переводов академик несколько ниже добавляет в таком же строгом тоне, что славянские переводчики рабски придерживались оригинала, так что *«в их переводе нередко происходила путаница, нарушающая смысл, которого так и не разберешь без помощи греческого подлинника»*.

В таком контексте вряд ли можно удивляться тому, что интерес к славянской гимнографии ограничился в последующих годах и десятилетиях на несколько статей.

Результаты отсутствия интереса славистики XIX в. к гимнографии хорошо видны, например, в книге «Энциклопедия религии и этики» Дж. Хэстингса, которая была самым солидным в своей области изданием начала XX в. и, естественно, здесь имеется особая статья «Гимны». Ей отведено ровно 58 страниц формата в четверть листа, мелкого шрифта и сжатого стиля и, очевидно,

¹ Ср., например, Кирилло-мефодиевский сборник, изданный М.Погодиным (1865), в котором можно найти сразу несколько статей, касающихся гимнографии и гимнографических памятников.

стремление редакторов к полному охвату проблематики: в работе над отдельными частями статьи участвовал ряд специалистов. Речь здесь идет о гимнах суммеро-вавилонских, египетских, ведийских, буддийских, еврейских, японских, китайских, а также о гимнах кельтов и инков. Место здесь, конечно, имеют как древние христианские гимны: сирские, эфиопские, греческие и латинские, так и христианская гимнография: французская, испанская и германская. Информация, на первый взгляд, чрезвычайно богатая, но все-таки, славист, ищущий параграф о гимнах старославянских или церковнославянских, останется неудовлетворенным, его просто нет. Можно было бы ожидать хотя бы краткую справку о них в статье о гимнографии греческой и византийской, но и здесь ничего подобного не найдешь. Кажется, вполне уместен вопрос: Почему же автор этой части статьи, отличный знаток литературы христианского Востока А.Баумштарк, не счел нужным заговорить о существовании огромного корпуса славянских гимнов?

Понятие «гимн» трактуют авторы отдельных частей энциклопедической статьи различно и, следовательно, в целом получается довольно широкое понимание гимна. Оно стоит на грани таких определений, как хвалебная, священная, или религиозная, песня и священная лирика. Авторы тех частей статьи, где говорится о христианской гимнографии, воспользовались, кажется, наиболее строгими критериями, которые в такого рода композиции предполагают три условия. Во-первых, гимн должен быть поэтическим — стихотворческим — произведением, во-вторых, это произведение должно быть предназначено для пения и, в-третьих, оно должно звучать в рамках обрядов религиозной общины. При последовательном применении этих критериев всеми авторами статьи едва ли можно было бы говорить, например, о гимнах буддийских, так как буддизм не знает обрядов религиозной общины. С нашей точки зрения, все-таки более интересно, что при последовательном применении этих критериев едва ли можно было бы говорить в статье даже о христианских гимнах византийских, если бы энциклопедию создавали на полстолетия раньше — в середине XIX в. Еще никто и не подозревал, что византийские литургические книги представляют, по существу, огромные сборники средневековой греческой поэзии и византийская литургическая лирика считалась прозой. Только кардинал Й.Питра, просматривая греческие рукописи богослужебных книг, отметил, что в текстах гимнов можно найти строфы и стихи, основанные на одинаковом числе слогов, и даже, что эти стихи в рукописях графически выделяются при помощи интерпункции. Свои открытия кардинал опубликовал в работе «*Hymnographie de l'église grecque*» (Рим, 1867), где в Предисловии, не скрывая удивления, указал список ученых, которые такой «детали» раньше не заметили. Хотя византинисты сначала относились к открытию Й.Питры скептически, результаты его исследований возбудили более сосредоточенное внимание к византийским гимнам и в течение последующих 2–3 десятилетий возникло несколько существенных работ, посвященных этой теме. Таким образом, в византийской гимнографии удалось не только определить регулярное строфическое членение и силлабические стихи, но и доказать, что были разработаны и другие характерные черты поэтики гимна: акrostихи, параномазии и целый ряд других поэтических фигур, основанных на игре слов и звуков, которые свидетельствовали об изысканности византийских авторов. Картина забытой поэзии греческого средневековья получила острые контуры и А.Баумштарк, следовательно, он смог в 1914 г. в своей статье о византийской гимнографии опираться не только на кардинала Питру, но и на его последователей.

В славистике ситуация сложилась по-другому: Ягич не стал Питрой славянской гимнографии. Забытые жанры и забытые рукописи славянского средневековья должны были ждать своего «кардинала» еще целые десятилетия. Только после неожиданных находок 80 и 90-х гг. XX в. гимнография стала чуть ли не самой популярной и — если учитывать характер и количество новых открытий — самой продуктивной областью современной палеославистики.

Список литературы

- 1 Библиография советских русских работ по литературе XI–XVII вв. за 1917–1957 гг. / Сост. Н.Ф.Дробленкова. — М.-Л., 1961.
- 2 Гудзий Н.К. Хрестоматия по древней русской литературе XI–XVII веков. — М., 1955.
- 3 История русской литературы Т. I. (Литература XI–XVIII вв.) / Редкол. В.П.Адрианова-Перетц, Д.С.Лихачев и др. — М.-Л., 1958.
- 4 История русской литературы XI–XVII веков / Под ред. Д.С.Лихачева. — М., 1985.
- 5 История русской поэзии: В 2-т. — Т. I. — Л., 1968.

6 Кирилло-мефодиевский сборник. В память о совершившемся тысячелетии славянской письменности и христианства в России, изданный, по определению Московского общества любителей русской словесности, М.Погодиным. — М., 1865.

7 Мурьянов М.Ф. О работе В.Ягича над служебными минеями 1095–1097 гг. // Вопросы языкознания. — 1981. — Вып. 5. — С. 93–105.

8 Ягич В. Служебные минеи за сентябрь, октябрь и ноябрь в церковнославянском переводе по русским рукописям 1095–1097 гг. (Памятники древнерусского языка. I.) — СПб., 1886.

Л.Матейко

В.Ягич және славян гимнографиясының зерттеле басталуы

Мақала славистикадағы гимнографиялық зерттеулердің көне тарихына арналған. Славян филологиясында славян гимнографиясы көптеген уақыт бойы ұмыт болып келген. В.Ягичтің 1886 жылы басып шығарған орыс манускриптерінің үлкен басылымына қарамастан, аталмыш мәселе зерттелмеген. Мақала авторы В.Ягичтің славян гимнографиясының әдеби дереккөз ретіндегі құндылығы туралы пікірлері мен қорытындыларын келтірді.

L.Mateiko

V.Jagić and hymnography research in Slavistics

The article deals with the early history of hymnography research in Slavistics. Slavic hymnography remained forgotten for a long period in Slavic philology despite a giant edition of Russian manuscripts was published by V.Jagić already in 1886. Obviously Jagić's negative conclusions concerning value of Slavic hymnography as a literary source together with its religious character caused that it was discovered for Slavistics only a century later.

ӘОЖ 82.0

Н.Дәулеткелдіұлы

Іле педагогикалық филология институты, Құлжа, Қытай Халық Республикасы (E-mail: nurjanxakelyn@hotmail.com)

Әсет ақынның термелері

Мақалада қазақтың терме өнері халқымыздың бағзы заманнан жеткен жауһар өнері екендігі айтылды. Автор сонымен бірге ақын Әсеттің әдеби мұрасындағы терме мәтіндерінің ғылыми тұрғыда жанрлық ерекшеліктеріне қарай бөлінуін келтірген. Әсет термелерінің ұлт әдебиетінде алатын орны мен жаңашылдық сипаты бағаланды.

Кілтті сөздер: қазақтың терме өнері, өнерпаздар, Әсет Найманбайұлы, Әсет термелері, мазмұны мен көркемдігі.

Қазақтар — дала көшпенділерінің ұрпақтары, қазақ халық болып біріккенде, тайпалар арасындағы өзара ағайындық ғана емес, өмір салтының бірдейлігіне, орналасу аймағының тұтастығына қарай қалыптасқан этностық топ. Монғолия далаларында тұратын Керейлер (Керей хандығы), Алтай баурайы мен Қара Ертіс бойын жайлаған Наймандар (Найман елі) мен Сарыарқаны мекендеген Арғындар (Қарлұқ хандығы), Жетісудың халқы Сарыүйсіндер (Үйсін елі) мен Сыр бойының халқы Қаңлылар (Қаңлы елі) және Мұғалжарды мекен еткен Шөмекейлер (Чумугун елі), Тобылды жайлаған Қыпшақтар (Қыпшақ елі), Маңғыстауды мекендеген Адайлар (Дай елі) жер бетінде «Қазақ» деген халық болмастан бұрын да, өз мемлекеттері бар жұрттарға жатады. Сол кезеңдерде олардың тілдері, ділдері бір-біріне жақын болды. Сосын барлық қазақты құраған ру-тайпалардың өз алдына фольклор мұрасы, өнері болды. Озық өнер үлгілері бұл тайпалар мен елдер

арасына ерте заманнан етене болып жатталды. Қазақтың терме өнері де байырғы жұрттар мен ұлыстардың, туыстардың өнерпаздары арқылы жетті.

Терме өнері — синкретті, немесе жалпылық, жанр түрі. Ол — өлең, әуен, күй, ән, актер, әнші, сазгерлердің қосылуы арқылы ортақ жаралған көне өнер түрі. Макамды, әуенді, аспапты бір адам орындаудан қалыптасады. Сосын да терме өнерпаздарының басы бақсы сарыны арқылы негізі қаланғаны анық. Бақсы, абыз, жыршы, жырау, ақын, термеші болып аттары сақталған.

Қазақ фольклорында тұтастану үрдісі болады. Жанр түрінің тұтастануынан алғанда терме өнері ақ өлең (қара сөз тақпағы) — бақсы сарыны — өлең сөз тақпағы — насихат өлеңі — өсиет өлеңі — толғау — жыр-терме түрінде тұтасады. Қазір жыр-терме әрбір жанр түрінен бөлектеніп, жырдан, толғаудан парықталып, терме өнері болып жеке аталады. Қазақ еліндегі қандастар бұл фольклорлық жанр түрін терме өнері, толғау-терме, жыр-терме деп үш түрлі атаумен атап келген де, еліміз қазақтары термемен таңбалайды.

Терме тектен тек көктен түсе салған дүние емес. Ол — сонау халықтық дәстүрлер мен мәдениеттің тоғысы. Терме өнерінің әр дәуірдегі мұрагерлері, жалғастырушылары болған. Тұтастану жолымен жеке жанрлық тұлғасын қалыптастырған. Терме өнерпаздарының авторлары жеке тұлғадан көбейіп, терме мәтінін жазушы, терме мақамын жасаушы, терме орындаушы болып жұмыс міндеті кеңейген-ді. Қазақ бастан кешкен тарихи барыстардың бәрінде телемелеу дағдысы жойылмаған. Ал қазіргі дәуірге келгенде әнші, жыршы, жырау, ақын, актерлер де өз жасампаздығының бір саласын терме өнеріне арнаған жаңа ауқым қалыптасты. Ә.Марғұлан Қорқыт мұрагерлерін Қойлыбай бастаған ежелгі бақсы-жыраулар, Кетбұға сияқты қобызда күй шалушылар, Сыпыра дәстүрінің ізіндегі жырау-абыздар, Жанаққа жалғасқан қобыз ұстаған ақындар деп төрт топқа бөлді. Бұл — шартты түрде бөлудің көрінісі. Қобызбен күй шығарушылар бұлай бөлінсе, қоңыр домбырамен терме айтқандардың қатары тіпті мол.

Қазақ қоғамының жаңа дәуірінде Қазақстан жерінде Жанақ ақынға ілескен бір шоғыр өнерпаздар шықты. Айталық, Ақан мен Біржан, Серіз Сері мен Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай мен Жарылғапберді, Қемпірбай мен Нартай, Естай мен Мәди, Абай мен Жамбылдар ғұмыр кешті. Ес біліп, етек-жеңді жинағаннан кейін білген Үбісұлтан, Нұрмахан, Рүстембек, Мұзарап, Зайыр, Сабыт, Берман, Сүйінбай, Сағынтай, Жаппар секілді белгілі жырауларды атауға болады. Ол өнерпаздардың жыр-терме айту мақамдары әр түрлі болыпты. Арқа дәстүрін елімізге жеткізген жезтаңдай әнші, жезбұйда жырдың жел жүйрігі Әсет Найманбайұлы еліміздің қазіргі заман терме өнеріне тамшыдай тер төгіп кеткен айтулы өнерпаз. Еліміз қазақтарында қазіргі заман терме өнеріне Әсет пен Асылхан сара жол салды делінсе, асырып айтқандық емес.

Әсет жасампаздығына тіркелген жаңа поэзиялық түр — терме мәтіні. Оның саны көп емес. «Адамның жасы жөнінде», «Әсеттің термесі», «Өсиет», «Бауырларға» дейтін төрт жыр-термесі мәлім болған. Ақынның бұл термелері екі елде де баспа бетінде жарық көрді. «Адамның жасы жөнінде», «Әсеттің термесі», «Өсиет» атты үш терме мәтіні 1992 жылы Қазақстан Республикасы Алматы қаласында басылған «Інжу-маржан» атты Әсеттің әндер жинағына енеді [1; 86–93]. Құрастырушы өнертану ғылымының кандидаты Қайролла Жүзбасов алғашқы екі өлең мәтінін термеге жатқызады да, соңғы «Өсиетті» әнге бейімдейді. Нотасымен қосып жазады. «Адамның жасы жөнінде» бұл жинақта әннің қайырма мәтіні қосылып, жиыны 5 шумаққа жинақталған. Әр шумақ 6 тармақтан құралып, көлемі 28 жолға тұрақтайды. Ертеде бұл өлең Қазақстаннан шыққан «Шығармалар» жинағына терме деп те аталмай, бір шұбыртпалы ұйқасқа жинақталып, 22 жолдан тұратын «Адамның жасы жөнінде» деген өлең мәтінімен енеді [2]. Ал елімізде шыққан «Әсет шығармаларының» I-томында бұл өлең бір жерде «Жас жайлы» деген атпен үзінді ретінде 16 жолмен өлең тобына енсе, бірде «Жиырма бес» деген термеде көлемі ән қайырмасымен 30 жол болып, әндер қатарында жүреді. Ән мәтіндері де ұқсамайды. Бәлкім, екі термеге телуге болады. «Әсеттің термесі» атты терме мәтіні «Інжу-маржан» атты жинақта бір қалыпты үдемелі ұйқаспен 22 жолдан тұрады. «Өсиет» те аталмыш жинақта екі шумақ, 16 жолмен шектеледі.

Кейін Әсет мұралары еліміз жерінде де жақсы жиналып, жеке екі томмен құрастырылып басылды. Сонда «Өсиет» атты бұл өлеңнің құрылысы көлемді, тармақтары көп екені мәлім болды. «Інжу-маржан» атты жинақта 16 жолмен шектелсе, «Әсет шығармалары» атты жинақта «Өсиеттің» мазмұны түрленіп, «Пәни дүние» деген өлең өрнектеріне өзгерген сынайлы. Көлемі бес бетке жетеді.

Ақынның келесі бір термесі «Туыстарға өсиет» 2000 жылы Бижиң қаласынан шығатын «Орталық ұлттар баспасы» тарапынан басылған «Әсет шығармалары» екі томдығының I-томында «Өсиет» (Туыс-туған қатынасы) [3; 190–194] деген термемен басылады. Кітапты жинап, реттеп,

баспаға дайындаушы Қалиолла Нұртазин. Жинап, реттеуге көмектескендер: Асқар Игенұлы, Омархан Асылұлы, Жүмәділ Маманұлы. Бұл өлең жинақта «Өлең мен толғаулар» бөліміне енгізілген. Арнаулы терме деп аталмаған. Көлемі 5 бет, үлкен 7 шумақ, 103 жолдан тұрады. 7 мен 8 буынды жыр ұйқасымен, кейбір шумақтары шұбыртпалы ұйқаспен, желдірме ырғағымен айтылады.

Ардагер Әсеттің артында қалған мол мұрасының бір парасы терме өнерімен толықтанды. Сегіз қырлы, бір сырлы сері Әсет Арқа әуенін терме өнеріне сіндірген кемел өнертапқыш талант. Әншілігін, эпикалық төкпелікке ұластырған дархан көңіл дарын иесі. Әсеттің төрт те, бес нұсқадан тұратын термелерінің өзі өнеге боларлық, терме өнеріндегі бостықты толтырған төл жасампаздық. Бұл термелерінің мазмұны мына жақтарға жинақталады: адамның жасына қарай жасалған мінездеме, жиырма бестің пендеге сыйлайтын асыл қасиеті, адамның өмір сапарында ұстанатын ақ жолы мен адалдығы, пәни дүниенің барлығы мен жоқтығы, көптігі мен аздығы, өтпелі кезеңі, туыстар арасындағы жақындық пен бауырмалдық. Енді осы мазмұндарды Әсет термесінің өн бойынан толық қазып алуға болады.

Бірінші, Әсеттің жас туралы термесіндегі пікір жаңалығы. Әсеттің бұл туралы термесі «Адамның жасы жөнінде», «Жас жайлы», «Жиырма бес» болып түрліше аталады. Өлеңдік нақыштары мен ішкі мазмұндық бөлектері де ұқсамай жатады. Түрліше бейнелеу тәсілі арқылы вариантталады. Жалпы адамның бес жастық ғұмырынан тоқсан беске дейінгі өмір белестерін тамаша мінездік ұқсастықпен термелейді. Бес жасты құлынға, он жасты буыны қатпаған жас өркенге ұқсатады. Он бесте отау құрып, жиырма бесте той мен ойға кенелген кемел шаққа жетерінді әдемі жеткізеді. Отызда ақыл толысып, қырықта сабырдың сары атанына мінетін мінездемелерді ашады. Елу жас екі жастың тап ортасы, алпысың сақалдының өларасы десе, жетпісте тістен айрылып, сексенде селкілдеп қалатын кәрілік шақты бейнелейді. Токсанда толған мидың жартысынан айрылып, тоқсан бесте томарылып отыратын ғұмырдың соңғы керуенін көзге елестетеді. Сергек, анық ырғақта терме тебіреністі көңіл-күймен айтылады. Термеге әуендік қайырма қосылады. Қайырмасы: *Халалақу ләйлім, Халалақу ләйлім, ләйләйлім, Халалақу ләйлім, Ләйлім, ләйлім, ләйләйлім!* — дейтін үдемелі, қайталамалы тіркестермен күшейтіледі. Бұл терменің бір нұсқасы, немесе елімізде мәлім болған нұсқасында, үзінді ретінде Әсет өмірінен мәлімет береді. Айталық,

*Он жаста өз құрбымнан болдым бөлек,
Он бесте ынта бердім өлеңге ерек.
Келгенде жиырмаға адам болып,
Қыр-сырын бұл өмірдің көрдім елеп.
Отызда өз құрбымнан түгел озып,
Белгілі адам болып тұрдым бөлек.
Қырқымда бүрлеп шыққан бәйтеректей,
Саяма әркім келген көлеңкелеп.
Елу жас — жер ортасы деген рас,
Бетіме әжім кірді, көзіме — елек, —*

дейді [3; 190].

Әсет — өнерге тойынып кетпеген, өзін басқалардан асқақ ұстамаған реал ақын. Ол ғұмырдың кетелігін ерте сезді. Бұл шумақтармен өз өмірінің алты кезеңін бес те, он жылдық кесімге салып, саралай білді. Ең жемісті жас жиырма бес екенін танып жетті. Жиырма беске арнап жеке желдірме шығарды. «Қош бол аман, жиырма бес, қайта айналып келмес маған» деген қайырма тіркеске сүйеніп, ақыл беретін, нақыл беретін тебіреністі термесін қалдырды. Осы «жиырма бесті» әннен гөрі, терме қорына енгізсек, ұтарымыз көп болмақ. Өйткені мәтінде бүкілдей ақыл мен кеңестің бірқанша түрін жіпке тізгендей жинақы жеткізеді. Мәселен,

*Мыс та алтын, күміс те алтын, алтын да алтын,
Айырып білмегенге асыл нарқын.
Сыртынан бәрі сұлу көрінгенмен,
Табылмас нағыз алтын жарқылдайтын.*

*Кісі емес кісі артынан жамандаған,
Дос емес дос көңілін таба алмаған.
Астына кей жаманның тұлпар түссе,
Қандырып тақым құрышын шаба алмаған, —*

деп толқиды Әсет [3; 247]. Ақын бұл терме мәтінінде жеті шумақта жеті ойды жеткізіп, дидактикалық ой айтады. Ән сөздері көбіне лирикалық тебіреніске жол берсе, бұл өлең мәтіндері философиялық ойлауға құрылады.

Екінші, Әсеттің нақылдық термесіндегі философиялық толғамдар мен ой өрнектері. «Әсет термесі» деп келетін шағын терме мәтінінде тұнып тұрған ойға кезек беріледі. Сергек, кең үнмен термеленеді. Терме мәтінінің басталуы да тосын. «Е-ей, қайран Әсет, Әсет, шіркін ауру! Ахей!» — деп алынады. Бұл мәтіндік бастамаға қарағанда «Әнмен арыз» атты ұзақ толғауына жақын келеді. Себебі ақын соңғы ғұмырында белгісіз аурудан көз жұмады. Өзге өлеңдерінде бұл қайғылы күй кезікпейді. «Өткенді естімесе, көз көрмейді» деген тұжырымды ойдың өзі — бүкіл терменің алтын арқауы. Ақын өз өмірінің де қамшының сабындай қысқа, өтпелі екенін түйсінеді. Пәни дүниеде аяқ басып жүрген пенденің міндеті ұмытылмайтын асыл сөз қалдырумен құнды боларын салмақтайды. Пәни дүниедегі табиғат, жаратылыс құбылысы ғана ұзақ өмір сүреді. Бірақ сезіне білмейді. Ал адам ұрпақ үшін ұлағатты ой қалдырады. Ақын оны жан жүрегімен сезініп, айналасындағыларға ақ жарқын дауыспен жар салады. Адамның басында ұйқы, жалқау, керенау сынды алынбас үш кесел барын, оны ақылмен жеңгенде ғана адамдық сара да сәлиқалы жолды тазалауға боларын образды тілмен түйіндейді. Адамның бақыты өз қолынан жасалатынын бір шумақ өлеңмен жеткізеді:

*Қорғасының қорысы тас бола ма?
Нахаққа нағыз есті қас бола ма?
Жын соғып, ақыл азып, мұң ұрмаса,
Жай кісі қарап жүріп мас бола ма?
Адамның ризығына — Алла кепіл,
Топырақ көрге енгенше тас бола ма? —*

делінеді [1; 88, 90]. Бұл терме мәтінінде бар дүние мен ой, қимыл тектен текке тумайды. Адам да жер бетінде ойсыз, әрекетсіз жүрмейді. Оған парасат пен пайым, біліктілік керек болады. Ақын осы ойды дидактикалық сұрау арқылы жауабын айтпай тұрып, дәлелдейді. Терме талабына осындай жинақылық пен ойлылық ғана үйлесе кетеді. Сөз бұйдалық, шұбалаңдық терменің түрін өзгертеді. Әсеттің бұл термесі терең ой мен тиянақты тұжырымға сүйенген азаматтық лирика үлгісін ұстанған терме түріне жатады.

Үшінші, өрелі өсиет, өнегелі тағылым, таза имандылық сыйлайтын термелік көзқарастары. Әсеттің «Өсиет», немесе «Пәни дүние», атты термесінде адамға ақ жүрек сыйлайтын имандылық мәселесі қозғалады. Бұған қарап, «Өсиет» термесі шарияттық тақырып ұстанатынын білуге болады. Адамға адалдық — Аллаһтың сиы. Оған сенім мен талап қанат бітіруші. Аллаһтың ақ жолына адал болғандар арлы, иманды болады. Ақын бұл идеяларды терменің тармақтары өлеңмен жауап қайтарады.

*Айталық,
Дүние бір керуен жүрген көшіп,
Біраз күн дамылдайды жүгін шешіп.
Мысалы, талаптыға жаққан шамдай,
Қалмай ма, май таусылса, бір күн өшіп, —*

деп қорытады ақын [1; 93]. Дүние — жалған, кезбелі, кезекті. Одан алар үлесінді алып кетпесең, дүние екі айналып келмейді деген ислами қағидаттарды жақтайды. Адам өмірінің санаулы сәттері тек қарапайым халықты ғана емес, әулие мен әнбие, пайғамбарды да сынаққа алатынын, ажал барлық пендеге ортақ боларына сенеді. Жамиғи исан Нәби ода өткен, ажалдан құтылмаймыз амал нешік? — деген сөздермен айтып келмейтін ажалға сипаттама жасайды. Адам өмірге келгеннен көз жұмғанға дейін бойынан ізгілік пен игілікті жарқыратып жүру керектігін арнаулы суреттейді.

Төртінші, Әсет термесінде дәріптелген ағайын-туыстар ара қатынасы мен бауырластық бірлігі. Әсеттің бұл термесі Қытай қазақтарынан шыққан «Әсет шығармаларының» I-томында «Өсиет» (Туыс-туған қатынасы) деп жазылады. Ал бұл тақырыпты бүкілдей ағайын мен туыстарға арнаған себепті «Туыстарға өсиет» деген атпен атауды жөн көрдік. Бұл жинақта аталған өлең терме ретінде қаралмаған. Біз өлеңнің ескі 7 және 8 буынмен үдемелі ұйқаспен жасалған құрылысын көріп, термеге жатқызуға өте лайық екенін байқадық. Жинақта және өзге мерзімді басылымда бұл терменің тұрақты мақамы ұшыраспайды. Тек терме мәтінін көріп, терменің барлық шарттарын орындағанын білуге болады. Терме мәтінінде бір адамның айналасына жиналатын берлық туыстардың көмектесер қызметін түгендейді. Әке мен шешенің, аға мен інінің, әпке мен қарындастың, ұлық мен қызыңның, жиенің мен нағашыңның, бажа мен құданың, күйеу бала мен жезденің туыстық бірлігін дәл табады.

Жақсы туыс пен жаман туыстың саған салар жақсылығы мен жамандығың салыстырып береді. Сол секілді жақсы жар мен жаман әйелдің, әдепті келін мен кесір келіннің, білімді дос пен ақылсыз ағайынның ара қатынасын толық ажыратып жырлайды. Ал оқып көрелік,

*Әкең болса алдыңда,
Қоршап тұрған қорғаның.
Шешең болса алдыңда,
Күн өтпейтін орманың.
Екеуі қатар тұрғанда,
Бақытты бала болғаның.
Ата-анаң болса аяулы,
Төрт қыбылаң толғаның [3; 190].*

Пенденің ең ардақты туысы — өз ата-анасы. Олар болса, төрт жағың түгел болады деп бағалайды. Кейінгі шумақтарында аялап әлпештейтін шешенің орны бәрінен артық екенін айрықша атайды. Әке бойындағы асыл қасиеттер мен жаман әдеттерге сын айтады. Ақылы жоқ әкеден, жақсы жезденің көш артық боларын бағамдайды. Жаман туысқа жасаған көмегің, елекке құйған сумен тең болса, жаман болса әйелің, көрген күннің түнге айналарын де ескертеді. Ақын жалғасты «Ақымақ балаң алдыңда, көрініп жүрген жынмен тең..... Кекесіні келіннің, езіп берген умен тең» деген тіркестерді қосып жырлайды. Терме мәтінінің соңы әділ билік пен риясыз достықты жырлауға құрылады. Мәселен:

*Білімді болса дос-жарың,
Кең болады өрісің.
Биің әділ болғанда,
Тыныш болар ел-ішің.
Досың әділ болғанда,
Өлшенбей қалмас бір ісің.
Көгерсін елмен бірге өс,
Елсіз тірлік құрысын, —*

деп тебіренеді ақын жаны [3; 194]. Әсет бір отбасының бауыры мен туыстарын түгендеп, бір әулеттен жақындарын жырға қосады. Олардың жанға сая мейірі мен шарапатын аса көрегендікпен көре біледі. Бір ауылдың айрандай ұйыған бірлігі мен тірлігі болуын армандап кетеді.

Әсет термелері туралы бұрын зерттеу еңбектері болмаған. Іздену жағы да жоқтың қасы. Тек кейбір жинағында ғана ақын термесін атап өтеді. Басқа ақын жасампаздығына арналған ғылыми мақалаларда термесін тектемейді. Бұл ақын мұрасына жан-жақтылы тоқталудағы ағат кеткен шаруалар. Әсет шығармалары қаншалық ел көкейіне сақталған сайын, оның талантты қырлары соғұрлым ашыла берері шүбәсіз. Елімізде өтіп жатқан айтыс бәсекесінде ақынның «Әсетпен Кемпірбаймен қағысуы» термеге баланып, оны орындаған термешілер жүлденің биік төрінен көрініп келеді. 2012 жылы 5–6 қарашада өткен Күнәс ауданының 31-ші кезекті ақындар айтысының терме майданында Берікбол дейтін жас термеші «Әсет пен Кемпірбаймен қағысуын» тамылжыта орындап, терменің бас жүлдесін олжалады. Бұл жерде айтыс майданы болған соң үлкен сөгіс жоқ. Арнаулы терме өнерінің сайысы болса аталған термені қосуға болмайды. Әсеттің термесі жоқ емес, жоғарыда аталған термелер Әсет өнерінің бір шұғыласы. «Әсет пен Кемпірбайдың қағысуын» айтыс мұрасына қалдырып, «Өсиет», «Туыстарға өсиет», «Әсет термесі», «Жас жайлы» термелері көрерменнің көз айымына айналып жатса құба-құп. Халқы барда ақын рухы өшпейді, өнері өлмейді. Келер ұрпақ Әсет термесін де тауып алып, сахарадан сахнаға сайрата алады.

Соңғы түйін: Әсеттің халық арасынан жиналған, өлең, толғауларынан екшелген терме мәтіндері қазіргі терме өнеріне қосылған жауһар жәдігер. Әсеттің терме жасампаздығы жаңа дәуір терме өнерін танудың бастау бұлақтарының бірі. Заман жаңаланған сайын әдеби құнын жоймай, алтын қорда сақтала бермек, жаттала бермек. Ақынның саусақпен санарлық терме мәтіндері әсеттануда да табысты өнер саласына айналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұзбасов Қ. Инжу-маржан. — Алматы: Өнер, 1992.
- 2 Нұржекеев Б., Әбілқасымов Б. Шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 67-б.
- 3 Нұртазин Қ., Игенұлы А., Асылұлы О., Маманұлы Ж. Әсет шығармалары. — 2-т. — ҚХР Бижиң: Орталық ұлттар баспасы, 2000.

- 4 Шипанұлы М., Әлімбаевты Б. Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп // ҚХР ШҰАР. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1989.
- 5 Исмайылқызы Н. Сахара бұлбұлы — жырдың дүлдүлі // ҚХР ШҰАР. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2008.

Н.Даулеткелдыұлы

Речитативы поэта Асета

В статье рассмотрен жанр «терме» как одно из древнейших сокровищ культуры казахского народа. Терме в казахской культуре является синкретным жанром. Автором приведена классификация групп по жанровым особенностям текстов терме в литературном наследии поэта Асета с научной точки зрения. Оценены значимость и новаторские свойства речитативов Асета в казахской национальной литературе.

N.Dauletkeliduly

Recitatives poet Aset

The article reports that the Kazakh culture «terme» is one of the oldest arcane cultures of people. Term in the Kazakh culture is a sinkretny genre And given the division into groups according to genre of texts terme in the literary heritage of the poet Aset from a scientific point of view. Estimated value and innovative property recitatives Aset in the national literature.

ӘОЖ 82.0(574)

Ж.Ж.Жарылғапов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru)

Т.Кәкішев зерттеулеріндегі әдебиеттің теориялық мәселелері

Мақалада әдебиеттанушы-ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиеттің жанры, әдеби ағымдар, көркемдік әдіс сынды категорияларына қатысты тұжырымдарының ғылыми маңызы қарастырылды. Ұлттық әдебиеттегі романтизм, көркемдік ойлаудың реалистік және романтикалық ойлау типтері, әдебиеттің ішінара бір әдістен екінші бір әдіске көшуі, ауысуы үдерісі турасында айтқан пікірлері талданды. Еуропа және орыс әдебиеттеріндегі құбылыстардың қазақ әдебиетіндегі синтезделу жолдарын анықтау туралы ұсыныстарының ерекшеліктері айқындалды. Ұлттық әдебиеттанудың болашақта шешілуге тиісті теориялық мәселелер ауқымы көрсетілді.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеттануы, жанр, әдеби ағымдар, әдеби бағыт, көркемдік әдіс, романтизм, романтикалық бейне, реализм, әдеби үдеріс.

Ұлттық әдебиеттегі ағымдар мен әдістердің ауысулары сол ұлттың көркемдік дамуының аса айқын белестері және әдебиет заңдылықтарының жүзеге асуының нақты көрсеткіштері екені рас. Әдеби ағымдардың әдістермен, жанрмен қарым-қатынасы біршама ғылыми тұжырымдар жасауға жетелейді. Әдістер мен әдеби ағымдардың ішкі байланыстары белгілі бір жанрлардың дамуына жол ашты. Жанрлар үздіксіз даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, оған әдебиет даму кезеңдеріндегі әдістер мен әдеби ағым-бағыттар өз ерекшеліктерін әкеліп отырды. Біздегі әдебиет теориясына байланысты кейінгі жылдарда жарық көрген еңбектерде «бағыт», «ағым», «стиль», «әдеби мектеп», «әдеби топ» сияқты ұғымдардың ара-жігін ажыратып, басты сипаттарына қарай жүйелеу ісі алға жылжығандығы байқалады. Бұл орайдағы ізденістерге мұрындық болған, серпін берген ғалымдарымыздың бірі — Т.Кәкішев. Ұлт әдебиетіндегі ақтаңдақтарды қалпына келтіре бастап, көркемдік даму бағдарымызды адамзаттың рухани бағдарымен қойындастыра бастаған 90-жылдардың басында ғалымның «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар хақында» деген мақаласы үлкен резонанс тудырғанын айту керек. «XX

ғасырдағы қазақ әдебиетінің өркендеуіндегі ерекшелікті, қандай ағым-бағыттар болғанын зерттеп, түбегейлі шешімін табуға асығу шарт», — деп жазды ол [1]. Расында да, әдебиетіміз ХХ ғасырдың басында-ақ натурализм, сентиментализм, экзистенциализм т.б. тәжірибелерді басынан өткерді. Әсіресе ұлттық прозадағы романтизм, көркемдік ойлаудың реалистік және романтикалық ойлау типтері, әдебиеттің ішінара бір әдістен екінші бір әдіске көшуі, ауысуы үдерісі кеңінен қаузалмаған мәселе. Т.Кәкішев бүгінгі күнге дейін біз басшылыққа алып келген әдеби бағыт пен ағым, көркемдік әдіс теориясына арналған еңбектер негізінен Еуропа елдерінің әдебиеті бойынша жасалғанына баса назар аударды. «Кешегі кеңес, бүгінгі орыс әдебиетінде үстемдік жасаған, жасап келе жатқан эстетикалық таным-білік европоцентристік көзқарасқа негізделеді. Ол қисын бүкіл адамзаттың рухани дүниесін Еуропа үлгісіне салып пішіп, ғылым мен білімді, әдебиет пен мәдениетті соның аясында көрсетуді ұнатады да, ұқсағандарын бауырына тартады, өзіндік ерекшелігі барларын танып-білуге құлықсынбай шетке қаға береді, әрі беріден соң оларға керітартпалық сипат дарытып, қисын әлеміне жақындатпауға тырысады» деген пікірі де бұл саладағы қыруар мәселені мегзеді [1]. Кеңестік дәуірдегі аталған әдеби категориялар төңірегінде өрістеген теориялық ой-пікір Франция, Италия, Германия, Испания, Ұлыбритания, Ресей елдеріндегі көркемдік дамудың мысалдарына әсіре жүгініп отырғанымызды кімнен жасырамыз.

Асылында, жер бетіндегі барша халықтардың даму жолы біркелкі еместігі аян. Алғашқы қауымдық құрылыстан неғұрлым күрделі қоғамдық өмір формаларына әр халық түрлі жолдармен, түрлі уақыттарда өтіп отырды. Біреуінде классикалық антика, келесісінде феодалдық дәуір ұзақ уақытқа созылса, біреулері капиталистік формацияға ертерек енді т.б. Тарихи дамудың осы ерекшелігіне сәйкес, ғалымдар арасында талайdan бері пікірталастар тудырып келе жатқан, ұлттық әдебиеттану көп маңыз бере бермеген мынадай мәселелер бой көтереді: ұлттығы мен мемлекеттігі, жазба әдебиетінің пайда болуы әр түрлі хронологиялық кезеңдерде жүзеге асқан халықтардың барлығы антикалықтан модернизмге дейінгі көркемдік даму сатыларынан өтуі міндет пе және мүмкін бе?

Бұл сауалға ғалым былай жауап береді: «Біз көшпелілер мәдениетіндегі көшпелі жұрт, әсіресе сөз өнерін культқа айналдырған ел екенімізді ұмытпай, әлемдік көркемдік танымнан өз арнамызды табуға тиіспіз. Өйткені бізде реалистік, романтикалық, сатиралық, символикалық суреттеу тәсілдерінің қай-қайсысы болмасын қазақы бояумен көрініп жатқанын көреміз. Сондықтан қазақ әдебиеті тек поэзия жанрымен өркендеді дегенді енді қою керек. Қазақ поэзиясы, шындап келгенде, европалық поэзияның алуан саласын қамтыған синкретті, жиынтық құбылыс деп түсінуге тиіспіз. Проза, драма, ғылыми трактат түрінде айтылғандарды өлең-жырға орап жеткізе білетіні қазақы танымның ерекшелігі екенін енді ұғуға тиіспіз», — дейді [1].

Бұл тұста ғалым қазақ әдебиетіндегі жедел даму құбылысының фольклорлық негіздері туралы айтып отыр. Өйткені ұлттық әдебиет адамзаттың тарихи-мәдени керуенімен қай жерде тоғысады, қай кезеңде кенже қалады, дамудың қай сатыларын жедел өткереді? деген сауалдарға жауап іздеу барысында халықтың поэтикалық-фольклорлық ойлау мәдениеті, ұзақ уақытқа созылған фольклорлық дәуірдің берері көп. Қазақ халқының жазба әдебиеті қалыптасқанға дейінгі кезеңінде қоғамның рухани өмірі, болмысты образдап игеру ерекшеліктері фольклорлық-поэтикалық формада көрініс тапты. Мұнда бір-бірінен ажыратылмаған күйінде халықтың философиялық, құқықтық ойдандық, діни және эстетикалық т.б. көзқарастары тұтасып жүрді. Әдебиеттанушы үшін бұл күрделі үдерістер ішінен, яғни синкреттік шығармашылықтан, нақты бір өнер саласы ретінде немесе қоғамдық сананың өзгеше формасы түрінде қабылданатын көркем әдебиетке өту қалай жүзеге асатынын бағамдау басты мақсат болып табылады. Өйткені әдебиеттің жедел дамуы құбылысында фольклор негізгі міндеттердің бірін атқарады. Көркем шығармашылықтағы жедел даму құбылысын теориялық тұрғыдан негіздеуші Г.Гачевше айтсақ, «әдебиеттің өтуге тиісті даму сатыларының қызметін фольклор атқарып, мәдениеттегі бос кеңістікті фольклор толтырады» [2; 401–402]. Кезінде Ш. Уәлихановтың қазақ эпостарының образдары Еуропаның жазба әдебиетінен ешбір кем соқпайтынын айтуы да фольклордың әлемдік көркем ой дамуының жаңашылдықтарын бойына сіңіргіштік қасиетінің тағы бір куәсі болса керек [3].

Қарап отырсақ, фольклорлық эпикалық туындылар уақыт ілгері жылжыған сайын батырлық жырлардағы қуатты романтизмнен бірте-бірте алшақтай отырып, өмірдің нақты жағдайларына негізделген реализм элементтерін мүмкіндігінше пайдаланып отырды. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларындағы Баян, Жібек тағдыры негізінен романтикалық-трагедиялық тұрғыда жырланса, «Айман-Шолпандағы» Айман бейнесіндегі романтикалық рух едәуір солғын тартып, сол уақыттағы қоғам мен адам тыныс-тіршілігіне мейлінше жақындатылған. «Есім сері — Зылиқа»,

«Мақпал қыз», «Күл мен қыз», «Күлше қыз — Назымбек» дастандары да барған сайын бойына реалистік белгілерді жинай берді. Фольклордың ішкі жүйесінде болып жатқан бұл үдерістер нәтижесінде имманентті түрде жазба әдебиетінің белгілері пайда бола бастады.

Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өздеріне тән айырым белгілерін іздеушілерге лиро-эпикалық дастандардың берері өте көп. Архаикалық, қаһармандық эпостар дәстүрінде жасалған десек те бұл жыр-дастандарды кейіпкерлердің психологиялық жай-күйі, мінездерге дара ерекшеліктер дарыту тұрғысында «романдық эпос» деп атау қалыптасып кетті. Ірі эпикалық әрекеттерден гөрі айналадағы нақты шындықтардың ортасындағы адамның жеке мұраттарының анағұрлым айқындала түсуі көшпенділердің дәстүрлі танымының үлкен өзгерістерге ұшырағанын байқатады.

Мұның бәрі қазақ фольклорының әлемдік әдебиеттің ортағасырлық даму сатысына тән жанрлық канондардан тәуелсізденіп, ұжымдық шығармашылықтан авторлық шығармашылыққа қарай, адамзат көркем ойының ең жаңа дәуірдегі үлкен белесі — реализмге қарай бағыт алған ілгерінді үрдісі болып табылды.

Ауыз әдебиетінің жеке авторлығы бар шығармалары турасында, роман жанрын қалыптастырудағы фольклордың ролі мен қазақ әдеби шығармашылығының көлемді прозалық баяндауларға жол ашатын эстетикалық жағдай қалыптастыра алғандығы турасында Т.Кәкішев орнықты ойлар айтқан болатын. Ғалым: «Тағы да қайталайын, Еуропа және орыс әдебиеттеріндегі құбылыстардың бәрін қазақ әдебиеті солардың ізімен жүре қайталауы шарт емес, тіпті қажет те емес, бірақ көркемдіктің жалпыға ортақ заңдылықтарын игеріп, шын кәсіби жолға түсуге міндетті. Өрелі әдебиеттерден бой тасаламай, пайдалысынан үйренуге тиісті заңдылықты айтқанда еш уақытта өз ерекшелігімізден көз жазбауымыз керек», — деп нақтылайды [1].

Жадында дамудың бірнеше сатыларынан әлдеқайда бұрынырақ өтіп үлгерген орыс әдебиетінде біздегі ұлттық прозаның эпикалық формалары тумай тұрып, проза жанрында классикалық дүниелер жасалып қойған. Алайда тарих өлшемімен алғанда өте қысқа уақытта қазақ әдебиеті әлемдік прозаның талаптарына жауап бере алатын шығармаларды дүниеге келтіруі арқылы даму сатыларындағы айырмашылықтарды жоя алды. Адамзат көркемдік танымының ұзақ тарихи жолындағы сәтті тәжірибелерді ұлттық фольклордың бойына сіңіруі кейін алуан жанрда дамыған жазба әдебиетінің басқа халықтар мыңжылдықтар бойы өткен сатыларды қайталамауына, жедел дамуына себеп болды. Демек, қазақ халқының көркемдік таным эволюциясында, ұжымдық санадан жеке авторлық санаға дейінгі даму көшінде антикалық, ортағасырлық, ренессанстық, ағартушылық, романтикалық т.б. дәуірлердің эстетикалық белгі-бедерлерін аңғаруға болады. «Бұл барлық әдебиеттер қайталанады, ешқандай жаңалық тумайды дегендік емес, мәселе ол жаңалықтардың нақты неден тұратындығын, қандай әдіспен қарастыруға болатындығында. Егер зерттеуші әлемдік әдебиеттің осы күнге дейін белгілі даму жолын, оның барлық сатылары мен жанрларын үнемі естен шығармаса, ол мүмкін болмақ» [2; 420].

Яғни қазақ прозасы да әуелгі көркем шығармашылықтың бойына тұтасқан поэтикалық синкретизмнен енші алды. XX ғасырдың басынан бастап прозаның жетекшілікке ие болуы ұлттық әдебиеттің дамудағы жаңа белеске көтеріліп, озықты қабылдай алатын, әлемдік әдебиетте бар күрделі формаларды өз топырағынан өндіре алатын күйіне жетті. Өйткені өзінің тарихи даму жолында қазақ әдебиеті прозаға дейінгі барлық сатылардан өтіп келді. Прозасы дамып үлгерген халықтардың барлығында дерлік классицизмнің романтизмге, романтизмнің реализмге, натурализмге, модернизмге ұласатын даму заңдылықтары ұлттық әдебиетімізде жүзеге асты.

Қазақ әдебиетінің жанрлық түрленуіне, оның ішінде прозалық жанрлардың өрістеуіндегі фольклордың орасан ролі турасында, ондағы реалистік бағыттың күшеюіне байланысты айтқан «Реалистік арнаға түсу қазақ табиғатында қызық-қызық кезеңді басынан өткергені байқалады. Батырлар жырын алыңызшы, соның көркемдік қуатына көз жіберсек, елді қорғау, халықтың қамқоры болу идеясы мен мұңдалап шығады. Бұл поэзиямен атқарылар іс емес, бірақ біздің жырға үйренген табиғатымыз ұйқастыра айтуды, сазбен жеткізуді талап еткен соң, 7–8 буынды жыр үлгісімен баяндап береміз. Жырдың ұйқасқан сыртқы келбетіне қарайды да, оны поэзияға қарай икемдей береді, қазақ прозасы болмады, я кеш дамыды дегенге ойыса береміз. Ал шындығында осы батырлық жырды бунақтап, бұталап, басқа әдебиеттердің үлгісімен салыстырар болсақ, өзінің бас кейіпкері, оқиға дамытар сюжеті, характер жасау, тартыс қақтығысы бар, баяндап суреттеуге құрылған шығарма екенін көреміз. Бұл прозаға тән қасиетті батыр әрекет етер сәтті көрсетерде жыр өрнегіне салып, оқиғаларды байланыстырар тұста баяндау әдісін қолдану — кейіпкердің жанды бейнесін жасауға қажетті тәсілдер», — деген тұжырымы теориялық тұрғыдан аса құнды [1].

Қазақ прозасының қалыптасуы, оның аз уақыт ішінде әлемдік деңгейге көтеріліп үлгергені жедел дамудың нәтижесі. Іргелі елдердің рухани-мәдени тәжірибелерін сығымдалған түрде ұлттық өнерге сіңіру олардағы ірі-ірі әдеби бағыттардың, ағымдардың, әдістердің, стильдердің келуіне себеп болды. «Басқа әдебиеттер үшін өлеңдік поэзиядан қазіргі романға дейінгі қашықтық аса алшақ болса, Абайдың жолынан «Абай жолына» дейін қазақ әдебиеті бар жоғы жарты-ақ ғасырда жетті», — деп жазады Н.И.Конрад [4]. Сондықтан әдеби құбылыстарды тексергенде оларды дәстүр аясында жетілген ұлттық факт тұрғысынан және әлемдік көркемдік дамуға қатысы тұрғысынан да салмақтап отыру маңызды екенін мегзейді ғалым.

Әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық тұрғыда толысуының нақты айғағы болған түрлі жанрлардың өркендей дамуын тек қана реализммен байланыстыру аздық етеді. Әрине, реализм принциптерін қазақ әдебиеті бойына бірте-бірте сіңіру арқылы әдеби шығармашылықтың болмысты танып-білудегі қабілетін күрт арттырып, өресін шығандатты. Сондықтан да реалистік ойлау типіне орай өрістеген суреткерлік белсенділік, адам болмысының рухани-психологиялық күрделі қатпарлары мен өмір құбылыстарының ішкі мағынасына тереңдеушілік ғалымдар мен сыншылар назарына бірден ілікті. Бірақ қазақ прозасының, оның ішінде романының қалыптасуы мен еңсесін тіктеп кетуіндегі басқа да әдістердің орны жете талданбай келеді. Әсіресе біздің прозадағы романтизм мәселесі. Алғашқы романдардағы айрықша дараланып тұратын романтикалық бейнелер, суреткерлердің шектен тыс субъективтілігі мен өз қиялындағы өмірді бейнелеуге деген ұмтылысы сияқты жайларды көп уақыт ескермей келгеніміз рас. Т.Кәкішев болса аталмыш мақаласында ұлттық әдебиеттің өсіп-жетілуіндегі романтизм эстетикасының мәнін ғылыми тұрғыдан саралап шығуды шұғыл міндеттердің қатарына қояды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуында бадырайып көрінген, әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан көркемдік амал — романтикалық суреттеу тәсілі. Бұл жөнінде біраз қиястық жасадық. Романтизмді революцияшыл, өршіл және реакцияшыл деп екі бөліп, біріншісін жақтадық, екіншісін даттадық, әрі-беріден соң сөзіміз «дәлелді» болу үшін саясат араластырдық. Мұң-шерге батып жылап-сықтау, кешегі күннен, қазақтың феодалдық-патриархалдық тұрмыс-салтынан айырылмау, ескілікті дәріптеу деп оңды-солды соқтық.

Қазақ әдебиетінің әргі-бергі тарихында дүниені романтикалық тұрғыдан танып-білу әдісі реалистік сыңайдан асып түспесе, кем емес. Тіпті, әрі-беріден соң көшпелі өмір салтының өзінде романтиканың толып жатқан сілемдері барын аңғармау, оны сөз өнері арқылы жарқыратып көрсетпеу мүмкін емес. Бірақ, өкініштісі, сол біз асқақты сөз орамынан іргемізді аулақ салып, көркемдік танымымыздың қуатты бір қанатын қыркып тастадық», — деп жазды Т. Кәкішев [1].

Өткен ғасырдың 20-жылдарында романтизм туралы болған айтыс-тартыстар, ұлттық әдебиетіміздегі мұндай эстетикалық құбылыстың мән-мағынасын ауқымды түрде саралауға жол салар деген үміт ақталмағанын баса көрсетеді зерттеуші.

Тұжыра айтқанда, әдеби мұраны игеру мен ұлттық сөз өнерінің тарихындағы небір келелі мәселелерді күн тәртібіне алып шыққан сертіне адал сергек ғалым 1994 жылы жазған «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар хақында» мақаласымен еркін ойлауға қол жеткізген ұлттық әдебиеттанудың алдына ірі-ірі теориялық мәселелерді де қоя білді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкішев Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар хақында // Қазақ әдебиеті. — 1994. — 26 тамыз.
- 2 Гачев Г.Д. Неминуемое. Ускоренное развитие литературы. — М.: Худож. лит, 1989. — 432 с.
- 3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 162–168-б.
- 4 Конрад Н.И. О некоторых вопросах истории мировой литературы // Запад и Восток. — М.: Наука, 1972. — 293 с.

Ж.Ж.Жарылғапов

Проблемы теории литературы в исследованиях Т.Какишева

В статье рассмотрена научная значимость выводов ученого-литературоведа Турсынбека Какишева о таких литературных категориях, как жанр литературы, литературные течения, художественный метод. Проанализированы конкретные предложения о романтизме в национальной литературе, реалистическом и романтическом типах художественного мышления, внутреннем переходе от одного метода к другому. Определены особенности предложений ученого по определению путей синтеза явлений европейской и русской литературы в казахскую. Автором предложен круг актуальных теоретических проблем национальной литературы.

Zh.Zh.Zharylgapov

Problems of the theory of literature in T.Kakishev's researches

In article is considered the scientific importance of conclusions of scientist-literary critic Tursynbek Kakishev about such literary categories, as a literature genre, literary trends, an art method. Analyzed specific proposals about romanticism in national literature, about realistic and romantic types of art thinking, about internal transition from one method to another. Features of proposals of the scientist are determined by definition of ways of synthesis of the phenomena of the European and Russian literature in the Kazakh. The author offers a circle of actual theoretical problems of national literature.

ӘОЖ 821.512.122:82.09

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)***Қазақтың ұлы ақыны Мағжанның әркілі тақырыпта жазған поэмалары**

Мақалада Мағжан поэмалары арқылы шығармашылығы халықтың рухани қазынасына енгендігі талданған. Ақынның шығармаларында әлеуметтік саланың үлкен бөлігіне — қазақ халқының рухани даму тарихына және басқарудың отаршылдық жүйесіндегі ел жағдайына үлкен көңіл бөлінгендігі дәлелденген. Оның XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген поэмаларында еркіндік идеясы мен демократиялық-ағартушылық дәстүр жалғасқандығы туралы қорытынды жасалған. Ақынның ең таңдаулы «Батыр Баян» поэмасында XVIII ғасырдағы көрнекті қазақ қолбасшыларының бірі — қазақ-жоңғар соғысында көптеген жеңістердің ұйымдастырушысы болған Баян батырдың қалай ерлікпен қаза болғандығы суреттелген.

Кілтті сөздер: Мағжан, поэма, тақырып, дастан, Қорқыт, Қойлыбай, Кене хан, ертегі поэмалар, батыр Баян.

Kipicne

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ поэзиясын дүр сілкіндірген, әр сөзінен шоқ тұтанып, жалын лаулаған, адамның рухани әлемінде астаң-кестең дауыл туғызған ұлы ақын М.Жұмабаев болатын.

Мағжан нәзік сезімді лирикалық өлеңдер жазумен қатар, эпикалық жанрда да қарымды еңбек еткен ақын. Оның «Қорқыт», «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан» тәрізді бірнеше поэмалары бар. Белгілі жазушы Сәкен Жүнісов Мағжан мұрасының маңызды бөлігі ақынның поэмалары екені туралы былай жазады: «Мағжан поэмалары өмірмен өте тығыз байланысты, тіршілікпен тұтасып жатқан ірі дүниелер. Мағжан поэмаларының негізгі тақырыбы — өткен өмір, тарихи оқиғалар. Мағжан бұған, әрине, «көне түсініктен жаңалық іздеу, ертегіні ермек ету ниетімен» бармаған. 1922–1927 жылдардағы разверстка, продналог, шолақ белсенділер, елді үркіту-қорқыту, қуғын-сүргін, қазақ жерін күйзелту және т.б. келеңсіз оқиғалар

ақынды түңілдіре бастады. Совет үкіметі құрылған алғашқы жылдары балаша қуанған Мағжан енді көп ұзамай, бүгінгі таңда айтып жүрген, түрлі тоқырауды күнілгері көре бастады. Бірақ күресуге дәрменсіз еді. Сондықтан тек қаламға жүгінді» [1]. Мағжан поэмаларының тақырыптары әр түрлі. Олардың көркемдік деңгейлері әркелкі болғанымен, қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар ерекше дүниелер.

«Қорқыт» поэмасы — Мағжанның кең көлемді алғашқы шығармасы

Қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыз-кейіпкері, ежелгі әдебиеттің көрнекті өкілі — Қорқыт туралы туынды.

«Қорқыт — Шығыстың ең алғашқы бақсысы», — дейді Шоқан Уәлиханов. Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі Сыр бойында сақталған. Күллі жыраулардың, күйшілердің атасы — Қорқыт туған жерде жыршы-жыраулықтың ежелден қанат жайғаны күмәнсіз. Күй атасы — Қорқыт. Араға сан ғасырды салса да Қорқыт күйлері мен жырлары бүгінгі күнмен өзектес, сарындас. Жалпы кез келген өнер туындысы әбден екшеліп, уақыт елегінен өткен маңызы мен мәйегі ғана ел есінде сақталары дәлелдеуді қажет етпейтін қағида [2]. Қорқыт жайында айтылатын әңгімелердің сюжеті біреу-ақ: Қорқыт бірде ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде бейтаныс кісілер көр қазып жатады. «Бұл кім үшін қазылып жатқан көр?» — деп сұрайды. «Қорқытқа қазып жатырмыз», — деп жауап береді аналар. Шошып ояңған Қорқыт өлімнен қашып құтылмақ болады. Сөйтіп, ол дүниенің төрт бұрышын аралайды. Бірақ барлық жерде өзіне қазылып жатқан көрді көреді. Ажалдан қашып құтыла алмайтынына көзі жеткен Қорқыт енді жер ортасы — Сырдарияға, өзінің байырғы мекеніне қайтып келеді. Ажал кенеттен келіп қалмасын деп, ол өзеннің ортасына кілем төсеп, өзі жасаған қобызды тартып, өмір сүре береді. Бір күні әбден қалжыраған ол қалғып кетеді. Сол мезетте ажал жылан түрінде келіп, оны шағып өлтіреді.

Бұл сюжет өте ерте заманда пайда болған. Мәселен, ол әзірше ең көне деп саналатын, тіпті, әйгілі «Илиада» мен «Одиссеядан» бір жарым мың жас үлкен «Гильгамеш туралы жырда» философиялық тұрғыда өлім мен өмірдің күресі, адамның ажалдан құтылу жолдарының мәселесі ретінде, көркем түрде әңгімеленген [3]. 1923 жылы «Шолпан» журналының 2–3 сандарында жарияланған «Қорқыт» поэмасы [4; 221–230] М.Жұмабаевқа өзінің символистік ағымынан алған өлім туралы тақырыбына ескі аңыздан тірек тапқандай болды.

Адам өмірінің мәні, өмір мен өлім проблемасы — философиядағы мәңгілік тақырыптардың бірі. Ақын поэмасында философиядағы өмір мен өлім тақырыбын өзінше қозғайды:

<i>Қорқыттың мынау ой ед есін алған,</i>	<i>Әншейін өмір деген ермек үшін,</i>
<i>Жанына ерте күннен жара салған:</i>	<i>Күні ертең соғар жүрек сөнбек үшін.</i>
<i>Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,</i>	<i>Ойланып қалай ғана уланбассың.</i>
<i>Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?</i>	<i>Берілсе адамға өмір өлмек үшін?</i>

Қайда барса да алдынан қазылған көрі шығатын Қорқыттың ендігі жұбанышы қарағайдан жасаған қобыз еді.

Мәңгілік өмір үшін күрескен Қорқыт Мағжан поэмасында аңыздық бейне күйінде қалып қоймайды. Қазақ санасына ой мәйегі тұнып қалған дана ойшылдың, өнердің рух ұстазына айналған күй атасының романтикалық құлшыныстан туып, көркемдік шындықтан жаралған көркем бейнесі сомдалады:

<i>Өмірде жүрген жерін қанды ор ғып,</i>	<i>Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,</i>
<i>Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.</i>	<i>Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.</i>
<i>Жұбанды қолындағы қобызымен,</i>	<i>Байқасаң, адамзатта болған ба ақын,</i>
<i>Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.</i>	<i>Қорқыттай атасынан бата алмаған?</i>

Мағжан да ертегідей естілетін өткен күннің аңызына құлақ асып, өз өмірімен салыстырады. Мұнда бір есепке алатын нәрсе — ақындық туралы толғаныс:

<i>Ақын — жел, есер, гулер жүйрік желдей,</i>	<i>Қиялы, жан жүрегі — ойнаған от,</i>
<i>Ақын — от, лаулап жанар аспанға өрлей.</i>	<i>Ақынды аласұртар тыныштық бермей.</i>

Қорқыттың ажалмен күресі — ақынның бостандық сүйгіш, азатшыл рухымен үндес. Мәңгілік өмір идеясы — мәңгілік еркіндік идеясының алтын қазығы іспетті. Қайда барса да алдынан «көр» шыққан Қорқыт тәрізді тәуелсіз өмірді аңсаған Мағжан әлемі де үнемі қайшылыққа кезігеді. Көңілмен түйсініп, көзбен көріп, сендім дегені сағымға айналып шыға келсе, амал бар ма?! [5; 60]. Ажалмен алысқан Қорқыт келбетін сомдағанда, ақын көркем бейне астарына өз рухын астастырады:

*Енді менің жолдасым — жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа жыламай қала ма көз?!*

*Өмірде арманым жоқ — Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!..*

Мағжанның Қорқыттай қобызымды құшақтап, көрге кірсем, арманым жоқ дейтіні — шабытқа, музаға табынғандық деп түсінсек ләзім.

Сонымен, «Қорқыт» поэмасындағы автор ұстанған идея — ол мәңгілік күрес идеясы. Өлімнен қашып, ажалмен тірескен Қорқыт — Мағжан үшін өлмес рух. Оны жырлау — өмір үшін күресті жырлау. Ақын үшін өлмес рухтың күйін шерткен Қорқыт қобызы — ажалға қарсы күрес қаруы. Ал Мағжанның жан қобызы — оның поэзиясы, өміршең өлеңдері мен поэмалары.

«Қойлыбайдың қобызы» — ақынның шағын поэмасының бірі

Қазақ бақсыларының құдіретін анықтайтын алғашқы анықтаманы келтіріп, шамандар қолданатын аңыз сарындардан мысал келтірген зерттеушілер — Ш.Уәлиханов пен Ә.Диваев. Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Петерборда шыққан еңбегін данышпан ақынымыз Мағжан Жұмабаев көп пайдаланған. Тарихи шындыққа, нақтылық пен дәлдікке жүгінген классик ақынның қаламынан туған «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмасы [4; 230–232] мен тағы басқа шығармаларындағы бұлтартпас айғақ Ш.Уәлиханов еңбектерімен жете танысудың арқасында келген [6; 205]. Дастанның басында Мағжан:

*Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.*

*Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан, —*

деп, Қойлыбайдың бақсылар ішіндегі атақты бақсы екенін айтып өтеді. Қойлыбайдың қол астындағы перілерінің бастығы — Нәдір Шолақ, жындарының басшысы — Қақаман, шайтандарының бастығы — батыр Шайлан:

*Қойлыбай жың жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,
Қақаман жетіп келед әлдеқайдан.*

*Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
Дарқанның Нәдір пері — аға жыны,
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
Қойлекеңнің үшінші жан жолдасы —
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан, —*

деп, ақын суретті сөздерімен жың, пері, шайтанның өзіндік ерекшеліктерін өлең жолдарына енгізеді.

Аңғарымпаз ақынның Қойлыбайды:

*Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан, —*

деп жазуына басты себеп — бақсылықтың адамға бала кезінен бастап қонатынына көңіл аударғандықтан. Ақын қандай да болмасын қасиеттің ата қаны арқылы бала кезінен-ақ даритынын жақсы білген. Қалың Найман қалаған соң, оның ішінде «Аузынан арыстандай жалын шашқан» Барақ батыр өтінген соң Қойлыбай бақсы қобызын бәйгеге қосады:

*Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,
Қалың Найман жиылған бір зор астан.
Бір асқа жиылыпты Найман тамам,*

*Бай, биі, батырлары балпаң басқан.
Ішінде сол жиынның Барақ та бар,
Аузынан арыстандай жалын шашқан.*

Барақ есіміне қарап зерттеушілер Қойлыбайдың өмір сүрген кезеңі туралы әр түрлі пікірлер айтып келеді. Өйткені, тарихта ел билеген, батыр атанған Барақтардың саны бесеу болған.

М.Мұсағитов «Қойлыбай бақсы» деген мақаласында: «...Сонымен Мағжан қай Барақты айтып отыр. Біздің пікірімізше, ақын шартты түрде Көкжарлы Көкжал Барақты алса керек. Мұндай пікірге келуімізге бірнеше сүйенерлік негіздер бар. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ақын жырынан мысалдар келтіре отырып, ойымызды жалғастырайық:

*Ішінде сол жиынның
Барақ та бар, Аузынан арыстандай жалын шашқан...*

немесе

Бас болып батыр Барақ қалаған соң...

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Барақтардың ішінде батыр атанғандары Көкжал Барақ пен Солтабайдың Барағы. Егер Қойлыбай Солтабайдың Барағы заманында өмір сүрсе, ол туралы бақсының өз аузынан-ақ ондаған әңгімелер жазылып алынатын еді. Мағжан өзінің не жазып отырғанын жақсы білген. Бағаналы мен Көкжарлы бір ата — Сарыжомарттан тарайды. Бұл жерде ақын ұрыс-соғысты көп көрген ұлтымызға біткен ерекшеліктің бір қырын ашып отыр. Халқымыз

жері, намысы үшін қасық қаны қалғанша алысқан батырларын құрметтеген. Батырдың жолы кесіледі деп қалағанын орындап отыруға тырысқан» [6; 207], — деп жазады.

Поэмада адам рухы таңғажайыптай. Астам ойлы, өзіне тәңірдей сенімді қобызшы құдіреті сар даламыздағы соғып тұрған жер жүрегінің қуаты секілді. Қобызшы, халықтың қалауы бойынша, екі жүз ат шабатын бәйгеге қобызын қосады. Жас жігітке:

*Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар
Жарып өткен жапанның жартасына.*

*Қобызды сексеуілге байлап таста,
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма, —*

деп тапсырады.

Дастандағы бәйгеге шапқан ат, бұрқыраған шаң, жүйріктерін күткен халық — осының бәрі ерекше суреттер. Бір жағынан қазақ ауылындағы қаймағы бұзылмаған ескі ақиқаттық, кәдімгі өзімізге мәлім болмыстар, қанық ырғақтар. Екінші жағынан, сексеуілге мініп, барлық жүйріктің алдында келе жатқан қобыз — миф. Осының бәріне сенген, соның бәрін сүйіп қабылдап, сүйікті жырына айналдырған Мағжан ақын бізге барынша сүйкімді көрінеді.

Сөз соңында айтарымыз, әрине, әлемде әлі де сырын, шешуін таппаған ғажайыптар көп. Оларды тізу міндетіміз емес. Біз ақын шығармасын тек тарихқа байланысты жақтарынан ғана біраз қарастырып өттік.

М.Жұмабайдың «Ертегі» дастаны

Ертегінің бас қаһарманы — Кенесарының көкжал ұрпағы Сыздық батыр. Ол туралы былай делінген:

*Ертек, ертек, ертек, ертек — ерте екен,
Хан Кене өлді, Науан да өлді ақбөкен.
Тұлпар өлсе, қалмай ма оның тұяғы,
Тартып туған артында ұлы жоқ па екен?!
Кене артында жас арыстан Сыздық бар,
Төс үстінде желкілдеген қара жал.
Ерден туған ердің жолын қуады:
Ер иманы — ел, айнымайтын елім — жар.*

*Жап-жас Сыздық қорғамақ боп қазағын,
Ту көтеріп, қарға ілді садағын.
Балаусасын қанды майдан көрмеген,
Құтты қадам болғай еді, қарағым!
Сыздық батыр тұлпар атын ерттеген,
«Алты Алашым, енді маған ер!» — деген.
Көп соққы жеп, сүле болған сорлы Алаш,
Алты Алаштан алты адам да ермеген.*

Шығармада бейнеленген заман — Абылайдың арыстан заманы, Хан Кененің қабылан заманы өтіп, ел азып, ер арыған заман. Ел рухын оята алмай, көкжал Сыздықтың түзде жортқан заманы:

*Алты Алаштан алты адам да ермеген.
Алаш сорлы келешегін көрмеген.
Орыс алды, қимылдаған қазақ жоқ,
Қайран Сыздық құса болды шерменен.
Қайран Сыздық елден үміт үзеді,
Жап-жас Сыздық елден, үйден безеді.
Жатып өлмей, жортып жүріп өлем деп,
Түркістанның бетпақ шөлін кезді...
Ертек, ертек, ертек, ертек — ерте екен,
Сыздық ердің жүрегі шер, дерт екен...
Арып-ашып бір қопаның бойына
Келген кезде — қас қарайған, ымырт екен.
Қараңғы түн жерге кебін төседі,
Қонайын деп Сыздық аттан түседі.
Қоректенбек болып жатар алдында,
Қанжығадан қос қоржынын шешеді.
Қоржын іші бөлек-бөлек қалта бар,
Қалта толған мейіздейін малта бар.*

*«Шөл далада жалғыз отыр ер балаң,
Жел-ау, жел-ау, алты Алашқа айта бар!»
Мойынға алса, адам көнбек қиынға,
Жалғыз өзі қалың қопа бойында,
Шақпақ шағып, от тұтатып Сыздық ер
Отыр еді, еш нәрсе жоқ ойында.
Түкті қабақ жауып түскен кезіне,
Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде.
Қырлы мұрын, қырмызы ерін, қап-қара
Тікенектей түк шығып тұр жүзіне.
Қол — иекте, басы төмен иілген,
Тегі, ойда ғой батыр жаны күйінген...
Бір мезгілде... сылдыр-сылдыр... қамыстар,
Жел ме әлде қамысты құшып иірген...
Жел білінбейд, сылдыр... сылдыр... көп қамыс.
Сылдыр... сылдыр... жақындады жат дыбыс.
Дыбыс тынды. Бұ не болды? Не екен?
Әлде ерге шапқалы тұр жолбарыс?*

Сыздық төренің албастымен кездесуі — ердің өзінің сұрапыл заманмен алысып, жеңіліске ұшырағанын мегзегендей:

*Сол мезетте қамыс ақырын ашылды,
Әлдекімге тәжім қылып, бас ұрды.
Ай мен күндей бір келіншек сыланған
Шыға келді, балқып нұры шашылды.*

*Сыздық отыр ой ұшына шыға алмай,
Кім екенін, не болғанын ұға алмай.
Сылаңдаған сұлу келіншек келді де,
Амандасты қолын жеңнен шығармай.*

*Жеңін беріп сұлу келіншек сылаңдап,
Тал шыбықтай жүзге иіліп бұраңдап,
Сызылып қана жанған оттың басына
Отырды ақырын жұлдыздайын*

жымыңдап.

*Сыздық сонда кәрмен қабақ түйеді,
Сұлу келіншек босатпайды жүйені.
Көзінен от, қабағынан қар жауды,
Бір көз салып, кім екенін түйеді.
Хас батыр зой, қысылмады, саспады,
Сынамаққа бір малта алып тастады.
Сұлу келіншек былқ-сылқ етіп*

қылмыңдап,

*Малтаны алды, жеңін тағы ашады.
Көңіл түйген нәрсе енді болды анық,
Сыздық батыр қабағынан қар жауып,
Келіншекке қаһарменен: «Кет!» — деді,
Беліндегі садағын шешіп қолға алып...
Сұлу келіншек «хи-хи-хи» деп күлгендей,
Дыбысы шықпай, ішегі қатып өлгендей,
Былқ-сылқ етіп түрегелді судырап,
Судыр-судыр жансыз жібек жүргендей.
Сылдыр-сылдыр сыбырласты көп қамыс,
Тек тұрмайтын, жыбырлайтын*

жселауыз.

Сылаң-сылаң сұлу келіншек жоқ болды,

Заманы жезтырнақ болған Сыздық төре өзінің тегіне сай істердің басында болғаны белгілі. Сол заман Кене хан мен Абылайға да төніп, оларды да «елден бездірген ел үшін». Есіл ерлердің ел қорғанын өз мойындарына жүктеп алғандарын Алаш ешқашан естен шығармаған [8].

Сыздық төре өзін немен жұбатып өткен? Әрине, Алаштың іргелі істерімен, ата даңқымен:

*Айнала өлім, егі-шексіз шөл де шөл...
Шөл мен өлім арасында бір-ақ жол.
Ер Сыздықты тағы ойлар биледі.
Иекте тұр жаңа садақ тартқан қол.
Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар...
Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар...
Есіл елді, есіл жерді жат алды...
Ойлы ұлына кең дүние болды тар.
Ойлар басты, жүйрік жанға ой батты...
Ұзамады, ағарып ақырын таң атты.
Ұры ойлар жанды жседі, қанатты,
Тарам-тарам алма беттен жас ақты...
Күні кеше айбынды Абылай бабасы,
Ақылы кең, алты алаштың ағасы,
Шын хан еді-ау, қорғаны еді-ау қазақтың,
Өлді Абылай, солды қазақ даласы.*

Жапанда жалғыз жортқан Сыздық — түнді қақ жарып, түн жамылған «жәдігөй жауын» жеңіп, өзіне деген сенімін жоғалтпаған жолбарыс жүрек. Осы сенім оның кеудесіне үміт отын жағып, жүрегіндегі запыран уды шаяды:

Осы ойлармен Сыздық атын ерттеген,

Тап сол кезде ер жүрегі өрт екен...

Сыздықтың жалғыздығы — еркіндік. Ал еркіндік ел үшін жасалар ерлікке жетелейді. Ертегі — ермек емес, айтар ой сыртқа шықпай тұншыққан заманда «ой түбінде жатқан сөзді» жеткізер көркемдік тәсіл [5; 62].

*Сыбыр тынды. Жыбыр қалды. Жоқ
дыбыс...*

*Отқа қарап отыр Сыздық, көзі — от,
Қарасады, арбасады от пен от.
Айнала — өлім. Құм жамылған үнсіз шөл,
Күбірлейтін, жыбырлайтын жел де жоқ.
Құм астында демі біткен бетпақ шөл,
Сұлу келіншек — жезтырнақ қой қанішер.
«Тырнағымды көрсе, біліп қалад», — деп,
Жеңнен қолын шығармаған мәні сол.
Жезтырнақтың тырнағы бар өткір жез,
Алып, күшті, жүгіріп кетсе, желден тез.
Пері менен диюдың ойнас баласы...
Бола алады аң да, құс та, шал да, қыз.
Бүгін келіншек болып кепті Сыздыққа,
Алдап-арбап батпақшы зой қызыққа.
Жемекиі зой өлтірген соң қытықтап,
Ер жүрегін малып-малып тұздыққа.
Қырмызы ерні қыбырлады батырдың:
«Неге әлі мен «Кет!» деп соған ақырдым?
Күлген болып, көнген болып, әурелеп,
Ойынын көру керек еді пақырдың.
Ешбір үн жоқ. Үнсіз өлік — бетпақ шөл,
Жыбыр-жыбыр. Жанын берді, өлді жел.
Тұншыққан құм. Мәңгі бұққан баялыш.
Қатып қалған, селкілдемейді сексеуіл [7] .*

*Өз әкесі Кенесары кім еді?
Заулаған өрт, ойнаған от, Күн еді.
«Алаш» деп у, «қазағым» деп қан жұтып,
Қаза тапты, қазағым, күнің түн еді!..
Сыздық мынау қайғы қуып, шөл безген,
Кім біледі, көмер оны құм кезген.
Бүйткенше ол неге жүріп кетпейді
Кене, Науан салып кеткен қанды ізбен?
Өлім іздеп адам белін буса да,
Ерден туған ердің жолын қусын да.
Жолбарыс ер жалғыз өлсін майданда,
Жаспен емес, қанмен бетін жусын да!..
Осы ойлармен ерттеді атын мінгелі,
Шөлден безіп, қанды жолға кіргелі,
Алаш елі, сары сайран жері үшін,
Жапанда емес, жау қолында өлгелі.*

Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...

Заман озды, ер заманы ерте екен...

«Ертегі» поэмасының соңғы сөздері М.Жұмабайдың өз заманына арналған. Алаш зиялылары нені армандап, кімді үлгі тұтты? Ұлт үшін, қазақ үшін жанын пиде етуді кімнен үйрену керек? Неге «заман озды, адам тозды, ерлер жоқ?» Ол туралы былай делінген:

*Ертек, ертек, ерте, ертек — ерте екен,
Ерте күнде ерлер екпінді өрт екен.
Хандарынан, ерлерінен айырылған
Алты алаштың жүрегінде дерт екен!
Ертек, ертек, ертек, ертек — ерте екен,
Хан заманы, ер заманы ерте екен.*

*Ерте заман, алаш аман — айбынды ел...
Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен...
Ертек, ертек, ертек, ертек — ерте екен,
Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен...
Күңіреніп күрсін де, «алаш, тыңдай бер,
Ертегі айтад дертті балаң Жәжекең.*

М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасы ұлттың зарын мейлінше ынтызарлықпен, күйлілікпен жеткізуімен, жоқтауымен бағалы. Мағжанның бұл шығармасы — ақындық шеберліктің үздік үлгісі. Әр сөз, әр сөйлем, тіпті әрбір дыбысқа шейін көркемдік мақсатқа жұмсалған [9].

Хан Кене — Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» поэмасының бас кейіпкері

Мағжан Бекенұлының өте-мөте белгілі еңбегі — «Оқжетпестің қиясында» атты дастаны [10]. Осы шығармасында ол Кенесары қозғалысын реалистік тұрғыдан бағалап жырлаған. Поэма Кеңес үкіметі орнап, таптық жүйе бұрынғының бәрін жойып, Абайдың өзін жоққа шығарған кезде жазылды.

Қазақтардың XVIII–XIX ғасырларда болған барлық басқа ірі көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысты. Олар күреске бірден, жұмыла қосылмағанымен, жекелеген облыстар қозғалысқа тартылған кезде өзге аудандардағы қозғалыс басылып қалып отырғанымен, Кенесары көтерілісі алғашқы жылдардың өзінде-ақ ғаламат кең құлаш жайып, бүкіл халық көтерілген қозғалысқа айналды [11].

Қозғалыстың бүкіл халықтылығы, кең қанат жаюы, айқын көрінген саяси сипаты Кенесары көтерілісінің өзіне тән ерекшелігі еді. Бірақ Кеңес тұсында Кенесары көтерілісі реакциялық қозғалыс деп мансұқталды.

Бұған, керісінше, Мағжан сол кездің жағдайына терең үңілді. Ел ішінің жерден, судан айрылған ащы шындығы созылмалы он жылдық халық көтерілісін туғызғандығына оның көзі жетті. Ақын Кенесары тұлғасын соған бейімдеп сомдады:

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді,
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесең көкіректен шер кетпейді...
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді...
Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген Кенем қайда!?
Дариға, жүрегімді дерт өртейді!..*

*Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап ақ бетіне меруерт шапқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжетпестің қиясына
Жалғыз-ақ Кенекем зой қадам басқан.*

Көкше маңындағы Үңгіртауда Кене бірнеше күн мекен етеді. Үңгіртау ішінде ол көп ой ойлайды. Мақсаты — қамалған қазағына жол табу. Сол үшін жанын құрбан ету. Жанын қазақ үшін құрбан етуге ел алдында, өзін ақ киізге көтеріп хан көтерген жұрты алдында берген анты:

*Алашта талай-талай ерлер өткен
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен!?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем зой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...
Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,
Бір өзі Бурабайды кезіп кеткен.
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар,
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен.
Бір түні тым құтырып жел ойнайды,
Жынды жел қатты сақ-сақ күле ойнайды.
Бетінен жел кеп сүйіп алғаннан соң,*

*Көбіктеніп көл екеш көл ойнайды...
Сол түні сонау үңгір тау ішінде
Қабағын қарыс жасауып Кене ойлайды.
Қамалған қазағына жол таппаққа
Жүрегін тілім-тілім тіле ойлайды...
«Қазағым, жаның да — мен, қараң да — мен,
Сен үшін жаным құрбан!...» — деп ойлайды.
Кенекем құлаштаған ой теңізін,
Бұлдыртқан бұлдыр заман қыран көзін...
Бір кезде серпіледі шығарған соң,
Ойлардың «үһ» деген у лебізін.
Келеді маң-маң басып, Оңжетпеске,
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін.*

*Көзін жұмып: «Қияға шықсам-ау!» — деп
Ойлады жоғарыға жөндеп жүзін.*

Лирикаға қоса эпостық элементтерді киюластыру Мағжандай өнер зергерлерінің қолынан ғана болатын іс. Фольклор шығармаларында жиі кездесетін жайт — қатерлі сапарға аттанғалы тұрған батырға елдің батағой шалы қол жайып, әулие жар боп қолдасын деп тілек тілеген. Сондықтан да тарих атынан аруақты ақшапты қарияға сөз беруі поэманың өрісін кеңейте түседі [12]:

*Кенекем көзін ашып, таң боп атты,
Қараңғы, көз көрмейді ешбір затты.
Найзағай маңайында жарқ-жұрқ етіп,
Қарағай сыпсың біткен шулап жатты.
Төменде Оқжетпестің етегінде
Толқындар тасты сабап шулап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан соң,
Кенекем аузына алды аруақты...
«Аруақ!..» — деп алғаниша аузын жиып,
Көреді қарсы алдында аппақ қартты.*

Сонымен, толғауда қысылтаяң шақта демеу беретін пір — аруақты эппақ шал Кенесарыға ғайыптан жолығады. Ол тарихтың өзі болып былай сөйлейді:

*Кенежан, берірек кел, сырттан балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам.
Сақтайтын көзден-тілден сендей ерді
Ата пірі қасиетті мен қарт бабаң.
Өз қолыммен төменнен тартып алдым,
Қияда күтіп сеніп сансыз заман
Ел үшін еңіреп туған жолбарысым,
Білемін жүрегіңде бар бір жараң...
Сені улаған қазақтың қайғысы зой,
Дариға, қазағыңның күні қараң!..
Алаштың алдын қара тұман басқан...
Мынау орыс — обыр ол емін жатқан!..
Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.
Кешегі Абылайдан азып туған
Уәлі анау, қар қатынмен басы қатқан.
Шормандай шолдаңдаған шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан.
Кенежан, елің қалды жау қолында,
Алып кет алашыңды осы жақтан.*

Поэма авторы көркемдік тәсіл арқылы басты көздеген мақсатына жетеді. Хан Кененің жүрегін жара еткен шерін дөп басып, сыртқа шығарады. Қазақты қалың өрттен қайтсем құтқарам деген қиялдың сәулелі жібінен тоқылған нақтылы бейне арқылы Кенесары тұлғасын биіктетіп көрсетеді. Кенесарының ұлт азаттығы үшін жорығы туралы әңгіме поэмада қысқа қайырылады. Хан Кене Алаштың елдігі жолында жауына аш бөрідей ойран салады. Соңында Қырғыз еліне беттейді:

*Сол кеткеннен Кенекем кете барды,
Жанына жас жолбарыс Науанды алды;
Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып;*

Мағжан туындысына қарағанда, Кенесары көтерілген қазаққа мықты одақтас іздейді. Сондықтан қазақтың соңғы ханы Қырғыз елі арқылы Қытаймен жең ұшынан жалғасқысы келеді. Ақын Кенесарыны ел тәуелсіздігі жорығына бастаған аруақтың бүгін болмаса да бір заманда қайта ораларына сенеді. Ол аңыздан шындыққа тұғыр болар арқауды осылай табады. Мағжан үміті үзілмейді:

*Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.*

*Сол минут Оқжетпестің қиясында
Жіберсе көзін ашып, көреді өзін.*

*Қарт сонда қозғағандай болды басын,
Қолымен көтереді түкті қасын.
Ойнаған ақ бұлттай денесі аппақ,
Жасаған бұлт ішінде барлық жасын.
Күңіренген көлдердің көбігімен
Жұғандай аппақ қылып сақал-шашын.
Ізгі қарт «а» деп аузын қозғағанда,
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күңіреніп: «Аманбысың,
Кенежан, елдің ері, жолбарысым?..*

*Тайсалта, тәуекел қыл, батыр балам,
Ар, сыйға дұға етер мен қарт бабаң.
Еңіреген ерге серік, жолдас болар
Балауса жас жолбарыс інің Науан.
Жау қалың, азгантай ел, азгантай шақ,
Болғай еді аруақ — жар, құдай — панаң.
Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.
Алашта тағы сендей ер тууын
Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам...».
Осы сөздерді айтып қарт ғайып болды,
Таудың үсті тамаша нұрға толды.
Тербеліп, күңіреніп қара бұлттар,
Жер мен көк қасиетті жырға толды.
Бұлтты айдап, сылдыратып сумен ойнап,
Ерке жел тасты құшып сақ-сақ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді.
Тамашадан тас болып біраз тұрып,
Көзін ашып, Кене өзін жерде көрді.*

*Қытаймен қатынаспаққа ой ойлады...
Біле алмай надандықпен ердің ойын
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.*

*Тұлпар-тулақ, ел арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.*

*Жолбарыстар жортатын сар далада
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында*

Қиялы көк пен жердің арасын кезіп, өткен мен бүгін, бүгін мен ертеңнің арасын айырып, жалғасын тауып, ой түбіне жетпек болған Мағжанмен «Оқжетпестің қиясындағы» Кенесары ойы үндес. Сондықтан да ол:

*Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене арыстан мезгілсіз мерт болды зой,
Алашқа бұдан да зор сор болмайды!..
Ел азды, арқа тозды, қайғы басты!..*

*Шөккен қарт күн шығысқа түзеп бетті
Көп заман талмай-тозбай тау басында
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті.*

*Күнреніп біздей бейбақ жыр толғайды!..
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кенекемдей енді неге ұл тумайды!?
Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ..
Дарига, жүрегімді дерт улайды!.. —*

деп күңіренеді. Поэмадағы лирикалық сезіммен ұштастырылған асқақ романтика осы күңіреністен нәр алады.

Қорыта айтқанда, Алаш арыстары (Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханов, т.б.) Кене хан тұлғасын әдеби, ғылыми зерттеулерінде, тарихи еңбектерінде, көркем, асыл сөзбен бейнелеп кетті. Не үшін? Әрине, өздеріне тіреу іздеу үшін ғана емес. Келешек ұрпақ пен замандастарының еңсесін осындай ер тұлғалық ел қорғаны болғанын көрсету үшін.

Ақынның балаларға арналған ертегі поэмалары

Мағжан Бекенұлының адамның жастық сезіміне жақын ақын екені әр өлеңінен-ақ танымалы. «Бесік жыры», «Туған жер», «Бала мен құс», «Жұмбақ» сияқты тілге жеңіл, ойға қонымды өлеңдер балалар үшін сұранып тұр. Осыларға ақынның «Өтірік ертегі» пен «Жүсіп хан» («Шын ертегі») поэмаларын қоссақ, балалар әлеміне арналған келісімді бір дүние жарқ етіп шыға келеді.

Мағжанның балалар үшін жазылған, бірақ үлкендер құлағына да арналған «Өтірік ертегі» поэма-ертегісі [4; 268–287] «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы алтыншы санында жарияланды. Ертектің мазмұны келесідей. Шираз қаласындағы бір тышқан жүзім шарабына тойып алып, күш біткесін ойындағы құсасын сездіріп қоюы, мысықтың мешітке барып сәжде киіп, тышқандармен бітісем деп алдауы, тарту-таралғысымен келген тышқандарды қан жоса етуі, мысықты тамам тышқан көптігін істеп байлауы, дарға асам деген жерден босап кетуі, ақыры тышқандардың өз ханын құртып барып, ханды да, мысықты да елден аластауы — Россиядағы белгілі тарихи оқиғалардың елесін береді. Осының бәрін тәптіштеуде автор бір ғана мақсат көздеген сияқты. Ол — қанаушылардың «бұйрық солай», байды байытатын құл деген философиясын әшкерелеу [13].

Ақын «Жүсіп хан» ертегісін [4; 254–268] әзербайжандық жазушы-ағартушысы М.Ф.Ахундовтың бір хикаясының сюжетін пайдалана отырып, дүниеге келтірген. Мағжан осы туындысында Кеңес тұсындағы жүрек мұздатытын, төбе шашынды тік тұрғызатын аса сұмдық жайлардың өріс алып бара жатқанын ишарамен көрсеткен. Ертектің мазмұны оп-оңай айтылатын, жеңіл ұғылатын нәрсе. Иранда Аббас хан деген хан болыпты. Балшылар оған «енді он күнде осы тақта отырып өлесің» дегесін, ол уәзірлердің жәрдемімен базарда жүретін белгілі Жүсіпті хан қойыпты. Жүсіп он күннің ішінде сұмдардың талайын жазалапты, талай тойымсыз қатыгездердің, алдамшылардың басын алыпты. Иран кедейлеріне он күндік теңдік орнатыпты. Оныншы күні сол жауыздардың қолынан өзі де өліпті. «Он күн атан болғанша, бір күн бура болған» «Жүсіп хан» ертегісі осылай аяқталады [14]:

*Кеңес тынды, таң атты,
Күн де батты, ел жатты.
Жүсіп жалғыз тағында
Отыр еді қатерсіз,
Балға түскен қатерсіз
Оныншы күн таңында.
Көп төбеттен бір төбет
Кіріп, басып біртелеп
Қадап қалды қанжарды.
Жүсіп үнсіз сылқ етті,
Хан кілемі бүлк етті,
Ханды жұтты, олжа алды.
Болды бектер кеңесі,
Жүсіп сордың денесі*

*Кескіленді, көмілді.
Абыр-сабыр басылды
Жұртқа жарлық шашылды:
«Қаза жетті, хан өлді».
Жұрт жыласты, жиылды,
Бектер бұлай күйінді:
«Алда дүние-ай! Күн қараң!
Біз қалдық-ау сорменен!
Барса, келмес жолменен
Кетті-ау сұңқар Жүсіп хан!
Татып ажал шербетін,
Өлді Жүсіп. Ел — жетім!
Байтаққа кім болар бас?
Жәрдем берсін бір құдай...*

*Уа, жасағат! Алақай!
Аббас келді! Хан Аббас!
Сол арада бұрыштан
Құжырайған, құрысқан,
Хан Аббасың бүкеңдеп
Шыға келді, о, қасқа!
Жүрген екен тау-таста
Қашып-зытып Жүкеңнен.
Мырза, шора шуласты,
Көтерісіп Аббасты,
Тағына алып барады.
Жұрт түнеріп тұрды да,
«Қап!» — деп санын ұрды да,
Үн-түні жоқ тарады.*

<i>Аббас таққа шоңқиды, Қол тоқпағы қоңқиды. «Шүкір, шүкір, алла!» — деп. «Енді тілден тыймайын, Қалағанын сыйлайын, Балшым қайда, бар ма?» — деп... Өңшең сұмның бағына Тағы отырды Аббас хан. Жасын тақта жасаған, Күшігенге ұсаған,</i>	<i>Құлқы бұзық қақпас хан. Ел бақпады, тақ бақты. Бар жұмыс Алтын сарай ішінде. Әйел жиды үйірлеп, «Әйел!» — деді күбірлеп. Өңінде де, түсінде. Шараптан ылғи шала мас. Тажыңдағы тізген тас Гауһар күннің көзіндей.</i>	<i>Арамтамақ Аббас хан, Өз құлқына тап басқан Уәзір жиды өзіндей. Сұм-сұрқи уәзірлер Хан керегін әзірлеп, Шапты, шанышты, ел талап. Бұқара сорлы бүгжеңдеп, Табанда ылғи тепкі жеп, Жүрді жасы сорғалап.</i>
--	--	--

1928 жылы шыққан бұл поэма-ертегі М.Жұмабаевтың жаңа ізденістерінің бағыт-бағдарын мөлшерлеуге көмектескен.

Қорыта айтқанда, ұлт ақыны Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың көркемдік ойлау жүйесі, ғұламалық-тарихилық зердесі, рухани дүниесі, өнерпаздық және азаматтық тұлғасы жыр моншақтары төгілген поэмаларында жарқырап көрінеді.

«Батыр Баян» поэмасы — Мағжанның ең ұлы шығармасы

Мағжанның поэмаларының ішіндегі ең шоқтығы биігі «Батыр Баян» [4; 232–254]. Құрылымы, сарыны өте-мөте күрделі шығарма. Мағжанның ақындық шеберлігін ғана емес, талантының сан қырын ашып, кемел дарынын тап басып танытатын туындының бірі. Ақынның бұл поэмасында отаншылдық сезім мен махаббат таразы басына қойылған. Абылай ханның бас батырларының бірі болған «Көкше арыстаны» батыр Баянның бір жаугершілікте қалмақ елінен түсірген олжасының ішінде Ақшамандай атты сұлу қыз болады. Батыр қызға көңілі құлап, оны тоқалдыққа алмақ болады. Бірақ қалмақтың қызы батырға жар болудан бас тартады. Сөйтіп жүргенде бұл қызға Баянның уыз жас інісі Ноян ғашық болып, қыздың үгітіне еріп, қалмақ еліне қашады. Батыр Баян қуып жетіп қызды да, еліне сатқындық жасаған жалғыз інісін де оққа байлап атады.

Іле Абылай хан бастаған қолменен Баян батыр қалмақтарға қарсы жауға аттанады. Абылай бастаған қазақ қолын көрген қалмақтар қазақ жерін босатуға уәде береді. Қазақтар соғыссыз-ақ істі шешіп кейін қайтқалы тұрғанда Баян батыр қалмақтарға қарсы жалғыз шабады. Ізінен батырдың жүз қаралы жігіттері кетеді. Сөйтіп, аз әскерлі батыр Баян қалмақтардың қолынан мерт болады. Мінеки, жырдың сюжеттік сүйегі осы-ақ. Бірақ біздің ауыз әдебиетімізде бұрын-соңды кездеспеген тосын сюжет. Өйткені бұл шығарма жалпыадамзаттық проблемаға барып, әлемдік деңгейге көтеріледі. Ал батыр Баянның өлімі, өзінен жүз есе күшті жауға қарсы шауып мерт болуы бұл жай аккөз батырлық емес, бұл — қазақ сөз өнерінде бұрын-соңды кездеспеген адамның жер бетіндегі өмірі өмір болудан қалғанда өзін-өзі өлімге қиюы, бұл — Мағжан ақынның өз тағдырына үндес келген әуен. Қазақ елінің большевизмнің жаңа боданы болғанын көрген ақын осы саяси құрсаудан тұншығып, түтін жұта бастаған кезі еді.

Бұл аңызды 1921 жылы М.Жұмабаев Ташкентте М.Әуезовтің пәтерінде бір түн ұйықтамай отырып жазған екен [15]. Енді осы поэманы оқып, Мағжанның ақындық қуатын танытатын тамаша суретті өлең сөздерінен мысалдар келтіріп көрелік.

1. Дастанды ақын өзінің ішкі күйзеліс, өзегін өртеген күйінішімен бастайды. Заманның тарлығына өкпе, реніш білдіре келіп, енді сол қайғыдан құтылудың жолын іздейді. Поэманың кіріспесінде ақын тағдыры мен оның трагедиясы, пайғамбарлық портреті жасалған:

<i>Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі, Сондықтан жаным күйіп жанады да.</i>	<i>Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, Толғанып қарауым сол баяғыға, Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар Әдемі ертегідей баяғыда, —</i>
--	--

деп, алдына қойған мақсатының неден туғанын баян етеді.

2. Шығарманың авторы өз ішіндегі қиналыс қасіретін қоршаған ортамен байланыстыра біледі:

<i>Сарыарқа — сары дария, қиыры жоқ Көз болсын, қандай қыран, талады да.</i>	<i>Ішінде сары дария көз тоқтатап Көкшетау — Сарыарқаның аралы да.</i>
--	--

Бұл шумақтарды оқығанда ойға келері, ақынның тағы бір ерекшелігі табиғатты, махаббатты, ерлікті, елдікті суреттегенде алдына жан салмай ерекше шабытпен жырлауы. «Меккедей тәуеп» ететін жердің тозғанына налып, өзінің дәрменсіздігіне қиналыс байқатады.

3. Поэмада жылауық сарын, жоқтау жоқ. Оның орнына бостандықты, еркіндікті аңсау бар:
Дұшпанның қалғандай боп табасына. Тағдырын Абылайдай данасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Екі оттың — орыс, қытай арасына. Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Күндерде сонау — қара, тапсырған ел

Ақын өткенді айта отырып, патша үкіметінің бел алған отаршыл саясатын, тұтас бір халықты мүшкілдікке түсірген озбыр саясатын сынайды.

4. «Батыр Баян» дастанында Мағжан ел аңызының арасында қалмай, керісінше, кейбір тарихи шындықтарды шығарманың көркемдік қуатын арттыру мақсатында «бұрмалауға» барады. Онысы қисынын тапқанда. Сонымен бірге, Мағжан Баянға қатысты жазба мағлұматтарды да жетік білгені байқалады. Сондағы негізгі сүйенгені — Шоқан еңбектері [16].

Поэмадағы Бөгенбай, Жанатай, Оразымбет, Елшібек, Жәбек, Сырымбет есімдері Шоқан Уәлихановтың 1904 жылғы жинағына енген «XVIII ғасырдағы батырлар жайлы тарихи аңыздар» атты мақаласында кездеседі. Ақынның әр батырға берген сипаттама, мінездемелері де көп тұста Шоқанды сөзбе-сөз қайталап отырады:

- | | |
|--|---|
| <i>Балталы, екпінді оттан Оразымбет,</i> | <i>Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.</i> |
| <i>Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек,</i> | <i>Майданда от шашқандай оқ шашатын</i> |
| <i>Өзіне тірі жанды тең көрмейтін</i> | <i>Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет, —</i> |
| <i>Тәкаппар Қошқар ұлы ер Жәнібек.</i> | <i>Осындай өңшең көкжал жиылыста</i> |
| <i>Қалданға ханмен бірге тұтқын болған</i> | <i>Күңіреніп жолбарыстай: «Жау қайда? —</i> |

деп.

Бұған қарап, Мағжан Шоқан сюжетін өлеңге айналдыра қойған екен деуге әсте болмайды. Керісінше, тарихи дерекке жауапкершілік мәдениетін сездіреді.

5. Дастанның ең басты жетістігі — Баян батырдың шындықтан сомдалған соны тұлғасының жасалуы. Біз Баянды алғаш ел тұтқасы хан Абылай сипаттауынан танимыз:

- | | |
|---|--|
| <i>Батырлар бұғаудағы арыстандай,</i> | <i>«Жүрелік, жау басынар!» — деген сөзбен</i> |
| <i>Абылай тұңғыық бір терең ойда.</i> | <i>Салады Қанай биді Абылайға.</i> |
| <i>Бәрі де ел қорғаны — батыр, билер,</i> | <i>Би Қанай: «Бұ қалай?» — деп бастағанда,</i> |
| <i>Аттанбай тек жатудан таппай пайда:</i> | <i>Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»</i> |

Кезекті бір жорыққа жиналған кілең алып батырларды дәріптей өрнектеген автор досына бедел, жауына айбар, әйгілі ханның тек Баянды күттіріп қоюын ескертумен-ақ кейіпкердің ерен тұлғасын асқақ көрсетуге ұмтылған.

Толғауда Баян батырға берілген үздік сипат, оның артықша жауынгерлік, азаматтық қасиеттері Абылай монологы арқылы асыра бедерленген.

6. Поэмада батыр Баянның қиын жағдайлардағы тосын шешімі, қимылдары ерекше. Ол ауылын шауып, қолды қылған сұқсырдай сұлу қалмақ қызын зорлықпен емес, жүрек қалауымен алмақ. Бірақ елін, жерін шапқан, бесіктегі баланы зар жылатқан қас жауын қыз ұната ма? Баян жауапсыз қалған сырлы сезімді ішке бүгеді. «Болмасын жас сұлудың білгеннен соң, Ер Баян қарындас қып ерік берген» деген жолдар — осының айғағы:

- | | |
|--|--|
| <i>Қазақтың батырлары бәрі қыран,</i> | <i>Ер Баян алып қайтқан артына сап.</i> |
| <i>Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.</i> | <i>Баянның алып қайтқан сол сұлуы —</i> |
| <i>Жауының бір жорықта бір сұлуын</i> | <i>Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.</i> |

7. Поэмаға негіз болған ұлы идеяны өрлетудің алтын арқауы — батыр Баянның жеткіншек інісі Ноян бейнесі. Баянның да, өзінің де сорына орай «сұм сұлуға» он бес жасар Ноян да ғашық болады. Екі жастың арасында кенет оянып, бүршік жара бастаған махаббат шуағы шығармада негізінен портреттік құбылыстарды сипаттау арнасымен өрістейді:

- | | |
|--|---|
| <i>Баянның інісі бар он бес жаста</i> | <i>Ер едім еркелеткен алаш тамам.</i> |
| <i>Бөрінің бөлтірігі — бала Ноян.</i> | <i>Сындырдым азғана Уақ елім белін,</i> |
| <i>Ноянның бар ақылы білегінде,</i> | <i>Елімнен кетіп елді қайдан табам?</i> |
| <i>Билеген асау жүрек, қайнаған қан.</i> | <i>Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,</i> |
| <i>Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан</i> | <i>Ісімді мынау ағат немен жабам?</i> |
| <i>Ноянның жүрегінде ұиқын туған.</i> | <i>Қарабет болдым алаш баласына,</i> |
| <i>Сол ұиқын өртке айналып, жап-жас Ноян</i> | <i>Ер дер ме енді мені Абылай данам?!</i> |
| <i>Алысып жүрегімен, аласұрған.</i> | <i>Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!</i> |
| <i>«Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным» — деп,</i> | <i>Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.</i> |

*Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
Жойған жоқ құлыңшағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,*

*Искейді енді зарлап аппақ төсін.
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім! —*

деп өзіне ауыр кінә тағады. Опынып торығады [17].

8. Бірақ, дастанда күңіреніп жатқан Баян батырдың санасында кенет жарқ етіп жасын ойнап, селт еткізер сілкіністі серпіліс келгендей. Ағарып атқан таңмен жарыса, ашу мен ызаның қара бұлтынан арылған санадағы ой ағысы енді өзге арнаға лықсиды:

*Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,*

*Барыстай ойын салған сар далада.
Інісі Ер Баянның, жасық Ноян
Атадан азып туған дер болар ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!*

Сонымен, толғауында ашу қысқан соқыр сезім мен махаббат атты мөлдір сезімнің арпалысын суреттей отырып, ақын оқырманды небір қиырға салдырған батыр Баян кім?! Ардақ тұтар тұлға ма?.. Жоқ, әлде інісін өлімге қиған қанішер ме?.. Жо-Жоқ! Батыр Баян — елі үшін жаралған ұлт ұланы.

Жұбын тапқан қос ынтық жерұйықты өзге жұрттан іздемесе, батыр Баян қос жүректің үмітін тажал окпен үзер ме еді, қос қозысын ажалға қияр ма еді?!... Әрине, жоқ. Сондықтан да поэмадағы шырқыраған шындық, мерейлі мақсат ұлттық намыс, отаншылдық рухтан өріс тапқан [18].

9. Ақын дастан бойы Баянның ажалға бас тігуін бірте-бірте көрсетеді. Қалмақтың сыйын алып, содан кейін соғысайық деген Абылай хан шешіміне өзге батырлар ішінен суырылып жалғыз батыр Баян қарсы шығады. Мемлекет басшысына бағынбау ниетінен өйткен жоқ. Ханды қателіктен сақтандырғысы келгендіктен. Баянның Абылаймен сөзге келісіп қалғаннан кейінгі кезеңде:

*Тұрды да деді: «Алдияр, Абылайым,
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
Қырдағы адам түгіл құландайын.
Сөзімді не кектерсің, не жұптерсің,
Ойыңды теріс дейді Баян-айың!
Алты алаш Абылайдай арғымағын
Алаштың аруағына пар қылатын.
Бетіне Абылайдай ардагердің*

*Келуді алты Алашқа ар қылатын.
«Бетіне келген жанды соғар кие!» —
Деп жырау, жауырынышлар жар қылатын.
Баянның сөзін естіп қариялар
Ішінен ерін аяп: «А шырағым! —
Десті де күрсінісіп, кесіп қойды:
Қайтад, — деп, — осы жолы, Баян, бағың!» —*

деп, түбінде Баянның қайғылы қазаға душар болатынын аңғартады.

Кезінде Шоқан Уәлиханов Абылайдың киесі бар қасиетті адам екендігін өзінің «Абылай» деген еңбегінде былай көрсеткен: «Өнегелі ақыл кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атаққа ие болды. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқару үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақты иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті». Ғұлама ғалым тағы да: «Қазақтың аңыз әңгімелерінде Абылай қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады... Халық күйі «Шанды жорық» жаудан беті қайтып көрмеген жүрек жұтқан Баян батыр опат болған шабуыл кезінде шығарылған», — деп жазған [19].

10. Шығармада Баянның хан шешімімен келіспеуі — жан жарасына ем іздеу. Яғни өзін-өзі жазалауды аңсайды батыр. Оның Абылай қолы шегінер кездегі жүз жігітпен ажалға сескенбей баруы, қан майданда ерлікпен қаза табуы — өзіне шығарған үкім. Батыр Баян — елі үшін жаралған ұлт ұланы:

*Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күңіреніп, ер денесін құммен жауып.*

*Іленің толқындары әлі күнге
Айтады ерге жырау ауық-ауық...» —*

деп, ақын аңғал батырдың ашумен қапыда істеген ісі үшін өзін-өзі жазалауын түсінуді кейінгі ұрпақ үлесіне қалдырады.

11. Мағжан ер есімінің ел есінде мәңгілікке қаларына сенеді:

*Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.*

*Ел үшін жаннан кешіп, жауды құған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.*

Бұл «Батыр Баян» дастанының соңғы шумақтары. Әрбір шумақ он жолдан тұрады. Ақынның бұл еңбекті жазудағы көркем тілі, сөз колданысы, ұлттық реңк беру тәсілімен қатар, қасіретті зарды, отты ерлікті, махаббатты жүрегінің қанымен жазғандай беріле жырлауы — тарихтағы Баян батырдың басына тұрғызған не заман дауылы, не уақыт желі тоздыра алмайтын ескерткіш күмбез сыпатты [20].

Жалпы алғанда, Мағжан туындысы — қазақ поэзиясына өзгеше леп әкелген соны шығармашылық ізденіс жемісі. Ұлы тұлғаны ұлы ақынның қалай сомдағаны жайлы замандастары

әділ баға беріп үлгермеді. Уақыт солай болды. Қазақ топырағында туған дастан атаулының ең бір озығы — «Батыр Баян» біздің қолымызға өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында ғана тиді. Сондықтан оқырманның кемеңгер ақын поэмасын енді ғана мың қайтара тұщына оқып, ерлікке құштар, сезімге іңкәр жанына ләззат тауып жатуының сыры осында. Қазақ әдебиеттану ғылымы оның ұлттық ақын ретіндегі ұлылығын тану жолына енді түсті. Мағжантану мәңгіге жалғасын таба бастады.

Түйін

М.Жұмабаев поэмаларының реализмі кейіпкерлерінің тарихи нақты тұлғалар екендігімен емес, оқиғаны суреттеуінің көркемдік шешімі мен өмір шындығының сай келіп жатуымен дәлелденсе керек. Осыны ескере отырып, ақынмен тұстас дүлдүл жазушы Жүсіпбек Аймауытов Ташкенттегі студенттер алдында оқыған «Мағжанның ақындығы туралы» баяндамасында Мағжанның ұлттық эпика жанрында төңкеріс жасаған, тумысы бөлек талант екенін ерекше айтып өтті.

Ж.Аймауытов Мағжанның ақындығын сынауға «күшіміз кәміл жетер, жетпес» дей келе, «Қорқыт», «Батыр Баян» сықылды поэмалар — ақынның нағыз өз тумасы, орыстан, басқадан жұтқырып алды деуге келмейді деген ой өрбітеді. «Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып, Асығып екі жастың қанын ішті», — деген екі жолды алып: «Мұндай суреттер толып жатыр. Бәрін тере берсек, көп орын алады. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге — бише, батырға — батырша, ханға — ханша баға беріп, әрқайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, сұлуды, махаббатты, батырды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. Баян» — қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс» [21], — деп, өз ойын қорытындылайды. Осы күнге дейін қазақ оқырмандарының назарынан тыс қалған Мағжанның тағы бір ерекшелігі — ақынның қазақ поэзиясына ең бірінші байронизм дағдысын кіргізгендігі. Байронизм — поэма жазудағы романтикалық дәстүр. Ол шағын көлемді дастандағы бас кейіпкердің қысқа мерзімде бастан кешкен қайғысы, болмаса қуанышты сәттері. Демек, Мағжанның «Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында», «Жүсіп хан» атты туындылары романтикалық, байронизм дағдысында жазылған дастандар.

Бір сөзбен айтқанда, Мағжан Абайдан кейін өз тақырыбына жаңа түр кіргізген жаңашыл ақын. Мағжанға еліктеген, немесе оның дәстүрін, поэма жаңалықтарын дамытқандар — С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, И.Байзақовтар деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жүнісов С. Мағжанның поэмалары // Қазақстан әдебиеті. — 1990. — 13 сәуір. — 7-б.
- 2 Тоқжанов Т. Сыр мақамдарында сақталған Қорқыт сарындары // Жұлдыз. — 2010. — № 2. — 191–193-б.
- 3 Қасқабасов С. Ажалмен айқасқан адам. (Қорқыт туралы аңыздың және мифологиялық семантикасы) // Жұлдыз. — 1989. — № 8. — 190–198-б.
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 448 б.
- 5 Әбдіманұлы Ө. Мағжан дастандарындағы азатшыл сарын // Жалын. — 2005. — № 8.
- 6 Мұсағитов М. Қойлыбай бақсы // Жұлдыз. — 1995. — № 2.
- 7 Жұмабаев М. Ертегі / Үш томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 2003. — 123–131-б.
- 8 Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. — Алматы: Мектеп, 2009. — 319-б.
- 9 Негимов С. Мағжан поэмаларында табиғатты тамылжыта суреттеген // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2012. — № 1. — 25–34-б.
- 10 Жұмабаев М. Шойын жол // Жұлдыз. — 1990. — № 10. — 115–122-б.
- 11 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1994. — 74-б.
- 12 Елеукенов Ш. Мағжан мен Мұхтар. (Ұлт тақырыбын дамытудағы ізденістер) // Жұлдыз. — 1997. — № 10. — 110–120-б.
- 13 Елеукенов Ш. Мағжан // Жұлдыз. — 1989. — № 6. — 119–137-б.
- 14 Тәжібаев Ә. Мағжан Жұмабаев / Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 3–12-б.
- 15 Елубай С. Мағжанның «Батыр Баяны» Әуезовтің пәтерінде жазылыпты // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2012. — № 1. — 25–37-б.
- 16 Асқаров Е. «Батыр Баян» туралы бірер дерек // Жұлдыз. — 1989. — № 8. — 124–125-б.
- 17 Елеукенов Ш. Мағжан шығармаларындағы психологизм // Жұлдыз. — 1994. — № 10–12. — 187–198-б.

- 18 *Әбдиманұлы Ө.* Мағжанның «Батыр Баяны» — қазақ поэзиясының асқар шыңы // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2012. — № 1. — 35–36-б.
- 19 *Қожасекенов Ғ.* «Батыр Баян» — тарих сабағында // Қазақ тарихы. — 2005. — № 1. — 97–98-б.
- 20 *Мұсағитов М.* «Батыр Баяндағы» таным және шындық // Жұлдыз. — 1994. — № 8. — 191–199-б.
- 21 *Аймауытов Ж.* Мағжанның ақындығы туралы: (Ташкенттегі қазақ студенттеріне оқылған баяндама) / Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 400–428-б.

Р.С.Каренов

Поэмы великого казахского поэта Магжана Жумабаева

В статье проанализированы замечательные поэмы, написанные Магжаном Жумабаевым, благодаря которым творчество поэта вошло в духовную сокровищницу народа. Отмечено, что в своих поэмах поэт уделял внимание большому разделу социальной сферы — истории духовного развития казахского народа и его положению при колониальной системе правления. Сделан вывод о том, что в поэмах поэта, появившихся в основном в двадцатые годы XX столетия, были продолжены демократическо-просветительские традиции путем обогащения их идеями свободы. Кроме того, описано, как в поэме «Батыр Баян» погиб один из выдающихся казахских полководцев XVIII века батыр Баян — организатор многих побед в казахско-джунгарской войне.

R.S.Karenov

The poems of great Kazakh poet Magzhan Zhumabayev

It is shown that the exit of prominent representatives of the national intellectuals to the sociopolitical and cultural arena was significant manifestation of public and philosophical thought of Kazakhstan the beginnings of the XX century. It is noted that among them the special place is occupied forever remained in memory of the people by the great poet and the educator with immense talent Magzhan Zhumabayev. The remarkable poems written by it and thanks to which creativity of the poet was included into a spiritual treasury of the people are analyzed first of all. It is proved that in the fine poems he paid attention to the big section of the social sphere — sitoriya of spiritual development of the Kazakh people and to its situation at colonial system of board. The conclusion that in its poems which have appeared generally in the twenties of last century, democratic and educational traditions by a way of enrichment by their ideas of freedom were continued is drawn. It is described in the best-known poem «Batyr Bayan» as one of outstanding Kazakh commanders of the XVIII century the Bayan Batyr — the organizer of many victories in Kazakh dzhungar to war was lost.

С.У.Такиров, А.Р.Акеева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: sarzhan68_zhan@mail.ru)

Шет елдегі қазақ әдебиетінің қазіргі зерттелу үдерісі

Мақалада қазіргі қазақ сөз өнерінің асыл арнасын құрайтын шетел қазақ әдебиетінің зерттелу үрдісі мен даму барысы қарастырылды. Шет елдегі қазақтардың әдеби-мәдени жетістіктерінің ерекшеліктері мен көріністеріне сипат берілді. Атамекеннен алшақ жүріп қазақ әдебиеті игілігіне жұмыс атқарушы азаматтардың бірқатар еңбектері басшылыққа алынды, сондай-ақ Қытай, Монғолия елдеріндегі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық даму бағытын, тақырыптық-идеялық өзегін екшеген ғылыми зерттеулері талданды. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік өркендеуіне айрықша үлес қосып отырған шетел қазақ әдебиетінің өзіндік орны айқындалды.

Кілтті сөздер: қазақ диаспорасы, шетелдегі қазақ әдебиеті, Қытайдағы қазақ әдебиеті, Монғолиядағы қазақ әдебиеті, қазақ әлемі, әдеби байланыс, көркемдік ықпалдастық, әдеби сын, сын эстетикасы, көркемдік даму үрдісі.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан көркем тарихы бар. Тарихтың көркемдігінің өзі де шынайылықта жатыр емес пе? Ендеше, сан ғасыр тарихқа қиянат жасалып келді десек те, қателеспейміз. Себебі саф алтындай бағалы мұраларымыздың кешегі өткен кеңес дәуірінде қараланып келгені шындық. Қазақ халқының ұлттық рухының шын мәнінде өзін-өзі билеуіне мүдделі болмаған саяси әрекеттер де жеткілікті еді. Осы жолда халқымыздың басынан нендей қиын күндер өтпеді. Бүкіл ұрпақтың сай-сүйегін сырқыратар тарихи оқиғалар асыл бабаларымыздың көрген қасірет-қайғысын айқындап береді. Тіпті, өзектілігін бүгінге дейін жоғалтпай келген мәселелер бар. Біздің қарастыратын мәселе де солардың бірі — қазақ халқының аса көп бөлігінің басқа этникалық кеңістіктерге әр түрлі тарихи себептермен ауысып кетуіне қатысты деректер болмақ. Ал бұл өз алдына қазақ диаспорасы мәселесін туындатады. Қазақ елінің өзін-өзі ұлт ретінде сақтап қалуға мүмкіндік беретін жері Қазақстан Республикасы болғандықтан, этнодиаспоралық кеңістіктерден Атамекенге қоныс аудармақшы болған ұлт өкілдеріне мемлекет тұрғысынан заңды түрде көмек көрсетілгені жөн. Бұл құбылысты реттеудің өзіндік қисыны мен бағыт-бағдары әрбір тұлғаның өмірлік таңдау еркіндігі мен құқығы сәйкестенгенде ғана ұтымды жүзеге асады [1; 510]. «Елге ел қосылса — құт» дегендей, қазақ диаспорасы өкілдерінің XX ғасырдың 90-жылдарының басында Атамекенге ағылған ұлы көшінің нәтижесінде Отанымызда қандастарымыздың үлес салмағы сан жағынан едәуір артты. Шетелдегі қандастарымыз арасында осылай сең бұзып, атажұртқа бет бұру көші басталғанымен, әлемдегі күллі қазақ келіп жеткен жоқ [2; 5].

Әлемде жаппай жаһандану үрдісі жүріп жатқан кезеңде қазақ жеріндегі қазақтар және шетелдердегі қандастарымыз өзіндік этникалық келбетін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде [1; 492–510]. Мұның басты себебі тек мынада — әлбетте, адамзат тарихында үлкен, дамыған халықтар саны аздау ұлыстарға қай жағынан болса да өз ықпалын жасап отырған және болашақта да әсер ете бермек. Бұл «жаһандану» (ғаламдану) үрдісі. Қандастарымыздың осындай ықпалдардың әсерінен жат елге сіңіп, құрып кетпеудің амалдарын жасап, ұлттық болмысын сақтап жүргендерінің өзі үлкен ерлік. Әлемнің қырықтан астам елінде шашылып жүрген қазақ диаспорасы мәселелерін зерттегендер жоқ емес, жұмыс жүріп жатыр. Бірақ нақты, жүйелі түрде мәселені шешу әлі де қолға алынбай келеді. Ұлттық дәстүрден нәр ала отырып, даланың мөлдір бұлағынан сусындаған қандастарымыз да тарихи-әдеби үрдістерге өз үлестерін қосып келеді. Шет елдегі қандас бауырлар әдеби байланыс, көркемдік ықпалдастық, әдеби сын, сын эстетикасы, көркемдік даму үрдісі сияқты төл сөз өнерінде жан-жақты қаралатын мәселелерге өзіндік сипатпен, өзіндік пікірмен келетіні даусыз. Ендеше Қытай, Монғолия елдеріндегі қандас бауырларымыздың жат елде жүріп көркейткен өнеріміздің, мәдениетіміздің ең бір қастерлі үлгісі — сөз өнерінің дамуына тоқталғанымыз жөн.

Шығыс Түркістан қазақтары тағдыр-тауқыметімен «қытай қазақтары» деп аталғаннан күннен бастап, ең әуелі өз күнін өзінше көрудің, дұрысын айтқанда, өлмеудің қамына көшті. Осы әрекет, әрине, сан сала бойынша тырбануға, еңбектенуге, күресуге жетеледі. Ондағы қазақ әлемі — Алаш арыстары, айдарлы-айбарлы баһадүр перзенттер ауыл іргесінің амандығын, аймақ топырағының бүтіндігін сақтау жолында атқа қонған болса, қазақ сөз өнерінің қасиеті дарыған, наркескен намысы

бар ақын-жыраулар сол жат-жұрттықтар шеңгелінде қалған шөкімдей қазақты өсіре алмаса да өшірмеудің, рухани аштыққа ұшыратпаудың қамына шыңдап кірісіп еді. Өйтпейінше жырынды жаудан жырымдалған жұртты аман-есен сақтаудың мүлде мүмкін емес екенін олар жақсы білетін. Әрине, олар — ұлт азаматтығын армандаған ақындар мен жазушылар — тағдыр талайының қытайлармен байланысты болуын мың жерден қаламағанымен, тыныс-тірлігі былайғы жерде бәрібір қытай елінің елдік саясатымен, саяси-әлеуметтік қам-қарекетімен байланысып, қабысып жатты [3].

Қазақ әдебиетін тек мемлекет көлемімен шектесек, сыңар жақты көзқарас болары айқын. Оның бір себебі, қазақ әдебиеті әлемдегі «қазақ» атты ұлт қоныстанған барлық елде өз өркенін жайып, тамыр тарту үстінде. Екі миллионға жуық қандастарымыз қоныстанған қытай елінде де біздің әдебиетіміз өз жетістігімен өзгешеленеді, әрі қазақ әдеби мұраларының құнды да құнарлы қазынасы сақталған алып әдеби орта саналатыны ақиқат. Ал, біз кейде сондай әдебиетіміз бен мәдениетіміздің мәйегі болған қандастарымыздың құнды еңбегін бағалай алмай жатамыз.

Қытай қазақтарының әдебиеті — күллі қазақ әдебиетінің бір бұтағы іспетті. Шетелдегі қазақ әдебиеті, қытай әдебиетімен қатар, «мәдениет зор төңкерісі» делінетін әсіре солшыл он жылдық ойранның аяқталып, реформалау, есік ашу саясаттары жолға қойылғаннан кейін ғана өзіндік даму жолына түсті. Тек осы кезден бастап ақын-жазушылар шығармашылықпен алаңсыз шұғылданды. «Соның нәтижесінде 1978 жылдан 2000 жылға дейінгі қысқа ғана 22 жыл ішінде жүзге тарта роман, жүздеген әңгіме, повестер жинағы, дастан, өлеңдер жинағы жарық көрді. Қытай қазақ әдебиеті тарихындағы едәуір үздік шығармалар сол кезеңде туды. Ертеректе өткен қаламгерлердің де бірқатар шығармалары осы дәуірде жарыққа шықты. Тарихта өткен Ақыт қажы, Таңжарық ақын іспетті бірегейлеріміздің де бірқатар томдары осы дәуірде баспадан шықты. Ендеше, сексенінші-тоқсаныншы жылдар Қытайдағы қазақ әдебиетінде біршама гүлденген, өлмес шығармалар тудырған кез саналмақ» [1; 113–126].

Қытайдағы қандастарымызды қаншама жылдар рухани аштықтан сақтап келген, ұлт азаттыққа жеткізген біртуар тұлғалардың өмірін білу кейінгі ұрпақтың парызы. Себебі бүгінде Қытайдағы қазақ әдебиеті қазақ халқының рухани бай қазынасынан сусындап, мазмұны тұрғысынан байып, жанрларының барлық түрі дамып, ұлт әдебиетіне өзіндік үлесін қосуда.

Шерхан Мұртаза ағамыз «Монғол қазағы, қытай қазағы деген қазақ жоқ, дүниеде бір ғана қазақ бар, ол — қазақ!» — деген еді. Бүгінгі күні қазақ әдебиеті сөз болғанда да «Қытай қазақ әдебиеті», «Қазақстан қазақ әдебиеті», «шетел қазақ әдебиеті» деген ұғым қолданысқа сіңіп кеткендігі аңғарылады. Түптеп келгенде, Шерхан ағамыздың сөзі ең орындысы болар. Себебі қазақы әдебиет тек біреу ғана. Ол — бір ғана қазақтың әдебиеті. Қалихан Ысқақ ағамыз да өзінің берген сұхбатының бірінде: «Шет елде жүрген қазақтардың мәдениеті, әдебиеті дейтін болсақ, бөле-жарып қаралмайтын қазаққа тән бір-ақ дүние. Олай болатыны — бір халықтың ғана әдебиеті мен мәдениеті. Барлығының түбірі бір» дей отырып, қазыналы әдебиетімізге лайықты баға берген. Осы аталып отырған шетел қазақ әдебиеті дегеніміз — шын мәнінде, қазақ әдебиетінің Қытайдағы, Монғолдағы бұтағы немесе өркені болып есептеледі. Ахмет Жүнісұлы «Әдебиетіміздің Шынжаңдағы бір отауы» мақаласында жаңағы «бұтағы», «өркеніне» балама «отауы» атауын алғанын көреміз. Олай болса, ендігі жердегі зерттеу еңбектерінде оны «Шынжаң қазақ әдебиеті» немесе «Монғол қазақ әдебиеті» деудің еш әбестігі жоқ. Бұл зерттеуге қолайлы болу үшін алынған географиялық атау екенін ескертеміз. Жоғарыда аталған Ахмет Жүнісұлының еңбегінде: «Әр орманның бұлбұлы өзінше сайрайтындай Шынжаң қазақ әдебиетінің де өзіндік үні, өзіндік тобы бар. Бұлар өз халқының құлақ құрышын қандыруда, көкейлерін көбексітуде, мұрындық болып жетелеуде. Тарихының өткеніне айна, келешегіне құбыланама болуда мығым. Осы мығымды сөз ету — тайлаққа емес, атанға жүк. Бұған мақала емес, үлкен зерттеу керек», — дейді [4].

Қалам ұстау — ұлтқа қызмет етудің бастауы. Ұлт әдебиетінің гауһар қазынасы — әлемдік руханият пен мәдениетке барып қосылатын елеулі үлес іспетті. Қытайдағы қазақ әдебиеті атты асыл арнаға төл әдебиетіміздің бірегейлері де соқпай өтпеген. Атап айтқанда, Сәбит Мұқанов 1956 жылы Қытай жерінде болып, ондағы қазақтардың әдебиеті мен мәдениетіне барынша көңіл аударған. Оны Сәбеңнің «Алыптың адымдары» атты очерктер жинағынан айқын көре аламыз. 1957 жылы Ғабит Мүсірепов те Қытайдағы қазақ қаламгерлері арасында болып қайтқан. Онан кейінгі жерде профессор Рахманқұл Бердібай, профессор Тұрсынбек Кәкішев, академик Серік Қирабаев, ғалымдар Рымғали Нұрғали, Бақытжан Майтанов, ақын-жазушылардан Мұзафар Әлімбаев, Қабдеш Жұмаділов, Ахмет Жүнісов сияқты бірқатар қаламгерлерді де аталмыш тақырып тереңнен толғандырған. Аталған авторлар өз еңбектерінде қытай және монғол қазағындағы қазақ әдебиетіне аз да болса зерттеулер

жасап, олардың озық ақын-жазушыларының шығармаларына тоқталады. Бірақ арнайы зерттеу емес. Әсіресе Шынжаң қазақтарындағы қаламгерлердің көркемдік деңгейі мен шығармашылығын зерттеу-талдау, оны ортақ игілікке жарату, әдебиеттану ғылымына кіргізу мәселесі әлі де жоқтың қасы.

Белгілі қаламгер Қалихан Ысқақұлы ағамыздың: «Шетелдегі жазушылардың деңгейін көшбасы дей алмаймыз. Өйткені мен оларды оқыған емеспін... Поэзиясына келер болсам, дауым жоқ. Прозасында стилистикалық жағынан, форма жағынан бізге ілесе алмай қалғаны анық. Заманға ілесе алмай қалған жерлері көп. Олар нені жазамын дегенді біледі. Осыны қалай, қайтіп жазамын дегенде орашалақ... Олар көбінде XVIII ғасырдағы билеріміз сияқты құр сайрай береді. Сайрай беру прозаның міндеті емес», — деген өткір сынмен айтылған ой түйткілінде шындық жатыр [5].

Шетелдегі қазақ әдебиетінің ұлтым деп еміренген бөлігі болған Шынжаң қазақтарының әдебиеттану ғылымына келсек, ол 1940 жылдардан бастау алады. Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі Нығмет Мыңжанидың 1942 жылы «Шынжаң газетінде» жариялаған «Қыз Жібек жөнінде» атты зерттеу мақаласы осы саладағы алғашқы ізденіс еді. Н.Мыңжанидың 1946 жылы жазған «Қазақ тарихы» («Шанхай» журналында қытай тілінде жарияланған) мақаласы толықтырылып қайта жазылып, 1949 жылы қазақша, ұйғырша, қытайша — үш тілде кітап болып шыққан. Кейіннен жазған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1980), «Қазақ тіл-әдебиетінің қалыптасу және даму дәуірлері» (1981), «Қазақ қиссасы «Бақтияр» және оның қырық бұтағы» (1982), «Қазақ әдебиетінің қисса-дастан жанры» (1982), «Қазақ халық дастандарының тарихына тән кейбір деректер жайында» (1982), «Қорқыт ата» кітабы және қазақтың Қорқыт жыры жайында» (1984), «Қазақтың ел аузындағы екі жүз дастаны» (1986), «Қазақтың мифтік аңыздары» (1996) атты еңбектері әдебиеттану ғылымына қосылған елеулі еңбек саналмақ [2; 23–31]. Сонымен қатар Н.Мыңжанидың ізін басып өмірге келген Әуелхан Қалиұлы, Ахметбек Кірішбаев, Омархан Асыл, Әзімхан Тішанұлы, Бексұлтан Кәсейұлы, Мырзахан Құрманбай, Ғазез Райысұлы, Қауылхан Қамжанұлы сынды қаламгерлер тобы Шынжаң қазағының әдебиеттану ғылымына өз үлестерін қосты [6; 43–51]. Шетелдегі қазақ әдебиетінің Қазақстан топырағындағы әдебиеттану ғылымы ретінде зерттелуіне көз жіберсек, «Шынжаң қазақтарының әдебиеті» төңірегінде еңбектер жазған Тұрсынбек Кәкіш, Зұфар Сейітжанов, Мұхтархан Оразбай, Дүкен Мәсімхан, Омарәлі Әділбек, Бекқожа Жылқыбек секілді азғана топты көреміз. Мұнын өзі аз да болса жоғарыдағы ізденді «ақтаңдақтарды» толтыруға арналған ұлағатты еңбектер саналатыны ақиқат. Әрі әдебиеттану ғылымының дәрежесіне көтерілген маңдай тердің таза жемісі [6; 37–44].

Дербес еліміздегі қазақ әдебиеті алып бәйтерек саналса, Монғолиядағы қазақ әдебиеті сол алып бәйтеректің бір мәуелі бұтағы болып табылады. Монғол жеріндегі қазақтар арасынан жиналған фольклорлық мұра 5 том кітап боп жарыққа шыққан. Ақын Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтан бастап 30-дан астам халық ақындарының шығармалары жинастырылып, зерттеліп, ел игілігіне айналды. Тауданбек Қабанұлы (1830–1908), Төлебей Бөжекұлы (1858–1924), Мешел Қожекеұлы (1858–1928), Отарбай ақын (1882–1953), Нәжікеш Таңқайұлы (1885–1953), Оңашыбай Ірбітұлы (1892–1953), Бұрқасын Тауданбекқызы (1905–1968) сияқты халық ақындарының шығармашылығы арнайы зерттеліп, оқырман қауымына ұсынылған. Ал, Монғолиядағы жазба әдебиеттің даму кезеңін екіге бөліп қарастыруға болады: I-кезең: 1940–1970 жылдар. Бұл жаңа әдебиеттің пайда болып қалыптасу кезеңі. II-кезең: 1970 жылдан бүгінге дейінгі уақыт. Бұл жазба әдебиетінің толысу дәуірі.

Монғолиядағы жазба әдебиеттің негізін салушы — Ақтан Бабиұлы (1897–1973). Ақын 1940 жылдан бастап «Өркендеу» газетіне өршіл үнін қосып, жаңа заманның жаршысы болумен бірге мәдениет пен өнерге қарымды үлесін қосқан сергек саналы қайраткер болды. Оның оннан астам жинақтары жарық көріп, драмалық туындылары театр репертуарының мәйегіне айналды. Құрманхан Мұқамәдиұлы (1923–1964) әдеби қызметін өлең жазумен бастады. Оның «Құттықтау», «Қыс», «Октябрь тойына», «Қазақстандық достарға» «Тау қойнында жеке дара» секілді өлеңдері бар. Өйткенмен ол қаламгерлік қабілетін драма саласында көрсете білді. Ақын, драматург Арғынбай Жұмажанұлының алғашқы жинағы «Тақпақтар» деген атпен 1949 жылы Ұланбатырда жарық көрді. Содан кейін «Ертіс жырлары» (1960), «Біздің өлкеде» (1972), «Меңдікөл» (1979) жинақтары оқырманға жетті. Ақын Даниял Дікейұлының «Жетілген жетім», «Таң алдында», «Солдат сөзі», «Алтай аясында» секілді поэмалары, Имашхан Байбатырұлының «Телқоңыр» (1967), «Акку әні» (1970) секілді жинақтары, Шабдарбай Қатшанұлының «Көрімдік», «Шығыстағы алау», «Майлы жер» поэмалары, Дайын Қалаубайұлының «Жас дәурен», «Гүлсім» сияқты жинақтары поэзияның аяқ алысын байқатқан айтулы туындылар болып есептеледі. Сондай-ақ аға буын қаламгерлер Ж.Байыт, И.Жәбенұлы, Қ.Кәп, М.Егеухан, А.Қауия, І.Яки, орта буын өкілдері Ж.Кәкей, Ш.Зуқай, Р.Шынай,

І.Кеңес, Қ.Тойлыбай, Қ.Бодаухан, О.Солдатхан, Ж.Қуанған, М.Зұлкафил, Б.Мұрат, Ә.Дәулетхан, Р.Зұрғанбайұлы секілді акындардың туындылары өлең өнерінің биік үлгіде дамуына баспалдақ жасады. Монғолиядағы қандастарымыздың әдеби сын, зерттеу саласында филология ғылымдарының докторы Қабидаш Қалиаскарұлы, филология ғылымдарының кандидаты Қуанған Жұмаханұлы, филология ғылымдарының кандидаты Есенгүл Кәпқызы секілді ғалымдардың атқарған қажырлы еңбектерінің Атамекендегі әдебиет үшін орны ерекше.

Қандас бауырлардың Монғолиядағы соңғы буынына келсек, Қазақстан тәуелсіздігінен кейін Рысбек Зұрғанбайұлы, Жүкел Қамайұлы, Сұраған Рахметұлы, Бақытбек Бәмішұлы, Абай Мауқараұлы, Есенгүл Кәпқызы, Дәулеткерей Кәпұлы, Жандос Бәделұлы, Бақытгүл Баймолдақызы секілді акын-жазушылардың көбі тарихи отанына оралып, әдебиет саласында еңбек етіп отыр.

Түйіндеп айтқанда, Монғолиядағы қазақ әдебиеті қазақ пен монғол халықтарының рухани бай қазынасынан терең, әрі тең сусындап, мазмұны байып, жанрларының барлық түрі дамып, ұлт әдебиетінің алып дариясына құятын мөлдір бұлаққа айналып отыр.

Өзіміздің Қытай асып кеткен бауырларымыз, Қытай жерінде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың саны бүгінде 1,2 миллионнан асады екен. Иә, Қытайдың идеология саласында біздің елдің бағдарынан біраз айырмашылықтар бар. Бұл — қазақтардың Бірінші дүниежүзілік құрылтайға Қытайдағы қазақ диаспорасы өкілдерінің келе алмауынан-ақ айқын көрінеді. Қытайдағы қазақтардың өзіндік санасының сипаттамасына тоқталатын болсақ, олар негізінен батыс мәдениетінен гөрі шығыс мәдениетінің (қытай, ұйғыр, дүнген және т.б.) мұсылмандық салт-дәстүрлердің ерекшеліктеріне көбірек бетбұрыс жасаған деуге болады. Өзінің ежелден келе жатқан мал шаруашылығымен айналысу дәстүрін сақтаған, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіне деген, өнерді құрметтеу сияқты қасиеттерін жақсы жандандыра білген. Бірақ әлеуметтік саладағы этникалық бәсекелестікте кенже қалуға итермелейтін құбылыстар көптеп кездеседі. Қытайдағы қазақтардың ұлттық санасында болашаққа деген сенім біртіндеп орнығып келеді. Себебі екі елдің арасында қазіргі кезеңде бірталай саяси, құқықтық мәселелер халықаралық деңгейде шешімін табуда. Болашақта шешім күтіп тұрған мәдени қатынастардың шектеулілігі сияқты күрделі мәселелер де өте көп. Қытайдағы атажұртқа оралуды аңсаған қандастарымыз әлі де алдағы уақытта отанына қайтып келер деген үміттеміз. Себебі гуманистік тұрғыдан алғанда отанын тастап кету оңай іс емес, олар үшін жат елде босып жүргеннен өз елінде өлген артық болған ғой. Ата-бабамыздың осынау қасіретін айнытпай көз алдымызға әкелетін керемет шығарма — Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш» романы [7]. Романда сексеннен асқан Ақтоты әженің басынан кешкен тағдыр талайы сөз болады. Романның басты кейіпкері Ақтоты алты жасында қанды көшпен Қытайға келіп, ұзақ ғұмырында атажұртын есіне ала жүріп, Қытайдан отанына қайта оралады. Жазушы осы жолдағы Ақтотының басынан кешкендерін, жақындарының жан шошырлық азапты сапарын, көштің қилы тағдырын заман өзгерісімен қатарластыра суреттеген. Жазушы жат елге көшіп бара жатқан көш арқылы халқымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, дін, ұлттық психология, ел тарихы, дала мәдениеті, ауыз әдебиеті, шипагерлік өнері сияқты мәселелерді романда шебер тоғыстырған. Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш» романының жалғасы іспеттес болған шығарма — Қабдеш Жұмаділовтың «Соңғы көш» дилогиясы. Жазушы Қабдеш Жұмаділов романда Қытайдағы қазақтар өмірінің сан-қырлы сәттерін суреттеген. Шығармада XX ғасырдың орта шеніне дейін Қытайдағы қазақтарда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы көрініс тапқан. Жазушының басты негізге алғаны — шекара сыртындағы қандастарымыздың азаттық жолындағы күресі, олардың ұрпақ қамын ойлаған бір бөлігінің ата жұртқа келіп қосылуына қатысты мәселелер. Бүгінде білім қуып Қазақстанға Қытайдан келіп жатқан жастар өте көп. Олардың келгендегі нақты мақсатын сұрағанда: «Біз ұрпағымыздың нағыз қазақ болып туғанын, ұрпағымыздың тек өз ұлтымызға қызмет еткенін қалаймыз», — дейді.

Қазақ поэзиясының жарқын жұлдыздарының бірі, өршіл рухты акын Жұбан Молдағалиев айтқанындай, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының «мәңгі өлмеске» біржола бойын тіктеп, «ақ түйенің қарны жарылып», тәуелсіздікке қол жеткізгеніне де жиырма жылдан асты. Еңбектей жылжып, талпына қаз тұрып, есейе ержетіп, өмір ұсынған сынақтардан тәжірибе жинақтап, есесі кеткен кешегі балаңдықтан, есебін түгендер естілікке қол жеткізе бастаған жас мемлекетіміздің болашағына деген сеніміміз де нығая түсуде.

Өткен тарихымызға үңіліп, мұқияттап отыру — парасаттылық белгісі. Себебі өмір, тарих дегеннің өзі өткен күн, бүгінгі ғұмыр мен болашақ атты үштіктің бірлігінен құралмақ. Өткен күннің сабағы бүгінгіге қорытынды. Тарихымызды таразылап, ақтаңдақтары мен кем-кетікті тұстарын толтыру, ұлттың тарихи санасына орныққан жасанды мазмұн, жалаң пішіндерден арылту сияқты

жұмыстар баяу болса да ілгерілеп жүріліп келе жатыр. Тәуелсіздікке қол жеткізген мерейлі сәттен бастап ғылым салаларының дамуына деген шектеуліктердің жойылуы да айқын көріне бастады.

Алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың өзіндік ұлттық санасының әр түрлі деңгейдегі көріністері және оралман-репатриант (*репатриант* — белгілі бір тарихи себептермен елін тастап кетуге мәжбүр болып, орайы келгенде қайтадан атажұртқа қайтқандар) қазақтардың этникалық дүниетанымындағы күрделі өзгерістерді зерделеу, шетелдегі өмір сүрген халқымыздың бірегей, батыр тұлғаларымыздың өмірімен таныс болу, әдебиеті мен мәдениетінің даму деңгейіне көз салу — өзекті мәселелердің бірінен саналады. Әлемнің әр түрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан, өздерінің ұлттық негіздерін ұмытпаған қазақ диаспорасының өкілдері ерекше атап өтуді талап етеді. Осы орайда Тәтімовтың «Дербестігіміз — демографияда» атты кітабындағы айтқан ойына тоқталсақ: «Тілі мен діні, нәсілі мен тегі өзімізге жақын түркі тілдес бауырларымызды алыстатпай, бәріміз бір дінді мұсылмандармыз десек, олар қатарымызды «қарайтып», өсіре берер еді. Еті тірі, санасы ширақ, намысы биік, діні ұшқыр, мерейі кең менталитетті ұлттар өзінің санын осылайша алда әлі де тез өсіре беретіні хақ! Саны қалың, сапасы мықты, санаты биік, саясаты икемді ұлт боламыз десек, алдымен көшіп келген өз бауырларымызды тіл мен дін, мәдениет пен азаматтық, елдік пен жерлік, мемлекеттік пен менталитеттік, дәстүр мен ділдік әсерлер арқылы өзімізге барынша жақындатып, бойымызға біртіндеп сіңіріп, қазақ деген кең ұлтты жоғары көтеріп, жас мемлекетімізді сан жағынан өсіре аламыз. Кең болсақ — кем болмаспыз!» — деп үлкен ой салады [1; 510].

Қазақстаннан тыс жерде өмір сүріп жатқан қазақтардың басым бөлігі қазақ ирреденталарына жатқызылады. Қазақ диаспорасы қазақтардың Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан, Иранға, одан әрі Үндістан, Пәкістан, Түркияға қоныс аударуының нәтижесінде дүниеге келді. Құлбек Ергөбек өзінің «Көзайым» («Шетелдегі қазақ әдебиеті жайында бірер сөз») атты мақаласында келесідей ойлар өрбітеді: «Тағдыр айдауымен сырт елдерге кеткен бауырлар қайта оралып, бауырмал құшақтар қайта айқасып мәре-сәре болып жатқан жайымыз бар. Әрине, арадағы елу-алпыс жыл, өскен орта, жүрген жер бір қазақты он-санға бөліп, бірін-біріне жатырқатып тастағанын жасыра алмаймыз. Уақыт. Саясат. Дүниеде адам баласы жеңбес нәрсе аз. Алайда адам баласы үшін қиын алынатын қамалдың бірі — психика! Ол үшін ең алдымен бір-біріміздің жан дүниемізге үңілуіңіз керек. Адам жан дүниесі әңгіме-сұхбатта ашылады. Адам жан дүниесі — көркем әдебиетте көрінеді. Мен осы орайда «Армысың, Атамекен» (Баян-Өлгий, 1992) аталатын жыр жинағына арнайы тоқталып, шетелдегі қазақ әдебиеті жайынан сөз сабақтағым келеді.

Алдымен қазақ диаспорасын құрайтын қазақтар жөнінде. Қазақтың үштен бірі — шет елдерде шашырап жүр. Алыс шетелдердегі қазақ — 1 млн 578 мың, жақын шетелдерде (ТМД) — 1 млн 707 мың (Қазақ тарихы, 1993, № 3), — делінеді. Осылардың арасында қазақ тілінде кітап шығаратын баспа — Қытай мен Монғолияда бар. Бұл — қазақтың мол шоғырланған жерлері. Қытайдағы қазақ саны — 1 млн 270 мың. Баян-Өлгийдегі қазақ саны — 130 мың. Халық талап-тілегіне орай кітап бастыру, газет, журнал шығару бұл өңірлерде тәп-тәуір жолға қойылған. Соңғы кездері Түркия да аздап қазақ тілінде кітап шығара бастаған сияқты. «Шетелдегі қазақ әдебиеті» дегенде — ойға алатын жайлар міне, осылар. Шетелдегі қазақ әдебиеті — қазақ деген ұлы халықтың, қазақ әдебиеті аталатын әлем таныған өрелі әдебиеттің сырттағы бұлақтары» [8].

Шет елдерде ғұмыр кешіп жатқан қандастарымызды біріктіріп тұрған негізгі нәрсе — олардың өздерін қазақ этносына, оның құрамындағы белгілі бір руға тән екендігін мойындауы, этникалық тілі мен салт-дәстүрін жоғалтпауы. Оларға тән басты сипат — өзі өмір сүріп жатқан ортасында сандық тұрғыдан азшылық болуына қарамастан, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді құндылық ретінде сақтап қалуы. Көшпелі қоғам сыртқы және ішкі жағдайларға бейімделуге икемді ашық жүйе болып табылады. Қазақтар өзінің тектік, рулық бөлінісін қатаң сақтай отырып, дүниені танудың әр алуандық сипатындағы өзге діндер мен өзге мәдениетті кеңінен қабылдай алатын ділі бар халық.

Дербестіктің көк жалауын биікке көтерген еліміз азаттық туын көкке жіберген кезден бастап мәдениет, көркем сөз өнері, жалпы өнеріміз сияқты баға жетпес рухани құндылықтарымызды ашып, дүниеге паш еттік. Осы сәттен бастап тарихымыздың парақтарында шетелдегі қандас бауырларымызбен тығыз байланыс жасау, осы қатынастарды ғылыми тұрғыда дамыту жұмыстары бүгінгі күні өзекті мәселелер мен атқарылмақ қыруар шаралар қатарынан табылады. Шетелдегі шамамен 4–5 миллионнан асатын қазақ диаспорасының қалыптасу тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өнер-білім сияқты мәдени-рухани салаларында тұнып жатқан мұраны, халықтың демографиялық өсуін, ұлттық даму жөніндегі өзекті мәселелерін жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеп белгілі бір негізге түсірген жөн. Ендеше, жүректері «ұлтым — қазақ» деп сокқан Қытайдағы қандастар

қауымының өзіндік ұлттық салт-дәстүрін, мінез-құлқын, ұлттық бет-бейнесін сақтап қалады деген үлкен үміттеміз.

Шет елдегі қандас бауырлардан келіп жатқан мәдени-рухани ағыстың төл әдебиетіміз бен мәдениетімізге берері мол. Шет елдегі қандастарымыздың қарашаныраққа оралуы үшін атқарылмақ іс-шаралар өте көп. Ал біздің бұл қолға алып отырған ісіміз — болашақта жасалар қыруар жұмыстың әлқиссасы ғана болар. Қорыта айтқанда, қазақ сөз өнерінің асыл арнасын құрайтын шетелдегі қазақ әдебиеті жаһандану үрдісіне батыл тойтарыс беріп, эстетикалық сипатта даму үстінде. Оның көркемдік дамуын бағалаудағы әдеби сын да барынша өрістеп, мұрат-мақсатын ұлттық мүдде тоғыстыратын әдебиеттер ықпалдастығын айқындауға қуатты ықпал етуде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20-т. — Астана: Аударма, 2006. — 544 б.
- 2 Шет елдегі қазақ баспасөзі: Оқу құралы / Шамақайұлы Қ. — Қарағанды, 2003. — 126 б.
- 3 *Мәсімхан Д.* Сарап. — Астана: Елорда, 2001. — 120-б.
- 4 Қазақ елі. — 1998. — 9 қаңт. — 2-б.
- 5 Жұлдыз. — 2010. — № 11. — 111–112-б.
- 6 Қазақ диаспорасы: бүгін мен ертең. — Астана: Елорда, 2005. — 352 б.
- 7 *Рыскелдиев Т.* Ұлы көш. — Алматы: Өлке, 2001. — 368 б.
- 8 *Ергөбек Қ.* Арыстар мен ағыстар. — Астана: Таным, 2003. — 291–297-б.

С.У.Такиров, А.Р.Акеева

Современный процесс исследования казахской литературы зарубежья

В статье рассмотрена проблема исследования казахской литературы за рубежом. Описаны литературно-культурные достижения казахов зарубежья. Опираясь на ряд трудов исследователей, авторы статьи проанализировали художественно-эстетическое развитие и тематическо-идейные основы казахской литературы в странах, как Китай и Монголия, определили место и роль казахской литературы зарубежья в художественном развитии современной казахской литературы.

S.U.Takirov, A.R.Akeeva

The ongoing process of investigation of Kazakh literature abroad

In article process of research and development of the Kazakh literature of the abroad, as important part of present Kazakh literature is considered. The description of the features and to manifestations literary and cultural achievement of Kazakhs in the foreign is given. Taken under the management a number of works of the researchers working for the good of the Kazakh literature living far from the native land. Scientific works in which the directions of art and esthetic development and a thematic and ideological basis of the Kazakh literature in the countries of China and Mongolia are considered are investigated. Originalities of the Kazakh literature of the abroad which contributes the share in art development of present Kazakh literature are marked.

УДК 070

В.Т.Абишева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова (E-mail: vera.abisheva@mail.ru)

Медiateкст в условиях конвергенции

В статье рассмотрены проблемы медiateкста, связанные с интенсификацией процессов в языке СМИ на разных уровнях его формирования в условиях конвергенции. Актуальность исследования предопределена современным контекстом развития информационного пространства, а происходящие в нем эволюционные изменения связаны с новейшими достижениями в области информационных и коммуникационных технологий.

Ключевые слова: медiateкст, информация, коммуникация, СМИ, телевидение, радиовещание, Интернет, конвергенция, глобализация.

В связи с магистральными преобразованиями в медиасфере, развитием новых технологий и, прежде всего, Интернета, в глобальной компьютерной сети происходит формирование массовой коммуникации нового типа. Общество вступает в новую стадию развития в обстановке интенсивного влияния информации на прогресс человечества, стремительность получения которой, актуальность, качество и объективность становятся фактором устойчивого и эффективного функционирования социально-экономических систем.

Практика показывает, что сегодня для корреспондента, которому удалось попасть в центр событий и получить интересную и важную информацию, не составляет труда оперативно, без посторонней помощи передать её в самые разные СМИ. Он может написать материал для газеты, журнала, для Интернета, добавив при необходимости сделанные им же фотографии, отправить его адресату по мобильной связи, снять видеосюжет, озвучить текст на радио и телевидении. Цифровые технологии позволяют решать эту задачу максимально эффективно. Безусловно, при этом от современного журналиста требуется владение профессиональными навыками одновременно в нескольких медиасферах. Концепция внедрения в процесс СМИ идеи «универсального журналиста» стала популярной с развитием медиаконвергенции.

В науке существует множество толкований термина «медиаконвергенция», что уже является фактом феноменальности процесса, когда явление существует, а общество, безоговорочно принявшее и развивающее его, ещё не договорилось об единой трактовке. С другой стороны, разница в формулировках потому и существует, что одним и тем же словом определяются разные процессы.

В мировой коммуникативистике так называют и интеграцию технологий, и технические достижения в области распространения, хранения информации, и процесс слияния, взаимопроникновения различных ранее разобщенных медиа. Говоря о переводе информации в цифровую форму, то есть о процессе дигитализации, исследователи используют термин «технологическая конвергенция»; рассматривая процесс интеграции — «экономическая конвергенция». При многофункциональном, многопрофильном режиме работы современного потребителя информации, в случае, если он одновременно смотрит ТВ, разговаривает по телефону, пролистывает страницы газет и делает запрос в Интернете, имеет место понятие «социальная конвергенция». Параллельное развитие схожих черт двух или более культур, когда технические достижения в области передачи информации позволяют производить, хранить и распространять любые материалы, размещённые на сайте: будь то тексты элек-

тронных книг, газет, журналов, иллюстрации, фотографии, графика, аудиовизуальные материалы, кино, музыка и т.д., определяют культурную конвергенцию. Причём контент осуществляется и с помощью компьютеров, планшетов, мобильных телефонов, и на экранах телевизоров. О доступности любой информации в любой точке мира свидетельствует ставшее популярным понятие «глобальная конвергенция».

Таким образом, в широком смысле конвергенция может пониматься не только как взаимное влияние явлений, но и как взаимопроникновение информационно-коммуникационных технологий, как слияние ранее разобщённых СМИ. Характерно, что передача, распространение одного и того же содержательного продукта происходит не только разными средствами: с помощью текста, звука или видео, но и по разным каналам коммуникации: пресса, телевидение, радио, Интернет. Всё это подтверждает факт незаурядности процесса, который в ближайшие десятилетия может полностью изменить не только системы средств массовой информации и коммуникации, но и связанные с ними индустрии.

Потребитель продукции является и очевидцем, и непосредственным участником процесса стирания границ между СМК. Журналистика играет здесь первостепенную роль в силу характера труда занятых в данной сфере людей. Причём в масштабе истории средств коммуникации даже в сравнении с радио и телевидением, без которых человечество не представляет существования, скорость, с которой Интернет завоевывает массовую аудиторию, беспрецедентна.

Я.Н.Засурский справедливо отмечает, что журналистское произведение уходит от первоначального своего бытования — печатного текста на листе бумаги. Такая многоплановость, многомерность текста приводит к созданию действительно полифонического коммуникационного продукта, который, несомненно, отличается и от традиционного газетного, и от звучащего на радио, и от визуального. Это уже «новый обособленный коммуникационный конгломерат. Это новая структура текста, которая обладает особой выразительностью, и при том, что она так многопланова, а может быть именно поэтому — благодаря своей конвергенционной комплексности — большой экономностью. Энергия медиатекста резко возрастает. Сегодня медиатекст в каком-то смысле больше, чем текст» [1].

Функции «печатной коммуникации» изменяются с помощью мультимедийных интерактивных СМИ. Происходит дальнейшее расширение границ их дискурса посредством Интернет-коммуникации. Электронный текст стал объективной реальностью. Появились электронные версии многих журнальных и газетных изданий. Современный потребитель, вне зависимости от географической принадлежности, имеет помимо ноутбука, iPod, другие мультимедийные устройства. Владелец лишь мобильного телефонного аппарата сегодня способен воспринимать огромное количество информации одновременно.

Учёные заявляют о возникновении новой функциональной разновидности — «языке электронных средств коммуникации», «разновидности», имеющей особую сферу функционирования, систему жанров и обладающую спецификой языковых средств [2]. Эти обстоятельства, несомненно, оказывают большое влияние на язык и дискурс СМИ.

Интернет как новая область человеческих взаимоотношений существенно влияет на характер функционирования языковых реалий и речевую стилистику сетевых текстов в целом и журналистских текстов в частности. Новый стиль жизни диктует и новую манеру языкового общения. Как и в традиционной журналистике, в сетевых СМИ язык, с одной стороны, подвержен разнообразному влиянию, а с другой — сам оказывает воздействие на другие формы существования информации в Интернете. Это не только новейшие коммуникационные технологии, но и другая сфера существования, функционирования языка, новые явления, охватывающие все уровни языковой структуры. Конвергенция сопровождается интенсификацией процессов в языке на разных уровнях его системы: фонетике, лексике, стилистике, синтаксисе, морфологии, словообразовании. Отметим лишь некоторые специфические текстуальные признаки.

На фонетическом уровне видим новый формат транслитерации, при которой происходит перевод одной графической системы алфавита в другую, то есть передача букв одной системы письменности буквами другой. Транслитерацию используют, когда нужно набрать русский текст в системе, где этот язык не установлен. Так, буквы кириллического алфавита в тексте русскоязычных СМИ обозначаются буквами латинского. Транслит, основанный на звучании букв, нередко употребляется для написания телефонных сообщений, в адресах русскоязычных сайтов и других, например: *Internet*, *translit*, *SMS*.

Наблюдаем использование и так называемого «геймеровского языка», когда возникает необходимость применить в письменном тексте латинские буквы, внешне похожие на соответствующие буквы русского языка, например: *gpyrue*. Данный тип, название которого происходит от английского жаргонизма *gamer*, где геймером называют игрока в компьютерные игры, встречаем нечасто. Если слова с таким написанием достаточно легко читаются, то для длинных сообщений непригодны из-за сложности набора. Кроме того, имеет место так называемый «вульгарный» тип, то есть смешение транскрипции и геймерского языка, например: *Zaga4a*.

На лексико-стилистическом уровне особенностью медиатекста в условиях конвергенции является его широкий охват: от научных и технических терминов до слов обыденной разговорной речи. Обогащение языка электронных средств массовой информации иноязычной лексикой, элементами разговорной речи носит разноуровневый, масштабный и экспансивный характер.

Многие лексические единицы языка приобретают новые переносные значения. Способ метафоризации позволяет взглянуть на сложные технологические процессы под другим углом зрения. Новый смысл приобрели давно известные слова. Так, *блин*, *болванка* означает «компакт-диск»; *виснуть* — «не отвечать на команды пользователя» (о программном или аппаратном обеспечении) и др. Активен способ метонимии: *железо* — в значении «компьютер», «физические составляющие компьютера», «комплектующие для компьютера»; *кнопки* — в значении «клавиатура» и др.

Наблюдения показывают, что просторечие, сленг, жаргоны в текстах глобальной сети стали использоваться не только в качестве дополнительной экспрессивно-художественной окраски, а чаще даже как основное языковое средство. Профессиональный компьютерно-сетевой жаргон переходит в молодёжный сленг, затем нередко — в общеупотребительную лексику. Неформальное общение молодёжи подчинено таким мотивам, как потребность самовыразиться и самоутвердиться, поиск наиболее благоприятных психологических условий для общения.

Речевые произведения в новых электронных СМК, как правило, создаются по образцу устного общения с адресатом, с использованием лексических средств, свойственных разговорной речи. В связи с чем учёные констатируют возникновение такого нового лингвистического явления, как спонтанная письменная речь, предназначенная и для личного общения, и для публичного использования в сети. Признаками её являются сжатость, лаконичность, телеграфность при смысловой ёмкости, а также скрытая диалогичность, что отражается на выборе языковых средств. Характерны минимизация официозности, упрощенность, игровая направленность.

Ориентируясь на познания потребителя, журналист существенно «упрощает», лаконизирует вербальный текст, освобождая его от всего, что может препятствовать коммуникации. Сетевая общность диктует не только использование понятных обеим сторонам компьютерно-сетевых сленговых слов и выражений, но и усечение конструкций, поскольку часто общение происходит в реальном режиме или близком к реальному. Для ускорения процесса написания часто употребляемых выражений используют аббревиатуры. Конечно, в деловых письмах такие вольности неуместны, тем не менее подобные сокращения становятся частью культуры Internet. Так, изучая тексты в сети, можно обнаружить, что, например, аббревиатура от фразы *А почему вы спрашиваете?* выглядит как «АПВС». «МНИП» расшифровывается как *Если мне не изменяет память*. В переписке студентов находим сокращения: *Инет* — Интернет; *с утрецом* — с добрым утром; *спс* — спасибо; *пож*, *пжлста* — пожалуйста; *щас* — сейчас; *чет* — что-то; *мож* — может и т.п.

Как видим, электронная почта возрождает давно забытый эпистолярный жанр в его новой разновидности, одновременно вскрывая проблемы в грамматике русского языка. Кроме пренебрежения грамматическими нормами, нередко для общающихся в сетях характерно полное игнорирование знаков препинания, что ведет к появлению пунктуационных ошибок при выполнении обычных письменных работ: сочинений, изложений — у школьников; творческих работ, публикаций — у студентов, будущих журналистов.

Организация синтаксической структуры медиатекстов является также новым экспрессивно-динамическим средством в языке виртуальных средств массовой информации в эпоху конвергенции. Открывается широкое поле творческой деятельности создателя произведения с новым форматом, как по содержанию, так и по форме. Сформировались своеобразные принципы композиционной организации, которые основаны на использовании гипертекстовых технологий, ставших чрезвычайно распространёнными в электронных изданиях. Наряду с нелинейным освоением содержания через систему гиперссылок, вариантность развития сюжета, прерывистость текста предполагается соблюдение

основополагающих требований. Текст должен быть одновременно информативным и содержательным, выразительным и лаконичным, целесообразным и привлекательным.

Понятие «гипертекст» появилось в условиях конвергенции, где текст представляет множество фрагментов с определёнными связями между ними. Характерно, что он содержит не только информацию, но и аппарат её эффективного поиска. Причём, гипертекстовая технология, как способ преобразования текста из линейной формы в иерархическую, занимает промежуточное положение между документальной и фактографической информацией и дает возможность представить текст как многомерный.

Интенсивное развитие компьютерных средств способствовало преобразованию гипертекста в более наглядную информационную форму, получившую название «гипермедиа». Эта новая структура охватывает текст, аудио- и видеофрагменты, соединенные ссылками в соответствии с логикой сюжета. Технология гипермедиа позволяет с помощью программного обеспечения и технологических средств объединить на компьютере гипертекст, графические (статические) изображения, анимационные фрагменты, аудио- и видеозаписи. В качестве гиперссылок, которые делают текст интерактивным, связывают отдельные веб-страницы в единую информационную систему, в электронном тексте могут выступать ссылки на словарь терминов и понятий, на персоналии, статические иллюстрации на дополнительный материал, на Интернет-ресурсы и др.

Таким образом, использование гипертекстовых структур создаёт принципиально новые взаимоотношения между журналистом и аудиторией.

Глобальная сеть — это принципиально новый носитель информации. Коммуникация, реализуемая как бы в режиме реального времени, влияет на стиль и манеру изложения материала. Ускоряющийся ритм жизни, ежедневный объём новостей, возможность их оперативно передать по назначению сужают задачи СМИ и заставляют журналистов работать преимущественно в информационных жанрах. Само понятие жанра журналистского текста значительно нивелировалось.

О появлении новых «синкретических», «речевых жанров», которые способствуют смещению традиционных границ между текстом и не-текстом, воплотивших в себе новые технические возможности, с одной стороны, особенности электронной стилистики, с другой, пишет О.В.Дедова в исследовании об особом сетевом жанре Интернет-баннере [3].

Исследуя форумы сетевых СМИ, Е.В.Какорина называет их новым жанровым типом публичного текста, порождаемого в новой коммуникативной ситуации. Особенность их в том, что они специфичны по коммуникативной направленности, наследуют черты коммуникативной модели Интернета, черты текстов СМИ и обыденного речевого общения [4].

Массовая киберкоммуникация на чатах, форумах и конференциях — это, по сути, письменная расшифровка устной разговорной речи, которая, в свою очередь, приспосабливается к своему письменному формату. Журналистские тексты в Интернете, несмотря на их визуальное восприятие, по своим изобразительным и выразительным средствам сближаются с аудиотекстами.

Следует отметить ещё одно явление, ранее не свойственное письменным текстам, в связи с появлением которого можно говорить о возникновении принципиально новых взаимоотношений между журналистом и аудиторией, получающей реальную возможность участвовать в создании информации и журналистских текстов, коэффициент воздействия которых значительно повышается.

Если в устной речи эмоции можно выразить интонацией, сопровождать слова улыбкой, жестом, из которого станет понятно настроение говорящего, то у букв, понятно, таких возможностей нет. Ещё в 1969 году Владимир Набоков в одном из своих интервью упоминал о том, что стоит создать специальный знак пунктуации для графического отображения эмоций: «Мне часто приходит на ум, что надо придумать какой-нибудь типографический знак, обозначающий улыбку, — какую-нибудь закрючку или упавшую навзничь скобку, которой я бы мог сопровождать ответ на ваш вопрос» [5].

Хотя идея возникла давно, популярность этот вид общения приобрёл в эпоху медиаконвергенции. Чтобы окрасить речь эмоционально, стали использовать набор текстовых символов — смайлики.

Смайлик — это идеограмма, изображающая эмоцию. Состоит из различных символов, в том числе и служебных. Появившись как шутка программистов, смайлик стал достоянием человечества, элементом общения, своеобразным явлением культуры. Распространение он получил в Интернете, однако в последнее время используется повсеместно. Без него сегодня не обходится ни одно электронное письмо, форум или блог. Причём, появились знаки для обозначения также и состояний человека или его внешности. С их помощью при общении в Интернете люди выражают свои чувства, настроения, желания и т.д. Большой выбор смайликов, анимированных мультот, символов, например

таких:))) — улыбка; :-) — радость; (((— расстройство; :-(— печаль; :-* — поцелуй и т.д., — помогает сделать общение в Агенте или по телефону живым, максимально эмоциональным.

Таким образом, медиатекст приобретает универсальные черты, которые дают возможность быть включенным не только в разные медийные структуры: вербальные, визуальные, звучащие, мультимедийные, но и в разные медийные обстоятельства: периодическая печать, радио, телевидение, Интернет, мобильная и спутниковая связь и др. Современный адресат является свидетелем трансформирования традиционных СМИ.

Новые реалии вносят в язык свои наименования. Стремление раскованно мыслить и так же раскованно излагать свои мысли приводит журналистов к поиску экспрессии. Надо отметить, что эмоциональность и экспрессивность — существенные элементы так называемой «инициативной речи», представляющей собой вид речевых высказываний в человеческом общении. Эта раскрепощенность порождает язык выразительный, меткий, но порой приводит к разнузданности, грубости и вульгарности, причём форма высказываний не всегда отличается корректностью.

Медиаконвергенция как новое явление в человеческих взаимоотношениях существенно влияет на характер функционирования языковых реалий и речевую стилистику сетевых текстов в целом и журналистских текстов в частности, в результате чего происходит сокращение дистанции между СМИ и аудиторией.

Изучение медиатекста позволяет увидеть новые речевые возможности журналистики XXI века и в то же время способствовать развитию новой информационно-коммуникационной среды, включающей в себя новейшие достижения цифровой технологии и существенно расширяющей медиасферу. В период, когда в нашу жизнь полноправно входит Интернет, развитие интерактивных, управляемых пользователем информационных технологий влечёт за собой изменение форм и видов массовой коммуникации. Информация становится решающим фактором во всех сферах человеческой деятельности. Именно поэтому чрезвычайно важно повышение ответственности за медиапродукт всех пользователей глобальной сети.

Для журналиста на первое место выдвигается ответственность перед обществом не только за полноту осведомления аудитории относительно происходящего в мире, за достоверность фактов и систему даваемых оценок и выводов, но и за коммуникативную компетентность, культуру коммуникации как основу его профессионализма.

Список литературы

- 1 Засурский Я.Н. Медиатекст в контексте конвергенции // Язык современной публицистики: Сб. ст. / Сост. Г.Я.Солганик. — М.: Флинта: Наука, 2005. — С. 10.
- 2 Культура русской речи. Энциклопедический словарь-справочник. — М., 2003. — С. 791–793.
- 3 Дедова О.В. Интернет-баннер как проекция принципов электронной текстуальности // Язык и дискурс средств массовой информации в веке / Под. ред. М.В.Володиной. — М.: Академический проект, 2011. — С. 225–234.
- 4 Какорина Е.В. СМИ и Интернет-коммуникация. Области пересечения и проблемы взаимодействия // Язык современной публицистики: Сб. ст. / Сост. Г.Я.Солганик. — М.: Флинта: Наука, 2005. — С. 67–98.
- 5 [ЭР]. Режим доступа: <http://anime-family.ru/publ/7-1-0-271>.

В.Т.Әбішева

Конвергенция жағдайындағы медиамәтін

Мақалада конвергенция жағдайындағы медиамәтін мәселесі әр түрлі деңгейде қалыптасатын бұқаралық ақпарат құралдары тілінің интенсификациялану үдерісімен байланысы қарастырылды. Мәселенің өзектілігі ақпараттық кеңістік дамуының қазіргі контексті мен ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласында болып жатқан соны жетістіктермен байланысты эволюциялық өзгерістермен анықталды.

V.T.Abisheva

The media text in the conditions of convergence

In article the problems of the media text connected from intensifications of processes in the mass media language at different levels of its formation in the conditions of convergence are considered. Relevance of research is predetermined by a modern context of development of information space and the evolutionary changes occurring in it connected with the latest developments in the field of information and communication technologies.

UDK 81–13=82/943.42

B.K.Ayazbayeva

Ye.A.Buketov Karaganda State University (E-mail: bahit0108@mail.ru)

Sententia in the literary translated text

The article considers author's digression in translated text in a feature article on the historical Trilogy «Kochevniki» by I.Esenberlin. The author notes that author's digression is a necessary method of receiving text organization, which provides more deep information, stored in the product of the author. The author emphasizes that sentences in a literary text are reinforcements to the author so organically woven into the main text.

Key words: sentential, authors' digression, literary translated text, generalization.

According to I.R.Halperin, autosemantism, i.e. forms of dependence and relative independence of the segments of text in relation to the contents of the text or its parts, is singled out among the categories of the text [1, 98].

For the textologist, a higher level of finished speech product, i.e., the entire text, is the natural observation boundary. Text units — larger than the sentence unities (LTT)—play the unequivocal role: they may differ in the degree of predicativity / relativity and internally, in the degree of dependence on the part of the stated text or the entire text [1; 98].

The category of dependence itself, includes not only the one-way connection, i.e. dependence on the principal, the main, but also bilateral connection, expressed by the influence of a dependent on an independent [1; 98].

The sententia has a special independence within the text units and sometimes in the whole text. It means, that such sentences within the utterance, which, interrupting the sequence of the factual statement, events, descriptions, represent some generalizations just indirectly (sometimes very distantly) related to these facts, events, descriptions.

For example:

But Khan Abulkhair was not listening to him «No, you can't do that — he thought — Let commoner to sniff Sultan's blood today and he will want to try Khan's tomorrow. You can not drive things to the last shifts. «Snow falls on the snow, Khan sits on the place of another Khan». Nevertheless we are descendants of Genghis Khan, and it is not in our best interest to bring someone for resolving disputes among themselves

There's such phenomenon in belletristic literature called the author's digression. It is a chain of events, which connection is broken by introduction of one or more sentences not directly related to the stated. Such violations, causing the «inhibition of plot development» of the theme, allow the author «in the open form to express personal opinion on various issues directly or indirectly related to the main theme» [1; 98].

For example:

*— What could be his reasons for refusal? — Akkozy knitted her beautiful eyebrows. — If he refuses... Anyway I will engage to you. **Nobody is given the second birth.** I swear, I will marry only you, my batyr!...*

Sententia is microdigression. Possessing some attributes of author's digression, it also serves as a «retardation» of the narrative. However, the sententia is more closely related to the storyline than the separate larger than the sentence unity. Sententia is usually involved into the fabric content LTT or paragraph. Swiftly joining the rhythm of the narrative, sentential divides events, facts, suspends the movement of the plot. So it

gives time for a deeper understanding of the described, raising the described facts to the stage of generalization [1; 99]. Let's give an example from the trilogy of I.Esenberlin.

For example:

*What he will win resuming the rumors now? Have his relationship with the descendants of Lame Timur improved since then? And what will say in the steppe, if he commands to execute this batyr? They will say that suspecting the wife, he executed an innocent man. Impram does not forgive this. **Gossips blacken worse then soot.** Even if they are afraid say to face, surely they will think. And they will sing songs about it at every fire. And all ages will glorify and make him a laughing stock. If a funny man can be a khan!?*

In this passage, attention is drawn to the sentence «gossips blacken worse then soot». The main feature of such sentences is their generalized nature. As in this example, the sententia can be retrieved from the text without losing its cognitive and aesthetic value. But within the text their generalized sense undergoes a certain degree of concretization, because it is linked to such narrative line as the execution of an innocent man.

I.R.Halperin notes that independence of generalized and cognitive sentences becomes relative in case of influence from larger segments of the text. Relation among sentences, which can potentially rise to the level of abstraction with those, that reveal the full sinsemantics, largely depends on the text type, genre, and narrative topic, personality of the author and on a variety of reasons. But first of all, this relation depends on significance of the composition itself, its social and ethical pointedness [1; 100].

According to the I.R.Halperin analysis, the independent sentence, let's mark it by H index, loses its autonomy, in a course of adaptation to specific events or

facts. It is appropriate to mark such sentence by H 1 index. The sentence «gossips blacken worse then soot» can be classified as H, because it is placed at the beginning of the paragraph in a local relation, and associated neither with the connective words, nor the deictic pointers, even with lexical items in the preceding paragraph. However the sentence «Impram does not forgive this» should already be marked by H 1 index, in spite of its generalized and cognitive type elements such as: gnomic present, retrospectively attached to the text. Different forms of words which were used in this sentence were also used in the previous ones. For example, there is a demonstrative pronoun «such» which substitutes the preceding sentence, and synonymous connection: steppe — Impram. The issue of dependence in larger units than a sentence, for example in LTT, paragraphs and the whole chapters takes the other form. In these units, each segment of text separated from the other semantic or structural parameters, has already acquired some degree of independence and isolation [1; 100].

Very often several parts of composition, closely related to the overall story line, in the process of translational motion of the story rise to the level of generality, thereby getting some measure of autosemantics. (fables morality, sonnets line, some phrases from the speeches of great orators, etc.). Such utterances may be called as microtexts. They store the accumulated human experience expressed in artistic and aesthetic form, but from the formal and structural point of view they represent themselves as separate sentences. These utterances are quite easily distinguished in the LTT and larger segments of the text [1, 101].

As for autosemantics of LTT, their independence is expressed through various means, including: a) graphical, b) grammatical, c) lexical, d) semantical, e) compositional, e) stylistical.

Autonomy is relative. An artist involuntarily emphasizes those aspects of the phenomenon which are seemed to be essential to his conception, and this, in its turn imposes some autosemantics on selected segments of the text. Actualization necessarily entails part of independence from the context. Nevertheless, actualization and autosemantics are different concepts. Autosemantics actualizes a sentence or LTT, but not every actualized segment of the text can get the status even of the relative independence [1; 102].

*Yes, it was everywhere: on the Chinese and the Jungar borders. People realized the necessity of creation their own Khanate. **The apple has begun to mellow.** And sultan Djanybek was ready to act. As in an old Kazakh proverb was said: «Destroy an old yurt to make a new».*

It serves as reinforcement to the author's thought, and so organically woven into the main text. Nevertheless it has some independence. Sentences expressing the author's thoughts become dependent. From the lexical viewpoint, independence of the segments reveals by any lack of repetition and phrases that are literal or synonymous. From the grammatical viewpoint it is expressed in the absence of deictic elements and the violation of uniformity of construction LTT or paragraph. Finally, from the substantial viewpoint autosemantics plays a role of maxims and other forms of generalized statements. Autosemantics in larger segments of the text can be identified with the author's digressions.

Some authors deliberately break order of the parts, natural for organized text, and create separate «pieces» of the text, dropping out of the general narrative plan. Such «pieces» get their independence [1; 103].

Independence of the text segments is always relative. The content of the segment which seems an independent on the environment, these or other ways appears indirectly connected with the text headline or with the contents of subsequent or prior before it segments. In the most processive motion of the text, autosemantics of individual segments serves as a pause, stop, and respite. It deflects the reader's attention away from the narrative line, sometimes picking up a phenomenon on the level of philosophical generalization [1; 105].

Thereby, autosemantics of text segments is the necessary method of the text ordonnance, which provides more deepen disclosure of content-conceptual information, that was conveyed by the author.

Let's give an example in which a peculiar dependence / independence of the individual segments appears:

The Lion Heart should have the one who rules the people and take responsibility for them in front of God. Why it relaxed in this time? Just a single hit to the head of this hateful sultan, and there would be no trouble. A killed slave was right: nobody would be doubt that Djanybek fell from his horse while hunting. People would have known if Djanybek fell, each of them may fall too. A fear is the most secure lock on the chattering mouths!..

References

- 1 Halperin I.R. *Text as an object of linguistic investigation*. — Moscow: Nauka 1981. — 139 p.

Б.К.Аязбаева

Көркем аударма мәтіндегі сентенциялар туралы

Мақалада І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясы негізінде көркем аударма мәтіндегі «авторлық шегініс» деген ұғым қарастырылды. Авторлық шегіністер мәтін құрастыру үшін әдістердің ең қажетті түрі болып саналады деген пікір айтылды. Сол арқылы шығарма мазмұнындағы концептуалды акпарат терең түрде ашылды. Мақала авторының айтуынша, сентенция аударма көркем мәтінде автордың ойын толықтыра түседі, сондықтан ол негізгі мәтінмен сіңісіп кетеді.

Б.К.Аязбаева

О сентенциях в художественном переводном тексте

В статье рассмотрены авторские отступления в художественном переводном тексте на материале исторической трилогии И.Есенберлина «Кочевники». Автором статьи отмечено, что авторские отступления являются тем необходимым приемом организации текста, который обеспечивает более углубленное раскрытие содержательно-концептуальной информации, заложенной автором в произведении. По мнению исследователя, сентенции в художественном тексте служат подкреплением мысли автора и поэтому органически вплетаются в основной текст.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811.512.122: 378.096

Г.Х.Әбдірахманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: gauhau2304@mail.ru)

Кредиттік жүйемен оқытудағы студенттермен өздік жұмысын жүргізу мәселелері

Мақалада соңғы жылдары оқу үдерісіне енгізілген кредиттік жүйедегі студенттердің оқытушымен өздік жұмысы туралы айтылды. Қазақ тілін үйрету мақсатындағы студенттердің оқытушымен өздік жұмысының маңызы, мақсат, міндеттері, ұйымдастыру кезеңдері қарастырылды. Автор студенттердің алған білімін, дағдысын кеңейту мен бекіту мақсатында өз тәжірибесіне сүйене отырып, СОӨЖ-ді жүргізудің тиімді жолдары мен жұмыс түрлеріне мысалдар келтіре отырып, үлгісін де ұсынды.

Кілтті сөздер: кредиттік жүйе, студенттердің оқытушымен өздік жұмысы, қазақ тілі, кезең, деңгей, жүйе, балдық-рейтингтік шкала, сабақ.

Жалпы кредиттік жүйеде берілетін сабақтардың ерекшеліктерінің бірі — екі деңгейлік өздік жұмыстардың берілуі. Сабақта студенттердің үйренгендерін нақтылау үшін, білім деңгейлерін, сөздік қорын кеңейтуге, сөйлемдерін дұрыс құрып, айтып үйрену үшін маңызы зор. Өздік жұмысы студенттердің оқытушымен бірге өздік жұмысы (СОӨЖ), студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) түрінде болады. СОӨЖ — негізгі сабақтың танымдық мақсаттағы құрамдас бөлігі. Ғалымдардың пайымдауынша, танымдық белсенділікті дамытудың маңызы өте зор.

Танымдық белсенділік — үйренушінің танымдағы жігерлілігі және өзіне таныс емес нәрсені іздеу қабілеті. Олай болса, үйренушінің танымдық белсенділігі — оқудағы жылдамдық деген сөз, яғни білімге деген жан-жақты терең қызығушылықпен дербес қабілеті белсенділігін таныту [1].

СОӨЖ әр сабақта өтілген тапсырмалар негізінде беріледі. Онда балдық-рейтингтік шара түрінде коллоквиумдар, дискуссия, бақылау жұмысы т.б. өткізіледі.

Пән бойынша СОӨЖ-ді оқытушы мына жүйеде өткізуіне болады:

- үшдеңгейлік жұмыс мақсатын қою (репродуктивті, продуктивті, шығармашылық) және нақты жұмыс формасын анықтау;
- студенттердің жұмыс істеу жүйесін қалыптастыру;
- студенттерді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- атқарылған жұмыстардың орындалу уақыты және есебін алу;
- шығармашылық топтардың жұмыс істеуін ұйымдастыру.

Жалпы СОӨЖ-ді ұйымдастыру бірнеше кезеңнен тұрады.

1-кезең — дайындық. СОӨЖ-дің бағдарламасы, тақырыптары және тапсырмаларын құру.

2-кезең — ұйымдастыру. Мұнда студенттермен топтық немесе жеке-дара жұмыс мақсатын анықтау, жұмыс түрлері, оны орындау шарттары түсіндіріледі, бақылау түрлері айқындалып, оның мерзімі белгіленеді.

3-кезең — тапсырма орындау. Аралық бақылау қорытындысын тексеру, өзін-өзі тексеруді ұйымдастыру, өзара байланыс, сұрақ-жауап т.б.

4-кезең — бақылау-бағалау. Бұған жеке немесе топтық есеп және оны бағалау кіреді. Қорытындылар реферат түрінде немесе жоба, баяндама, шығарма, сызба-нұсқа, ауызша айту, есеп, әрине, пән ерекшелігіне байланысты жүргізіледі [2].

Бірінші, екінші курс студенттерінің СОӨЖ-ден алған білімін, дағдысын кеңейту және бекіту мақсатында жұмыстарды еске алып отыру керек. Бұл жағдайда мына жұмыс түрлері тиімді болмақ:

1. Эссе жазу — ол студенттердің белгілі бір түсінігін қалыптастыру.
 2. Бір-екі беттік белгілі бір қысқа әдеби шолу жазу — бұл жағдайда қосымша материалдар пайдаланып, баспа материалдарын, Интернетті қолдану.
 3. Өткен материалдар бойынша терминдерді пайдаланып, сөзжұмбақтар жасау.
 4. Глоссариймен жұмыс — терминдерді түсіндіру, өткен материалдар бойынша қайталау.
- Мысалы:

IV модульдегі грамматикалық тақырыптарға глоссарий

1	Етістіктің болымсыз түрі / Отрицательная форма глагола	Етістік категориясындағы болымдылық пен болымсыздық істің, қимылдың, әрекеттің болу-болмауына байланысты болады. Істің болғанын, болатынын я болып жатқанын көрсететін қалып болымды, реалдық қалып болады, ал, керісінше, істің болмағанын я болмайтынын білдіретін қалып болымсыз, реалсыз қалып болады. Болымсыз түрі негіз етістікке <i>-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе</i> жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. <i>Положительная форма глагола показывает, что действие совершено, совершается или будет совершаться, отрицательная форма, наоборот, показывает, что действие не совершено или не будет совершаться</i>	<i>Кел + ме бар + ма кес + пе</i>
2	Үстеу / Наречие	Қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, атап айтқанда, сынын, мезгілін, мекенін, мөлшерін, күй жайын білдіретін сөздерді үстеу деп атаймыз. <i>Наречие — самостоятельная неизменяемая часть речи, обозначающая признак действия или признак качества предмета</i>	<i>Кеше, ақырын, тез</i>
3	Үстеулердің түрлері / Разряды наречий	Мекен үстеу (<i>места</i>) қайда? қайдан? Мезгіл үстеу (<i>времени</i>) қашан? қашаннан? Сын-бейне үстеу (<i>степени и образа действия</i>) қалай? қалайша? Мақсат үстеу (<i>цель</i>) неге? не мақсатпен? Себеп үстеу (<i>причины</i>) неге? неліктен? Мөлшер үстеу (<i>количества и меры</i>) қаншалықты?	<i>Астында; ертең; зорға; оқу үшін; білгелі; талай рет</i>

СОӨЖ-де студенттердің өз бетімен орындауы мен шығармашылығы жоғары деңгейде ескеріледі.

Мысалы, қазақ тілі пәні бойынша СОӨЖ-ді өткізу тәжірибесін қарастырайық. Химия факультетінде оқу-әдістемелік кешен бойынша бағдарлама мамандыққа бейімделіп жасалған. Мәтіндер мен тапсырмалар деңгейге бөлініп берілген. Әр үш кредитке арналып, СОӨЖ өткізу үшін тапсырмалар мен өткізу түрі көрсетілген. Қараңыз:

III апта. СОӨЖ 7–9

Тақырып: Д.И.Менделеевтің өмірі мен қызметі.

Тапсырма:

1. Ситуацияны дамыту:

а) Д.И.Менделеев туралы газет материалдарынан оқыңыз;

ә) еңбектері туралы қысқаша жазыңыз.

СОӨЖ өткізу түрі:

1. Тақырып бойынша өткен лексиканы пайдалану. Глоссариймен жұмыс. Өздік жұмыстарды орындауға көмекші әдістемелік нұсқаулар.

1.1. Практикалық сабақтарда ұсынылған мәтіндерді оқыңыз және талқылаңыз.

1.2. Д.И.Менделеев туралы бейнефильмді көріңіз.

1.3. Д.И.Менделеевтің өмірі туралы қысқаша әңгімелеңіз. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі беріледі.

Сол сияқты IV апта, СОӨЖ 10–12

Тақырып: Периодтық заңның маңызы.

Тапсырма:

1. Ситуацияны дамыту:

- а) конспект жасау;
- ә) химия пәнінің мұғалімімен сұхбат.

2. Пікірталас.

СОӨЖ өткізу түрі:

1. Диалог формасында ситуацияны ауызша дамыту.

Сұрақ-жауап (ауызша):

- а) химия сабағында шағын әңгіме жазу. (Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі беріледі).

VIII апта. СОӨЖ 22–24

Тақырып: Химиялық элементтер.

Тапсырма:

1. Ситуацияны дамыту.

- а) Химиялық элементтердің қазақша сызба нұсқасын жасаңыз.
- 2. Зертханалық сабақта. Сұхбаттасу. Күрделі сұхбат.

СОӨЖ өткізу түрі:

3. Тақырып бойынша өткен лексиканы пайдалану.

- а) өз мамандығыңыз туралы пікір жазыңыз.

Өздік жұмыстарды орындауға көмекші әдістемелік нұсқаулар:

- ә) практикалық сабақтарда ұсынылған мәтіндерді оқыңыз және талқылаңыз. (Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі беріледі).

IX апта. СОӨЖ 25–27

Тақырып: Фармацевтикалық орталық.

Тапсырма:

1. Ситуацияны дамыту.

- а) бейнетаспадан фильм көру;
- ә) «Фармацевтика орталығында» тақырыбына шығарма жазу.

СОӨЖ өткізу түрі:

Тақырып бойынша өткен лексиканы пайдалану.

Фармацевт мамандарымен әңгіме немесе шөп дәрілер пайдалану туралы сөйлесу.

Өздік жұмыстарды орындауға көмекші әдістемелік нұсқаулар.

1.1. Практикалық сабақтарда ұсынылған мәтіндерді оқыңыз және талқылаңыз [4].

Жоғарыда берілген тапсырмалардан басқа СОӨЖ-де жұмыс түрлері жеке және топтық болуы мүмкін. Көбіне ұжымға байланысты жұмыстар:

1. 8–10 минуттық презентация. Белгілі тақырыптардың ашылуы, ол бойынша түсінігі, сөйлеу дәрежесі, сөздік қоры ескерілуі қажет.
2. Іскерлік ойын — кәсіптік бағыт, кәсіби сөйлеу деңгейін дамыту.
3. Нақты жағдаят, проблема бойынша сұрақ-жауап іздеу.
4. Топтық жоба — төрт-бес адамнан құрылған топ, әрқайсысы өз жобасын дайындайды, мысалы, «Қоршаған ортаны қорғау».

СОӨЖ-ге дайындық барысында оқытушы: барлық студенттерге нақты, бағдарламаға сай тапсырма беруі керек. Бұл жағдайда тапсырманың күрделілігі және әр деңгейдегі шығармашылық ескеріледі.

СОӨЖ-ді дәрісханада өткізгенде мынандай жұмыстарды орындауға болады:

- оқулықтармен, ғылыми басылымдармен жұмыс жасау;
- сөздікпен жұмыс;
- топтық жұмыстарды орындау;
- жеке жұмыстарды орындау;
- рөлдік ойындар орындау;
- рефераттар тыңдап, талқылау;

- практикалық тапсырмаларды орындау;
- жағдаяттық тапсырмаларды жасау;
- алдағы сабақтарға дайындық;
- коллоквиум тапсыруға дайындық;
- лабораториялық жұмыстарға дайындық;
- дебаттар мен іскерлік ойындарға дайындық.

СӨЖ барысында студенттер ағымдық, рейтингтік балдарын жоғарлату үшін қосымша тапсырма алуға болады. Мысалы: «Адамгершілік — асыл қасиет» тақырыбы бойынша қосымша Абайдың «Қара сөздері», Абайдың лирикалық өлеңдері, сол сияқты «Қазақ өнері мен мәдениеті» тақырыпшасына байланысты театр өнері, кино өнері, сурет өнері, ақын-жазушылардың шығармалары мен кейбір өлең үзінділері бойынша дайындалып келу тапсырылады.

Жалпы СӨЖ-де сабақта алған білімін нақтылай отырып, мына жайттарды қалыптастыруды көздеген дұрыс. Студенттердің мәнерлеп оқуы. Өзі туралы және басқалар туралы хабарлама жасай білуге үйрету. Сонымен қатар түйіндеме, пікір, құттықтау хаттарын жазу. Тілек, бата айта білуге үйрету. Күнделікті тұрмыстық, кәсіби сөйлеу деңгейлерін кеңейтуге байланысты жұмыстар жүргізу. Сөздікпен дұрыс жұмыс жасай отырып, меңгерген сөздерін еркін пайдалана білуге жаттықтыра білу. Кез келген жағдаятта сұрай білуге және жауап беруге, әңгімеге араласуға қалыптастыру негізгі жұмыстардың бірі болмақ. Студенттердің өз мамандығы бойынша мәтіндерді оқып, пікір айтуға мақала, баяндама, еркін шығарма жазуға машықтандыру пайдалы болмақ. Теледидар, радио, Интернет, компьютерлік жүйе арқылы берілген ақпараттарды түсініп, өз сөзімен айта білуге жаттықтыру — өздік жұмысы арқылы да жүзеге асады.

СӨЖ — оқу үдерісінің ерекше түрі, студенттер білімін өз бетімен толықтырудың жолы. СӨЖ логикалық ойлау, шығармашылық белсенділік, оқу материалын меңгеру үшін іздену әрекеті болып табылады. Ол пәннің белгілі бір бөлігін меңгеру үшін бағдарламаға сәйкес беріледі. СӨЖ материалдары бекітілген бағдарлама бойынша пән мұғалімі жоспарлайды. Оған қазақ тілі пәні бойынша кіретін тапсырма түрлері төмендегідей болуы мүмкін:

1. ОӘК бойынша тапсырма.
2. Рефераттар.
3. Шығарма жұмысы.
4. Баяндама.
5. Мультимедиялық көрсетілімдер.
6. Қосымша әдебиеттер бойынша жұмыс.
7. Мәтінмен жұмыс.
8. Газет материалдарын оқып, талдау.
9. Теледидардан тыңдағандары бойынша жұмыс.
10. Жаттау.
11. Сызба нұсқалар дайындау.
12. Сөздікпен жұмыс.
13. Фильм бойынша түрлі жұмыстар.
14. Құжат үлгілерін дайындау.
15. Бақылау жұмысына дайындық т.б.

СӨЖ дәрісханадан тыс болғандықтан, көбінесе кітапхананың деңгейінде өтеді. СӨЖ нәтижелі түрде ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Бұл жұмыстар студенттердің сөйлеу деңгейін жақсарту үшін, сөздік қорын молайту үшін маңызды екені белгілі. Мысалы,

I-модуль. **Сәлем — сөздің анасы.**

I-II апта. СӨЖ 1–6 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Әдептің басы — амандық.

Сәлемдесу. Танысу. Қоштасу.

Қарым-қатынас мәдениеті.

Сабақ кестесі.

Ертеңгі сабақ. Пәндер.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. «Қарым-қатынас мәдениеті» конспект.

2. Әдептілік туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер.

II-модуль. **Отбасы — бақыт негізі.**

III–IV апта. СӨЖ 7–12 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Біздің отбасымыз. Туыстық атаулар.

Отбасы және менің туыстарым. Үш жұрт.

Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? Қазыбек бидің шешендік сөздерінен.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. Досыңыздың отбасы туралы жазыңыз.
2. Қазыбек бидің шешендік сөздері (реферат).

III-модуль. **Алтын қазына (Үй және тұрмыс).**

V–VI апта. СӨЖ 13–18 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Ауылым — алтын бесігім. Қала өмірінен. Біздің үй. Мекенжай. Есімхат.

Менің пәтерім. Үй жиһаздары мен тұрмыстық заттар. Киіз үй.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. Қазақстандағы өзіңіз жақсы білетін бір қала туралы жазыңыз.
2. Менің ауылым. Менің қалам (реферат).

IV-модуль. **Уақыт алтыннан қымбат.**

VII–VIII апта. СӨЖ 19–24 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Уақыт. Мезгіл. Қалаға келу.

Жұмыс күні. Тәулік. Апта.

Қашан, қай уақытта кездесеміз?

Менің бір күнім.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. Жылдар сөйлейді (тарихи деректер) (реферат).
2. Бір айға күнделік жазыңыз.

VII–VIII-модуль. **Мен және қоршаған орта.**

XIII–XV апта. СӨЖ 37–42 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Менің досым. Менің оқытушым. Менің тобым.

Университетте. Кітапханада.

Дүкенде. Вокзалда. Мұражайда.

Асханада. Спорт кешенінде.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. Мәдени орындар (реферат).
2. Менің сүйікті оқытушым (шығарма).

X-модуль. **Салтын білмеген сауапты түсінбейді.**

III–VI апта. СӨЖ 7–12 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Қазақтың салт-дәстүрлері.

Үйлену тойы. Шілдехана.

Қазақ дастарханы.

Ас — адамның арқауы.

Орындалатын жұмыс түрлері және тапсырмалар:

1. «Қыз Жібек» бейнетаспасы бойынша қазақ халқының салт-дәстүрлерін суреттеп жазыңыз.
2. Салт-дәстүрлері (реферат).

XI-модуль. **Отан оттан да ыстық (жалғасы).**

IX–X апта. СӨЖ 25–30 сағ.

Кредит-сағат тақырыпшалары:

Менің елім — Қазақстан.

Менің қалам (сырттай саяхат).

Отан туралы нақыл сөздер.

Ұлы тұлғалар:

1. Ұлы тұлғалар (реферат).

2. Менің елім — Қазақстан (мультимедиялық көрсетілім) [5].

Қосымша рефераттар тақырыптары:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауынан.

2. Салауатты өмір-салты.

3. Артық болмас білгенің.

4. Әлемде талай қызық бар.

5. Қазақстанның пайдалы қазбалары.

6. Салт-дәстүрлер әлемінде.

7. Қазақстанның экологиялық жағдайы т.б.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қадашова Қ.* Қазақ тілі: Оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: ҚазМЗА, 2000.
- 2 *Көбеев Е.Қ.* Студенттердің оқытушымен өздік жұмысын ұйымдастыру: Әдіст. нұсқау. — Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 2006.
- 3 *Әбдірахманова Г.Х.* Қазақ тілі: Оқу-әдіст. кешен. Химия факультетіне арналған. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008.
- 4 *Айтбаева Б.М., Сатеева Б.С.* Қазақ тілі: Оқу-әдіст. кешен. Барлық мамандықтар үшін. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012.

Г.Х.Абдрахманова

Проблемы проведения самостоятельной работы студентов по кредитной системе обучения

Статья посвящена самостоятельной работе студентов под руководством преподавателя в рамках кредитной системы обучения, внедренной в последние годы в учебный процесс. С целью изучения казахского языка рассмотрены содержание, цель, задачи, сроки проведения самостоятельной работы студентов под руководством преподавателя. Для углубления знаний и закрепления навыков студентов автором статьи предложены активные методы проведения СРСР с образцами видов заданий.

G.Kh.Abdrakhmanova

Problems of carrying out independent work of students on credit system of training

The present article is devoted to independent work of students under the leadership of the teacher within the credit system of training introduced in recent years in educational process. With I aim studying of the Kazakh language in article the contents, the purpose, tasks, terms of carrying out independent work of students under the leadership of the teacher are considered. For increasing knowledge and fixing of skills of students the author of article, relying on the practical experience, предлагает active methods of carrying out SRSP with samples of types of tasks.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Ayazbayeva B.K., Associate Professor of Chair of methods and practice of Russian Language and Literature named after G.A.Meyramov, Ye.A.Buketov Karaganda State University.

Абишева В.Т., профессор кафедры журналистики доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

Акеева А.Р., қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Әбдірахманова Г.Х., қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Әділова А.С., қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Дәулеткелдіұлы Н., қазақ тіл-әдебиет кафедрасының аға оқытушысы, Іле педагогикалық филология институты, Құлжа, Қытай Халық Республикасы.

Жақыпов Ж.А., филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.

Жалмаханов Ш.Ш., филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы.

Жалмаханова Ж.Ш., филология факультетінің 4-курс студенті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Жарылғапов Ж.Ж., қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Золтан А., профессор кафедры балтийской и русской филологии доктор филологических наук, Будапештский университет, Венгрия

Каренов Р.С., менеджмент кафедрасының меңгерушісі экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Қабанов М.Ш., қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Қазанбаева А.З., қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Қапанова А.Е., қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Матейко Л., Университет им. Я.А.Коменского, Братислава, Словакия.

Мұратова А.Н., қазақ тілі кафедрасының оқытушысы филология магистрі, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті.

Такиров С.У., қазақ әдебиеті кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Түйте Е.Е., қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Фурсанова Т.В., старший преподаватель кафедры классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.